

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

І9-том

МАҚАЛАЛАР, ОЧЕРК,
СЦЕНАРИЙЛЕР, ЛИБРЕТТОЛАР

1942–1945

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы У. Қалижанов

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

19-том: Мақалалар, очерк, сценарийлер, либреттолар.
1942–1945. – 400 б.

ISBN 978-601-294-161-6

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық толық басылымының 19-томына 1941–1944 жылдардағы бірнеше мақалалары, Абай жайында жазылған кинодрамасы, әдеби сценарийі, либреттосы енгізілді. “Конвейерде күй мығым” мақаласы Балқаштағы мыс қорытушылардың еңбектегі жетістігін сөз етсе, “Шабдар “ерге” май не дер!” очеркі Отан қорғау тақырыбына арналған. Сценарийі мен либреттоның орыс тіліндегі аудармасы оқырман қауымға алғаш рет ұсынылып отыр.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырманға арналады.

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7**

ISBN 978-601-294-161-6 (19-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
ISBN 978-601-294-142-5 және өнер институты, 2014

**Мақалалар,
очерк**



КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА ЗА 20 ЛЕТ

Рожденная волей Октября и гением великих вождей трудящегося человечества, Ленина и Сталина, Казахская Социалистическая республика насчитывает уже двадцать созидательных лет своего существования. Двадцать лет — это только юношеский период в жизни человека. В многовековой истории народов, особенно в истории азиатских народов, за двадцать лет не успевали измениться даже покроя одежды, тавро и тамги родов и их правителей¹.

Но последние двадцать лет в жизни казахского народа — небывалая по своему историческому содержанию эпоха.

В малолюдных кочевых степях возникли индустриальные, культурные города; в недрах земли открыты многоцветные благородные металлы; пустыни и горы сближены стальными туннелями; поля и долины, заселенные колхозниками, покрыты невиданными в этом краю культурами. Каждый год сталинских пятилеток вписывает в историю новые и новые главы о преобразовании жизни народа.

Не только с наукой и техникой породнились казахи, — они обрели и духовную культуру, приобщились к ценностям мира. На родном языке казаха ведут свои мудрые речи основоположники марксизма, великие вожди социалистической революции. В пределы Казахстана желанными и родными вошли Шекспир, Пушкин, Шевченко, Гоголь, Толстой, Горький и многие другие классики мировой и русской литературы.

Песня акына стала выражением народного счастья, голосом благодарных сердец.

Исполнилось двадцать лет обновленной песне — сверстнице и верному спутнику молодой Казахской Советской Социалистической республики!

Чем была в прошлом казахская песня?

Ее питал родник народного творчества. Она вдохновляла классика казахской письменной литературы Абая Кунанбаева, безвестного до революции Джамбула и его сверстников, многих безымянных акынов-жирши далеких

поколений. Идею борьбы за лучшую жизнь, сказочную мечту о будущем несли в себе песни народа.

В них отражены также тоска степей, безлюдье холмов, одиночество горных ущелий.

Замкнутые в границах казахских степей, угасали песни в сумерках истории. О закатной поре с болью вешала домбра. В течение полувека в прошлом столетии витал над степями “Зар-Заман” — гнетущая душу “песня скорби”. Середина и вся вторая половина XIX столетия отмечены творчеством знаменитых акынов: Шортамбаева, Мурата, Шер-Нияза, Досхожи и других. Лейтмотив их песен — неизбывная грусть. Страшно вспомнить творческую судьбу этих благородных сынов народа, судьбу дарований, над колыбелью которых звучала лишь песня скорби. Отрочество и юность их, зрелая пора, умудренная старость испепелены отчаянием. Не рождение, а прощание с жизнью, не солнце, а сумерки, не улыбку, а стон, не рассвет жизни, а холод гибели воспевали в своих песнях акыны той эпохи мрака и безвременья.

Накануне Октября, в памятный шестнадцатый год, вырвался гнев из сердца народа и охватил всю казахскую степь. В этом году гневная песня акынов была гордым знаменем повстанцев.

С Октябрем родилась в степи новая песня, развиваясь в направлении, начертанном Октябрем. До Октября только поэзия сопутствовала истории народа: прозы он почти не знал.

Абай, вершина духовной, интеллектуальной и поэтической культуры казахского народа, принял поэзию от веков и повел ее к вершинам мировой культуры. Пушкин, Лермонтов благодаря любовному, чуткому и бережному посредничеству Абая пришли к нашему народу.

Песня расцвела в годы революции, в годы советизации аула. Пела женщина, освобожденная от позорных оков прошлого, пели, становясь в ряды строителей новой жизни, бывшие батраки, пели старики, пели дети, хлынувшие в школы, пел весь, вчера еще бесправный, народ. И поэзия с первых лет новой эры обрела своих сестер: возникла проза, зарождалась драматургия. Появилось много газет, журналов. На смену единичным рукописям в аулах появились печатные книги. Народились журналистика, публицистика, теория и история литературы.

С первых лет Октября начала формироваться многообразная литература казахского народа. Поэзия во тьме

веков часто вверяла свою участь одним забывчивым ладам домбры, да напеву скитальца-певца, да памяти редких старцев, хранителей заветов народной старины. Теперь устная поэзия вышла на широкую дорогу литературы социалистического Казахстана. Двумя потоками шло развитие казахской литературы революционных лет. Первый ее поток – многообразное, мощное творчество акынов, верных и даровитых носителей народных традиций. Второй поток – день ото дня растущее творчество советских писателей и поэтов Казахстана.

Каковы же природа и содержание творчества акынов Казахстана, возглавляемых Джамбулом, аксакалом народной поэзии, за плечами которого стоят почти три четверти века творческой жизни? Великий А.М. Горький смело сравнил поэта Сулеймана Стальского с Гомером. И если имя Гомера является собирательным, обобщенным именем многих поколений народных поэтов, создателей замечательного греческого эпоса, то такими же синтезирующими являются имена ашуга Стальского и акына Джамбула, впитавших в себя творчество своих народов.

У всех народов существовали поэты, создатели мирового эпоса и фольклора, но они прошли в истории безымянными аэдами, рапсодами, боянами, бардами, акынами. Только в наши дни, в ленинско-сталинскую эпоху, носители народного творчества известны миллионам.

Идейные и художественные корни творчества Джамбула и других акынов кроются не только в творчестве их непосредственных предшественников, но уходят гораздо глубже – в сказки и эпос седой древности, в исторические песни, легенды и предания многих народов. В мировом фольклоре прошлого известны две основные струи. Первая выражает неудовлетворенность народа существующим социально-политическим укладом. Таковы шедевры мирового фольклора и эпоса: “Тысяча и одна ночь”, “Сказание об Эдипе”, “Тристан и Изольда”, древнеперсидское сказание о “Зухаке и Жемшиде”. В этих произведениях, рожденных в разные эпохи и разными народами, воплощены образы тиранов-угнетателей, причиняющих неисчислимые бедствия целой стране, либо городу, либо безвинным героям, любимым представителям народа.

Другая основная струя мирового фольклора всех времен выражает мечту о будущем, о желанном. Это – золотые сны человечества. Неудовлетворенная своей эпохой фантазия

человека уносит его в безвестные края, в неведомые дали времен. В таких творениях народы предстают как великие оптимисты. Совершенно верно подчеркнул эту характерную особенность народного творчества А.М.Горький. Мечты и фантазия уходят в дали будущего не для бесплодных блужданий, — они выражают поиски достойных народа условий существования.

Эти основные направления народного творчества определяют и облик поэзии Джамбула за долгие годы его дооктябрьской деятельности. Созданные Джамбулом эпические песни “Об Утегене”, “О Суранши”, “О Саурьке”, “О Жапаре”² и другие воспевают героя, о каком мечтал народ в те дни: полулегендарного батыра, заступника обиженных племен и народов, искателя счастья для угнетенных.

Другой жанр в импровизаторском творчестве Джамбула и таких акынов, как Нурпеис³, Доскей⁴ и других, — “айтыс” — изоблиненная форма избличительной поэзии. Джамбул вырос по преимуществу на этом жанре.

“Айтыс” — это поэтический поединок. Он своеобразно формирует творческие навыки и дарование акына — по преимуществу импровизатора, автора экспромтов, логически отточенных строф, изощренно-тонких полемических выпадов и неожиданных острот. А так как исход борьбы решают не одно изобилие и красоты степных песен, но, как и во всякой полемике, — гибкость ума и сила логики, то жанр “айтыс” требовал от акынов огромных знаний, осведомленности во всех вопросах, близких народу, зрелых ответов на все явления окружающей действительности. Помимо богатого репертуара, состоящего из разнообразных видов народных творений, акыны обязаны были иметь широкие познания в области истории народов, родов, в области географии, растительного и животного мира и еще во многих других областях. Все, что было известно его народу, его среде, должен был знать и помнить акын — живая энциклопедия всех видов знаний, доступных его времени и его народу. Разве не поэтому и Джамбул не замкнулся в пределах узкой, знакомой ему национальной среды, но стремится в наши дни, следуя лучшей традиции народного творчества, раздвинуть рамки и сферу своей поэтической деятельности: ведь родина его — весь наш великий Союз.

Другая особенность народной поэзии, помогающая нам понять огромный талант акына Джамбула, заключается в

том, что творчество народа, без промедления откликаясь на любое значительное событие, не отстает от жизни. В прошлом у всех народов песня сопровождала и бедствия, и войны, и восстания, смерть и рождение, и народные увеселения. Любое из этих событий требовало от акына песни. Быстрая и чуткая реакция, незамедлительный отклик на все факты многосторонней жизни нашего Союза – вот подлинно народное свойство его творчества. Джамбул – самый яркий и даровитый казахский певец нашей социалистической эпохи. Самый вдохновенный, понятный, близкий массам, простой и мудрый непревзойденный певец великого вождя и учителя трудового человечества, тов. Сталина. В образе вождя Джамбул нашел осуществление своей полувековой мечты, полное воплощение многовековой мечты своего народа об идеальном герое-заступнике, о герое, сыне народа, спасшего народы от вечного горя, слез и угнетения. Образ вождя в поэзии Джамбула – это свет, источник жизни, мощной, непобедимой силы и душевного огня. Тов. Сталин является олицетворением той немеркнувшей правды, за которую боролись, которой смутно грезили в сновидениях поколения и поколения народов. Поэзия Джамбула всеми корнями своими вросла в народное творчество. Это во многом относится и к другим народным поэтам: к Нурпеису, Доскею, Нурлыбеку⁵, Нартаю⁶ и пр. Если раньше творчество акынов, живущих вблизи Джамбула, находилось под явным влиянием его, то сейчас, с выходом в свет новых произведений великого акына, большое и яркое влияние его поэзии сказывается на песнях акынов как старших, так и младших поколений.

Центральной, главенствующей темой творчества акынов стали образы великих заступников народа, принесших ему жизнь и свет. Огромное место в творчестве народных певцов с первых дней революции занимают и песни о Красной Армии, о равноправии и братстве разобщенных ранее народов, о земле и труде колхозников, о машинах и просвещении, об обороне отечества. Немало замечательных песен сложено акынами о героических и мудрых соратниках великого вождя.

Параллельно с расцветом народной поэзии с первых лет революции растет и молодая советская литература Казахстана.

Предшественниками ее были классики казахской литературы XVIII и XIX столетий во главе с Абаем Кунанбаевым и такие писатели и поэты народно-демократического

направления, как Султан Махмуд Торайгыров, Донентаев и другие, да и революционная поэзия народных акынов питала своими жизненными соками молодую советскую литературу Казахстана. Но основоположницей ее была Коммунистическая партия. Идеино-художественное воспитание советская литература получила у великого пролетарского писателя Горького и русских классиков. У них училась мастерству, знакомясь с творениями Маяковского и других передовых писателей современной русской литературы.

Гражданская война, борьба против остатков капитализма, против буржуазно-националистических элементов, оборона страны, борьба за выполнение сталинских пятилеток – эти исторические этапы нашей страны были в то же время этапами развития и формирования казахской советской литературы.

Союз писателей Казахстана объединяет сейчас около 90 писателей – прозаиков, поэтов, драматургов, историков литературы и критиков. Среди них есть вполне окрепшие, зрелые, культурные мастера, насчитывающие за своими плечами два десятилетия творческой деятельности. К этой группе писателей старшего поколения принадлежат поэт и прозаик Сабит Муканов, прозаик Сабир Шарипов⁷, драматург и прозаик Габит Мусрепов, поэты-орденоносцы Аскар Токмагамбетов, Абдильда Тажибаев, Таир Жароков, а также поэты Гали Орманов, Сыздыков Жакан, Калмакан Абдукадыров и др.

Эта группа старших писателей и поэтов Казахстана выросла в борьбе с буржуазно-националистической идеологией, с конкретными носителями ее – алашордынцами. Литературе пытались вредить враждебные элементы, старавшиеся ориентировать писателей на заведомо неправильные пути. Все эти враги делали сознательный реакционный упор на самостийное существование казахской литературы, на ее изолированность от общих интернационально-революционных задач советской литературы.

Пафос революционных песен, правдивые реалистические поэмы и прозаические произведения перечисленных выше писателей помогли политическому и культурному росту трудящихся. Поэмы, стихи, рассказы, пьесы этих писателей, написанные на темы нашей действительности, на темы ожесточенной классовой борьбы в ауле и борьбы Коммунистической партии и советской власти со всеми врагами революции, помогли партийно-советскому

строительству в Казахстане, укрепляли социалистическое государство трудящихся.

В ряды старших писателей влились за последние пять-восемь лет молодые. К ним относятся прозаики Габиден Мустафин, поэты Жумагали Саин, Есмамбетов Али⁸, Сатыбалдин Капан, Сарсембаев Абу, прозаик и драматург-орденоносец Альжаппар Абишев, прозаик Сланов Габдул⁹, поэтесса Калауова Зияш¹⁰. Нужно присоединить к ним не менее талантливых и культурных молодых драматургов, прозаиков и поэтов, одновременно являющихся критиками и историками литературы (Исмаилов Есмагамбет, Хусаинов Шахмет, Ахинжан Мусатай¹¹, Жумалиев Хажим, Бекхожин Халижан, Габдуллин Малик и др.). И, наконец, следует поговорить о молодых народных акынах Нурлыбеке Баймуратове, Сеядиль Керимбекове, Нартае, Омаре Шипине¹² и др. Начали они свою творческую деятельность как импровизаторы, певцы-акыны: слагали перед большой аудиторией песни-экспромты о социалистическом строительстве или о прошлом своего народа. Но, продолжая и по сей день традиции устной поэзии, они не только импровизируют и создают новые поэмы под напев домбры, но и вверяют бумаге и перу свои поэтические строфы. Так написаны большие сюжетно занимательные исторические поэмы: Нурлыбеком Баймуратовым об анненковщине – “Канды жорык”, Омаром Шипиным – об Амангельды, Сеядилем Керимбековым – о событиях 1916 г. (“Бес мылтык”).

Творческими усилиями советских поэтов и писателей Казахстана создано за 20 лет немало значительных художественных полотен. Крупными достижениями в области поэзии являются: “Сулущаш”, “Ак аю” (“Белый медведь”) – поэмы Муканова Сабита; поэма “Поток” Жарокова, цикл лирических стихотворений Тажибаева, стихи Токмагамбетова и др. В области драматургии – пьеса “Козы Корпеш и Баян Слы” Габита Мусрепова, трагедия “Абай” Соболева и Ауэзова и др. В области прозы – роман Муканова “Загадочное знамя”*, повесть Мустафина “Смерть и жизнь”, рассказы и повести Мусрепова и т. д.

Осваивая наследие классиков мировой литературы и произведения писателей народов Союза, шла своим самостоятельным путем также и уйгурская литература. В

* На русском языке выходит под названием “Ботагоз”. — Прим. ред.

ее молодых рядах ведущее место по праву занимает поэт и драматург орденоносец Кадыр Хасанов.

Современная уйгурская литература развивается в тесном творческом общении с советской узбекской и, отчасти, азербайджанской литературами. Родственная близость уйгурского языка с узбекским обеспечивает уйгурским литераторам плодотворное и органическое освоение лучших образцов классической и современной узбекской литературы.

В состав казахстанского литературного отряда входят такие талантливые писатели, как Иван Шухов¹³, Гайша Шарипова¹⁴ и др. Произведения их отражают прошлую и современную жизнь Казахстана.

Среди русских поэтов Казахстана особого внимания заслуживают орденоносец Павел Кузнецов¹⁵ — его переводы творений Джамбула известны всему Союзу — и молодой талантливый поэт Дмитрий Снегин¹⁶. В области историко-литературного изучения и критического анализа образов казахской литературы ведет научную работу доцент Ритман-Фетисов¹⁷, закончивший недавно большое исследование о творчестве Джамбула.

Непрерывно обогащается Казахстан и передовой литературой: произведениями мировых и русских классиков, современных писателей братских республик, поэтов, прозаиков и драматургов русской советской литературы.

ЦК Коммунистической партии и правительство Казахстана оказывают повседневную помощь казахской литературе. Союз писателей Казахстана имеет самостоятельное издательство художественной литературы, свои периодические литературные журналы на казахском и русском языках. Лучшие произведения казахских писателей изучаются в начальных и средних школах и включены в учебники литературы Казахстана.

Общественное внимание к работе писателей создало большую популярность их именам и произведениям.

Писатели тесно связаны с филиалом Академии наук, с многочисленными вузами. Исмаилов, Жумалиев, Муканов и другие принимают участие в научно-исследовательской работе по теории, истории и критике казахской литературы.

И количеством созданных за двадцать лет произведений, многообразием их, и ростом писательских кадров, казахская революционная литература по справедливости занимает не

последнее место среди братских литератур нашего Союза. Однако, признавая бесспорность этих фактов, справедливо задать вопрос: каков же художественно-культурный уровень советской казахской литературы?

Начальный период ее характеризуется преобладанием почти во всех литературных жанрах голой агитки и схематизма в изображении окружающей действительности, отсутствием художественно убедительных образов строителей нового общества. Этими недостатками страдали как мелкие, так и большие поэтические произведения Сабита Муканова.

Те же недостатки присущи и первым литературным опытам поэтов Токмагамбетова, Тажибаева, Жарокова и др.

Но в те годы были еще очень молоды эти писатели. Горячо преданные революции, в литературу они пришли без творческого опыта, без знаний; культурный уровень их был низок; поэтому и творения их в тот период уступали творениям народных акынов. Эти молодые писатели не были знакомы с русскими и европейскими классиками, в те годы они еще не приступали к серьезному изучению основоположников пролетарской литературы: Горького, Маяковского.

Вот почему более зрелые художественные произведения появились только во втором десятилетии существования казахской советской литературы. Особенно плодотворны последние четыре-пять лет. А новейшие произведения поэтов-орденоносцев: Аскара Токмагамбетова, Таира Жарокова, Абдильды Тажибаева и поэта Сабита Муканова говорят не только о большом даровании их авторов, но и о культурной зрелости.

У каждого из этих поэтов есть свой поэтический голос, свое творческое лицо. Поэтическая индивидуальность Аскара Токмагамбетова выражается в его глубокой народности и богатстве его народно-речевого словаря, в доходчивости его острых, художественно отточенных, злободневных стихов. Отдельные стихотворения его и поэма “Сталинский маршрут” пользуются большой популярностью.

Творческая природа яркого и талантливого поэта Таира Жарокова – романтико-героический пафос и поэтическая взволнованность. Описывает ли Жароков природу, рисует ли картины социальной борьбы – стихи его полны глубокого чувства (поэмы “Солнце заговорило”, “Поток” и мелкие стихотворения).

Не менее талантлив Абдильда Тажибаев – поэт, работающий в области социальной лирики; произведения его отмечены острой, свежей публицистической мыслью, это подлинный поэт-революционер.

Крупные заслуги перед казахской советской поэзией имеет Сабит Муканов, создатель талантливых поэм “Сулущаш”, “Ак аю” и неутомимый новатор в области поэзии; он впервые ввел в казахское стихосложение поэтические формы Маяковского.

Казахская драматургия за последнее десятилетие добилась очень значительных успехов. Следует выделить историко-романтическую пьесу Габита Мусрепова – “Козы Корпеш и Баян Слу”. Автор как бы демонстрирует в ней результаты плодотворного и творческого освоения классиков мировой драматургии Шекспира, Шиллера. По силе высоко-поэтического, образно-богатого языка, по глубокому поэтическому чувству, по широте характеристик персонажей легенды это произведение справедливо считается одним из крупнейших достижений современной казахской драматургии.

Мусрепов в то же время – талантливый и зрелый мастер казахской прозы, имеющий тяготение к жанру новеллы.

В области казахского романа самым удачным опытом нужно признать последний роман Сабита Муканова “Загадочное знамя”.

Охват крупных этапов в исторической жизни Казахстана (события 16-го года и периода гражданской войны), занимательно развернутый сюжет и умелое изображение характеров ведущих персонажей – все эти данные говорят о значительных успехах писателя.

К недостаткам романа следует отнести некоторую затянутасть отдельных персонажей и местами недостаточно отработанный язык.

Несмотря на то, что за последние годы появилось много и повестей, и романов, художественная проза и критика в Казахстане остаются наименее развитыми видами нашей литературы.

Огромная заинтересованность в развитии казахской советской литературы, проявленная читательской общественностью Казахстана, зафиксирована в 1939 году в особом постановлении ЦК Коммунистической партии Казахстана.

В этом постановлении указано на отставание художественной прозы от жизни и, в частности, на отсутствие

художественно полноценных романов, на отсутствие больших полотен, отображающих борьбу современных строителей социализма. Указано также на большое отставание критики.

Задачи и пути развития нашей литературы, четко и ясно очерченные в этом постановлении, и по сей день встают как проблема роста, как проблема расцвета казахской литературы.

Слабо развивается критика. Уровень ее еще далеко не высок. Центральная ее задача — постановка творческих проблем, проблем высокого идейно-художественного содержания произведений. Она должна помочь писателям преодолеть схематизм, литературные шаблоны, плоское, серое и однолинейно-поверхностное изображение жизни, поступков и психологии людей. Она должна способствовать повышению художественности, усовершенствованию художественной формы стихов, романов, пьес.

Композиция, язык, образная система произведений в сочетании с высоким идейно-революционным содержанием, глубокое проникновение в изображаемую среду, в жизненные процессы, чувства и мысли людей — все эти вопросы должны привлекать серьезное внимание критики. Именно эти задачи обязана ставить она перед растущей казахской литературой.

Только решая эти задачи в своей творческой практике, казахская литература может выйти из периода начального становления на путь широкой, зрелой культуры и мастерства.

При этом личная культура казахского писателя должна стать необходимым условием воспитания и выращивания писательских кадров.

Исключительно высока и глубоко ответственна эта задача, поставленная перед писательской организацией республики и ее руководством: идейно-художественное воспитание кадров молодой национальной литературы. В осуществление этой задачи президиум Союза советских писателей Казахстана в течение последних лет ведет серьезную систематическую работу среди писателей по повышению общеобразовательного уровня и расширению их идейно-политического кругозора.

Коллективное обсуждение произведений, литературная консультация, ознакомление с классиками мировой и русской литературы и лучшими образцами современной

литературы являются, несомненно, настоящей творческой помощью отдельным писателям, особенно молодым.

Глубокое освоение классического наследия казахской литературы тоже стоит в центре внимания нашей организации. Приобщение к этой творческой сокровищнице своего народа, наряду с приобщением к сокровищницам мировой литературы, позволит совершенствовать художественную форму, обогатить лексику и образы, улучшить стиль наших произведений.

Писательская общественность Казахстана со всей ясностью отдает себе отчет в том, что огромная историческая миссия — достойно отразить в литературе великие победы социалистической революции в пределах когда-то обездоленных степей и бесплодных пустынь — далеко не выполнена еще нашими писателями. Писатели Казахстана сознают также и то, что не может быть большой литературы без личной большой культуры писателя, без революционного ленинско-сталинского мировоззрения, без поворота писателя к трудовым будням героических миллионов нашей страны, без творческого освоения лучших художественных традиций мировой литературы.

К знаменательной дате — двадцатилетию своей республики — писатели Казахстана пришли с верой в будущее свои крупные успехи и не на узкой одиночной тропе, а на широком светлом пути большой советской литературы.

Двадцать лет — один миг в прошлых веках — в наше сталинское время явились огромным и богатейшим периодом в жизни нашей страны, периодом, ни с чем не соизмеримым по его революционно-историческому содержанию. И небывалый, многосторонний рост нашей общественности, нашей родины требует такого же мощного роста нашей литературы.

Казахская литература на своем участке призвана творчески ответственно решать те глубокие проблемы, какие ставят сейчас перед всеми писателями Союза ЦК ВКП(б) и лично товарищ Сталин.

Пусть будут отданы на решение этих исторических задач наши лучшие порывы, все наше умение, все наши силы!

ШАБДАР “ЕРГЕ” МАЙ НЕ ДЕР!

Бір топ төре¹ бір ру елге өктемдік етем деп келіп, жанжал шығады. Ел төрелерді тегіс қырып салады да, өліктерін Суықсай деген сайға тастайды. Кейін, бірқатар заман өткен соң осы ел ішіне тағы бір төрелер келіп отырып, әңгіме үстінде талас шығады. Төрелер біз “ақсүйекпіз”² дейді, ел оған күмән келтіреді. Сонда жаңағы елдің бір қарты өз кісілеріне айтыпты: “Жарандар-ау, оған да күмәнің бар ма? Қайтіп қана таласасың? Төре сөзінің шындығына Суықсай-ақ куә емес пе, тіпті? Сонда жатқан сүйектерін әппақ емес деуге қайсыңның аузың барады? Құдай қані!” – депті.

“Халық атаулыны құл етіп, барды басып алып, әлемге әлек салу біздің жүлдеміз. Өйткені біз ақсүйек арийміз³. Өйткені біз бекзатпыз. Бекзаттығымыздың нысаны бар. Шашымыз қарашаның айындағы селеудей сап-сары. Көзіміз жай көк емес, тұздай көк. Басымыз да жұмыр басты бенденің басы емес. Сонағұрлым өзгеше. Ат басындай ұзын бас”⁴, – деп, деміне нан пісердей боп, тарих білмеген тасыр шықты.

Қыс қыспаққа алам, көктемде көк құлатам басыңа, деп көпіре келді.

Сын ұзаққа барған жоқ... Құлшынып атаған қысы келді. Қалай келді? Әулекінің әулесін әлем көрді. Өлексесін біз көрдік. Біздің Отан жері көрді. Біздің елдің ері көрді. Не көрді? Бекзадалық нысаны бар, жаңағы шалықтап келген шабдар “ердің” шалдар кебін кигенін көрді. Жиырма, отыз жастағы ганстердің⁵ арсыз бетін айғыз-айғыз ажым басып, лас денесін бит тесіп, індегі сасық күзендей бықсып, қоңсып бүріскенін көрді. Селеу шашын құл басыпты... Ол көр аузында отырған тірі болмысының кебі еді. Өлісі қандай? Тұздай көзі мұздай қатып, совет жерінің көрлі аспанына жалына қарап қалған екен, оны көрді.

Бекзаданың нысандары кем жазаға кезіккен жоқ. Кәр жазаға⁶ килікті. Алып Москва қасынан қирай қашқан жолына қара. Теріске, батысқа, оңтүстікке – бәр-бәріне тегіс қара. Не жатыр? Теңкііп танкісі, жарбиып самолеті жатыр. Ұлығындай боп, аспанға қарап аңырып қалған, иесі жайраған зеңбіректер жатыр. Үңіле қараса да үміт жоқ. Оралатын шабдар “ер” жоқ. Осының бәрі де біздің олжа боп жатыр. Әр тарапта, әрбір колхоз жолдарында масқара қылықтың мыңдаған, жүздеген айғағы боп жатыр.

Арсыз бөспе енді не айтады? Бел астына қашып барып, көкала қойдай боп, соққы жеген ол өзін-өзі жұбатпақ боп, былай айтады: “Көктем келеді, жаз келеді, сонда жүрек жалғанады”, – дейді. Рас, көктем келеді. Май келеді. Бірақ осы маймен тағы бір қызық жәй келеді. Бекзадалық нысанның біз қыс ішінде екеуін анық көріп ек ғой... Енді ақ сүйекті, ат басты екенін көреміз. Қатты жұттың артынан жадырап жаз келгенде қыстай қырылған қой, торпақтың қар астында қалған жемтігі ашылатын. Қансоқтасы арылып, ақыры қақ сүйектің өзі қалатын. Май енді бекзат болмыстардың ең басты болған нысанын көрсетер. Бірақ бұл үш нысанның соғысы бекзат дегеннің шыны тегі қайда екенін танытар. Танысқанда адамзат емес, хайуан зат екенін көрсетер. Жиылмай қалған жемтігінен біздің май оның махлұқ, нәрсіз тегін танытар. Сауысқандай қарты айтқан жайды тарих әлем сонда айтар.

Тану менен айту ғана емес, біздің осы май кешілмейтін кектің де майы болар.

Біз барлық Отанымыз, халқымызбен жас тарихты жасаушы жас алыппыз. Біз бар табиғатты серік етер сенімдеміз. Бір маусымның үміткері, бір маусымның тынысы емеспіз.

Сол себепті “қыста қан құстырсақ, майда да мейлінше меңдете ұрармыз, жазда жайрата да білерміз” дейміз.

КОНВЕЙЕРДЕ КҮЙ МЫҒЫМ

(очерк)

Механиканы аттай айдап, мерзімді мінгіш етіп алған 20-шы сияқты шахталарда буын-буын машина, түйін-түйін тетіктер көп. Егер “Қарағанды қазір қандай?” деп сұрар болса, қалың Қарағандыны айтпай тұрып, жалғыз ғана сол 20-шы шахтаның бірінші шығыс лавасындағы бір ғана конвейер¹ күйін айтар ең. Өзге лавалар сияқты мұның да үлкен тетігі “лықсымы конвейер” — рештак болады. Осы рештакта өзгеше бір өнегелі мінез бар. Егер дамылсыз сілкініп, үздіксіз өнім айдап тұрған ырғағына әлдеқалай аз уақыт көмір түспей қалса, рештак шұғыл өзгере бастайды. Тар лаваның ішін даңғаза қып, тарсыл-күрсіл үнге басады. Арқа бойы аза боп “ал күректі, сал көмірді” деп, бол-бол қаққандай. Істе күткен порожняк пен электровоз, тыста күткен вагондар бар, баршасынан бұл қысылған тәрізді. Солардың атынан, бөгеліске наразылық көрсетеді. Қатқыл үнге басып, қарбаласқан шағында ұялғаннан даурыққан сияқты. Ал көмір қаулап, жотасына жүк түссе, тілегенін тапқандай, аңсағанын алғандай өз ырғағын қайта табады. Ендігісі, дабыры аз, дамылы жоқ, дәмді қимыл. Толы жота, тоқмейіл рештак енді мағыналы ырғақ табады. Лықсып “тақ-тұқ” екшеп, “тақ-тұқ” етуімен өзінің айнымас өніне басады. Мынау үні күр “тарс-түрс” емес, ырғағында сөзі бардай. “Еңбек — өрнек, өнбек — еңбек” деп лықсыған сияқты. Рештак, міне, осындай мағыналы да саналы қайраткер. “Бөгеліс болмай, бөксере қимыл етейік” дейді рештак.

Қазіргі күндерде, халық қажыры сан салада, әр сөтте, Отан үшін қан қайратын, ой өмірін түгел жұмсап отырған шақта жаңағы конвейер де халық үніне басым күйін қосып тұр. Сенімді салмақпен көп көмірдің үздіксіз өзенін аял қылмай ағызып, жөнелтіп жатыр.

Бүгінгі серпінді еңбек күнінде бір рештак емес, бар Қарағанды қазаны да сол жүйесі мығым мол конвейердей сезіледі. Қайнар еңбек төріндей. Бұл күндерде сөз сараң, іс мығым. Сөздің аты – уәделі цифр. Сменаның сыны саннан тыс, нормадан асқан көмір.

Бар шахта, бар учаске, бар лавада бүгінгі еңбек ашумен суарылған. Әрбір артық тонна жау жарағын өртесін, әрбір артық вагон Отанның берік қорғанын бекем ете түссін деп арнайды. Намыс пен ыза, әр бригаданың лаваға түсер шағындағы қолға ұстап түсер шамындай. Алдындағы мақсатын айқын танытады. Әр білекке күш құяды. Шахта ерлерінің ашуы, жалтыр жақпар көмірге бұлжымастан “қарш” деп кіретін электр бұрғы пішіндес... Тар лавада тарс беріп атылып, көмір дөңесін төңкере тастап жатқан запал тәріздес... Үлкен ашуда сөз аз. Өнімді күште даурық аз. Кернеген ашу, кенет взрыв боп атылған сайын рештак бойы жал-жал көмір болады... Жүректен білекке құйылған қайратты ашу навалоотбойщиктердің күректерін сілтетеді...

Механикалы шахталардың бәрінде қолмен істелетін жалғыз үлкен қимыл бар. Ол – осы күрекші-навалоотбойщиктер ісі. Рештак осылармен, бұлар рештакпен біте қайнаған. Тар лавада тайталас. Қажу білмес қатты қолда шапшаң күрек жарқылдайды. Құлаған кеннің жалына қарыш-қарыш кіріп, көміле көмір асап шығып, конвейер жонын тоғайтып тұрады.

Ұлы Отанның шегінде жаудың алғашқы пулеметі батырлап, алғашқы зеңбірегі доп атқан шақта, Вячеслав Михайлович үні келгенде, Қарағанды лавалары да ел ашуымен жаңғырыққан еді. Содан бері еңбек конвейері күйінен жаңылған жоқ. Шахта ерлері екілене еңбек етіп өрге басты. Өздері ғана емес, одақтың үшінші кен қазаны Қарағандыны да тегіс тұтас бойымен өр табысқа бастырды. Қажымас қайраткер рештакпен біте қайнап, иық сүйесіп істейтін әлденеше еңбек ерлері бар. Олар өздерінен Отан күткен екпінді жалғыз соғыс уағында бастаған емес. Жырдай жарқын, астам күшті ілгеріден-ақ дәйімі дәстүр қып келе жатқан. Соңғы жылдар бар Қарағанды шахталарына аты әйгілі боп шыққан Құсайын Сатов, Катков, Митрофанов, Пенкин сияқты кеннен шыққан көп батыр бар. Осы аталған төрт кісінің барлық шахтерлерге жетекші болған бір жарысы

өзгеше аталады. Мұны Қарағандыдағы қайрат легендасы десе көп емес. Ең әуел, жеке кісі нормасы 12,5 тонна боп тұрған күнде, Құсайын өзгеден үздік озып барып 50 тонна береді. Төрт жүз проценттей. Біраз уақыт осы цифр көп алдындағы көмбедей, бәйге кезендей болады. Мұның аты, бар Қарағанды “басым” деп таныған, мақтаулы рекорд еді. Бірақ біздің табыс алдыңғыға жетіп тоқтау емес, оза шабу. Сондықтан аз ғана уақыт ішінде Құсайын рекордын Митрофанов кеп жеңіп өтеді. Ол 57 тонна береді. Ендігі рекорд осынікі еді. Жалғыз-ақ ол сан да үлкен өріс боп тұрақтамайды. Аз уақыт ішінде Пенкин келіп бұдан асып түсіп, 67 тонна деген бел көрсетеді... Осы кезекте алғашқы үлкен өнім берген Құсайын өз рекордымен өзгелердің жаңа рекордтарын тегіс басып озбақ боп, қайта қайрат сілтейді. Бәрінен де асып түсіп 77 тонна беріп шығып, қазіргі Қарағандының ең жаңа рекордын атап отыр. Тудай толқыған, “мен мұңдалап”, асқындап тұрған әсем қарқын. Міні, Отанның барлық халық шаруасы алдында Қарағанды қарызын ерше түсініп, батырдай батпан қимыл көрсетіп тұрған азаматтар осындай. “Еңбегім елім үшін” деген үлкен санадан туған өктем қайрат. Құсайын қимылы жалғыз бұл емес. Оның өзгеше шыққан тағы бір ісі бар. Сөткенің ішінде арасына жік салмай, тыным алмай, екі сменаны бірге істеп шыққан күні де бар. Алғаш түскенде түнгі сменада 354 процент өнім беріп шығады да, жаңа норма, жаңа өнімді көп атынан қостап келіп, қолма-қол қайта түседі. Тағы да толық смена, жиыны 16 сағат талмай тартып шығады. Соңғы сменада ешкім олқы емес. Төс табандаған стахановшының тың-тұяқ күйде беретін мақтаулы өнімін тағы беріп, 315 процент орындап шығады. Жалғыз Құсайын, Митрофановтар емес. Озған шахтаның өктем тобының ішінде, соғыс жарияланғаннан бері орасан қайрат көрсетіп келе жатқан 5-учаске бар. Ел ерлігі, еңбек ерлігі сынға түскен күндерде, учаске бастығы Николаев айнымай өрге басып келеді. Қарағандының қай шахтасын алсаң да, қай күн сынап келсе де қасқая жауап бере алады. Түсіп Күзембаевтың өзімен бірге көп жасасқан, көп кезеңде өктеп шыққан, сай тасындай атпал шахтерлері бар². Олардың бәйгелі бірінші шахтасы әрдайым бөлекше есеппен шығады. Жарты жылдың планы бұларда мерзімінен

көп бұрын біткен. Отан жауына қарсы олар жауабы артықша есеппен жөнелтетін талай мың тонна кокс көмірі. Бұл уәдесін ол шахта ең алғаш соғыс басталған күндерде айтты, айтып қана қойған жоқ, орындап келеді. Кенжелеп келген шахтаның бірі Калинин шахтасы болса, соңғы күндер оның да омырауы осал емес. Қарыз толтыру ғана емес. Осы айдың өзінде пәлен мың тонна артық беру қатты ұстаған серттері. 1932 жылдан бері шахтада істеген бұрынғы забойщик, бүгінгі төртінші учаске начальнигі Рысбаев Темірғалиды қазіргі күндерде үнемі шахта ішінде көресің.

Бар шахтада жауға жауап өніммен айтылады. Талай тілдің ішіндегі ең сенімді, ең шешен тіл, ең әсем тіл осы еді. 18 шахта соғыс басталғаннан бері өнімді ылғи артығымен асырып, орындап келеді. Отан қорғау деген арнаулы күндерде №20 шахта дағдыдан, нормадан тыс 400 тонна көмір берді. Қалысқан шахта жоқ. Әншейінде әралуан себеппен кейіндеп, қарыздар боп келе жатқан №31 шахта да намыс, жігер сыналған күндерде нормасын толық адағып шығып отыр. Жеке бригадир, жеке шахтерлерді алсақ, майданға, майдандағы Отан ерлеріне деген дос жүрегін әр минуттағы жігермен танытады.

Жиырмамыншы, бірінші сияқты шахталардың директорлары Мельник, Күзембаевтардан бастап, жеке курьер, көшірлерге дейін, қақпашы охранға дейін жұмылған тұтас бір желіні көресің. Қарағанды қайраткерлеріне поэзия сәлемін әкелген қарт ақыннан бастап, пионерге шейін, барлық шахта жұртшылығы бір кеудеден тыныс алып, жауға деген бір ғана улы жиренішті баян етеді. Жиреніш жігер үшін жігер, Отан қайраты үшін, жау жұлынын қырку үшін оқталған. Міне, бүгінгі Қарағанды осындай құрсаулы бір батпан күш. Қарағанды рештағы ырза қылар ырғағынан айнымайды. Конвейерде күй мығым.

**Сценарийпер,
кинодрама,
пубреттопар**





А Б А Й

Сценарий



Қатынасшылар

Абай

Айдар

Кәрім

Көкбай

} Абайдың ақын шәкірттері.

Баймағамбет — ертекші, Абайдың досы.

Зейнеп — жолаушы ақын әйел.

Әбдірахман (Әбіш) — артиллерия офицері, Абайдың баласы.

Мағауия — Абайдың баласы.

Ажар — қаралы әйел, кейін Айдардың жары.

Долгополов — доктор, антрополог, айдаудағы адам.

Ерден — Тобықтының рубасы.

Нарымбет — Ерденнің жақыны.

Мәриям (Мағыш) — Нарымбеттің қарындасы, Әбіштің қалыңдығы.

Оспанов Әзімхан — облыстан келген шенеунік.

Тәкежан — Абайдың ағасы, болыс.

Еркежан — Абайдың әйелі.

Қарлығаш — Абайдың жақындарының қызы.

Сырттан — Тобықты руының қарт биі.

Мес — Ерденнің жігіті.

Дәулет — Айдардың жақыны.

Ораз — ол да.

Қыз — ол да Айдардың руласы.

Урядник полиция, қонақтар, жігіттер, балалар.

Қазақтың ен сахарасы. Ескі молаларда тас бейнелер,
ескі қорған көрінеді.

Ақтарылған қорғанның басында бірнеше адам отыр. Бәрі де қазылған шұңқырға үңіліседі. Төменнен жіңішке түтін шығады. Аздан соң сол төменнен трубкасын түтетіп Долгополов шығады. Қолында адамның бас сүйегі. Сүйекке қадалған садақ оғы бар.

Сүйекті топырақтан тазарта тұрып Долгополов Абайға:

— Ал, соңғы қорған мынау. Бұрынғылардан қызығырақ сияқты. Бас сүйек... ал мынаны байқайсың ба, бұл шақпақ тастан істелген оқ қой.

Жұрт таңырқай қарасады. Әсіресе, Баймағамбет ентелей кадалады. Долгополов:

— Қадым заман белгісі. Тас ғасырдың куәсі. Бірақ сонымен қатар жылқы сүйегі мынау.

Аршылған топырақ үстінде жылқының бас сүйегі жатыр. Қасында темір ауыздық бар, тағы басқа сүйектер. Адамның тағы бір сүйегінде алтын құрсау бар. Долгополов трубкасын бұрқылдатып:

— Темір ауыздық... құрсау... өзі алтын... Анау шақпақ оққа қарағанда ірі мәдениет айғағы ғой... Тегі, ескі қазақ осы сахарасы үшін талай жабайылармен соншалық ұзақ заман алысқан-ау... Солай шығар деп ойлап ек-ау, Ибрагим Құнанбаевич.

Баймағамбет ауыздық пен құрсауды ұстап:

— Дұрыс... бұл қазақ. Баяғыда бір үш қатын бопты, үшеуі де перзент күгеді екен. Соның бірі толғатқанда жер тырнапты — оның нәсілі қытай бопты. Жер де көп, ел де көп. Тағы бірі толғатқанда — ағашты құшақтапты. Бұның нәсілі орыс екен. Тоғай да көп, ел де көп. Енді бірі толғатқанда аттың жалын құшыпты. Осының нәсілі қазақ бопты — ел де көп, мал да көп.

Долгополов үлкен тостағанға қымыз құйып жатып күліп:

— Өлгеніңше оқып өл!.. — дейді.

Шәріп Абайға бұрылып, түнере қарап:

– Абай аға, мен өлімге қарап күлгенді сүймеймін! – деп, қолына бас сүйекті алып, ақырын бір өлең шығарып кетеді:

Тақ Сүлеймен тауып айтқан,
Тағдыр қатал, әмір зор.
Жетер сағат, жетер құдірет,
Алдың тосар ажал сор.

Мұң сапарда адамзат,
Ұзақ жолда күні қор.
Күндер айдап, жылдар кетед,
Қасірет түбі қайғы тор...

Мынау сүйек осындай ой толқытады... – дейді.

Абай қымызды шөліркей жұтып:
– Бұ неткен шер!.. Сен бас сүйекке қарап, Омар
наямның не дегенін білемісің?

Бар жиһанның ардақтысы, асылы біз,
Фәни дүние ең бір сұлу нәсілі біз.
Бар ғаламы жүзік болса дөңгелек,
Сол жүзіктің анық гауһар асылымыз! –

дегені қаны! Сен болсаң өз ішіңе тығыла бересің-ау, Шәріп!
Мынау тұнжыраған тұңғиық мөлдір көкке қарашы. Тірек
те, дерек те жоқ. Бірақ жоқ болғанмен оның көркі кем деп
кім айтад! Рас емес пе, Федор Иваныч?..

– Әбден рас, Ибрагим Құнанбаевич – деп, Долгополов
жар астынан үн қатады да: – Бірақ сырымды жасырмайын...
ақындықты аз ұғам... – дейді.

Абай қолына Долгополовтың балғасын алып:

– Тіпті, мына доктор Долгополовтың өшкенді
жандырып, өлгенді тірілтіп жатқаны жаман ба?.. Ал,
тіпті, ана Көкбайдың маңдайына қонған алтындай араны
көрші...

Көкбай секем алып қиғаштай қарайды.

Абай әзіл етіп:

– Әнікі, шағып та алды. Сонысы ақыл-ақ, тіпті.
Көзін көріп отырмын. “Абылайын” бүгін де оқып
беретін түрі жоқ қой... – дейді.

Көкбай ара шаққан маңдайын сипап:

– Мен бітіруге жақынмын, Абай аға. Жақында.

– Жә, жарайды, – деп Абай сөзін бөліп, – Абылайынды бізден туған немереге оқып қуантарсың...

М а ғ а у и я. Аға, бұның жаман жазудан қорыққаны сондай, тіпті, жақсы жазуға батылы бармай жүр.

А б а й. Сөз-ақ, Мағауия. Оның рас... Батылдық жоқта өнер жоқ! – деп Көкбайға: – Мына мысалдарың жақсы басталыпты. Әсіресе, көбелек пен шам тәуір. *(Қойнынан жазулы қағаз алып Көкбайға беріп.)* Қиыны орта тұсы, соны жеңсең, аяғы өзі оралады. Мә, азырақ түзеген болдым. Ал, Айдар бүгін де жоқ па? Қайда жүр? – дейді.

К ө к б а й *(қысылып)*. Ол бір ауылға кетіп еді, Абай аға.

А б а й. Сол ауыл жақыны боп, біз жаты боп жүрмейік соның...

М а ғ а у и я. Ал енді, аға, өз өлеңіңізді оқысаңыз қайтеді?

А б а й. Жарайды... оқийн. *(Көзілдірік киеді.)*

М а ғ а у и я. Жаңа өлең ғой?

А б а й. Жаңа... “Жазғытұры”.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен...

Кең даланы көк масаты кілем жапқан. Әдемі белеңдер. Жарқыраған айдын көл бетінде құстар мәз. Абай үні баяулай естіледі.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп жүгіріп балалар мәз.

Ақын дауысы тағы алыстап баяулап барады. Музыка араласады.

Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұраңдап жабысып қылады наз...

Дауыс естілмейді. Музыка естіледі. Қаттырақ шығады. Тарс-түрс мылтық үні киіп кетеді.

Тау ішінде бұраң жолмен екі атты кісі шауып келеді.

Қыз бен жігіт – Айдар, Ажар. Әйелдің шәлісін, жігіттің көйлегін жел ұйытқытады. Арттарынан қуғын бар. Атқылап қуып келеді.

Айдар аты оққа ұшады. Ажар тоқтай қалады. Айдар тұра бере Ажарға:

— Жөнел! Абай ауылы жақын. Құтыласың!
А ж а р. Сен ше?
А й д а р. Қаш, мен бөгеймін жауды!
А ж а р. Сен өлсең, маған тірлік не дәрі?
А й д а р. Күнім ай! — деп Ажардың атына қарғып мініп,
тебіне жөнеледі.

Ерден, Нарымбет жігіттерін ерте, атқылай қуады. Нарымбет алға түсе бере атын тоқтатып, шыр айналған ат үстінен көздеместен атып қалады.
Алдына бір қарап, екілене айғайлап тағы ұмтылады.
Ажардың аты да өліп жатыр. Айдар Ажарды көтеріп алады. Нарымбет бастаған барлық топ қаптай кетеді. Аттан ырғи берісе Айдарды ұстайды.
Нарымбет Ажарға төніп қалшылдап:

— Ер әруағын қорладың ба? Қаралы қатын емес, қара жыланбедің?

А ж а р. Қаралы жылын күткемін. Сенің айтар кінәң жоқ...

Н а р ы м б е т. Арсыз! Атадан азған! (*Қамшы сермейді.*)
Іні өлсе, келін мұра, әмеңгерің мен! Ата жолын аттап көр.
Мынау бұралқы ма сені аздырып алатын?!

А ж а р. Азып тигем жоқ, таңдап тидім, өле қал!

Н а р ы м б е т (*сұмдық көріп*). Әруақ! Қайдасың, әруақ!
(*Қамшымен тартып жібереді.*)

Айдар қолы байлаулы болса да, ақыра ұмтылып, Нарымбетті қағып жығып, бас салады. Нарымбет жігіттері бұған жабыла түсіп, сабап жібереді.

Арғымақтай қара атқа мінген Ерден, Меске ақырып әмір етеді:

— Әкпел арқанды! Менің қолымнан, Ерден ауылынан қатын тартып алмақ па, шұнақ құл!

Н а р ы м б е т (*есін зорға жиып*). Қарақшы! Ағызармын қаныңды.

Е р д е н. Таң аттың құйрығына! (*Ерден жігіттері арқан шұбатып ат құйрығына тағады. Сүйретіп өлтірмек.*)

Мағауия, Төкежан шауып келе жатыр... Сокқыдан есі ауған Айдардың мойнына арқан тағылған. Ажарға да тағысады. Мағауия ұмтылып айғайлайды:

— Тоқтат! Араша! Айт айыбын. (*Арқанға жабысады.*)

М е с. Білмейсің ғой айыбын. Бәрің де бір ұядан.
Жөнел. *(Шетке қағады.)*

М а ғ а у и я. Мен бермеймін Айдарды. Өлтіртпеймін.

Е р д е н. Доғар! Кіріспе менің ісіме!

М а ғ а у и я. Тәкежан аға! Әмір сенде. Өлтіртпе
мынаны.

Е р д е н. Уа, Тәкежан. Береке бересің бе үй ішіме, жоқ
па? Інің Абай жауымды сақтайды. Мынау немең қолыма
жармаса ма?

Тағы бір топ атты шауып келеді. Арасында Шәріп, Көкбай.

Ш ә р і п. Ақсақал, Ереке! Қолда көз жоқ, жолдан
азасың ба?

Е р д е н. Сөйлеме, Шәріп! Бұның бәрі данышпан,
жеткізгенің мынау ғой. Ұстазың — Абай. Тоқта жетермін
тегіс түбіңе!

Ш ә р і п. Ашу тілі жұдырық, ақыл тілі сөз емес пе еді?

Е р д е н. Ақылыңмен қоса қағармын қара жерге.

Н а р ы м б е т. Болысқаның кім сендердің? Қаңғыған
бұралқы ма? Елі кім, тегі кім? Әр ауылдың шетіндегі қоңсы
ма? Қайдан шықты бұл? Кім шақырды әрекеге?

Е р д е н. Қаңғырған қайыршы Айдар әруағымды ісімен
де, сөзімен де қор етпеді ме? Тілегені немене бұл бүліктің?
Осының туысы емес пе, тімтініп жер тілеп жүрген. Жер
бер бұған, жол бер бұған. Қойныңдағы қатыныңды бер.
Жырын тыңда.

Қайран сөзім қор болды

Тобықтының езіне! —

десіп...

М а ғ а у и я. Ол бұның сөзі емес...

Е р д е н. Енді кімдікі?

М а ғ а у и я. Оны айтқан менің әкем. Ол — Абай сөзі.

Е р д е н. Ә-ә, тағы Абай ма? Жазатын Абай,
жырлайтын Айдар, тыңдайтын біз ғой! Бар даланы басып
барасың өрттей...

Н а р ы м б е т. Сорлы заман! Әруақ! Айналайын әруақ,
қайдасың? Жой мынаны. Тәкежан-ай, сөзінді... Өлтірт
мына қара беттерді.

А ж а р. Қанға қарайсаң мені өлтір. Айыбы жоқ
Айдардың!

Ш ә р і п (*Ажарға*). Үндеме, сен әйел! (*Төкежанға*).
Айыпты болса биге сал!

Т ө к е ж а н. Тоқтат! Бұлардың билігі айтылған.
Кеңгірбай айтқан. Ұлықтан кәр кетсе, елден ар кетеді.
Азбаймын ата жолынан. Бердім, Ерден, қолыңа.

– Сен берсең де, мен бермеймін – деген Абай үні
шығады. – Ара түсем!

(*Көкбай Айдарға ұмтылып арқанды кесіп жібереді.*)

М е с. Тиме арқанға!

К ө к б а й (*арқанды лақтырып*). Мә, арқаның қолқаңа
кетсін!

(*Абай аттан түсіп Айдарға келеді.*)

А й д а р (*есін жия*). Абай аға... асыл аға!..

Е р д е н. Неге келдің? Не тілейсің тағы да?

А б а й. Әділет тілеймін... Бала мен бауырдан да қымбат
маған Айдар.

Т ө к е ж а н. Не дедің сен? Осындай азғын қымбат
па бізден?

А б а й. Алмастың түймедейі түйедей тастан әбзәл.
Ара түсем.

Н а р ы м б е т. Неткен қорлық... Қайдасың, әруақ!

Е р д е н. Ара түскен айыпкер үшін жауапкер... Оны
ұмытқан жоқсың ғой сен?!

А б а й. Білем жолды...

Е р д е н. Жауапты сенен алам ғой?

А б а й. Менен...

Е р д е н. Мал-басыңмен жауаптысың ғой?

А б а й. Басыммен де, малыммен де жауапкермін.

Е р д е н. Төкежан... Жауапкер Абай болғанда, мен
көндім билікке.

Т ө к е ж а н. Болсын солай.

Н а р ы м б е т. Билікке шейін айыптыларға кім ие?

А б а й. Ажар өмірін сен сақтайсың, Ерден. (*Басқаларға*).
Сенушімендер? Айдарды би өкімі болған күні менің
қолымнан аласыңдар. Ал, қазір босатыңдар.

(*Мес Ерденге қиғаш қарай түсіп Айдар, Ажар мойнынан
арқанды алады.*)

Е р д е н (*Нарымбетке*). Мәз ғой. Бұғалықтан құтқарады
дейді ғой. Мен сол бұғалықты дәл өз мойныңа арнадым...

Н а р ы м б е т. Осынысы өзі теріс те болмас... Ойға түсер ме екен әлгі ана бір құтырғаны...

А ж а р (*Айдарға ұмтылып*). Айдар жаным! Жарға жықтым-ау сені...

А й д а р. Күнім, қуанышым. Кеше көр.

Мес Ажарды қақпайлай жөнеледі. Ерден жігіттері кетеді. Абай тобы мен Айдар қалған.

Ш ә р і п (*кеткендерге қаран*). Айдар-ай! Дұспанның да азулысын тауып бердің-ау Абайға бүгін!

А й д а р. Абай аға, асықтық ажалдан да күшті екен... Қайта ажалыма ара түскен өзіңсің. Қалғанын да өзің шеш... Әкем бол да, өкім айт.

А б а й (*атына мініп жатып*). Әкең болсам, осыншалық сыр жасырып жүргеніңе өкпелеймін. Билікке шейін үйден шықпайсың. Мен саған бармаймын.

Жайлаудың жақсы бір сәскесі. Көл беті айнадай жалтырайды. Көк шалғында әппақ боп отырған Абай ауылы.

Қосыла шырқап, ән салып жатқан балалар үні естіледі.

Ауылды жағалап Шәріп келеді, қалың ойда. Долгополов үйінің жанынан өте береді. Баймағамбет пен Долгополов моладан тапқан заттарын қарасып отыр.

Шәріп балалар жанынан өтеді. Бастығы молда боп ән жаттасып жатыр. Қарлығаш та сонда. Әні шырқай шығады. Молда Шәріпке жақындап, қалың кітап ұсынады.

М о л д а. Бар өнерімді салып ем. Талай көшірдім. Дәл осы көшірмеме екі қой бермекші. Иншалла, бұндай көркем мәшіх жазуын бұл өңір көрмеген болар. Өзіне көрсетші, не дер екен?

Шәріп кітапты алады. Молда балаларға қайтады. Шәріп тағы жүріп келеді. Еркежан үйі. Үлкен самаурын бусанып тұр. Бір қыз үрлей түседі. Еркежан есік алдынан қызға қарап тұр.

Ш ә р і п. Абай ағам осында ма?

Е р к е ж а н. Жоқ, әлі ұранқайда. Тіпті үш самаурын суып қалды. Келсін деші. Осы, түн бойы ұйықтаған да жоқ па дейім.

Шәріп Абай үйіне кіреді. Аласа үстел жанында Абай отыр. Үй іргесі түрліген. Қағазға, ескі сағатқа, қауырсын қаламға, майы ағып сауыс боп тұрған шамға күн сәулесі түсіп тұр. Абай жазып отыр.

Ш ә р і п. Абай аға!

А б а й (*жазып жатып*). Тұра тұр... (*Жазып болады.*)
Ал, сөйлеші.

Ш ә р і п. Көңіл күпті, маза кетті ғой.

А б а й (*күлімсіреп*). Сабыр, сабыр, шошытпа! Жауар бұлттай түнергені несі екен... Домбыраны әпер.

Ш ә р і п (*домбыраны әперіп*). Қайран қалам, Абай аға. Бұ неткен сабыр! Жаулық өрттей лаулап тұр. “Абай бүлікті қостайды. Абай жолға қарсы. Абай елдің намысын ұмытты” дегелі тұрған жоқ па ертең?

А б а й. Сабыр... одан да ананы тыңдашы. (*Домбыраны ақырын тартып, алыстағы балалар әніне күй қосады. Ән — “Бойы бұлғаң...”*)

Ш ә р і п. Сенің жоныңды жауға төседі, анау есуас.

А б а й. А, бақыт көксеу есуастық па еді?

Ш ә р і п. От болып өртеген бақыт болушы ма еді. Өлеңге өлшеу, сезімге шек бар емеспеді?

А б а й. Олай емес. Одан да шексіз сезім өлшеулі өлеңге сыйсын десеңші. Сондай өлеңнің ғана үні өзге болмақ. Айдар құлағы сол үнді шалып жүрсе қайтесің, Шәріп?

Ш ә р і п. Жаңыласыз ғой, Абай аға. Оның көргені де, шалғаны да шамалы. Оныкі тек жүгенсіз кеткен бассыздық. Жол-жора қатал болсын, надан болсын. Бірақ ел үшін ол парыз ғой. Қарсымызға халық шыға ма деп қорқам. Осыдан шошымын, Абай аға.

А б а й. Сен шошыма, Шәріп. Халық шындыққа қарсы баспайды. Соқса, соқсын дауылы. Бәрінен де бықсып, бүксу жаман. Тостым түбін... Ерден Айдар руын, бар Борсақты кең сахараға сыйғызбай өзі тоздырып, бездіріп болып, енді солардың аштық-жалаңаштығын қорлайды. Бар жерін өзі тартып ап, Айдардың жер мекені жоқтығын айып етеді. Осыны аңғарсаңшы. Енді бұны өлтіргісі келеді, жазығы жалындап сүйген махаббаты ғана. Сорлы Айдар! Жауыңның жеміті-ай! Бірақ осы теріс емес. Надандық бізден қорқа бастаған. Долданғаны сондықтан. Билікке барды айтам. Естір құлақ қапсын да, сезінер жүрек жалын

атсын. Тіпті, осыдан өзім де жасарғандаймын. Түнде бір өлең де жаздым. Тыңдашы:

Қызарып, сұрланып,
Дүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса, ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Қызыл тіл, жүйрік ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің...

Ш ә р і п. Айдар, Ажарға арналған ба?..

Абай бас изейді де:

–Ал, Айдар өзі қалай? – дейді.

Ш ә р і п. Қалай екенін қайтесіз соның қазір.

А б а й. Осы неге түйіле бересің, Шәріп? Айдарды сен кашаннан жек көруші ең?

Ш ә р і п. Бәсе, сондықтан қапа болам. (*Абайға кітап ұсынып.*) Мүрсейіт молла сізге көрсет деп еді.

А б а й (*ашып қарап*). Менің өлеңімді неше рет көшірді екен осы? Көшіреді де таратады. Таратады да көшіреді. Нақыстап жазған жазуда “Кітаб ғақлия” – Ибраһим Құнанбай хажы мархұм ұғлынікі. Мәриямға мәңгілік жиһаз” – деп жазылған. (*Абай Шәріпке таңдана қарайды.*)

Ш ә р і п. Несіне таңырқайсыз, Абай аға? Ұзатыларда жасау басы Абай кітабы болғанын қай қыз тілемейді? Тек бірақ Мәриям сіздің балаңызға бұйыра ма, жоқ па!

А б а й. Неге үйдейсің? (*Әбіштің суретін алып қарайды.*)
Әлде Петербургте бізге де, қалыңдығына да жат болып кетті деймісің Әбішті?

Ш ә р і п. Жоқ, тек бірақ азғырған жақсы болса деп, Ажар үшін Нарымбеттер Мәриямды азғырып жүрмесе... Нарымбет құдаңыз емес, жауыңыз болған жоқ па кешеден бері.

А б а й. Рас, рас... Әбіш пен Мәриям алдына о да бір сыбаға ғой.

Ш ө р і п. Олар емес, бәрімізге де тың сыбаға сол болмаса.

Далада ит үріп, балалар шулайды... Абай соған құлақ салады. Ауылға салт атты әйел келеді. Қасында атқосшы жігіті бар. Қанжығада домбыра. Бұл акын Зейнеп. Абай, Шөріп, Еркежандар Зейнепті қарсы алады.

А б а й. Болар істің басына досы келер қасына. Ән туатын сәтіне ақын келер болар ма?

З е й н е п.

Ән туса, әсем туса болмай ма?

Ән тудырар ағасы.

Ән емес, зар жұтарман болғанда,

Сөзіне ынтық ел досы,

Санадан, сірә, солмай ма?

Сахараң сазыңды тосады,

Соныңды тыңдай келмеп пе ем.

Е р к е ж а н. Көрмегелі көп болды, Зейнеп. Бұнда не боп жатқанын білдің бе екен?

З е й н е п. Ия... Дүние деген дәрия жаңғырып ағып жатат та! Көкшетауда Ақан шырқайды, асқақ әнін әдейі әкелдім. Арқада Біржан сайрайды. Еміреніп ел тыңдайды. Саған деген ән сәлемі болсын деп домбырасын жіберді, Абай. *(Абайға әдемі домбыра ұсынады.)*

А б а й. Әкелген сыйыңды асыл тұттым, Зейнеп. Әніңе, әсіресе, шөліркеп ем. Көңіл ашшы бір күндіз-түн.

З е й н е п. Әй, қорқам-ау, ән тыңдар мұршаң болса етті-ау. Өзгеде көрінеді ғой ойларың.

Ш ө р і п. Зейнеп!

З е й н е п. Ал! Ертеңгі билік дегендерің! Бұ не өзі?

Е р к е ж а н. Зейнеп, жайланып, тыным алсаңшы!

З е й н е п. Қайда әлгі Айдар?

Е р к е ж а н. Ол үйден шықпайтын болған ғой.

(Зейнеп үйге қарай жөнеледі. Абайлар артынан ереді.)

А б а й. Оны қайтесің, Зейнеп?

З е й н е п. Сөйлесем. Сені сүйгені шын болса, тыйылсын тез.

А б а й. Неге?

З е й н е п. Керегі жоқ биліктің, сергелденсіз де Абай мен Айдардың міндегі аз емес. Ел күткені бұл емес. Сен не қарап жүрсің, Шәріп.

Ш ә р і п. Болмайды ғой, Зейнеп-ау! Билікті біз тілегеніміз жоқ па?

З е й н е п. О нес? Неге?

А б а й. Билік керек, билікті біз жеңбек керек.

З е й н е п. Жеңе алмасаң қайтесің? *(Абай күліп қана алақанын жаяды.)*

З е й н е п. Күлесің-ау, Абай. Ертең дұспаның күлсе қайтеміз.

Айдар үйіне тоқтайды. Ол үйдің жанында Көкбай, Қарлығаш бір-біріне сүйесініп отыр. Қарлығаш үй ішіндегі ақын сөздерін тыңдайды... Бірде сыбыр, бірде құлшынған, тасқынған сөз, бұны шошытқандай.

К ө к б а й. Өй, неден үріктің, Қарлығаш?

Қ а р л ы ғ а ш. Жынданбаса игі еді! Естимісің? Сорлы Айдар.

К ө к б а й. Уа, қойшы. Жындану деген оңай ғой деппең қарап тұрып.

Қ а р л ы ғ а ш. Иә... ол сен ғой деппең... Жалын да жоқ, сапар да жоқ! Ол от емес пе?

К ө к б а й. Е-е, от та сол... жын да сол... Қарқ қыпсың ендеше оны да... *(Айдарды тыңдап отырып арт жақтарынан кеп тұрған Зейнеп, Абай, Шәріпті көрмейді. Кейінірек байқап сырғып кетіседі.)*

Үйден Айдар дауысы келеді.

Үй ішінде Айдар. Омырауы ашық, шашы ұйпаланған. Анық шабыт үстінде. Өз өлеңін әртүрлі үнмен оқып отыр. Асыға, жазып қояды. Аралықта қымыз жұтады. Көрер көзге қазіргі мінезі жат сияқты. Үйге Зейнеп кіреді.

З е й н е п. Бұ не? Неғып арпалысып отырсың, шырағым? Әлде... жын иектеп отыр ма?

А й д а р *(қуана таңданып)*. Зейнеп апа!

З е й н е п. Әлде күнәңа мойындап тәуба қып отырмысың?

А й д а р. Тәуба емес, апа, жазып отырмын.

З е й н е п. Е, сүйтіп жазғанда бақырады екен ғой.

А й д а р. Е, менің даусым шықты ма?
З е й н е п. Бақсыдай сарнадың! Есінді алып бопты
ғой өзі асықтық.

А й д а р. Ажарды көрдің бе өзің?
З е й н е п. Жоқ, көргім де келмейді.
А й д а р. Ендеше, құлақ сал:

Мамықтай әппақ еті қар секілді,
Көргенге онсыз дүние тар секілді.
Нәркес көз наз білдірсе, бір өзінде
Жаныңның бір ұшығы бар секілді...

Ажар деймісің? Жоқ бұл Ажар да, Ажар емес те.
З е й н е п. Ажар... Ажар емес... Өзінді шынымен шалып
кеткен бе, немене?

– Ойбай бұл Еңлік. “Еңлік—Кебек” дастаны.
– Тыңда... Тағы тыңда.

Жас мұңын бар дүние тұрды мұңдап,
Сөйлесе жер күрсініп суыл қағып.
Изейді шөптер басын шын-шын-шындап.
Қабан би қатал билік айтып берген,
Мергенге ат деп әмір берісті ымдап.

Сұр жебе, қозы жауырын ұшты зырлап,
Жүректен өмір отын әкетті ұрлап.
“Қош, жарым” дерлік сөзге үні жетті,
Еңліктің қансыз ерні құр қыбырлап.

Құлады құшқан бойда Кебек жарын,
Соңғы сөз, ынтық сөзі шықты жалын.
“Өлмейді, мың өлтірсең асық арман, –
Деп қана, — лағнет, — деді, — дүние залым”.

З е й н е п. Ия... сонан соң... Аяғынан бастаған несі.

А й д а р. Ертеңгі күн не боларым бұлдыр ғой. Тым
құрыса соңын айтпай өлгім келмеді. *(Зейнен үндемей кеп,
маңдайынан сүйеді. Абай қобалжыған жүзбен, кейін тайқып
кетеді. Шәріп артынан жетіп.)*

– “Еңлік—Кебек” пе? Маған жаз деп тапсырғаныңыз қане! Мен асықтықтан да астам тағдырды айтайын деп ем... Мынау өзінен бұрын өңін кетіріпті ғой.

А б а й. Әй, білмеймін, Шәріп. Олай емес қой. Теңізден толқын атқан меруерттей, әсем жыр да толқыған жүректен шығады-ау. Несі бар, жарысып көр, – деп Айдардың үйін нұсқайды да, кетіп қалады. *(Шәріп Абайдың соңынан қарап тұрып, құлағының мақтасын түзейді. Жанынан әппақ атқа мінген келбетті қарт өте береді. Шәріп иіліп сәлем береді. Бұл қарт Сырттан.)*

Абай үйі. Дастарқан жанында Абай мен Сырттан.

С ы р т т а н. Кіріспеске кірісер болдым, баспас жолға басам да... Ағайын асылып отыр, ара би бол деді.

А б а й. Ол біздің де тілегіміз, ақсақал.

С ы р т т а н. Басыңа бұлт орала ма деймін, Абай, ақыл айта келдім.

А б а й. Айтыңыз, ақсақал.

С ы р т т а н. Аулақ болшы Айдардан.

А б а й. Ақсақал ұядан алып өсірген бала сұңқарыңды иттер талап жатса, қорғамай қайтіп тұрар ең?

С ы р т т а н. Мен саған, бұрын айтылмаған сөзді айтам.

А б а й. Айтыңыз.

С ы р т т а н. Мен саған атаның ұлы деп, рулы ел атынан айтамын.

А б а й. Айтыңыз.

С ы р т т а н. Құнанбайдың баласы, Кеңгірбайдың ұрпағы, қайда бара жатқаныңды аңғарамысың осы сен?

А б а й. Мен ар мен адамшылық қарызына ғана бағынам, ақсақал.

С ы р т т а н. Нелер ықылым заманнан бері ата жолы – ел жолы болған. Соны сақтау маған да, саған да қарыз емеспеді. Неден, қайтіп қарсы тұрмақпыз... Біз кім едік соншалық?

А б а й. Бөрінің жолы бөлтірікке ғана аумас жол, ақсақал. Адам нәсілі жолды өзі тудырып, өзі жаңғыртып та отырмақ. Адамзаттың айуаннан өзге сыры да сол.

С ы р т т а н. Солай деппеді дуалы бабаң Кеңгірбай. Жолым жол, нәсіліме қарыз демеп пе еді? Атадан азған адам ба еді әуелі?

А б а й. Кеңгірбай жолы деп біреудің бағын байлаймыз. Кеңгірбай жолы деп біреудің жанын жәбірлейміз. Не қалды осы Кеңгірбай жолы деп тағы жоймаған? Айтыңызшы, ақсақал, не қалды?

С ы р т т а н. Жеттім, жетер жеріме. Билік байлау тоқтатпаса, байсал табар түрің жоқ. Ендеше, даугеріңді айт.

А б а й. Даугер менің өзім.

С ы р т т а н. Жоқ. Сен даугер бола алмайсың. *(Абай таң қалады. Бұл күтпеген соққысы.)* Бас кеспек болса да тіл кеспек бармеді?

С ы р т т а н. Сен даугер бола алмайсың. Жауапкермін дегенің қане? Қайтіп би боласың? *(Абай ойланып қалады.)*

С ы р т т а н. Атайтын кісің кім сүйтіп, Абай? *(Абай Әбіштің суретіне қарап ойланып отыр.)*

С ы р т т а н. Жауабың қашан, Абай?

Бұл кезде Шәріп Ажармен сөйлесіп отыр. Нарымбет екеуі бір келген.

Ш ә р і п. Білемін, оңай емес, Ажар. Бірақ сүйгені үшін адам қай күйікке шыдамайды. Айдарды мен сүймей ме екем? Ендеше, соның тірлігі үшін, оның басын дертке қи. Аулақ бол Айдардан.

Н а р ы м б е т. Сүйт... Жол қайтіп жол болсын. Ел қайтіп ел болсын. Үйіріңді қайта тап, өзіме кел. Айыбыңды бетіңе салық етпесіме мына Шәріп куә болсын. Абайдың досы да, жан күйер жақыны да Шәріп еді. Не деп отыр осы, а? Әруақ, құдай ырза болсын. *(Ажар үнсіз. Мыналар сөзін есітпеген кісідей.)*

Н а р ы м б е т. Абайдың мен де досымын. Менің қарындасым Мәриям оның баласы Әбіштің қалыңдығы емес пе? Енді мына бүлік олар арасын сау қоя ма? Арамызға ор қазып отырған жоқпысың мынау ісіңмен, Ажар.

Ш ә р і п. Қоя түр, Нарымбет. Тамыры жоқ қара тас емес, адам ғой, Ажар, ойлар айнам да жақынын.

— Менің тек өлгенім ақыл да! — деп Ажар ақырын үн қатты.

— Ажар безбейді Айдардан. Әбіштен мен де кетпеймін, — деп Мәриям сыбырлайды. Қасында Қарлығаш. Екеуі көл жағасында отыр. Жел білініп, молда Мүрсейіт көшірген белгілі кітаптың қағазын аударады.

Қ а р л ы ғ а ш. Тағы бір жыл келмесе қайтесің
Петербордан?

М а ғ ы ш. Тағы бір жыл тосамын.

Қ а р л ы ғ а ш. Екі жыл келмесе ше?

М а ғ ы ш. Екі жыл тосамын.

Қ а р л ы ғ а ш. Ал ағаң біздің ауылға бермеймін десе
қайттің? Ол жауласып отыр ғой.

М а ғ ы ш. Онда мен де Ажарша қашып кетемін. Көні,
ақылшым да жұбанышым еді. Не айтар екен Абай ағам.
(*Кітапты ашады.*)

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,

Сыртын көр де ішін біл.

Сүйісер жастар қата етпес,

Мейлің илан, мейлің күл. (*Қайта жабады.*)

Ажарға осы өлеңнің бәрін Айдар жырлап берген еді.

Мен өзім жаттап алам бәрін де.

Қ а р л ы ғ а ш. Тоқта!

Қыздар жым-жырт бола қалады. Бұларды байқамай Шәріп пен
Нарымбет түйіліп өтіп бара жатады. Ерден үйінің жанында бұларды
Мес құрметтеп қарсы алып, есікті ашып үйге кіргізеді.

...Ажар отырған үйде қайыстай қатқан қара кемпір
қарғана сөйлеп отыр:

— Ат құйрығына тағып өлтірер ме екен. Қара жартас
басынан лақтырып өлтірер ме екен. Жеттің ғой, бейбақ,
жетеріңе! — дейді.

Ажар оны елемей, тыстан сыбдыр естіді. Үйдің жабығы
түріліп, Қарлығаш, Мағыш көрінеді.

А ж а р. Мағыш, күнім! — деп, Қарлығашқа таңдана
қарап:

— Мынау бала кім?

М а ғ ы ш. Қарлығаш қой.

Ажар ентелей түсіп:

— Айдар не күйде? — дейді.

Қ а р л ы ғ а ш. Не күйде болсын! Ес-түс жоқ...

А ж а р. Не дейсің?

Қ а р л ы ғ а ш. Жоға, есі дұрыс. Тек сарнап өлең айтады
ағыл-тегіл. (*Ажар күлімсірейді. Мағыш артына жалтақтап
Абайдың кітабын ұсынады.*)

А ж а р. Бұ не?

М а ғ ы ш. Абай ағам кітабы. Жаныңа сая болар сөз табарсың! Ала ғой.

А ж а р. Қуатым, күнім. Ағаң жаңа маған Әбіш пен Мағыштың арасына ор қаздың деді. Күнәмді кешермісің, жаным. *(Мағыш үндемей кеп, Ажардың бетінен сүйеді.)*

...Ерденнің қалың жасаулы үйінде Ерден, Шәріп, Әзімхан, Нарымбеттер отыр. Алдында қайқайма бір табақ ет. Ерден әсем шапан киген. Әзімхан жалтыраған шенеунік киімінде. Мес пен үнсіз жігіттер қызмет, құрмет етіп жүр.

Е р д е н. Билікте Абай сөйлемейді деген сыбыс бар.

Ш ә р і п. Ол бос сыбыс.

Е р д е н. Бос емес. Жауапкер би бола алмайды. Сол үшін осы сен өзің шықпас па екенсің?

Ә з і м х а н. Ол жақсы болар еді-ау, Шәріп. Сенің атың Абай атымен бірге аталады ғой.

Ш ә р і п. Мен әрдайым Абаймен бірге адаммын.

Ә з і м х а н. Бүгін Абай халыққа қарсы шыққанда да біргемісің?

Ш ә р і п. Сен Абайды халықтан, халықты Абайдан бөліп қайтесің осы?

Ә з і м х а н. Ал халықты бастаған қауымнан кетсе, Абайдың халықпен болғаны қайсы? Бүгін Абай қасында қалғанның бәрі үлкен қатерде. Сіздің ауылда Долгополов жүр. Губернатор ол жүрісті ойын деп отырған жоқ.

Е р д е н. Шәріп, сен мұнда бір сәтімен келген екенсің.

Ш ә р і п. Ерден аға, мен келгенде, анау Ажарды сөзге салайын деп келіп ем.

Е р д е н. Өй, тәңір-ай, сол бір есуас қатында тұрған дүние бар ма. Алысқанда ел атаның жолы деп алысып отырған жоқ па? Жөнін айтшы, Шәріп, осы мына шапан менікі ме еді?!

Ш ә р і п. Сенікі, Ерден аға.

Е р д е н. Мынау қоныс — Қатын қазған менікі ме еді?

Ш ә р і п. Сенікі.

Е р д е н. Жә, тіпті, осынау сақал менікі ме еді?

Ш ә р і п. Е, сенікі.

Е р д е н. Жоқ, Шәріп, шапан да, қоныс та, сақал да менікі емес болатын. Адам дүниеге жалаңаш келеді. Бұның бәрін менікі еткен не? Жас өспек, туған өлмек еді ғой, сондай айнымас, аумас жол мен заң менікі етті. Сонымен,

мезгіл өсірсе де мына сақал менікі. Бұқарада тоқылса да мына шапан менікі. Әлдеқандай бір кемпір қазыпты дейді, сонда да мына құдық Бопай қазған менікі. Ел заңы деген де осы. Қай күшіме қарсы келмек Абай? Бүгін Айдарды ақтағанда, ертең қатынды – қожа, құлды – би, баланы – баба дегізбек пе? Қайда қаңғытып барады енді?

Ш ә р і п. Абай жыры көп жәйді толғайды... Сіздер бір-ақ жағын бағасыз ғой.

Е р д е н. Абай жыры у боп барады. Мені жеңбес. Бірақ нәсілімнің сүйегіне сіңетін у боп барады. Ұлдың ұлын, қыздың қызын аздырып, құртар у боп барады. Әкеден ажыратар әлек келеді еліме. Сенің әкеңді мен білуші ем, Шәріп. Оның қасиетті аты әлі күнге Мекеде мәлім. Жиренішпен безінер әке ме еді сенің әкең? Жолмеді саған Абай жолы?

Ә з і м х а н. Сен әлі де сол атаның адал ұлысың ғой. Әлі де қағбаң ауысқан жоқ. Білем ғой, түр ғой орнында.

Е р д е н. Біз өзге емес, саған сенеміз.

Ш ә р і п. Мен еш уақытта Абайға қарсы баспаймын.

Ә з і м х а н. Қарсы басып не қыласың? Қатар жүр. Тек ізін баспа! Қанжығасына басыңды байлап, орға бірге түспек пе ең? Өз абыройым аз, өз қанатым өспеді деп жүр ме ең әлі күн?

Е р д е н. Абай емес, ата жолымен ел көшін бастаған сен ғана деп білемін. Тек толған да таңдай бер. Қазір жауап бермей-ақ қой. Билікте бәрін аңғарам.

* * *

Долгополовтың үйінде Абай, Долгополов, Баймағамбет. Үйде кілем, сырмақпен қатар биік стол, орындықтар бар. Дәрі-дәрмек шынылары, әр алуан аспап. Мезгіл түн. Лампы жанып тұр. Долгополов трубкасын түтетіп отыр. Баймағамбет бас сүйектерге белгілі қағаздар жапсырады.

Абай биік столға бір топ кітап, қолжазбалар әкеп қояды.

А б а й. Мынау сіздің кітаптарыңыз еді. (*Қарастырып жатып.*) Дарвин, Дрепер. “Географический вестник”. Мынау әлгі Чернышевскийдің қолжазбасы. Жә сізде де осындай кітап, қағаздар бар ғой. Бәрін бір араға жияйықшы.

Д о л г о п о л о в. Немене, сақтау қажет болды ма, Ибрагим Құнанбаевич?

А б а й. Жияйық та, бәрін мына Бәкеңе берейік. Тайдыра тұрсын.

Б а й м а ғ а м б е т. Жиындар, әпкеліндер. Әзімхан түгіл, әкесі келсін, көріп алайын.

(Долгополов, Абай, Баймағамбет үшеуі қағаз, кітаптарды қоржынға салып жатады.)

Д о л г о п о л о в. Сезік етер белгі бар ма?

А б а й. Мені қуған сізге қызықпай, сізді қуған маған қызықпай тұра ма, Федор Иванович.

Д о л г о п о л о в. Ендеше, қауіп бар ғой?

А б а й. Қауіп болмаса, сақтық болсын. Сол сақтық ретінде, күн ілгері бір-екі өтініш айтайын, Федор Иванович. Мезгіл өтер, кезек жетер де, жақсы жағаға менен бұрын сіз жетерсіз. Алдыңызда Петербург, әлде Толстой, Салтыков-Щедрин кездесер де. Өтінішім, осы бір қағаздарға ие болыңыз. Мына біреу менің Географ. обществоға арнап жазғаным еді. “Қазақтың қайдан шыққаны туралы біраз сөз”. Мыналар: Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан аударған өлеңдер. Әлде Потанинге, достарыңызға көрсетерсіз?

Д о л г о п о л о в. Ибрагим Құнанбаевич, сіз осы қоштасқандайсыз ба, бұныңыз қалай осы? Әлде ертеңгі сот...

Б а й м а ғ а м б е т *(жұмыстан қол үзбей әндеткендей)*. Е-е... Нидерланд деген жұртта Лейдің деген шаһарда инквизиция деген сот бопты-ау.

Д о л г о п о л о в *(жымып)*. Шын-ақ инквизиция. Тек сол инквизиция шынымен сізге қас ете ме? Әй, бірақ несі таң? Пушкин дуэльде өлген. Лермонтов дуэльде өлгені қане! Чернышевский қара ағашқа таңылған. Шевченко болса айдауда, осы маңда сорлаған. Сіздің қауымыңыз, тіпті, осал емес екен-ау, Ибрагим Құнанбаевич.

А б а й. Ия... мынау Михаэлис пен сіздің хаттарыңыз, достарым... Бәрі де сақталсын. Көп көмекті осылардан да алып ем, асыл досым. Е, бұ не, сіздің трубкаңыз неғып бықып кетті осы, Федор Иванович. Әлде инквизиция деген бірдеңе бар екен деп “тоғызқұмалақ” ойнамай ма екенбіз! Келіңіз!

Абай тоғызқұмалақты жәйіп, тастарын шапшаң тарата бастап:

— Сіз доктор болыңыз, Федор Иванович! Сөзімді ақынға қалдырыңыз, қайтесіз! Кәні, көшіңіз.

Баймағамбет оқыс бір әңгіме бастап:

— Осы бес саусақ қазір неге бірдей емес? Басында бұлар бірдей екен. Құдай адамды жаратқан күні: саған арнап бақ жараттым, бірақ ол басыңа келгенде осы бес саусағың арқылы келеді депті. Сүйтіп, адам бақты алуға қол созғанда, бес саусақтан береке кетіпті... Шынашақ: Өзіме келмей, басқаға келетін баққа мен бармаймын, — депті. Құдай оны сол арада шолтитыпты... Аты жоқ қол: — Мен әрі-сәрімін, — депті. Оны да қысқартыпты. Сұқ қол: — Мен нұсқайын, бірақ өзім бармайын, — депті. Оны да кемітіпті. Бас бармақ: — Қайрат көбі менде болса да, әреке сендерде екен, мен де бармаймын, — деп ол да қысқарыпты. Тек жалғыз ортан қол: — Кімге келсе де, бақ келсе екен, — деп ұмтылған екен. Ол ұзын күйінде қалыпты... Міні, содан бері саусақ түрлері мынау, ал бақ әлі созылып әлі күнге адамзатқа жете алмай келеді дейді...

Д о л г о п о л о в (*қатты қызығып күліп*). Бәке, тамаша екен, жазып алайыншы.

А б а й. Кейін жазыңыз, Долгополов, көшіңіз. (*Абай мен Долгополов ойнап отыр.*)

Д о л г о п о л о в. Шын тамаша (*деп күліп, трубка түтетіп, бас бармақты көрсетіп*). Мынаған қараңыз. Өзі балғын, өзі дембел, қайрат та өзінде. Саусақтар арасындағы Борсағы дерсің. Бұнсыз не істеп, не ұстайсыз. Ал бар саусақты қосып, мынамен бастырсаң — оның аты берекелі жұдырық болады. Жұдырық ет те сілтей соқ. Халық та сол ғой. Берекесі болса — қуат та, алып та өзі. Басқа оралар бақ та өзінде. Тек қана мына (*бас бармағын көрсетіп*) бар дүние Борсақтары есесіз, теңсіз қосылсын. Әйтпесе (*бас бармағын өзге саусақтарымен басып тұрып*) былай жатса, бұның аты жұдырық па, дәрменсіздік қой. Тек еркін болсын. Іске де, еңбекке де, ой, сезімге де... махаббат, мұратқа да еркін беттесін. Адам сорлының арманы сол, алысқаннан тосқаны сол емес пе? Ертең, сойқан төбе басында сіз сөйлейтін адамдық сөзін кім есітпес екен, Ибрагим Құнанбаевич. Талай қиыр қиянға жетеді. Шәк қылмаңыз, жететінін серт етейін. Көп ғазапты шегіп жатқан көп өлкелі Ресейге түгел жетеді. Одан да ары, адам үнін ұғарлық адамзат бар жердің бәріне кетеді...

А б а й (*ойлана күліп*). Тек бірақ, ертең мен билікке кіріспейтін болдым ғой — деп, достары күтпеген жәйді оқыс айтып: — ата салты бойынша жауапкер даугер болмайды ғой.

Д о л г о п о л о в. Ах, осылай ма еді? — деп дал болады. — Енді қайттік.

Жел білінеді. Лампының оты шалқиды. Баймағамбет қолымен қалқалайды. Есікке қарасады. Шәріп кіреді.

— Мені сіз шақырттыңыз ба, Абай аға?

Абай Шәріпті нұсқап:

— Біздің даугер биіміз міні! — дейді.

— Мен бе?

— Сен!

* * *

Майдантөбе — билік майданы.

Қалың ел бұлт төбенің бетіне өрлей құлдай отырған. Жұрт неше алуан.

Ерттеулі, өрелі аттар бір қос жылқыдай, қаптай жәйіліп жүр.

Халық тойға киінгендей, бірақ жұрттың түсі түйілген. Көп ішінде жұпыны киім, жыртқы шекпендер де бар. Мінгесіп-ұшқасып, түйе мініп келгендер де болған. Бұл келген, көбінесе, Айдардың туыстары — Борсақтар. Тегіс күнге күйген, беттері ажымданған, ерні кезерген, еңбек езген жандар. Көздерінде күдік, қауіп сезіледі. Олар Баймағамбетті қоршай отырысыпты. Алдарында қарт Дәулет, жас Ораз сияқтылар бар.

Сәнді шапан киген Ерден мен өзгеше әсем киінген Шәріп екеуі Сырттан бидің ақ көк атын жетектенкіреп дәл төбенің басына әкеледі. Ат үстінен зор салмақпен отырған Сырттан әппақ киім киген. Өңшең мақпал қара атқа мінген он шақты жігіт артын қоршай кеп тұр.

— Би келеді! Би келеді! — деген үндер шығады.

Ел жапырлай тұрып, қарасып қалады.

Топтың ішін аралап, еркек киім киген Қарлығаш келеді.

Іздегені Көкбай.

Абайда қобалжу бар, бірақ сақ, жинақы отыр.

Сырттанды аттан түсіріседі. Халық қайта орнығады.

Көкбай қасына Қарлығаш отырып жатыр.

Қ а р л ы ғ а ш (*кәрінің үнін салып*). Қағыл былай, балам.

К ө к б а й (*танып*). Өй, сарамас, сені кім шақырды?

Қ а р л ы ғ а ш (*асыға сыбырлап*). Үндеме! Долгополов келе алмайды. Еркежан апам да, Зейнеп апам да сондай. Солардың бәрі үшін мен өзім.

К ө к б а й. Бұндай билікке кірген тұңғыш қыз боларсың.

Қ а р л ы ғ а ш. Ал сен осыны білсең де, жасыратын тұңғыш еркек боларсың. *(Насыбай атып, Көкбайға шақшасын ұсынады.)*

К ө к б а й *(сүйсініп)*. Әй, сарамас! – дейді. *(Халық дабыры басылып, тына қалысты.)*

С ы р т т а н. Ей, ағайынды қарындас. Күн райы бұзылды. Қарға тамырлы қарындас ең. Кер кезеңде керісіп тұрғаның мынау. Не тығырыққа қамалдық. Кесір насырға шапсын ба? Қисайта қылыш сермерсің, кесең өз қоңынды кесерсің. Алдыңды тостым, ағайын. Барар бетің немене?

Қ а р л ы ғ а ш. Кімге болысты? Не деді?

К ө к б а й. Екі жаққа бірдей сөз тастап отыр.

С ы р т т а н. Сөз иесі кім? Сөйлеңдер! *(Ерден тұрып, қамшысын бидің алдына салады.)*

Қ а р л ы ғ а ш. О несі? Қамшысын тастағаны?

К ө к б а й. Сөйлеймін дегені, тыныш отыр!

Е р д е н. Екеуі жұлысса өз пәлесі, көп жұлысса ел пәлесі. Заман азды деймісің? Жоқ, заман азған жоқ. Заң тозды деймісің? Жоқ. Тозған жоқ. Балаңның аты — бала, бөрінің күшігі емес. Қатынның аты — қатын, қаншық емес. Ел азды деймісің. Жоқ, азған жоқ. Атам — қазақ, ұраным —Тобықты. Бірақ бүгін қолымдағы жесірімді алатын, ертең қойнымдағы қатынымды алмақ. Бүгін қаралы күйімді қорлаған, ертең бабамның моласын өртер. Ендеше, жойылсын көзі екі сұмырайдың, елім ел болсын. Ит өлімімен өлсін. Жауыздық жазасы қандай екен — ұл-қызым көзі көрсін.

Шәріп тұрып қамшысын жерге салады.

– Менің де атам қазақ. Менің де ұраным Тобықты. Әділ айтты асыл би, заман азған жоқ. Бірақ заманның да күн мен түні бар. Бәйшешек атқан сәуірі, сықырлаған қарлы суық қаңтары бар. Бар көрі бір ұқсас, ол – аязды қаңтар. Бар жас бір ұқсас, ол – сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың! Жас дәуреннің шамшырағы махаббат дегенді есітіпшең, ия ұмыттың ба, Ерден аға? Ұя бұзды дерсің, рас шығар. Заңнан аттады дерсің, таласым жоқ. Бірақ кім еді солай еткен? Айдар ғой! Рас! Бірақ Айдар ел Айдары емес пе еді. Ақындық Айдары деп Абай атамап па еді? Қайтіп буындырасың бұлбұлыңды. Қайтіп жырды жоясың! Қайтіп қиясың Айдарды. Ол ақын, ақындық жалын емес пе еді?

Айдарды асықтық жеңген, асықтық албырт. Албырттық істетті. Жазаға қайтіп қиясың Айдарды!

Е р д е н. Айтар сөзің албырт екен! Албыртса болды айып жоқ қой. Адам түгіл, айуан артын ойлаушы еді. Керек десе мысық та қорыққанда өзге мысық таламасын деп адамға қара тартушы еді. Сенің Айдарыңда, тіпті, мысық құрлы да ес болмағаны ғой... солай ма! (*Жұрт ду күледі.*)

Ш ө р і п. Қайран, ақсақал-ай! Ұмытқан дүниеніңді қозғап қайтуші едіңіз. Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды соны аңғарар едіңіз-ау! Жалғыз-ақ, зәу-сайтан ескі күн еске түсіп, өш мысықтан өзіңіз қысылар болсаңыз, маған кел дер ем. Мен сізді қорғар едім. (*Тағы да дуылдаған күлкі шығады.*)

Қ а р л ы ғ а ш (*желігіп*). Сондай алжыған, кәрі мысық кімге дәрі?..

К ө к б а й. Өй, құтырып кеттің бе?

Ш ө р і п. Сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны сіз аңғармайсыз.

Е р д е н (*кие жөнеліп*). Бұндағы дау асықтық дауы емес, жолдан шыққан бұзықтық дауы. Айдардың араздық басы болғанын, заңнан аттағанын, қастық еткенін сен өзің де айттың. Айдар туралы не талас қалды?

Ш ө р і п. Жоқ, біз сол үшін таласамыз. Дау Тобықтының намысы жөнінде. Түбіне қорғалаған торғайды тұрымтайға тұсап берген бұтаны қарғаса болмас па еді? Айдар бар туысымен біздің панамызды сұрай келмеп пе еді. Қуғын-сүргінде жүргенде соған пана болған кім еді — Абай еді. Айдардың Абайдан пана тілегені сізден де, менен де, тұтас Тобықтыдан да тілегені емес пе еді? Сіз Айдарды ғана өлтіртесіз бе? Жоқ, онымен бірге Тобықтының да елдік сағын сындырып, абыройын, қасиетін жоясыз.

Е р д е н. Ел намысын жоқтайтын сен емессің. Ата-бабам жолы жоқтайды. Жол нұсқаған асылдың асылы, ел серкесі Кеңгірбай-ды. Еңлік пен Кебек бүгінгідей ел бүлдіргенде не қып еді қабілетті Қабекең? Өз қолымен өлтіртіп, өлексесін ит жемі қып еді. Солай шешкен елім,

жұртым – Тобықты. Айдар – ақын айдары, ел бұлбұлы деймісің... Жоқ. Айдарың сенің жұрттан безген көкбөрі. Бөріні бөрі ұлып табады. Соның ұлыған пәлесіне ұн қосқан кім? Ол – Абай!

Ш ә р і п (*куин кетин*). Көңілі бітеу, көзі көр несін медеу етеді? Сен не білуші ең Абай жөнінен?

Е р д е н. Тоқтат, Шәріп! Тобықтының шіріген жұмыртқасының бірі сенсің ендеше! Әттең киелі бабам Кеңгірбай күні болса, үйелменіңмен сендерді өртер еді-ау! Бауырыңа алған бөріңмен қоса бөрің өртен дер еді-ау! Қарғыс атқан өсиетіңмен өртер еді. Не бетіңмен биім боп отырсың? Би емессің, сен де Айдардай бүліктің бірісің. Сен де ел ортасына әлек отын тастап отырған анау Абайдай айыпкерсің. Мен айыпты сенен, Абайдан, барлық бүлік ұяңнан алам ендеше... (*Қалың ел дабырлап, қыза бастайды. Сырттан жұртты тыныштандырып.*)

– Сөйле! – дейді. (*Шәріпте ұн жоқ.*)

Д ә у л е т. Өлтіреді-ау мыналар, Бөке... сор қамаған Айдар-ай!

О р а з (*қанын ішіне тартып*). Көрермін, көрермін бұл Ерденді.

Б а й м а ғ а м б е т. Үндеме, сабыр! Құр қарғысқа торғай да өлмейді.

С ы р т т а н. Сөйле! (*Шәріп үндемейді.*)

Қ а р л ы ғ а ш (*сыбырлап*). Шәріп! Ойбай, Шәріп! Оңбай кетейін, өлген бе дейім өзі...

К ө к б а й. Сөйлесеңші, Шәріп-ау!

Қ а р л ы ғ а ш. Ойланып отыра ма әлде?

К ө к б а й. Не білесің сен? Сырттан үш қайырғанша ұн шықпаса, Ерденнің жеңгені емес пе? (*Қарлығаш қатты шошынады.*)

С ы р т т а н. Уа, сөйле! (*Ұн жоқ. Сырттан таяғын көтереді. Енді түсірер тәрізді. Абай үні шығады.*)

А б а й. Ей, қария! Осы бір тойда екі жар бола ма? (*Халық даурығып кетеді.*)

С ы р т т а н. Не демексің?

А б а й. Бір жүгіністе екі бірдей дау бола ма дейім сізге?

С ы р т т а н. Жоқ, болған емес!

А б а й. Ендеше, тағы айтсаңыз екен, даугер би өзіне тең қарсы биді қай заманнан қаралайтын еді? Көпті көрген көнесіз, ақсақал, көргенің бар ма осыны? Осы да жол ма?

С ы р т т а н. Жоқ, жол емес.

А б а й. Олай болса, менің сөйлер кезегімді бер өзіме!

Е р д е н (*ызалы*). Сен жауапкерсің. Саған тиер сөз жоқ.

А б а й. Е, сен Шәріпті де жауапкер етпедің бе? Кім сөйлемек енді бізден? Жөніңді айт, ақсақал?

Халықтың қалың дырдуы арасында “билікті онда”, “билік бітті”, “сөйлесін”, “сөйлемесін Абай”, “Әруак!” дескен айғайлар келеді.

Қ а р л ы ғ а ш. Сөйлесін Абай!

К ө к б а й. Өй, сарамас! (*деп өзі айғайлан.*) Сөйлесін Аб-а-ай!

С ы р т т а н. Абай, орайың бар, сөйле!

А б а й. Мен дәл осы биліктегі жалғаншы би жәйін айтам. Ей, Ерден! Сен мынау елге Кеңгірбай жолынан тайма дедің ғой! Болсын солай! Ал осы отырған елге сенің шайқұмарлығың ғой шетінен мәлім. Сол шәйді шәйтан асы деген Кеңгірбай емес пе еді. Ішкенге жиырма қамшы дүре соққызғаны қане. Сен болсаң шілде күні, шалқып отырған кезінде он самаурынды бір өзің сап қыласың. Ендеше, сол шілде күні өзіңе неше қамшы дүре соғылсын, өзің айтшы. (*Күлкі.*) Жасақты өлі әруақтан жимақсың, Ерден. Текке жимайсың, жалғанымды жасырам дейсің ғой. Ерден сендерге Еңлік пен Кебекті айтты, халайық. Тағы жалған айтты. Еңлік пен Кебекті өлтірген қатал билер емес, қалың ел, елдің өзі қатал еді демек Ерден сендерге. Бірақ сұрандаршы қарт қарияңнан, солар екі жасқа қандай жасын төкті екен. Кеңгірбайды қалай қарғады екен. Әулие деген жоқ-ты. Халық ол биді Қабан деген. Осы сөз бекер еді деп айтшы бірің маған!

Үн жоқ. Тек бір ғана шал: — Жолыңды оңғарсын. Рас... осының бәрі рас, Абай!.. — дейді.

А б а й. Би басыңмен жалған айттың сен, Ерден.

Е р д е н. Сенің күпірлігінді кім білмеген! Атадан безгенді кім білмеуші еді? Олардың әруағын жер қылғаның былай тұрсын... Осында қаңғыбас орысың Долгополовпен моласын да қорлап жүрген жоқпысың сен. Аш көзінді, Абай! Өлікте дәрмен болмағанмен, тіріде олар үшін алысар дәрмен бар. Не қалды? Тек қана атқа мініп, найза алып алысу ғана қалды сенімен!

А б а й. Сен ат мініп, алыстан жау тауып, мен деп, Долгополов деп қайтесің. Сенің жауың жаныңда, өз бойыңда. Ол – сенің надандығың! Саған әлі күнге жер көк өгіздің мүйізінде тұр. Бірақ халық өткеннің де бар шындығын білуі керек. Ескі мола — сахараның ескі шежіресі, ғылым соны біртіндеп ашып оқымақ, танымақ. Бұны бөгер сен емессің, Ерден. Халық сенің де бар шыныңды білу керек, Ерден! Осы сенің қыстауың тұрған жердің аты қалай әуелі? *(Ерден үндемейді, бірақ халық даурығын жапырылып сөйлейді. Әсіресе, Борсақ руының даусы қатты, ащы шығады.)*

– Борсақ! Борсақ! Ол біздің ата қонысымыз еді!

А б а й. Жә, осы бүгін ауылың отырған қоныстың аты қалай еді, Ерден?

Тағы да жаңағыдай боп халық шулап: — Бопай қазған. Бопай атты кемпір қазған құдық еді!..

А б а й. Сол Бопай атты кемпір — дәл бүгін сен өлтірем деп отырған Айдардың әкесін тапқан шешесі емес пе еді? Жесір кемпір өз қолымен қазбап па еді?

Халық қадалып тыңдап қалған. Елдің түсі томсарулы. Кейбір көзде жас та бар. Абай даусы үдеп барады:

– Заң орнатпақ сенбісің? Жоқ, заңды бұзар сотқарсың сен, Ерден! Әділет тілеймін мен бұл биліктен. Өлінің арына, тірінің зарына бола әділет тілеймін. Азаттық тілеймін Айдар мен Ажар басына. Қара күштің зорлығын тый деп тілеймін. Өзіне қайырт жер Борсақты ел Борсаққа. Ей, халайық, әділет тіле сен, сақтан нахақ қаннан!

С ы р т т а н. Халыққа айтпай, биге айтар болар бар сөзді!

А б а й. Мен барды айттым. Әмірін айтсын, ақсақал!

С ы р т т а н. Айтыс бітті. Әпкеліңдер айыптыларды.

Ел дабырлап жатыр.

– Намаз мезгілі!.. — деген Сырттан үні естіледі. Халық Сырттанға еріп намаз оқиды.

...Екі жігіті бар Мес Абай ауылына шауып барады.

...Ерден ауылына Ажарға бола тағы бір үшеу жөнөп барады.

...Мес жігіттерімен жортып келеді.

...Ерден ауылы. Ажар ат үстінде. Жігіттер қоршап ап өкеткелі тұр.

Ажар Мағышпен және басқа әйелдермен қоштасады.

А ж а р (*Мағышқа*). Қош, қуанышым, қалқам! Өмірің бақыт, махаббатың шаттық болсын. Кітабыңа рақмет, Мағыш. Маған ол ылғи Айдарды айтып жатқандай болды.

М а ғ ы ш. Біз де артыңнан жетеміз. Алыстан болса да билігін естиміз.

...Абай ауылында, Айдар үйінің жанында Еркежан, Долгополов, Зейнеп, әйелдер, балалар тұр.

Мес пен жігіттер Айдарды үйден асықтырып ертіп шығады.

А й д а р. Қош, Еркежан апа! Қош, Зейнеп апатай!

З е й н е п. Қош, қозым... Есінде тұт, Айдар, түн артынан күн де туатын... (*Еркежан жылайды.*)

Д о л г о п о л о в. Тез көрісейік, аман көрісейік, соған сендім.

Айдар атқа мінген. Жүрмекке бәрі әзір тұр. Осы кезде оқыстан иттер шулайды, қоңырау үні келеді, балалар айғайы шығады. Балалар Еркежанға жүгіріп кеп айғайлап:

– Үлкен ұлың келеді. Қоңыраулатып келеді.

Ауылға үш ат жеккен қоңыраулатқан күйме келеді. Аттар тоқтап болмастан күйме ішінен жас офицер түсіп, үй жанындағыларға қарай асыға басады.

Е р к е ж а н. Әбіш! Әбіш! Жаным! Қайдан кеп қалдың, сәулем-ау! (*Сүйеді.*)

Ә б і ш. Петербордан! Асығып сағынғанымды айтсаңызшы.

А й д а р (*қуанып айғайлап*). Әбіш!

М е с (*Айдарға*). Қой, қой... бол, Айдар. (*Әбіш Айдарға ұмтылып.*)

Ә б і ш. Айдар, бұ не?

А й д а р. Аманбысың, Әбіш!

Аттар қозғала береді. Айдар Әбішке айғайлап:

– Әлде көрген-баққан осы-ақ болар!

Әбіш Долгополовқа ұмтылып:

– Не болған, Федор Иванович!

Д о л г о п о л о в (*трубкасын бұрқылдатып*). Орта ғасыр мінезі, қаз-қалпында, Әбдірахман Ибрагимович. Жолдан азған!

Ә б і ш. Кісі өлтірген бе?

Д о л г о п о л о в. Жоқ.

Ә б і ш. Асық болған ба?

Д о л г о п о л о в. Дәл сол!

Ә б і ш. Осымедің, алыс сахарам! Әлі де баяғың ба?

(*Әбіш күймеге ұмтылады. Ішінен жүк атаулы түсірілген. Пәуеске бос.*)

Е р к е ж а н. Қайда барасың, Әбіш-ау?

Ә б і ш (*Еркежанға*). Әкем сонда ма? (*Көшірге.*) Айда! (*Долгополовқа.*) Сізге анда хаттар, газеттер бар, Федор Иванович! Дәл бір сандық.

(*Күйме Айдар соңынан шапқылай жөнеледі.*)

Е р к е ж а н (*жылаған бойында Әбіштің нәрселерін көтеріп жатып*). Жаным, Әбішім!

...Халық тік тұрып кесікті тосады. Жым-жырт тыныштықта жалғыз Сырттан сөйлейді. Тыңдап тұрғандар Абай, Ерден, Шәріп, Әзімхан, Көкбай, Қарлығаш, Баймағамбет, Дәулет, Ораз және барлық Борсақ телміре қарап тұр. Әбіш Айдар қасында.

Бір шетте Ажар, оның сыртында алысырақта Мағыш пен басқа қыздар.

С ы р т т а н. Айыпты ма Айдар, Ажар? Мәлім. Айыпты. (*Жым-жырт. Халық күрсініп тыңдағандай*). Бірақ сақал-шашым ағы мынау. Төрімнен көрім жақын шағым анау. Сол көріме бүгінгі тірінің, ертең туар ұрпақтың қарғысын қайтіп ала кірейін! Абайдікі жөн! Заман бір орнында тұрмайды. Заңды аттағандары рас олардың, бірақ тірі болсын! Егер тірлік көп болса, жаратқан өзі білсін. Мен болсам, сақалымды адам қанына бояп бармаймын тәңір алдына. (*Халықтан қуаныш айғайы шығады.*) Абай – Айдар үшін жауапкер-ді. Жесірі үшін Нарымбетке қырық түйе төлесін. Ата-баба жолын бұзғаны үшін Ерденге он түйе тартсын. (*Ел қуанышы*

бұның соңғы сөздерін бөліп кетеді. Халық мәз. Қарлығаш қуанғаннан есі шығып, Көкбайды сүйіп алады. Әбіш Айдарды құшақтайды. Қыздар жүгіріп, Ажарға ұмтылады. Сырттан тағы сөйлеп тұр.)

— Ал, Ерденнің қыстауы мен қонысын айтсақ... *(Халық қалт тыңдай қалады.)* Сырттан болар-болмас жымыып:

— Бір тойда екі жар болмайды, бір жүгініске екі дау болмайды. Жаңа жұмысқа — жаңа жүгініс, жаңа билік болсын. Ал, мына билік бітті!

— Сөзің мақұл, ақсақал — деп Абай айғайлап күліп:

— Ол билік болады әлі, Ерден! *(Халық дабыры. Сырттанға құрмет етісіп ішігін кигізеді. Шәріп пен бір топ адам ұзатып бара жатады.)*

Әзімхан Шәріпке жанаса келіп:

— *(ақырын).* Ерден бекер ашуланды. Ал сенің бастауың жаңсақ еді, бірақ кейін, тіпті, жүгенсіз кеттің. Абай аты шықса әлі де тақатың қалмайды.

Ш ө р і п. Доғар. Жөнел! Аулақ бол менен!

Ә з і м х а н. Дау әлі біткен жоқ. Есіттің ғой? *(Кетеді. Абайды Айдардың туыстары қоршап алған.)*

А б а й. Айдар тойында біз тағы ұшырасамыз, ағайын! — дейді.

Дәулет көзінің жасын сүртіп:

— Жолың болсын. Айтқаның рас-ау, бәрі рас, қарағым Абай.

Атқа мініп жігіттерімен кетіп бара жатқан Сырттанға Әбіш бинокльмен қарап тұр.

Ә б і ш. Жақсы! Әлі жақсы. Қаз-қалпы. Бала күнімде білгенімнен бір өзгермеген. *(Бинокльмен әкесін іздейді.)*

А й д а р. Бере тұршы, Әбіш. Мен де біреуді көрейін де. *(Айдар бинокльмен қарап Ажарды көреді. Буыны құрып әлсіреген Ажар жерге отырады. Жанында Мағыш пен қыздар.)*

Әбішке бинокльді беріп, Айдар солай жөнеледі. Әбіш әкесін көреді, ол дөң басына жаңа шыққан. Әбіш асыға басады. Абай да көрді. Қатты қуанып, қарсы жүреді.

А б а й. Ия, құдай, бере гөр! Шаттық бүгін шағаладай тобымен ұшып келгендей ме? Жеттің бе, жаным Әбіш!

Жүдеумісің қалай, әлде бойың өскен бе? Қашан жеттің?
(Құшақтасады.) Жақсы күнде келдің ғой, балам, ұмытпасын
бү күнді. Айдар туралы жаңылмасам, ел де ұмытпас бү
күнді. Айтпақшы ол қайда, ә? Неғып көрінбей жатыр? Әлде
босатпай жатыр ма?

Ә б і ш *(күліп)*. Ол ана жақта ғашығының жанында.

А б а й. Дүрбіңе қарап, маған адамдағы бақыт жүзі
қандай болатынын айтып берші.

Ә б і ш *(күліп, бинокльге қарап)*. Әйел жылап отыр, аға,
ал жігітіңізде дәрмен жоқ, күр сүлдер тұр.

А б а й. Әрбір мұнда қуаныш елесі бар, әрбір қуанышта
мұң елесі бар болғаны ғой. О не, Әбіш? Нені көрдің тегі?

Ә б і ш *(сұрланып)*. Жәй ғой, аға!

А б а й. Жо-оқ, сен Мәриямды көрдің ғой? *(Мәриям
қысылып сұрланған жүзбен, қыбыр ете алмай Әбішке қадала
қарап қалыпты. Қасында Ажар.)*

Жерден зорға тұрып жатып Ажар Айдарға:

– Қуанғаннан сүлдерім қалмапты, Айдар! *(Туыстары
Айдарды құшақтайды.)*

Д ө у л е т. Қуанышың қуанышқа ұлассын, жалғызым.
(Ораз оқыс күліп жібереді. Дәулет жалт қарап.)

– О не, Ораз?

О р а з *(қысылып)*. Ерденді айтам-ау бағанағы. *(Жұрт
тегіс күледі.)*

О р а з *(ақырын)*. Билік әлі болады деді ғой Абай.

Ажар Айдарға сүйеніп, Абай тұрған төбеге қарай басады. Мәриям бірге
козғала бергенде, Нарымбет кеп қолынан ұстайды.

Н а р ы м б е т. Қайда барасың, Мағыш? Бізді жер қып
отырған жауға барамысың?

М а ғ ы ш *(ақырын)*. Мен үш жыл тоспап па едім Әбішті,
Нарымбет аға! Үш жыл... Шынымен-ақ өтті сол жылдар.

А б а й *(алыстан Нарымбетке дауыстан)*. Нарымбет,
неге жібермейсің? Татуластық, табыстық қой. Әбіш те
келді ғой!

Н а р ы м б е т. Әбдірахманың кеткелі үш жыл болған. Кім
боп келді ол әпесер... орысың. Қайдан білем, кім деп білем!
(Мағышқа.) Алып қойған орыс қатыны жоғын кім біліпті.
Шоқынып жүр ме әлде? *(Мәриям жүлқынып кетіп қалады.)*

А й д а р (*Абайға жақындап*). Айыбымды кеше гөр,
Абай аға... Сөйлер дәрменім де жоқ.

А б а й (*кұшақтан*). Бәлі, өзін ақын дейді. Ал үндемей-
ақ қой, сорқайнаған. Қайғыда жылап, қуанышта жылай ма
екен. Осы көз жасы сенен-ау, Ажар. (*Абай тұрған төбені
қоршаған жұрт көбейе береді. Әбішке қарап анталасады.
Амандасып жатыр.*)

Қ а р л ы ғ а ш (*бір шетте*). Әбіш, Әбіш! Ойбай-
ай, күндей жарқырайды, Мәриям! Көрші, әнеки қалай
жарқырайды. Жұлдыздай. Көкбай деймін, оңбай кетейін,
жандарал болған болар.

Ә б і ш. Есенсіз бе, Мәриям! (*Сырт сыпайы, салқын
ғана амандасты*).

М ө р и я м (*таңырқай түсіп, бойын тежеп*). Есенсіз
бе, Әбіш!

Ә з і м х а н. Ә, жеттің бе, Әбіш, жыл құсындай, жеріңе!
Жүдепсің ғой! Бірақ ендігі қымыз, қымыз, қымыз ғой.

А й д а р (*тақап келген Шәріпке*). Шәріп, қарыздармын.
Мен сені қорғай алармедім бүйтіп!

К ө к б а й (*Шәріпке қиғаш қарап*). Бірақ сенің сөзіңді
сенің жүрегің айтқызар еді ғой, Айдар. (*Шәріп Көкбайдың
қабағын бағып, Абай қасына жетіп келеді.*)

Ш ә р і п. Мен өз қатемді өзіме кешпеймін, Абай.

А б а й. Сені мен кінәламаймын, Шәріп. Жорықтың
бәрі жолды бола ма? Тек кейігенім: жаңағы көрі суайт
Ерденнің сенімі мен жалыны сенен артық болғаннес! Сенім
мен жалын жоқта жырды қалай жазбақсың. Ойласаң соны
ойласаңшы!

Ә б і ш (*қалжыңдап, көңілденіп*). Мәрхабат етіңіз. Менің
күйем сіздерге өзір. (*Барлығы Әбіш күймесіне қарай жүреді.
Мағыш бөгеле береді. Қасына Әзімхан келеді.*)

Ә з і м х а н. Қайғырмаңыз, Мағыш, бүгін елемесе,
өлде ертең ескерер.

Қарлығаш қайта оралып кеп Мағышты қолынан алып:

– Неге қалдың, Мағыш? Әй, жуассың-ай! Эттең, бәлем
маған осындай күйеу тап болса ма?..

М а ғ ы ш (*жылап*). Күйеу ме!..

Қ а р л ы ғ а ш. Жылама! Ешқайда жібермеймін. Оңбай
кетейін, екі тойды бір-ақ тойлаймыз.

...Әдемі жазықта күйме ағызып келеді. Ішінде күйеу, қалыңдық, Абай
мен Мағыш. Әбіш, Шәріп тағы басқалары салт атта, күйемен ілесе
жарысып келеді. Бұл топ көз ұшымға ұзап кетеді.

Майдантөбе елсіз. Халық тараған. Кеңгірбай моласының үстінен
бұлттар қалқиды. Мола басында Ерден, Нарымбет, Әзімхан, Төкежан,
Мес.

Е р д е н (*долданған*). Тобықтының ақсақалы болғанша,
қас дұспаным құлы болсайшы.

Н а р ы м б е т. Не қыл дейсіз, қария!

Е р д е н. Не қалды... не қалды енді? Шөк-шөкпен келіп
ең, көерінді көрдің бе? Асқақтатып болдың ба? Оқшау
жауым өзге емес, жалғыз-ақ жау, ол — Абай. Әлде, әлі де
төбеңе ойнатамысың, Нарымбет.

Н а р ы м б е т (*үні қырылдан*). Қор етті ғой... Өлі
әруағын қор етті ғой інімнің. Тек бір ғана тұсауым бар...
Мағыш... оның баласының қалыңдығы еді.

Ә з і м х а н. Әбдірахман оны ала алмайды, Нарымбет.
Ол Петерборда қатын алған. Күмәнім жоқ осыған...

Н а р ы м б е т (*түнеріп*). Қарғыс атсын ендеше.

Е р д е н. Сен қарғыс дедің бе? Сен ше, Төкежан!
Кіммен боласың, айт мынау әруақ алдында. Тіріге тыным
бермеді, өліні екі өлтірді олар. Туар ұрпақ тозып тусын
деп отыр. Атадан азып тумасаң, атың адал емес деп отыр.
Әкетпеді ме, міні, енді, аң етіп. Тобырдың бәрін жинап
тіс-тырнақты аң етіп, талатам, тонатам деп отырған жоқ па
сені мен мені. Еңкейсең Ертіс, шалқайсаң Шыңғыстан бар
күрдымды баурына тартып отырған жоқ па? Табанымның
астынан от шығарып, жандырып отырған жоқ па.
Көрмегім осы, тоспағым осы ма? Тағы билік пе? Оның
тілі суырылғанша билікте біз жеңбек жоқ. Ендеше, билікті
өз ісіме өзім айтам. Ендігі кезек менікі. Өңшең күрдым
аш тобыңа өз қаныңды өз көзіңе көрсетермін. Абай ма?
Қарғыс атсын оны!

Т ө к е ж а н. Кек, қарғыс атсын. Туысым, қаным
демейім, дінім дейім. Біргемін сенімен.

Е р д е н. Қарғыс... Қарғыс атсын ажал боп!

Ә з і м х а н. Қарғыс шындап атса, өлім болар... бірақ
оған да қимыл керек... Қимыл ететін кісі Абайдың дәл
жанында тұр.

Т ө к е ж а н. Шәріп пе?

Е р д е н. Жым бол! Жолға жат болса су да ішпе — жол
бұйырса қан да төк. Қарғыс... қарғыс босын!

Кеңгірбай қабірінен тас алып, бәрі де төбелеріне қойып,
ант етіп, моланы айналады, айтқандары:

– Қарғыс! Қарғыс!

* * *

Әдемі бір бөктерде, майысқан шалғын ішін аралап Абай мен балалары,
шәкірттері жүріп келеді. Кейбіреуінің қолында қаршығалар, қастарында
тазылар сылаңдап жүр. Абай жанында қазақша киініп алған Әбіш келе
жатыр. Бір жағында Баймағамбет. Оған жалғас Айдар, Шәріп, Мағауия,
аңшылар. Абай жүзінде шаттық бар. Баласына аң қызығын көрсетпек.

А б а й. Туған сахараңа ырзамысың, Әбішім!

Ә б і ш. Ырзамын, аға... Дүние бір жарастық әнін салып
тұрғандай.

А б а й. Ол сенің туған бесігің мен өз жүрегің
жарасқанның белгісі ғой.

Б а й м а ғ а м б е т. Сағынысқан достар болғаны ғой.

А б а й. Ендеше, сол жарастық та, сол сағынысу да
Айдар әні боп оралып тұрған жоқ па?

Ә б і ш. Олай болса, айтса нетті Айдар. Кедергі Ерден
өтті ғой.

М а ғ а у и я. “Еңлік — Кебек” ең соңы осылай бір
жарасып тыну керек-ау, Айдар!

Айдар шырқап кетеді:

Тыныштықта мезгіл бедеу, жыр тумайды,

Сәттер бар қасіреттен ой тулайды.

Толқыған теңіз атқан меруерттей,

Сол шақта найзағайдай сөз зулайды.

Ажалдың аш шеңгелін көріп келгем,

Қапада өткен зар мен қайғы тергем.

Ескінің айыбын аш, мінін қаз деп,

Билікте Абай ағам нұсқа берген.

Уа-а!..

Мен көрдім кешегі өткен ел күйігін,

Көп кездім сырын тыңдап бел биігін.

Зар шегіп, батар күнмен бірге батқан,
Аямас – жас ұланды ел биі кім?

Мен көрдім қан жылаған екі жасты,
Мұңдары күңіретіп тұр тау мен тасты.
Айқасқан құшағынан қарғыс ұқтым,
Өз зарым, сонау зармен араласты.

Мен көрдім қатал күннің Қабан биін,
Аштым мен ауыр сырды, сақта, жиын.
Жырға — жан, өзіме өріс берген Абай,
Алдында ардақты аға түсер күйім.

Жоймақ боп жырдың көзін Ерден келген,
Жыр емес, шошынғаны қатал селден.
Айт, ақын, қорлық пенен зорлықты айт деп,
Ақынға әмір келді ашулы елден...

Ә б і ш. Тамаша!

М а ғ а у и я. Жырының шабысы қалай жатық еді.

Ш ә р і п. Жеңіскіш ел жетпей мақтайды, желөкпелер
шын деп ойлайды. Осылай демеп пе едіңіз, Абай аға?

А б а й. Солай шығар, Шәріп. Бірақ достық кінәсі ме
еді? Өнер жарысында бәсекелессен де әділ бол. Бәсеке неге
озасың деп құйысқаннан алу болмасын. Неге қаламын деп
өз өнеріңді қамшылауың болсын. Болашақтың көмбесіне
қарай ақындар шабысы сол емеспеді. Ол құзғындар таласы
емес қой, жемтікке бұрын жетсем дейтін.

Осы кезде дабылдар қағылады. Жіңішке өзен бойынан шошып ұшқан
қаз, үйрек аспандай жөнеледі. Бірнеше қаршыға қатар ұмтылады. Абай
қатты қызығып шаба жөнеледі. Өзгелер де шабады. Айдардың тізгінін
Шәріп ұстап қалған.

А й д а р. Сен наразымысың маған?

Ш ә р і п. Мен сені айыптаймын.

А й д а р. Шәріп!

Ш ә р і п. Сенің жырың — әруаққа атқан оқ қой. Халық
қарғысы тимесін, байқа, шырақ!

А й д а р. Кеше мені қорғап, бүгін жиреніпсің. Өлде...
кеше де...

Ш ә р і п. Жаппа жалаңды.

А й д а р. Қызғанамысың, Шәріп?

Ш ә р і п. Қызғанса жақсыны қызғанады, ал сенің ісің жауыздық!.. Құртпағың Абай ма? Сұм жетекшіге бастатқан данышпан соқыр болыпты ол. Сен жарға жыққалы апарасың.

А й д а р. Шәріп, Шәріп! Ендеше, сен кеше...

Ш ә р і п. Қарғыс атсын! Қарғыс! *(Долданған Шәріп атын бір салып, ауылға қарай бұрыла жөнеледі...)*

...Ауыл тойға әзірленуде. Кең сарайдай бір үйді көл жағасына тігісіп жатыр. Көп күмбезді бір орда қып, алты үйді бір қосып тігеді.

Басқарып тіктіріп жүрген Көкбай мен Мүрсейіт молда.

Айналада балалар жүйткіп жүр. Кейбіреулері құлпыра киінген.

Мінгесіп, ұштасқан Борсақтар кеп жатыр. Еркек, әйел, бала-шаға шұбарланған топ болып дабырласып жүр. Қыздар Еркежан үйінде.

Өндері естіледі. Ажар киетін киімдер әзірленеді.

Долгополовтың үйінің жанында өз тірлігі. Ақ алжапқыш киген Долгополов ауруларды қарайды. Келгеннің көбі балалар. Өкелген шешелерімен балалар да алыстан келгендер, қорғаншақтау. Шөгерілген түйелерден әйелдер түсіп жатыр.

Бір кебежеге түскен бір топ баланы Дәулет түсірді.

Долгополов жанына кербез киінген асқақ түсті Әзімхан келеді.

Алысырақта полицияның көк арбасы тұр. Қасында урядник, стражниктер.

Д о л г о п о л о в *(бір баланы қарап жатып Әзімханға)*.
Көрінген сайын бір құбыласың-ау. Ушитілдікті қойғансың ба, Оспанов?

Ә з і м х а н. Мен жандарал кеңсесінде істеймін.

Д о л г о п о л о в. Университетте оқыған студентке табылған-ақ мансап екен.

Ә з і м х а н. Кімнің не тапқанын теріп қайтеміз.

Д о л г о п о л о в. О да рас. Сүйтіп маған кет дейсіз ғой. Несі бар, өзім де сізден соны күткем.

Ә з і м х а н. Тез жөнеліңіз. Губернатор бұйрығы солай. Ел адамдары наразы. Его превосходительство соларды қостаған.

Д о л г о п о л о в. Оспанов, тек тез жөнелетін мен емеспін. Жүрсем, той өтсін.

Ә з і м х а н. Жо... Его превосходительство...

Д о л г о п о л о в. Бәсе, его превосходительствотоңыз өзіңізге...

Әзімхан. Менің пұрсатым жоқ.

Долгополов. Айып етпеңіз, Оспанов мырза. Сіздің дәрежеңіздегі адаммен тәтті сөзге мен шорқақпын. Жауабым жақпаса мейліңіз білсін, ал, әзірше, сізден өтінетінім мына жұмысымнан қалдырмаңыз. Әлде, сіз де сырқат па едіңіз? Ол күнді тоса тұрасыз. Бірақ менің төрелер дертін емдемейтінім бар. *(Кішкене балаға.)* Тілінді шығар! *(Кішкене бала тілін көрсетеді, бірақ өзі ашушаң докторға таңдана, сескене қарайды. Бұлардың жанынан Шәріп өтіп барады. Аңнан қайтқан.)*

Долгополов соны көріп:

– Мынау адамды менен аулақ әкетіңізші, Шәріп.

Әзімхан *(ашуланып)*. Бұ не сандырақ! Тартарсыз сазайын бұл қылжақтың...

Долгополов. Шәріп, әкетіңіз, болмаса менің жауабым осы екеуміздің бірімізге сор болар.

Әзімхан. Сіздің сорыңыз онсыз да жақын. Ертең-ақ сүйретіп әкетең.

Осы кезде үй ішінен бір нәрсе шыжылдай бастайды. Әзімхан сезіктене тыңдайды. Жаңағы дыбыс молайып барып тарс беріп атылады. Үйден қызғылт қою түгін шығады.

Әзімхан атқып кетеді. Балалар тұра қашады. Түгін айыққанда үйден Баймағамбет шығып қарап тұр, бет-аузы күйе болған. Жөткіріп, түкірініп жатыр.

Долгополов. О не, Бәке?

Баймағамбет *(түкірініп)*. Ертеңгі ойынын байқайын деп ем. Дәрісін азырақ, көбірек салдым білем.

Долгополов. Шошымаңыз, Оспанов, кісі өлтіретін мәшина емес... Жәй фейерверк. *(Дәулет, Ораздар Баймағамбетті қолтықтамақ болады.)*

Баймағамбет шеттей беріп:

– Қой, тұра тұр. Өзім қап-қара албастыдай болармын.

Дәулет *(күліп)*. Албасты сендей болса бәрінен айналармыз-ау, Бәке... *(...Көкбайдың жанынан Қарлығаш өтіп барады.)*

Көкбай тоқтатып:

– Қарлығаш, қалам қасым... Тыңдаймысың, ән қандай! Сенің тойыңда айтар күн қашан?

Қарлығаш. Сенің демің жалын болған шағында. *(От жанып жатқан жер ошақты көрсетеді.)*

К ө к б а й.

Пәруанамын, түнде ұшамын,

Шам-шырағым саған қарай.

Ынтығымнан зәр құсамын,

Өртенемін соған орай...

Қ а р л ы ғ а ш. Уа, сорлы Көкбай-ау, осыдан өзге білгенің бар ма? Оңбай кетейін, жүз есітім ғой осыны. Іске жалқау, қызға жалтаң. “Абылайынды” жазсаңшы одан да... Толмай соласың ғой, бейшара-ау...

Еркежан үйіне қарай қаша жөнеледі. Ол үйде Ажарды киіндіріп жатыр.

Сандықтар ашылған. Оқалы, мақпал, жібек киімдер әзірленген. Мағыш

бастаған бір топ қыз жайғастырып жүр.

Зейнеп пен Еркежан Ажарды безендіреді. Екеуінің қолы араласқан соң

Ажар тотыдай түрленіп, нұрланып барады.

Еркежан Ажарға әдемі қырлы сауыт береді.

Е р к е ж а н. Ұзатыларымда әжем берген мұрасы еді. Қытай дәрісі. Қартайтпайды деп еді.

Қарлығаш өз сыйын ашып жатып:

– Мынаны Әбіш әкеп беріп еді. Иісін көрші? Аты — “Ландыш”.

Еркежан мен қыздар Ажарға қызыға қарасады.

Зейнеп төрге отырып, домбырасын күйлеп ап:

– Мен сендерге қыз жәйінен жаңа бір ән айтайын.

Жіп-жіңішке, сұңғақ бойлы, бота көз бір қыз:

– О қандай ән? – дейді.

З е й н е п. Кеше маған Абай ағаң үйретті. Өзін жазған орыс ақыны Пошкин дейді.

Қ а р л ы ғ а ш (*күліп*). Пушкин.

З е й н е п (*қатаң*). Е, айттым ғой Пошкин. Аударған Абай. (*Домбыраны қағып қосылып кетеді*).

Амал жоқ, қайттім білдірмей,

Япырм-ау, қайтіп айтамын...

Татьяна хатының мәлім толқыны ырғалып барады. Ажар мен басқа

қыздар, Мағыш та телміре тыңдап қалған.

...Сопының үйіндей, қоңыр салқын Шәріптің үйі қазір ала көлеңке.

Шымылдық, жейнамаз, орамалдарға аяттан кестелер шегілген. Аласа

үстелде құран жатыр. Әр нәрсе өз орнында тиянақтай. Үйде Шәріп пен

Әзімхан.

Ә з і м х а н. Сен мені жат көрсен де, жақсы хабар өкелдім. Өлеңдеріңді Қазан басатын бопты. Хабары мынау, ырзамысың. Ислам ғаламының үміті сен. Абай жолы әрі қисық, әрі қысқа жол. Тура жолда өзіңсің. Тағдыр жазса дін ислам жұлдызы боласың. *(Хат береді. Шәріп оқиды.)*

Ш ә р і п. Зор рақмет, мезгілімен әкепсің. Абай болса, айтқанымды түсінгісі келмейді.

Ә з і м х а н. Солай, Шәріп. Анау әңгіме есінде ме?

Ш ә р і п. Есімде.

Ә з і м х а н. Елің көшін өзің баста!

Ш ә р і п. Сендер менен не тілейсің! Айтшы.

Ә з і м х а н. Түк тілемейміз. *(Мундирінің қалтасынан кішкентай сауыт алады.)*

– Бү не? – дейді Шәріп.

Ә з і м х а н. Сенің құлағың ауру ғой, дертіне шифа болсын. Тамаша дәрі. Бір тамшы кем болса — ем, бір тамшы артық болса — у. Жанда жүргені тіпті жақсы. *(Сауытты Шәріптің алдына қояды.)*

Ш ә р і п. Маған Абайды өлтіртпекпісің? *(Екі көзін қан басады. Өңі сұп-сұр. Әзімханды тарпа бас салып буындырады.)*

Әзімхан бұлқынып зорға босап шығып, жағасын түзеп жатып:

– Жынды ғой өзі... – деп міңгірлеп отыр.

Ш ә р і п *(тістіне сөйлен)*. Абайдың бір тал шашынан садаға кетіндер. Оның Тобықты ақыны емес, бүкіл ел сәулесі екенін қалай ұқпайсың осы.

Ә з і м х а н. Елге у таратқан сәуле десеңші.

Ш ә р і п. Мен бетін ондаймын да, екеуміздің отымыз бір жанатын болады. Тек менен қашықтататындарды әкету керек маңынан. Алдымен анау орыс кетсін.

Ә з і м х а н. Ол жоқ болады, Шәріп. *(Жым-жырт. Шәріп сауытқа қиғаштай қарап, қолына алады.)*

Ш ә р і п. Ауруға ем дедің ғой? Ендеше, дәріңе рақмет.

Ә з і м х а н. Не қылмақсың, Шәріп?

Ш ә р і п. Ертең тойда, құлағым ауырса қайтем. Айдар қуанғанда жабырқау жөн бе?

...Еркежан үйінде әйел атаулы Татьянаның жүрек шерін ұйып тындап отыр. Зейнеп шырқап:

Шеш көңлімнің жұмбағын,
Әлде бөрі алданыш.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс...

Мағыш Қарлығашқа сүйсіне түседі, көзінде жас.

Қ а р л ы ғ а ш (*сыбырлап, жасын іркін*). Неге жылайсың,
Мағыш?

М а ғ ы ш. Қарлығаш-ау, Әбішке дәл менің айтар
мұным ғой мынау!.. Ол мені сүймейді. Әлі оң шырайын
бір көргем жоқ. Ажар тойынан соң, біржолата кетем
ауылға.

Қ а р л ы ғ а ш. Түк те кетпейсің, шырақайым. Өзің
бір тал шашын ғана әперші Әбіштің. Осында бір бақсы
бар, бас айналдырады. (*Бақсының қияпатына салады.*) Тұра
тұр, Әбіштіңді ме? Тұлыпқа мөңіреген сиырдай қып берем.
(*Зейнеп әні біткен. Үй іші жым-жырт.*)

Бота көз қыз жаны қалмай тыңдап болып:

– Бұл әнді біздің ел білмеуші еді, Зейнеп апа. Енді бар
қыз айтар.

З е й н е п. Алғысың Абайға болсын. Бұл Пошкин қазақ
қызының жүрегін білген-ақ. (*Ән жұртты жадыратқандай.*
Ажар киініп болған. Қалыңдық сондай көрікті.)

Е р к е ж а н (*Ажарға*). Айдар болсам, өзім де алып
қашар ем тіпті.

...Айдар ойда. Жалғыз келеді. Қаршығасын құсқа да салмаған.

Бірақ өзге аңшыларда тыным жоқ. Қаршығалар қырып жүр. Айнала
шабыс. Қанжығасы құсқа толған Баймағамбет ағызып өтеді.

Әбіш, Абай да шауып жүр. Абай Айдар қасына аз тоқтап:

– (*Әбішті нұсқан*). Уа, мынау қала жігіті қалай
жосытады? Жә, сен неғып ілбіп жүрсің, атың мерткікен бе?

А й д а р. Абай аға... Осы Шәріп кім?

А б а й. Мен аңда жүріп қайғы ойлауды сүймеймін.

А й д а р. Шәріпке не болған, Абай аға? Неден күйген,
неге ақырады сол?

А б а й. Ашулы адам көп сөйлесе көбік болғаны... (*Аңшы
жігітке.*) Жібер, сілте қаршығаны!

Жұрт аң қызығында. Әбіш қаршығасы құсқа кетті. Аспанда үйрек іліп,
сөргалап кеп жерге түседі. Әбіш шауып кеп, аттан секіріп түскенде
қатты жөтел қысып, тұрып қалады.
Қасына Абай шауып келген.

А б а й. Бұ не жөтел, Әбіш?

Ә б і ш. Жәй... басылды.

А б а й. Бұ қалай, қарағым?

Ә б і ш. Сахараның әуесі мас еткен ғой әшейін.

Әбіш қасына барып үйректі айырмақшы. Абай болысып жатып:

– Сенің менен іріккенің бар-ау, балам! Жат жерде тығынып қалғанбысың әлде!

Ә б і ш. Ондағы жат емес қой, аға! Бәрі жақын, достар ғой. Қазір Петербургте жарық түн ғой, аға. Оның жәйін білемісің?

А б а й. “Одна заря сменить другую спешит, дав ночи полчаса”, – деп пе еді Пушкин. Бірақ көркі қандай, көргем жоқ. Ұйықтатпайд дейді, рас па?

Ә б і ш. Рас. Мен сол түндерде сейіл құруды сүюші ем, аға!

А б а й. Жүрегіңде сыр бар, Әбішім. Мағышқа неге салқынсың? Ол сені сүйеді. Тосқаны сен емес пе ең? Әлде сенің... Ойыңды айт маған... Әбішім!

Ә б і ш. Жоқ, қазір айтпаймын... Айта алмаймын қазір, қинамаңыз, аға!

* * *

Алты үйден құралған күмбезде Айдар, Ажар тойы. Барлық үй қонаққа толы. Әзімхан, Тәкежан, Мүрсейіттер де бар. Айдардың туыстары – Дәулет, Ораз, бота көз қыз бәрі де мәз, кеуделері көтеріңкі. Ешкімнен қымсынбайды. Тойларын мақтан етіп, өздерін бай, бағланмен тең ұстайды.

Жанып тұрған көп шамдар. Иргелер түрлі. Жұлдыз көрініп, көл суының бетінен оттар сәулесі жарқырайды. Үй ішінде барша мен мақпал, алтын мен күміс көз тартады.

Сүйікті шәкіртіне Абай әсем той жасаған. Жерде дастарқандар. Тегене толы қымыз, табақ толы ыстық ет.

Шілтерлі шымылдықты алдына ұстап келінді әкеле жатыр.

К ө к б а й *(келінмен қатар келін):*

Айт, келін, айт, келін!

Атың басын тарт, келін.
Жұмыртқадан ақ келін,
Сауысқаннан сақ келін,
Ел-жұртыңа жақ, келін.
Алдыңғы түйең итіншек,
Итіншек деп басқа соқпа, келіншек.
Артқы түйең тартыншақ,
Тартыншақ деп артқа соқпа, келіншек.

.....
Өзің жатып күйеуіңді түр-тұрлама, келіншек.

З е й н е п (*қостай жөнеліп*).
Келінді, міне, көріңдер.
Көрімдігін беріңдер.
Несиеге қаратпай,
Атай-атай келіңдер,
Қайын ата, жақсы ата, ол Абайға бір сәлем!
(*Шымылдық ашылып, келін сәлем етеді.*)

Келін Айдар қасына отырған. Бүгін күйеудің киімі де, көркі де өзгеше.

А б а й. Ал, дегендерің болсын. Ақын көрімдігі не болады? Мен саған жарың туралы жыр сыйлайын, Ажар...
(*Домбыраға қосылып айтады.*)

Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері,
Көк бұлттан ашылса.
Сонда ақын белін буынып,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Абайдың өлеңі мен домбырасын тыңдап жұрт отыр. Ықыласпен кадалып, Шәріп те тыңдайды. Қолында белгілі сауыт көрінеді. Қымыз құйған тостаған үстінде Шәріптің қолы. Әзімхан көзі Шәріпте. Абай айтып отыр:

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.

Не жазып кетсе жәйі сол,
Жек көрсендер, өзің біл!..

А ж а р (*ақырын*). Рақмет, Абай аға. (*Айдарға.*) Бірақ бояушы бояушы дегенге сақалын бояйтын болмас. Мақтауға аспас Айдар, солай ма?

А й д а р. Ажар, Абай ағам артық сый беріп отыр ғой мынау той болған соң. Болмаса мен татымаймын ғой айтқанына.

А б а й. Жә, сен не сыйлайсың, Шәріп? Әлде, бар әлемге ашулымысың әлі күн?

Ш ә р і п. Жоқ, Абай аға, мен ашуда адасқан екем.

А б а й. Ер шекіссе бекіседі.

А й д а р. Мен де қиналып ем, Шәріп. Қалсын мүлдем.

Ш ә р і п (*тостаған ұсынып*). Жамандық бұрын болса, енді жаман айтпай жақсы жоқ деген. Қуанышың қайырлы болсын. Іш!

А ж а р. Рақмет, Шәріп аға. Баянды бақ жаңа тапқандай болдым ғой. (*Шәріп пен Айдар үшін болады.*)

Сол сәтте тарсыл-гүрсіл фейерверк атылады. Үй іші жап-жарық боп кетеді. Керегеден әсем оттар көрінеді. Долгополов пен Баймағамбеттің фейерверк тамашасы сансыз көп көркем сәнді жарық боп жүз құбылады. Суылдап ыскырып, ағындап аспанға шапшып, көлге сәуле төгіп жайнап тұр. Баймағамбет отты жағады. Мағауия от дөңгелекті жүргізеді. Долгополов трубкесін түтетіп, өзіне “пиротехник” шәкірттерінің ісін басқарады. Әредік, мазасыз урядникпен тілдесе тұрады.

У р я д н и к (*Долгополовқа*). Ваше высочорodie, әні бенгальский от та жанды. Жүрейік те.

Д о л г о п о л о в. Сабыр етіңіз.

У р я д н и к. Губернатор бұйрығы, түнге қарамастан, бөгелместен жүргізу емес пе? Ал мұнда таң да атар.

Д о л г о п о л о в. Сабыр етіңіз, ваше благородие. Сабыр – ердің сымбаты.

У р я д н и к. Япыр-ай, сізбен қанша жүрсем, сонша өуре ғой. Жалғыз сізді жеткізуден дәл бір рота арестантты этаппен жөнелту оңай ғой. Тым құрса бір жол шатақсыз болсын да.

Д о л г о п о л о в (*қамқор пішінмен*). Аттарың оттады ма?

У р я д н и к. Аттарды қойшы... тоқ қой.
Д о л г о п о л о в. Бүгін тегіс солай. Күн сондай.
Шатағым жоқ. Қоштасам де жүремін. *(Баймағамбетке.)*
Ал, Бәке, аман бол!

Сахара аспанында тағы бір топ ракета ытқиды. Су жағасында, үй жанында көп жан қарап тұр. Абайға жақын жерде Айдар, Ажар, Дәулет, Ораз ентелей қарайды.

Б о т а к ө з қ ы з *(достарына)*. Түсте көргендей.
Жұлдыз аспанда болушы еді, жерге түскен бе дерсің.

Ә з і м х а н. Бұндайды мен бұрын Қазанда көріп ем.
Бірақ ол сонау құрым биік ұшушы еді.

Қ а р л ы ғ а ш. Бұдан артық қайт дейсіз. Оңбай кетейін,
ұрмағың да осыдан артық болмас. *(Кетеді.)*

Ә з і м х а н. Сіз ылғи былай қарайсыз. Ол болса...

М а ғ ы ш. Ту-у... қалай атады!

Екінші жерде...

Е р к е ж а н. Ту-у... Петербордағы зеңбірегің де осылай
ата ма, қалқам-ау!

Ә б і ш. Осы тәрізді ғой...

Е р к е ж а н. Міні, бүгін Айдар тойы. Сенікі қашан
болады, Әбішім?..

Ә б і ш *(жымып)*. Әйел болса құдағи болғысы келеді-
ау. Мен Мағышты алмаймын, апа! *(Еркежан шошығандай.)*

Долгополов Абай тобында. Таң сызып келеді.
Көл бетінде мұнар бар. Долгополов достарымен қоштаса бастайды.

Д о л г о п о л о в. Менің қоштасқан отым осы
болды. Бақытты жастар құрметі. Жүремін. Тағы да Семей,
жандаралмен жанжалдасу. Содан ары ма... Кім біледі,
әлде Ресей жолының қарала тақтайын санап, итжеккенге
кетемін бе. Көрісеміз бе, жоқ па? Әбіш әкелген хаттар
ішінде менің әйелім хаты бар екен. *(Қалтасын қарап
хатты алады.)*

Д о л г о п о л о в. Сол, былай жазыпты: сенің
тамаша достарыңа сәлем айт, ғажайып республиканың

азаматтарына, шошымаңыз, Оспанов мырза, Абай атты республиканың азаматтарына сәлем айт. Ол, сахара теңізіндегі бақыт-қиял аралы екен, – депті. Бар тілегім, сол арал шексіз зор дүниеге айналсын. Әрдайым бір болайық. Әрдайым бір сапта болайық, достарым! Ал, жарқын күнде, ертең туар жарқын күнде көрісейік. Оспанов мырза, тумасаң да мейлің. Жасасын жарық күн, сөнсін қара түн! *(Тағы да ең соңғы рет Долгополовтың әсем оттары атылады.)*

А б а й *(Долгополовты құшақтап)*. Қош, Федор Иванович!

Д о л г о п о л о в. Е-е... Жер шалғайлығы үшін жасып кайтеміз. Алысты жақын етер жүректер барда мұң ба екен? *(Урядникке.)* Ваше благородие, әміріңізге әзірмін. Бастаңыз!

У р я д н и к. Тәңір жарылғасын, айдалған мырза! Рахым етіңіз!

Долгополов арбаға қарай басады. Жұрт ұзатып барады. Айдар бірге барам десе де, орнынан тұра алмайды.

А ж а р *(күліп)*. Масайып қалғанбысың, Айдар!

А й д а р. Оның рас, Ажар! Тұра алмайым.

А ж а р *(сүйін)*. Қуанышым! Түсің қашқаны несі, Айдар!

А й д а р. Басым айналып барады, білмейім.

...Көшір ат айдайды. Арба жөнеле береді. Долгополов достары қарап қалған. Қоңырау шылдырайды...

...Екі айыр жолдың бір тарауына бұл арба түскенде, екінші тарауымен жалғыз атты біреу Абай ауылына шауып келе жатыр.

Қара тер болған атын қамшылай түседі. Жете бере айғайлап:

– Шабуыл! Шабуыл! – деп ауылға ағызып келеді.

Айдар мен Ажар қасынан шапқылап өтеді.

Ш а п қ ы н ш ы. Абай қайда? Абай! Қаптап келеді! Шапқалы келеді! Ерден! Нарымбет!

Ауыл араның ұясындай құжынайды.

Абай басына төнген қауіпті естіп, бар күшін жиып, Айдар орнынан тұрады. Ұмтылып алыспақ, қайрат қылмақ. Бірақ әлі құрып, құлап түседі. Шошынып Ажар келеді. Жұрт қоршайды. Жерге құлағын төсеп жатқан Айдар шапқын дүбірін естиді.

А й д а р. Абай! Абай аға! *(Абай қасында тұр. Қатты шошынған. Сүйікті шәкіртінің үстіне төнеді.)*

А й д а р *(тынысы тарылып)*. Шабуыл... жақын ғой. Сақтандар Абайды.

Ш ә р і п *(жүріп келе жатқан Әзімханға)*. Шабуылы не? Ә з і м х а н. Сен дәріні татымсызға жұмсағаннан.

А б а й *(бірдеңе айтқысы келіп, Абайды жаңа таныған Айдарға)*. Мен қасындамын, қарағым, не айтасың?

А й д а р. Абай аға... Ажар... Дүние неткен тар еді, сыйыспадық қой. *(Жұрттың сыртында тұрған Шәріпті көріп, көзін алмай қарап, барды аңғарып.)* Абай... Абай... *(Сыбырлап.)* Сенбе... сенбе! *(Үні өшеді.)*

...Далада көп аттылар Абай ауылына қарай шауып келеді. Жұрт үнсіз. Жел ысқырады.

...Той болған отауда Айдар өліп жатыр. Басында үнсіз жылап Ажар отыр.

Зейнеп көңіл айту, жоқтау сияқты бір зар айтады. Жұрт тыңдап қалған. Қайғылы Абай сәтте қартайғандай. Жанында Шәріп, Әбіш, Мағауия, Еркежан. Қыздар бір топ... Баймағамбет жылап отыр.

Борсақтың Дәулет бастаған шалдары қаралы.

З е й н е п.

Тоқтамады, тұрмады,
Кетті ортадан асылым.
Көкірек толы қайғыны,
Көтере алмай басылдым.
Тиянағым, тұлпарым,
Енді кімге асықтым.
Ойламадым өзгені,
Бір өзіңе бас ұрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыңда қалып аһ ұрдым...

Қаралы отау жанына жігіттер жиылған. Топ басы – еңгезердей Ораз. Ол ашулы. Барлық жұрт жауды айбармен тосып сазарып тұр.

Зейнептің зарына шапқан ат дүбірі, айғай-сүрен араласады. Жау жеткен. Бірақ Айдар жанындағылар қыбыр етпейді. Тек Абай ғана Нарымбет даусын естіп, орнынан киналып тұрады.

...Абай Нарымбетке бетпе-бет кеп тұр. Көп аттылар Нарымбеттің сыртында кейін тұр...

Н а р ы м б е т. Әруағымды... қорладың! Енді бәрің не тілейсің осы?.. Мазақ па? Қан төк дейсің бе?

А б а й (*ақырын*). Нарымбет... Біздің Айдар өлді ғой.

Н а р ы м б е т (*әуелі сасып қан*). Өлген жан тәңіріне жауап берсін... Сен өзің тірінің жауабын бер. Сырттан бұйырады... Мен бердім. Аз ба еді? Қалыңдық емес, қатын емес, қарындасым қайда? Шығарып бер, аулақ болсын сенің пәлеңнен...

А б а й (*қажыған көңілмен*). Сөзің жөн, Нарымбет. Мен жазықтымын. Мағыш құрметпен, қасиетпен ауылыңа қайтады.

...Көрші үйдің бірінде Әбіш пен Мағыш.

Ә б і ш. Рұқсат, Мағыш. Мені ұмыт. Бар! Тек қарғама мені. Мендей боп саған бақыт тілейтін жан жоқ.

М а ғ ы ш. Бақыт тілеп қуады екенсің ғой!

Ә б і ш. Мен саған бақыт бере алмаймын, Мағыш. Менің өмірім қысқа. Дерт жеген кеудемді. Бар... Сен тірі бол. Арамызда өлім тұр.

М а ғ ы ш (*қуанғандай*). Өлім бе? Тек өлім бе айырап! Әбіш, Әбіш, неге жасырдың? Сүйемісің өзің мені?

Ә б і ш. Жанымнан артық сүйюші ем.

М а ғ ы ш. Сүйіп тұрып жасырдың ба?

Ә б і ш. Айта алмадым. Әкеме, саған жар салам ба? Бар! Кінәлә мені, бірақ бар, Мағыш!

М а ғ ы ш. Жоқ, жоқ! Бірге өлем сенімен. Жаңа ғана қаза болған Айдар әруағымен ант етейін: сүйенішің болам. Сақтаймын сені. Өзім үшін, әкең үшін... елің үшін сақтаймын. Жаным жарым! Ғашық жарым!

...Нарымбеттің алдында Әбіш пен Мағыш тұр.

Ә б і ш. Нарымбет аға, Мағыш ешқайда бармайды. Ол — менің жарым. Барымды ал, айырма бізді.

А б а й (*баласына қаран*). Достығым достық, Нарымбет. Қапа қылып ек, оны кеш! (*Нарымбет дал болады.*)

– Жоқ былай! – деп ақырып жіберіп, топ ішінен тепсініп Ерден шығады. – Жоқ! Қарғыс тиген ауылға бермейміз қызды. Билікте сен адастырып ең Сырттанды. Бірақ әділ билікті құдай айтты. Жолдан азғанды тәңір табад! Өрт салып ең, қарсы өрт салып өшірем. Қан көресің бүгін. Ауылыңа тиген қарғыстан, бар қайыршы, бар азғын, жыладың ба бүгін. Енді жылаумен өлгенің осы қарғыстан.

Біріне бірі қарсы екі топ тұр. Бір жағы атты. Екінші жағы Абай қонақтары – Борсақтар. Абайды Ораз қоршай тұрған. Ерден Абайды көрмей құтыра дауыстап:

– Қайда тығылсаң да құтылмайсың, Абай!

Абай алға шығып:

– Мен мұндамын, сенен тығылушымен?

Екі жақ бір-біріне тап бергендей. Абай ауыр салмақпен “тоқтал” дегендей белгі еткенде, тұрып қалысады. Жұртта үн жоқ. Ерден атты омыраулатпақ еді, еріксіз тоқтап қалады. Үйткені Абай өз тобынан бір кісіні бастырмай жалғыз өзі жауларына қарай басады.

Тәкежан. Барма! Абай! Бір әкенің баласы ек, қой, барма!

Абай. Кешіккенсің, туысқан! Қылыш жүзінде туыс жоқ. Сен бауыр да, дос та емессің, Тәкежан! *(Аттылар қара көпір боп анталасады. Нарымбет Абай жүзінен жуасып, енді қысылып кейін басады. Абай жүріп келеді. Тегіс тынған жұрт жым-жырт. Тек үйден Зейнептің зары ғана келеді. Мес Абайдың тақағанын тосады. Қолында қара шоқпар. Абай аттыларға тақап келеді. Ерден бағып тұр.)*

Абай. Кім айтты Айдар өлді деп? Оның өзі өлсе де, сөзіне өлім жоқ. Қайта тірі өлік етпегі сендерсің түге! Қан төгетін сен ғой, Ерден? Төгерсің сен! Өлім молайған сайын жерің кеңиді ғой сенің. — Ал сендер ше? — деп Ерденді қоршап тұрған аттыларға қарап: — Сендер менен не тілейсің? Мен білем сені, Нарымбет... Сені де білем, Мырзағұл... Сені де білем, Нұрғали. Арқанды ауыр бейнет езіп, көзіңе көк шыбын үймелеп жүрген жоқ па сенің? Аштық, жалаңаштық құрығынан құтылған күнің бар ма еді? Сол сендердің жұлыспағың

Борсақ па? Неге, неліктен? Олардың да дәл өздеріндей алданған, таланған қорлығы үшін бе? Бізді не деп жау санайсың? Халықтың бақытын тілегенімізге ме? Барлық жер-жиһан қазақ атын құрметпен атасын дегеніміз үшін бе? Дүние — үлкен көл, заман — соққан жел, толқын-толқын ел нәсілін алып келеді. Қайда апарады? Ұлы күндерге, бақ күндеріне апарады... Қазағым, жұртым менің! Жалғыз мен емеспін саған үн қатып тұрған. Сол бақытты көкsep мәңгі мұң еткен ата-бабаң үн қатады саған. Не дейді олар...

Е р д е н. Өшір үнін қарғыс боп.

Мес ат үстінен Абайға шоқпарын сілтей береді. Бірақ Нарымбет ұшып келіп, өз бойымен қорғап қалады. Ауыр шоқпар соған тиіп шекпенін жыртып, Абайды да жанай тиеді.

Есі ауып қалған Абай жығылып қалады.

Н а р ы м б е т (*айғайлап*). Уа, тарт! Тарт, тоқтат! Баспаймын бұған. Бар қазақтың Абайы. Айдар өлді. Абайды өлтірсек не болмақ. Аулақ... Аулақ бол сұмдықтан... (*Өз иығынан аққан қанды байқамай айғайлап жүр.*)

Е р д е н. Тыңдама! Ұр бәрін. (*Нарымбетке.*) Азғын! (*Жығылған Абайға бар досы жүгіріп келе береді.*)

М а ғ а у и я. Өлтірді... өлтірді ғой!

К ө к б а й. Уай, халық, Абайдан аяйтын не жан бар еді. (*Төбелес. Көкбай жығылады. Қалтасынан жазулы қағаздар түсіп жатады.*)

Е р д е н (*қашуға айналып*). Қыр, жой бәрін!

Н а р ы м б е т (*ат үстінде*). Тоқта мендігің! Жүктемеймін Абай қанын! Қай қара бет жүктейтін?

Нарымбет айғайлап, барлық өз кісісін тоқтатып бөліп алып, тайқи береді.

Ерден өзінің азғантай ғана тобымен қалған.

Е р д е н. Көрдің бе, Әзімхан! Өрт басты ғой, міне. Пәлесі ғой, бұ да Абайдың. Қашан, енді қашан қимылдайды бұл жандаралың? — деп айғай салады.

Ә з і м х а н (*шауып қашып жөнелген Ерденнің соңынан ызамен айғайлап*). Қолынан түк келмейтін азбан! Өй, соқыр азбан! (*Ызадан күйген Әбіш Әзімханға ұмтылады.*)

Ә б і ш. Ә-ә, солай ма еді? Сен бе едің сүйтіп?
(*Әзімханды жақтан кезек-кезек тартып жатып.*) Ит,
шошқа! Ит, шошқа!

Әзімхан бетін басып құныса береді, шегіне барып, бұралқы иттей қаша
жөнеледі. Қарлығаш Көкбайды құшақтап жылап отыр.

К ө к б а й (*көзін ашып*). Тірі ме? Тірі ме өзі?

Қ а р л ы ғ а ш. Тірі... Абай ағам тірі. Көкбай... Өзің ше?

К ө к б а й. Қарлығашым-ай, менің басым тас қой
дейім, тіпті оңбай кетейін.

(*Қарлығаш қағаздарын жиып береді. Көкбай шашылған
қағаздарын асыға түгендеп жатыр. Есін жиған Абай жерде
отыр. Қасында Баймағамбет бастаған, қамаған жұрт.*)

А б а й (*қатал үнмен*). Қайтіп тұрам бұл елде? Құлағы
керен, көзі көр. Білгені жаулық. Кетемін бұл сорлы
сахарадан.

Б а й м а ғ а м б е т (*өте сабырлы боп*). Сабыр ет, Абай.
Елің соқыр да емес, саңырау да емес. Мынау қанды көр.
(*Нарымбет шекпенінен жыртылған бір жапырақ нәрсені
көрсетеді.*) Осы Нарымбеттің қаны. Сені қорғаймын деп
төкті.

(*Абай Баймағамбетке таңдана қарайды.*)

Ш ө р і п (*Абайдың алдына тізерлеп*). Абай аға, өз
айтқаның дұрыс. Кетейік біз бұл жыландар ордасынан.
Тізгініңді өзіме бер. Абай аға, жоқтатпаймын Айдарыңды.
Сенің жолың – менің жолым.

Абай Шөріпке ұзақ уақыт қадалып қарап ақырын:

– Аулақ... Аулақ, Шөріп!

Ш ө р і п (*шошынып*). Абай аға!

А б а й (*саусағын созып*). Бойың қан ғой, Шөріп. (*Шөріп
сескеніп шапанын қарайды.*)

А б а й. Жоқ шапаныңда емес, Шөріп.

Ш ө р і п (*қорқынышпен күдігін жасырып*). Не дегенің,
Абай аға?!

А б а й (*қатты бұйрық етіп*). Жүзіме қара менің, тура
қара!

(*Шөріп Абай көзіне зорға қарайды.*)

Абай (*Шәріптің көзіне қадалып*). Аулақ, аулақ! Лағнет,
мәңгі лағнет болсын, соны сен істеген болсаң. Аулақ!

Қатып, сілейіп қалған Шәріпті көрмей Абай түрегеледі.
Абайды Еркежан қолтықтап үйге кіргізеді. Айдардың басын тізесіне
салып, бар дүниені тәрк еткен Ажар отыр.
Сондайлық үнсіз, қайғылы жым-жырт Зейнеп. Күн жоғарылап барады.
Таң сахараның бәріне сәуле берген.
Тал түс.

...Абай далада келеді.
Бұлтты жел айдап, шөп басын жел сілкінтеді. Мұңға батқан Абай
даладан өтіп, төбешіктер арасында келеді.
Абайдың төбе жағында шұбатылған бұлт бар. Төбе астынан дауыс
естіледі. Өлең оқып отырған дауыс. Абай таңдана тыңдайды.

Уа, дүние, сол ма сенің мақтағаның,
Орнымен жақсылығын ақтағаның.
Елінің жолын ашқан жазығы ма,
Мынау ма, жақсы жанды сақтағаның?

Абай тыңдап тұр. Оқып отырған Көкбай. Барынша ынтыға тыңдап
отырған Қарлығаш.

— Салауат әруағыңа, ер Абылай —
Қазақтың Арқа ұранды Меһирбаны.
Елге еткен қайратыңды кім көрмеген,
Халқыңның шыны дегдар асыл жаны.

Сол жолың жолы болсын ақынның да,
Еліне жан аямас жақынның да.
Қарғаса қас надандар жырды қарғап,
Айныман, ақ жолыма бағындым да.

Жұртқа еткен жақсылығың жырда болар,
Жыр еткен ақын аты бірге болар.
Ер бастап, ақын қостап, елдік көшіп,
Келетін жақсылыққа ірге болар.

Осында Абай ағам да, Айдар да, өзім де бар. Ақтамақпын
аға ақынның үлгісін. Бірақ өзіне әлі оқығам жоқ. Батылым
бармай жүр еді. Енді оқып берем. Тыңдай бер, Қарлығаш.

Көкбай қасына Абай келеді. Қобалжып көңілі бұзылған:
– Оқы, Көкбай! Оқы, бауырым! ...Бұныға рақмет...
Тіпті жаман емес.

Күй ойналады.
Селеу басын жел теңселтеді.
Шексіз кең қазақ сахарасы.
Күрсініп соққан жел ақ селеуді теңіз бетіндеі толқытып жатыр.

С о ң ы



А Б А Й

Алты бөлімді кинодрама



I бөлім

Биіктеу жасыл төбенің басына қарай төрт салт атты өрлеп келеді. Қылаңы мен бараны аралас семіз сұлу аттар бастарын шұлғи тастап, жіті басады. Күміс үзенгі таралғылар күнге шағылып жарқ-жүрқ етті. Аттылар дөң басына шықты. Ескі шошақ моланың түбіне келді. Төртеудің ортадағысы жуан денелі, орта жасты Абай. Селдір сұлу сақалына сәл ғана ақ араласқан. Атының басын өзгелерден оздырыңқырап кеп молаға көз салды. Айналасына азырақ әжім жиылған мұңлы көзін қысыңқырап қарайды. Қасындағы үш жас жігіт: Керім, Көкбай, Айдар сәл кейіндеу тұр. Олар – жазғы жеңіл киімдер киген сәнді жігіттер. Айдар мен Керімнің қолдарында екі көк шұбар қаршыға бар. Шабыттағы қырандар да молаға қадала қарап, алтын көздерін кірпік қақпай шаншылтады. Қазір бір құс ұшардай қапысыз аңдып тұр.

Абай аз үнсіз тұрып, бір кезде денесін бұрмай, оң қолын ғана көтеріп артына қарай қайырды да, жігіттерге белгі етті. Жігіттер сұлу шошақ молаға таңырқай қарап, Абайдың қатарына келді.

Ақырын қоңыр үнмен Абай сөз қатты:

– Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жүз рет жадырап жаз келді. Бұ содан бергі дәуірлер мен буындардың үнсіз куәсі осы мола ішіне ауыр сыр бүккен мола еді. Мезгіл сайын соғып өткенде, арылмаған қарызым бардай боламын. Бұнда жатқан қыз Еңлік пен жігіт Кебек. Екеуін махаббат үшін буындырып өлтірген еді. Жүз жылдан бұрын да, содан кейін де, дәл бүгінгі күнге шейін де ұлға тұсау, қызға нөқта болған ел заңы осы екеуін естімеген сұмдық еткен сендерсің деп ат құйрығына байлатып, сүйретіп өлтірген... дейді.

Аз тоқтап алыстағы жалғыз биік сар шоқыны нұсқайды. Құлазыған шошағы биік тік басында жел еседі. Керемет селеудің қалтыратып басын иіп соғады. Абай сөзі естіліп тұр.

– Еңлік пен Кебек құзғыннан қашып, аңдай боп тау ішін паналап аз дәурен сүрген еді. Сол бұйырмаған махаббат, достықтан біткен бала, жөргектегі нәресте, жас

ұлан әкесі мен шешесін өлтірген күні жөргекте жылаған күйінде осы есіз биіктің басына апарып тасталған. Сол күні қара күні байып батқанша ішегі қатып жылап жатып, меңіреу, суық тылсым дүние арасында үні өшкен, мәңгі өшкен. Абай сөзін бітірді.

Жастар түйілген қабак, шошынған жүзбен:

– Кім бұйрығы солай етті?

– Өлтірген, өлтірген кім?! – деседі.

– Өлтірткен Кеңгірбай. Біздің атамыз, мынау елдің анандай иен күшін бастаған әруағым Кеңгірбай! – дейді. Ойға таман қарайды.

Елдің қалың сәнді көші келеді. Құлын-тайы аралас мол жылқы шұрқырап, пысқырып қаптай басып келеді. Артында, қатарда қалың қол – салт аттылар. Және көп түйелерге маңғыстатып жүк артқан қаралы кілемдер жаптырған мол көш тақап келеді.

Жастар үнсіз, аңырап, сескеніп қалғанда Айдар:

– Елдің мынандай иен көшін бастаған, ол күнгі би, бүгінгі иенді әруақ Кеңгірбай?!. Кеңгірбай! – дейді.

Абай:

– Жүрек тілегін, жұмбақ, сырлы шыншыл жүрек сырын ең алғаш рет бұл өлкеде бірде-бір ғана рет батылдықпен жариялағысы келген Еңлік еді. Перде жыртып, шынжыр үзіп көрмек еді. Содан бері ол шынжыр қазақ қызының мойнына бұрынғыдан да темір бұғаудай бата түсті!.. – дейді.

Керім: – Кеңгірбай! Әруақты бабамыз Кеңгірбай!.. – деп тұнжырап қалғанда, Айдар бір оқыс оймен селт еткендей болып, Абайға:

– Абай аға, рұқсат етіңізші, талай өткінші, жолаушы осы жүз жыл бойында құранын оқып, бата қылды ғой Еңлікке. Мен бүгін соның жүрегіне арналған ерекше бір құран оқийын, рұқсат па екен? – дейді.

Абай: – Оқы! – дейді.

Сонда Айдар:

– Еңлік – Кебек құраны мынау болсын!.. – деп алып, шырқап тұрып әсем сұлу ән бастайды. Абайлар үнсіз тұрып, құптағандай тындайды.

Айдар Татьянаның Онегинге жазған, Абай жазған әнін жырлайды. Ән уағында қаралы көш тақап қалды. Көш алдында өзгеше жат бір топ келеді.

Ол қаралы әйелдер. Басында қара желегі бар сұлу келіншек ортада. Ат үстінде соның оң жағында құйрық-жалын шорт кескен ақ аттың үстіне күміс ер-тоқым теріс ерттелген. Ішік- шапан теріс жамылған. Ер қасына киілген еркек тымағы артқа қарап киілген. Бұл өлген жанның тұлдағы ат-тұрманы. Қаралы әйел дауыс айтып келеді. Қасында суық түсті екі кәрі қатын қосыла жоқтап келеді. Арттарында қалың көш.

Осы топ моланың етегіне таман келгенде Айдар әні басымдап аспандай шығады:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш.
Жас бала жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алы!..—

деген үзіндісін айтып, созып тұрған шақта қаралы әйел әнін оқыс үзіп алады. Еріксіз тыңдап қалады. Тыңдай бере күйінгендей қабақ түйеді, қасындағы екі қатын да дауыстары үзіліп тоқтайды да, қайта басталуын күтеді. Басталмайды. Қос қатындар да булығып, күйініп айнала қарайды. Дөң басынан ән келеді.

Қаралы сұлу (ол Ажар) ашулы, бірақ азған жүзбен ән тыңдайды. Екі қатын ызаланып қамшысын сермеп еркектерді шақырады. Бір-екі қарт шауып келеді. Дауыс үзілген. Төбені көрсетеді. Ән өктеп келіп, естіліп тұр.

Қарт адам атын қамшылап, Айдар әнін мүлгіп тыңдап тұрған Абайларға шауып келеді. Тақай бере, әнді елемей, қатуланып:

— Ей, ағайын, неткен жансыңдар? — дейді. Абайдың жас жолдастары жалт қарасады.

— Қаралы көш келеді. Жарын жоқтап дауыс айтып келеді Ажар. Дауыспен қай ән таласушы еді. Тоқтат, жандарым, құдайға қарасаң! — дейді.

Абай ақырын атын бұрып, жәй ғана басын изеп, тебініп жүріп кетеді.

Айдар әнін тоқтатып, бірге ереді. Өзгелер де қозғалады. Екі қаршыға дүр-дүр сілкініседі. Алдарына қадала қарап, алтын көздерінен от шашады.

Ойға түсіп келе жатып, Абай достарына:

— Міне, сол Еңлікті буындырған арқан астында тұншығып кеткен шер бар еді ғой. Ең болмаса бүгін күн

осы мола, осы жүрек сырын ел-жұртқа дат ететін шақ жетті. Еңлік үнімен қыз жүрегі сыр айтсын, Кебек жүрегімен ер ашуы айтылсын. Ақынсыңдар. Осы жайдан әсем ұзақ жыр тусын. Қызығарың бар ма? Кімнің жазасың, кәне!?! – дейді.

Керім Айдар қатарынан көтеріле серпіліп кеп:

– Абай аға, осы жайды мен жазам! – дейді Керім.

– Абай аға, мен бағана бекінгем, мен жазам, – дейді

Айдар.

– Жоқ, мен жазам!

– Сен емес, мен жазам.

– Жоқ, сенің жөнің жоқ. Кеңгірбай мінезі – жалпы қазақ ескілігінің мінезі. Еңлік – жалпы қазақ халқының шерлі қызы. Мен де ортақпын, мен жазам! – дейді Айдар.

Көкбай, Абай күліседі.

Көкбай Абайға: – Бұл қалай, Абай аға, мыналар қырқысты ғой! – дейді.

– Айт, айт, сен айт! – деседі Айдар мен Керім.

– Ендеше, анау бір тауларда бір топ дуадақ отыр. Қаршығаларың көріп келеді. Қазір екеуің де құстарыңды қатар жіберіңдер. Кімнің құсы бұрын барып дуадақ ілсе, Еңлік жайын сол жыр етсін!.. – дейді. Абай күледі де, қостағандай болады.

Жігіттер “болды... Жарайды, ал, ал жібердік” десіп құстарын серпіп-серпіп жіберіседі.

Керім құсын жібере сала алдына қадалып, Абайға:

– Ал, Абай аға, осы билік байлау ғой? Солай емес пе? – дейді.

Көкбай:

– Құстар көрді, қазір, қазір сын. Тура беттеді! – деп шабады.

Айдар Абайға жанасып, қатар шауып келе жатып:

– Абай аға, осы байлау ғой? – деп тағы қадалып сұрайды.

Абай түсіне сыншыл қатқыл ажар жиып алып:

– Байлау былай, тыңдандар. Анау құстарың дуадақты барып ілгенше, бір-бір ауыз өлең айтыңдар, – дейді.

Керім жақындап, шауып ентелеп келе жатып: – Жарайды, қаршыға жайында! – дейді.

Абай: – Жоқ. Қысқы аязды түнде, гүілдеп жел үніне күй қосып отырып, кәрі әже немересін қандай сөзбен уатады. Соны айтып беріңдер... Ал, шапшаң айт!

Көкбай сол кезде: — Әне, жетіп келді,— деп шаба жөнеледі.

Керім қалт қарап, қатты қиналып түңіліп:
— Абай аға, мынау сын емес, жаза! — дейді.

Абай: — Болсын солай! Айт, айт жырыңды! — деп әмір етеді.

Айдар шауып келе жатып, қатарына сынай қарап шауып келе жатқан Абайдың құлағына шапшаң өлең айта бастайды.

Айдар өлеңі:

Талай да талай шапшаң бар шығар,
Өлең етем шапшаң өзім қаршығамды.
Ақ түнек ың-шың, у-шу аяз түнде
Кәрі әже дәл былай деп зар шығарды.

Гулей соққан ақ боран,
Қорқытпа менің баламды,
Балам әже қойнында,
Келе алмайсың сен бұған.
Ұйқысынан айырма,
Кезе бер ессіз далаңды.
Ұйықта, балам, оянба,
Әлдилеймін баламды.
Әлди, бөпем, әлди-ай,
Әлдилеген ананды.
Деп жырласын кәрі ана,
Ұйқыға барсын сол бала.
Тілесө тағы жырласын
Жүз жыл бойы сол ана.
Қаршығам жемін іліпті,
Абай аға, бер қара!

Абай тыңдап келеді. Сүйсіне күледі. Керім айта алмай шауып кеткен.

Сол сәтте бұлар дуадақтарына жетті. Көкбай алдан барып дуадақты қиырлатып басып қалған қаршығаға жете бере айғайлап:

— Айдар, Айдар, шүйінші. Еңлік жыры сенікі! — дейді.

Айдар аттан секіре түсіп, қолына құсын алып міне береді. Барлығы ілгері басады. Керім атынан түсіп, жерде отыр. Қаршығасы көрінбейді. Етегімен қоршай отырыпты. Аттылар тегіс тақап келді.

Көкбай қарап жіберіп, қарқ-қарқ күледі.

— Масқара! Керім, құс дуадақ ілудің орнына, дуадақтан қапа шегіп, қорлық көріп қалыпты! — дейді. Айдар да күледі. Керім қаршығасын жерден алады. Қыранның үсті-басы су, үрпип қалған.

— Басына дуадақ саңғып кетіпті!.. — десіп тағы күліседі.

Көкбай ызаланған Керімге қарап:

— Япырай, жақсы талап үстінде ырымы қалай жаман еді мынау жаман шәулінің, — деп тағы күледі.

Керім басын көтеріп өзінің күйінішін жеңіп, Көкбайға күлімсірей қарап:

— Көкбай-ай, сенде ақыннан көрі Көкбай көп болғаны несі екен?

Көкбай: — Не дейсің, Керім?

Керім: — Шын ақындық үшін кейде артық сөз айтпай, үндемей тыну Көкбайдың бар сөзінен шешендірек екенін түсінбей-ақ кеттің-ау сен! — дейді.

Абай Керімге жаны ашығандай қарап:

— Қаршыға өзіңе жаман құс емес. Ашу мен намыстың жиын оты бір басында болатын. Не жаманат болса өз басына! Керім, сен жазасың! — дейді. Айдар қуанғанынан атын шапшыта секірітіп шаттана жүйткіді. Қос аяқтап шапшып тұрған ақбоз аттың үстінде Айдардың қуанып ақсия күлген жүзі жалын атқандай. Қолындағы қаршығасы да талпына ұшып шабытқа тіленеді.

* * *

Жартасты тоғайлы өзек бойына созыла қонған көп ақ ауылдар. Бір биік қара жартастың тұңғық терең, жым-жырт суға төнген жерінде, жақын отырған ақ ауыл бар. Жарық айлы түнде қалың жартастың қара көлеңкесі сол ауылдың шеткі ақ үйлеріне жартылай түсіп тұр. Көп үйлер, ауылдар ұйқыда. Қотандағы қалың қой да үйірілген қалың ақ көбіктей боп, қалыңдап жиылып, қыбыр етпей жым-жырт жатыр.

Жартас қасындағы ең шеткі үй оңашарақ тігілген. Сырты қара кестелі. Бұл Ажардың қаралы отауы. Үй ішінде дөңгелек үстел маңында, биік қазалы төсекке жақын жерде Ажар отыр. Қасында қатқан кемпір. Бұл — көш-жөнекей дауыс айтып келген ашулы кемпір. Төрде салқын түсті, ашаң

сүйкімсіз жүзді Нарымбет, жайылған ашжаулыққа жақындай отырып құран оқиды. Үй іші сарылған уайым. Қара желек жамылған Ажардың үлкен бір жалынмен күрсінген жүзінде тіршіліктен, дүниеден түңілген суық бауыр қаттылық бар.

Нарымбет құран оқып болды да, жұрттың бәрі бата қып бет сипаған соң, Ажардың жүзіне қырынан қарап отырып барып, шығып кетті. Ажар келген мен кеткенін көрмегендей. Мұңлы қара көздерін, ашаң тартқан ақ жүзін ешқайда бұрмайды. Ауыр оймен жерге қадала қарап қалған.

Кемпір бұған тіл қатты.

— Қаралы жылың аяқтап келеді. Жастай бақытың күйіп еді. Бірақ бала болмадың. Байсал тапқан кәрідей қаралы жылды өзгеге өнеге қып отырдың. Жаңағы қайнаған Нарымбет те азалы аға жолынан танған жоқ. Жыл бойы сенің қасыңа кеп уайымына уайым қосып, күндегі құранын ұмытқан жоқ. Қара тастан басқаның бәрі жаңғырады. Енді алдыңды ойлайтын шақ жетті...

— Не демексіз? Менде өмірден үміт қалды деп отырсыз ба?

— Үмітсіз жалғыз шайтан ғана, олай деме. Енді мына қара желек сенен арылатын күн тақау. Ата-анаңның жолы сол. Жаңағы қайнаған Нарымбет маған айт деп тапсырып кетті. Жесіріме ырзамын. Енді құдай жолын, ата жолын орындап, өзім алам дейді.

Ажар осы сөздің бойында, сұмдық сергігендей қабағын түйіп, сұрлана, шамдана қарап еді кемпірге. Жаңағы сөз біткенде күйіп жарылғандай боп еңіреп жіберді де, бетін жастыққа басты. Сәт қана солай етіп, бір уақыт шұғылдан бұрылып, жалт қарап:

— Екі қатын үстіне, соған тиемін бе? Жоқ, жылатпасын мені. Одан да бітпесін осы қаралы күнім... бітпей, тынбай мәңгі қара, қаралы аспан тұрсын басымда... Зорламаңдар! Айтпа, айтпа оны!

— Жаманшылық тілеме... Доғар ол сөзді. Шақырма пәле басыңа.

— Шақырамын. Ақ бұйрықты ажалын шақырамын құдайдың. Тілейтінім өлім... бүйткен, өртенген тірлік бергенше өлім, өлім жібер, жасаған!

Ажар кемпірдің сөзін тыңдамай қара шымылдығын түсіріп, түйіліп қалады.

Кемпір біраз шымылдық сыртында отырып, тұрып:
– Ақ бұйрық осы. Қосағың Нарымбет. Білдіргенім сол! –деп, ақырын басып, көлеңкедей жылжып шығып кетеді.

* * *

Ауыл қалың ұйқыда. Ай сәулесі түсіп тұрған ұйқылы сай тыныш, жым-жырт. Анда-санда бір үрген ит даусына жақын тау жаңғырып, үн қосады.

Алыстан бір ән келеді. Таныс ырғақты Татьяна әні. Ән жақындайды. Жартас жақтан келеді.

Айлы түнде жалғыз өзі жартасқа өрлеп Айдар келеді. Жүзін жұлдызды аспанға көтеріп, кейде айналаға ойлы қызу жанармен телміре қарайды. Кейде тасқа отырып ойланып қадалып қалып, кейде тез жалындап, қызыға түрекеліп, асыға қайнағандай, кейде бір өзгеше ырғақ іздегендей бірсін-бірсін сөздер теріп, кейде қайтадан әсем сұлу ән айтып кетеді. Жүзі нұрланып, үміт, бақыт күлкісімен жадырай түседі.

Ақ отауда Ажар жалғыз. Шамы өшкен, үйінің түңлігі жабылған. Қатты қайғымен бүк түсіп жатып, жалындай толқынады. Бір сәтте құлағына ән келеді. Ән тыңдап, бір нәрсені еске алғандай болды да, ашумен атып тұрып есік жапты. Ән басылмайды. Шаңырақтан түскен ай сәулесіне тақап келді. Қара шашы бетіне шашырай түскен. Намыспен, ызамен күйгендей шаңыраққа қарап, есікке атқып барып біреуді шақырды. Көрі күзетші кеп, Ажардың бұйрығымен түңлік жапты. Үй қараңғы, қайғылы Ажар жүзі де қараңғы. Ән тағы келеді. Сөзі анық:

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш.
Жас бала жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс...

Шал түңлікті жауып болды. Ажар байқамай ызамен тұрып, тыңдап қапты. Шалды қайта ақыра шақырып:

– Менің ән тыңдауым қалыппеді? Бар, қу, анау ән айтқышты. Аулақ кетсін!.. – деп төсегіне киімшең кеп сылқ етті. Жатпай түрекеп, бауырына үлкен жастықты бүктеп

құшып басып тұр. Ән тағы келеді, ызамен жалт қарап атып тұрады.

Сол сәтте ән үзілді. Күзетші Айдар қасында.

— Әнің жұртты қинайтын көрінеді ғой, ей, жас жігіт! Қаралы көңіл жаралы ғой. Тыйсайшы.

— Айтпайын ба біржола?

— Маған салсаң, арырақ барып айт дер ем.

Айдар бұрылып жартастың арғы бетіне қарай түсе береді. Ажар үй ішінде, ақ көйлегінің омырауы ағытылған. Жуан қара бұрымдары төсіне салбыраған. Бір нәрсеге қадала күтіп тұр. Құлағын салып, тосқандай. Енді іркілген ән естілмегеніне қынжыла асыққандай.

Бірақ ән қайта келеді. Алыстан, ызыңдай, жіңішке сыбызғы сазындай келеді. Ажар жүзі елең етті. Бұрын жат боп кеткен бір жадырау, жақын сәт келгендей. Енді тыңдап қалтырай түсіп белгісіз, мағынасыз қол созғандай. Өзінің есікке таман жылжығанын байқамағандай.

— Талай түннен бері естіп келем осы әнді... Қаралы күнім бітерге жеткен сайын осы ән... Ия, дәл осы ән маған мұң қосты. Кім, айтушы кім?.. Әлде... Әлде бітер күнім, өтер өмірім иманы тәрізді ме осынау ән? Солай. Тағы... өмірге айтқан қош-қошым болсын ба? Шерлі, жетім жүрегімен шығарып салар сәлемшім... сәлемшім, сырласым, мұңдасым болшы сен, ән.

Жылдам басып үйінен шығып, шашы жайылған, алас ұрып жалындаған күйде жартасқа жетіп, тездетіп, асығып өрлей береді. Жартас басына шықты. Төмен үңілді, ар жағы тұңғиық. Үнсіз, жым-жырт қарауытқан терең су. Ән келді тағы да... Ажар жүзін жоғары көтеріп:

— Қош бол, шерлі бір ән... Менің шерімді айтқан ән! — деп тұрып, тастан тұңғиыққа қарай секіріп кетеді. Ұйқылы суық су шапшып барып құшағына алды. Су жағасында алысырақта ойда тұрған Айдар жартастан секірген адам бойын көріп қап, атқи жүгірді. Терең судың бетінде бір батып, бір шығып, екі адам жағаға қарай жылжып келеді. Ажар судан қолын суырып алып, өзін құшақтап жүріп келе жатқан Айдарды итеріп, бетке ұрып, құтылмақ болады.

— Босат! Нең... бар? — дейді.

Айдар болмай, босатпай жағаға алып шығып, ай сәулесі түсіп тұрған тасқа әкеліп жатқызады.

Ажар есін жиғанда, Айдар басын сүйеп отырып:

— Неге бүйттің, Ажар жаным!.. — дейді.

- “Етімді шал сипаған құрт жесін деп, Жартастан қыз құлапты терең суға!” – деген кім еді?..
- Абай, Абай ағам ед.. Ия!..
- Нарымбет!.. Екі қатын үстіне тоқалдыққа алмақ па?
- Ендеше, сол... — Айдар түсінді.
- Неге алып қалдың мені, кім үшін, қандай үміт үшін айырдың өлімнен? – деп қайта талықсып кетеді.
- Ән айтқан сен бе едің?
- Мен едім... ұзақ-ұзақ, көп-көп түндер айтып ем.
- Рас ... Бар түнде де естіп ем, сол әнге ұйып өлмек боп ем.
- Ол ән өлімді айтқан жоқ еді. Бірақ сен өлсең, бірге өлем десе қайтесің?
- Сондай да досым бар ма, менің! Мендей бақытсыздың?..
- Бар... Сен өлсең іркілмейді. Сол өлімге бірге кетеді. Ажар толқынып, жалын атқандай боп:
- Ендеше, өлмесін ол ән!

* * *

Есігі түрулі үлкен ақ үйдің алдына қарай астындағы торы атын қансорпа ғып терлетіп, танау қақтырған Баймағамбет тақап келеді. Ақ үйден Қарлығаш тысқа шыға бере:

– Баймағамбет! Бөкең! Қаладан Бөкең келді! – дейді.

Үйден, көрші ауылдардан, тыстан жұрт жиылады. Балалар, қатындар. Ортада Еркежан. Үлкен үйдің ішінен Абай, Көкбай, Әли-заде шықты. Баймағамбет аттан түсер-түспестен:

– Шүйінші! Шүйінші, Еркежан! Абай аға... Әбіш, Обдірахман келе жатыр, келіп қалды, – дейді.

Жиын тегіс: – Әбіш, Әбіш! – деп анталайды.

– Әбіш келе жатыр!... Мен жаңа ғана озып кеттім. Тақап қалды!.. – дейді.

Абай да қуанып: – Келді ме? Әбішім! – дейді. – Қасында кім бар?

– Қасында Долгополов Нипон!

– Долгополов па... жақсы! – деп, Абай Еркежанға: – Ал, әзірленіңдер, тосып алыңдар! – дейді.

Әйелдер, үлкендер жан-жақты қуана, қарбаласа тарасады. Абай дәлізде, Көкбай, Баймағамбет үлкен үйдің

сыртында, жерде кілем... Баймағамбет қымыз сапырып, Көкбай беріп отыр. Баймағамбеттің атына артылған үлкен қоржынды алғызады. Ішінде сықап толтырған кітаптар. Абай кітаптарға қадалған. Бір-бірлеп қарап, бөлек-бөлек қойып жатыр. Абай топсалы орындықта. Баймағамбет Абайдың қимылына қарай отырып, қолына “Үш мушкетерді” алғанда:

– Міні, міні... Кітап осы болса керек. Долгополов пен Әбіш осыны әсіресе мақтап алғызды.

– Рас, Бөке, бұл екеуімізге жаман азық болмас! – дейді.

– Осыны тез оқып шығып, әңгімесін айтып беріңіз, Абай аға. Өзге ертектерім ескіріп қалды. Тіпті “Шорнайбек”, “Таза бұлақ”, “Петр бәлекейді” білмейтін баласы қалмапты осы елдің. Енді осы “Үш мушкетер” болмаса, Баймағамбет ертекті балалардан сұрайтын болар.

* * *

Қалың жиын ақ үйлердің сыртында тосып тұрғанда, үш ат жеккен пәуеске шапқылап тақап келеді. Пәуеске қасында, алдында, арт жағында шапқыласып келе жатқан жігіттер, балалар, қарттар да бар. Барлық жұрттың жүзінде қуаныш.

Пәуеске тоқтады.

– Әбіш, үш жыл бойы келмеген Әбішім! – деп Еркежан жыламсырайды.

Пәуескеден Әбдірахман секіріп түсті... Абайға қарай жүгіре басып келеді. Артынан ақырын түсіп, сүйсіне қарап, Долгополов келеді. Әбішті Абай, Еркежан және басқа үлкендер сүйіп жатыр.

Абай Долгополовпен құшақтасып амандасып: – Қош келдің, Нипон! – дейді. Долгополовқа Абай Әли-задәні көрсетіп:

– Таныс болыңдар. Мынау — Әли-заде. Менің қонағым, досым. Қиырдағы Кавказдың ұлы! – дейді. Танысу.

Үйде қалың сый жиын. Жағалай қымыз тостағандары қалқып жүр. Бір кезде тыстан тағы сый қонақтар келеді. Ол – Жиренше, Нарымбет. Әбіш орнынан тұрып сәлем береді. Амандасады. Нарымбет Әбіштің бетінен сүйеді. Абай Долгополов пен Әли-задеге: – Нарымбет! Әбдірахманнның қайын атасы. Біздің сый құда, – дейді. – Қасындағы — Жиренше!

Долгополов біледі.

– Жиренше! Шешен Жиренше, ұмытқан жоқсыз ба мені? – дейді.

– Мына жиынға орысшасын айтып берсең қайтеді, Нипон! – дейді.

Долгополов орысшасын оқып береді.

Көкбай әдемі қоңыр өнін айтып өтеді.

Кейін Әли-заде: – Құрметті жиын, мен Абай қасында болғалы алты ай болды. Қайдан келдім, қалай келдім. Бір заман білерсіздер. Мен бұл жерден ел, достық таптым. Қазақ бақшасын жақсы көрдім, үлкен қазына көрдім. Рұқсат болса, мен елімнің алғысы есепті бір сарын айтайын, – дейді.

Жұрт құрметпен тыңдайды.

Әли-заде әдемі қоңыр ән айтады. Өзербайжан әні.

Осы ән аяқтай бергенде дүсірлетіп қатты келген салт аттың дүбірі естіледі. Үйдегілер алаң бола бергенде, есіктен асыға қарап Нарымбет ауылының адамы Мес: – Нарымбет! Бері шығып кетші! – дейді.

Хабаршы Нарымбетке, тыста:

– Нарымбет, тез атқа мін!

– Немене!

– Ажар жоғалды. Біреумен кеткен тәрізді!

– Кіммен? Қайда? – Нарымбет үркіп, ашулана қарайды.

– Кіммен кеткені мәлімсіз... Бірақ қашып кетіпті.

Нарымбет қарбаласып атқа ұмтылады.

– Жиренше! Ұстаз Жиренше сіз! – дейді.

Аздан соң Жиренше атқа мінеді. Екеуі шаба жөнеліседі. Жаңағы хабаршысымен Әбдірахман оңаша сөйлеседі.

– Қарағым, бүгін үйіңе ғана емес, бар еліңе сый қонақ ең. Бірақ сенің келген қарсыңа сұмдық сый тартты бір дұспаның.

– Немене, не болған?

– Нарымбеттің қолындағы қаралы жесірі Ажарды жаңа біреу алып қашып кетіпті. Саған да салған жарасы ғой. Нарымбет намысыма ара түссін, атқа мінсін деді! – дейді.

Әбіш атқа мінеді.

Үй ішіндегі жиын күңгірт тартқан. Сөз жоқ, үнсіз. Абай қасына Көкбай келіп отырып, ақырын сөйлейді.

– Абай аға, не мәні барын ұқпадым. Бірақ Айдар шапқыншы жіберіпті. Өмірде бір-ақ рет жәрдем қолын созсын деп, тілерім осы жол. Басым қатерде, тез жетсін, – депті.

– Не дейсің! Ол қайда жүр? Жыр жазып жатқан жоқ па еді?

– Жазып жатыр еді. Күні-түні көрінбей, жазып жатқан “Еңдікті”. Бізге міні, бүгін сәлемі осы. Кешікпейік. Атқа мінсеңіз деймін.

Абай мен Көкбай да атқа міне жөнеліседі.

II бөлім

Тау ішінде тоғай бойлаған тасты жолда қатты шапқан ат тұяқтары естіледі. Тұмсыққа кезегінен екі атты шауып шықты. Тақап келеді. Қашқан Айдар мен Ажар. Қара желекті тастаған, басына қамшат бөрік, торғын салы ораған, белін қынап бұған Ажардың жүрісі, бұрынғы қаралық кеткен. Айдар артына қарай-қарай шауып келеді.

– Бізге қуғын жақын. Жаңағы тұмсықтан андыздап қуғыншылар шықты. Көп аттылар. Алдында Мес пен Нарымбет.

– Ат! Шапшаң! – деп Нарымбет бұйрық етті.

Мес шауып келе жатып атқанда, Айдардың астындағы аты омақата жығылды. Айдар аттың басынан аттай түрегеліп, тоқтай қалған Ажарға:

– Қаш, жөнеле бер!.. – деп жүгіре басып кеп, Ажардың шауып келе жатқан атына қарғып мініп алды. Тебіне берді. Местің мылтығын Нарымбет жұлып алып, өзі дәлдеп атып жіберді. Соңғы ат тағы омақаса жығылды.

Ажарды қаусыра құшақтап, Айдар көтеріле түрегелді. Талықсып қалған жүзіне үңіліп, көзінен қоштаса сүйіп:

– Жаным, жалғыз сертім, өлсем аузымдағы иманым сенің әнің болады! – деді.

Ажар есін жиып, аяғын басып:

– Айдар бауырым, отқа өртесе арманым жоқ. Жат өмірде жалғыз көрген жарығым өзің ғана!..

Қуғын жеткен. Қалың аттылар. Қолдарында сойыл, шоқпар. Айдар қолы байлаулы. Нарымбет Ажарға қарап, Меске бұйрық етіп:

– Байла мына жүзіқараны да! – дейді.

Ажар қолы да қатты байланған. Шауып отырып Жиренше жетеді. Қасында Абайға түсі ұқсас үлкен кісі. Ол — Тәкежан болыс. Нарымбет үлкендерге:

– Көрдiңдер ме мына қара беттердi! Жазанды айт, жан күйер жақыным болсаң, түге!

– Ұлықтан кәр кетсе, елден ар кетеді. Қорлық, сұмдық ат мініп, түйе жетелеп келмес. Келгені осы ғой. Айт, Тәкежан! – деп, Тәкежанға барлық жиын қамалай қарайды. Тәкежан:

– Аянып қалар түгім жоқ. Туысқаным да, құда досым да сендерсің, бердім. Білгеніңді қыл, аяма!

Жиренше: — Тақ арқанды, ендеше мойындарына! – деп ақыра бұйрық етеді.

Мес пен бірнеше жігіт қарбаласа қимылдап, арқанды әкеп екі жастың мойнына тастай береді.

Осы кезде Әбдірахман, Керім тез шауып кеп жетеді. Ат үстінен кимелеп кеп, Әбіш Айдарды көріп:

– Айдар!.. Бұ не? – дейді.

– Айдар емес, оның аты қара бет. Қорлағаны мені мен сен. Жақыным болсаң аяма, өлтір қолыңмен, – дейді Нарымбет.

Әбдірахман салқын пішінмен жиынға қарап:

– Не қылмақсыңдар бұны? – дейді. Тәкежан атын ілгері бастырып:

– Ат құйрығына тағып, сүйретіп өлтіреміз қазір! – дейді.

Жиренше бұйрық етеді:

– Мін, мін атыңа! – дейді.

Әбдірахман Мес қолындағы арқан ұшын ұстай алып:

– Жоқ! Доғар! – дейді. Нарымбет екі көзі алара қарап, ашуменен қанталап:

– Әбдірахман, сенгенім сен бе едің? Жақыным, жан күйерім келді ме десем, жатым болып келіпшең. Бара тұр!

– Тұрмаймын! Сенің қарындасыңды біреудің қаны, құнымен алам деп келгем жоқ, бермеймін.

Жиренше: — Жетті, Әбдірахман. Кім екеніңді таныттың, тұр былай.

Төкежан да: — Қарама!.. Аяма! — дейді.

Нарымбет: — Мес! Тарт, жөнел сүйретіп! Әруақ... әруақ! — деп айғайлайды.

Мес енді тебініп жөнеле бергенде, аттың омырауына шауып кеп өз атының омырауын тіреп кеп тоқыратып, Көкбай арқаннан ұстай алады. Қатарында шауып кеп тоқтаған Абай, қолын халыққа созып:

— Тоқтат! Араша! Доғар жазаны! — дейді.

Жұрт үнсіз. Абай атын ілгері бастырып, Айдарға қарсы келіп:

— Айдар, бұ неткенің? Жыр жазбағың осы ма?

— Абай аға, жырым да, сырым да бір қосылды.

Төкежан атын тебініп, ілгері қатты бастырып кеп:

— Не сөз болушы еді, бұл қаңғырған бұзықпен... Жой көзін!

Абай Төкежанға қарай бұрылып, қолын қарсы көтеріп:

— Сен екеуіміз аға мен ініміз. Бір Құнанбайдың баласымыз. Найзабас жау боп шығу үшін іздегенің сылтаумеді? Қарасуыр сияқты ініңді бері қазады десе, әрі қазайын деппең. Неменеге құрық беріп тұрсың?

Жиренше Абайға:

— Қорғамақ ойдамысың, Абай?

— Араша тілеймін.

Нарымбет: — Ақтамақпысың аямас жауымды? Мен сені кім деп білемін бұдан соң, Абай? Жөніңді айт!

Абай: — Қол қимылмен, жөнсіз жазамен өлтіргендеріңе жол бермеймін, арашашымын.

Жиренше: — Жолсызбекен? Кебек пен Еңлікті өлтірген атаң, әруағың Кеңгірбай жолын қайда қоймақсың?..

— Кеңгірбай келеге салып, жолымен өлтірген. Сал тергеуге. Елдің талқысына сал. Ел бұйырса, сонда өлтір.

Нарымбет: — Арашашы сенсің ғой сонда. Дұспаным болдым десеңші.

Абай: — Ел жолымен араша тілеймін. Жазасын ел билігі атасын.

Жиренше: — Арашашы бар тауқыметті өз мойнына алатын. Соны алам деп айтып тұрсың ғой, сертің осы ма? Арылып айт!

Абай: — Арылдым. Алдым мойныма, бар ауыртпалығын.

Нарымбет: — Я, әруақ, не масқара! Абай, кеттім десеңші жақындықтан, достықтан!

Тәкежан.: — Не қорлық!

Жиренше: — Болды, жетті! Ағайынды, әруақты қаңғырған бұзар итке сатқан екенсің. Е, обалың өзіңе. Осыны ұмытпа, Абай! Тергеу ұзаққа бармайды. Әйтеуір өлімнен құтылмайды. Билік ертең. Ара биім Сырттан! Атадым әруақты елдің аға биін.

Абай: — Болсын. Мен де тоқтадым Сырттанға. Шеш мойындағы арқанды.

Көкбай, Әбдірахман, Керім арқандарды шешеді.

Жиренше: — Билікке шейін тұтқында болады екеуі де.

Тәкежан: — Арқан мойнынан шешілсе, аяғына кісен түседі. Сал кісенді! Айдардың аяғына. Екеуі де тұтқында менің қолымда болады.

Местер Айдарға кісен салады.

Айдар қараңғы жыртық үйде кісендеулі тұтқында. Ажар екінші үйде жалғыз, жүдеу... О да қамауда.

* * *

Болыс кеңсесінде, үлкен бай үйде әскери тергеуші Самойлов пен советник Арғыман екеуі Жиренше, Нарымбет, Тәкежанмен сөйлесіп отыр. Арғыман сөйлейді.

— Абайдың Айдарға болысып, мына Нарымбеттің қатынын алып қашқызғаны қылмыс па?

Жиренше: — Қылмыс! — дейді.

— Ендеше, Абай халық алдында тентек, бұзар кісі ғой?

— Бұзар кісі!

— Бәрекелді, олай болса, патсаның заңы да бұны істеген Абайды бұзар деп есептейді. Және бір сыр — Семейдің жандаралы да Абайды сенімсіз бұзық кісі деп санайды. Оның осы сахарадағы бар істеп жүрген ісін ұлық біледі. Жек көреді.

— Ендеше, ұлық болыссын бізге осы жолы! — дейді Нарымбет.

— Болыссын ба? Дұрыс ол айтқаның. Жә, олай болса неге арыз жазып бермейсіңдер? — дейді Самойлов.

— Абақтыға салсақ, айдатсақ Абайды дәл сонда күшейтеміз. Барлық қалың қазақ жоқшысы боп шулап түрекеледі. Біздің басымыз қорлықта қалады, — дейді Жиренше. Арғыман ызаланып:

– Ия, арыз беруден қорқасындар. Өйткені Абай қалай барып ұлыққа арыз берушіні шағымшы, залым, бұзық деп, бар еліңмен жамандап, манаттап қойған. Содан қорқасындар ғой.

Самойлов:

– Жандарал кеңсесіне Қызыладыр болысынан арыз түсті. Болыстарды Абай масқаралап, халыққа жаман үлгі таратып жатыр дейді. Ал сол болыс мынау, Құнанбаев, сенсің... Сендер өз абыройларыңды да қорғаудан жасқанасың Абайға қарсы? Солай ғой?

Тәкежан үндемейді. Самойлов:

– Оның үстіне бүгін біреудің атасы қосқан қатынын алып қаштырып, елді бұлдіріп отырғаны мынау. Ертең бар қатын бұзылады. Бар қыз қашады! – дейді. Арғыман іле жөнеліп:

– Қалыңмал, бата, неке бұзылады... Сол ма тосқандарың? Беріңдер арызды.

Жиренше:

– Мырзалар, сендер біздің ақылға құлақ салындар. Арыз жол емес.

– Неге?

– Жасырынып барып, сыбырлап айтатын арыз, шағым әлсіздің ісі.

– Сендер қандай қайрат істемексіңдер?

– Біз Абаймен ел жолымен ашық алысамыз. Абайды ел алдында әйгілеп, ел көзіне тентек тебір қып көрсетіп, жеңіп алғанша, өзге қимыл қатыспау керек.

– Сонда жеңуге көздерің жете ме?

– Ертең Айдар бұзақылығы үшін Абайдың өзін айыпкер етіп, ел заңын, ата жолын бұзған адам етіп масқаралаймыз.

– Әлдерің келе ме?

– Келеді. Біз Абайды атадан азған, елді бұзған кісі қып шығарамыз.

– Осы қолдарыңнан келсе, айтқандарың жөн! – дейді Арғыман.

– Ендеше, біз осының артын күтеміз, – деп аз отырып Самойлов: – Сендер осы әйел дауының үстінде ел жолымен тентек етіңдер! Табаландар. Солай ететін уақыт келді. Өйткені Абайдың басқа да үлкен кінәсі көп, – дейді.

Тәкежан:

– Қандай кінә? – дейді.

– Абайдың патшалыққа қарсы айыбы көп. Соның бірі: оның қолында Сібірдің каторгасынан қашқан, патшалыққа қатерлі және бір адам алты айдан бері тығылып, ұлықтарға ұстатпай жүр дейді!

– О қандай адам? – дейді Тәкежан.

– Ол Кавказ адамы, қашқын, Әли-заде!

– Әли-заде? Әли-заде!.. – десіп Нарымбет, Тәкежан, Жиренше бір-біріне қарасады.

– Міне, дәл осындай адамның Абай ауылында бары рас емес пе?.. Бар болса біз ұстатпақпыз! Сендер не білесіңдер, осындай? Айтыңдар, көне!

Тәкежан қозғалып, жөткіріп:

– Жо-жоқ. Ай, ондай адамды естімедік қой, – дейді.

Самойлов Нарымбет, Жиреншеге қадалғанда, олар Тәкежанға көз салып, бір нәрсе айтқысы кеп, артынан тоқырап қалысады.

– Есіткен бе едіңдер? Қаңғыған бір бөтен адам! Білсеңдер несіне іркесіңдер? Айтыңдар! – дейді Арғыман.

Жиренше біраз отырып:

– Қашқын десе, осы қашқынның үлкені Долгополов емес пе? Патсаға қарсылықтан айдалған дейді ғой осы жақ!? Рас па сол?

Самойлов:

– Рас!

– Ендеше, соны неге емін-еркін жібереді Абайға?

Арғыман:

– Долгополов туралы жандарал кеңсесі, Семей шаһарының полицмейстрі арқылы мына болысқа, Тәкежанға қағаз жіберіп отыр.

– Ескерсе, ұлық ең алдымен соны ескерсеші.

– Оны неге айтасың? – дейді Самойлов.

– Айтатыным Абайға неше алуан тіл жеткізіп, хат, кітап жеткізіп, елден, жұрттан ұзатып бара жатқан сол емес пе? Осы сонау өздерің жақтағы патсаға қарсының бәрі білген теріс сөзді ұғындыратын сол емес пе?

– Оның жәйі, жүрісі ұлыққа мәлім. Ол өз жөніне. Сендер қазір жаңағы Әли-заде турасын айтыңдар. Білетін сияқтысыңдар. Айтыңдар. Келгені бар ма? Қайда сол адам?

Жиренше аз отырып:

– Абайға келмейтін кісі жоқ. Талай бөтен жан келіп,

кетіп жүреді. Қиырдан келіп, Қырымға кетіп жатады. Біз ойланайық! Есімізге түсірмесек?

– Ия, соған рұқсат етіндер? – дейді Тәкежан.

– Ал, ойланыңдар! – дейді Арғыман.

– Ойлансақ, оңаша барып ойланып көрейік! Тәкежан, Нарымбет, екеуің бері жүріндерші, – деп Жиренше Тәкежан мен Нарымбетті ертіп кетеді.

Самойловқа Арғыман:

– Басталды қырдың саясаты! – дейді.

– Абайды ұстап бергісі келмейді бұлардың. Елден қорқады. Атағынан қаймығады.

– Осы соңғы жайды его высокопревосходительство губернатор да ойлайды білем.

– Бірде-бір жан айтпайды. Не деген қиын шытырман? Тінтсе қайтеді?

– Ол рұқсат етілмеген. Мыналарды тосайық. Абайды осылар ел алдында жыққан сағатта аңду керек. Дәл сол уақытта Әли-задәні ұстап алып, Абайдың өкімет алдындағы айыбын тағы тосу керек. Сол екі айып, екі үлкен айып Абайды ел арасынан айдауға мейлінше жетеді.

Самойлов: – Дұрыс байлау. Сот, билік күніне Әли-задәні не қылса ұстап жеткізу керек! – дейді.

Жиренше Нарымбет, Тәкежанмен отырып:

– Әли-заде! Өзі әлі кеткен жоқ қой? – деді.

– Кеткен жоқ, Абай мені аяп отыр ма? Ұстату керек осыны! – дейді Нарымбет.

Тәкежан қарсы.

– Мені қайтесің, Нарымбет. Ол ауыл Абай ауылы деп аталмайды, Құнанбай ауылы дейді. Әкем Құнанбайдың ауылынан қонағын ұстатып беріп, мен жер үстінде қайтіп жүрмекпін?

Жиренше түсінді:

– Рас айтады. Ол елде жоқ сұмдық. Абайды бұнымен жықса, ұлық өзі жықсын. Біздің жарамыз ол емес, Айдар пәлесі де жетеді. Ел көзінде былғанбай алысамын. Тигізбейміз ол қашқынға! – дейді.

Нарымбет: – Ендеше, тым құрымаса ауылынан кетіртіндер Абайдың. Шеттеу ұстаса, Абай да, сен де абыройдан айрылмайсың! – дейді.

Самойлов пен Арғыманға бұл үшеуі келіп:

– Әли-заде дегендерің жай жала болу керек. Ол бұл маңда болған емес, – дейді.

Самойловтар бұл жауапқа үндемейді. Арғыман аздан соң:

– Ендеше, сендердің сертің айтылды. Абайды мына Айдар билігінде барды салып жығуға, жұрт көзінде маскаралауға міндеттісіңдер! – дейді.

– Міні, бұның ақыл. Бұл біздің адал ашу жолында қатты аямай соғатын жеріміз, – дейді Жиренше.

– Аямайтын би де керек. Сырттан сондай билікке берік пе? – деп сұрайды Арғыман.

– Сырттанға өздерің ата жолын берік ұста, жазалыны аяма деп қатты айтыңдар! – дейді.

Осы жиын ортасында Сырттан. Жабырқау түсті ұлы қарт Сырттан мынау ұлықтар пішінін ұнатпай, сөздерін қырыс пішінмен тыңдап отыр.

Арғыман сөзін аяқтап:

– Ата жолынан ұл мен қызды аздырушы – ата дұспаны, ел дұспаны. Өлім керек болса, өлім бұйыр, ақсақал. Ұлық қостамайды екен деме? Ұлық елдің тыныштығын бағады. Серігің берік. Шалқайсаң Шыңғысың, еңкейсең Ертісің сияқты артыңда ата жолы, алдында закон, ұлық жолы! – дейді.

Сырттан келте қып қайырып, қатқыл бір-ақ жауап айтады.

– Ара бимін. Билігіме қолқа жоқ. Тексеремін, турасын айтам. Жазықты болса, менің жолым қатты жол. Тек, бірақ, билігім қағаз жолымен жүрмейді, құдай жолымен жүреді. Төрем, білдің бе? Сөзім сол-ақ. Сөйлемендер. Килікпеңдер! – дейді. Жұрт үнсіз. Арғыман өзінің байламы етіп:

– Абай масқара болу керек ел алдында, осы билік үстінде. Ел жиреніп лағнет айтып шығу керек оған!.. – дейді. Өзгелер үнсіз.

Абай мен Тәкежан. Тәкежан ызамен сөйлеп отыр.

– Мені қандай отқа салып жүргенінді ұғатын күнің бар ма осы сенің!

– Не бопты?

– Әли-задені ұлық қуғызып отыр. Самойлов көп стражникпен қуа шықты. Енді сенің ауылыңнан ұстатамын!

– Ұстат! Несі бар. Несі бар. Кешегі Айдарды ұстатқаннан қиын боп па? Ұстат ұлыққа!

— Ұстатар ем жіпті. Ауыл сенікі емес. Әкемнің, Құнанбайдың ауылы, әруағын қайтіп аттаймын. Мен Әли-заде бұл жақта жоқ дедім. Өтірік айттым. Бірақ ол қаншаға аужал болмақ? Өтірігім ашылған күні мен не болмақпын? Өтірік емей немене бұл? Ол ғана емес, кеше Долгополов саған қонаққа келді. Бүгін, міне, сонымен ілесіп жандарал кеңсесінен қағаз кеп отыр. Ол патсаға қарсы адам. Көз алмай бақсын депті. Ол қайда, менің әкем ауылында... Кімнен? Сенен? Бұл өтірік емей немене?

— Өз елінен қуғын көріп, қашып шыққан Айдар әні. Бауырыңа алып, ел көрмеген бүлік басы болып отырғаның. Кімнен айрылып, кімді тауып отырсың? Ағайын мен жақынның көңілін қарайтып отырған жоқпысың? Бұл өтірік емей немене... Жолдасың қазақ емес, орыстан, жөні түзу адам емес, қашқыннан, бүліктен... Қайда барасың осы сен? Бүгін бас тартпасаң, ел биі ертең Айдар үшін сені жығады. Не болдың сонда? Алыстағы ұлықтан, жақындағы елден, бәр-бәрінен сенімен қоса мен де ажырайын ба?.. Түспеймін ендігі отыңа!

— Ендеше, арыла келген екенсің. Бар да мені жаулай бер. Кімге қосылу өзіңе пайдалы болса, соған қосыл, ұқтың ба?..

— Ең болмаса маңыңнан кетірші. Кетірші анау Долгополовты.

— Кетпейді ол. Менің ардақты досым сол. Бірақ оны айтып-айтпай немене, сен екеуіміз ұғыспайтын жерге кетіскеміз.

— Ендеше, тым құрымаса Әли-задені ұстатамын. Абыройдан айрыла алмаймын біржола.

— Әмірің жетсе, ұстатып көр.

Әли-заде, Баймағамбет келеді. Әли-заде түйілген, ренішті.

— Абай аға, өмірде бір жанға қарыздар болсам, оным сіз. Көп жақсылық көрдім. Енді маған рұқсат етіңіз. Мына Тәкежан маған бүгін барды айтты. Мен жүремін.

Абай: — Жүрмейсің. Қасымда қал, Әли-заде.

— Жоқ... Мені ұстаушылар жосып жүр. Ең болмаса сенің ауылыңда ұсталмаймын. Бұны қатты өтінем. Енді мені жөнелт, Абай аға.

— Олай болса, сен ұсталмайсың. Еліңе аман жетесің. Мынау болыс сенің досың емес. Бұл менің ағам болса да, менің де досым емес. Бірақ көзінше айтар сертім сол болсын. Бүкіл сонау Атырау теңізіне шейін қазақ баласы

бар жерде, менің сәлемімді ашып айтып отырып жол тарт. Мынау Баймағамбет сені көп жерге шейін шығарып, ертіп апарып салады, – дейді.

Әли-заде, Баймағамбет Абаймен құшақтасып аттанып жатады.

Абай сүйісіп құшақтасып, қолынан хат беріп:

– Жолдағы қалың ел қарындасқа арнаған мынау менің бедел хатым. Баймағамбет осы ұлан-ұзақ Арқада кім болсын, кім ұлық болса, тіпті, соның өз ауылына қондырып түстендіріп отыр. Ұқтың ба? Болыс қасың болса, дәл соның ауылынан, маңындағы елінен талай жас досың болатынына мен кепілмін. Сенің елің намыс елі еді. Сондайлық елдің қасиет намысы менің халқымда да бар. Соған сен, ол сені ешкімнің қорлығына бермейді. Бұл сахара жайлаған, арнамыс, абырой күткен ел ішінде, – дейді.

– Ол ғана емес, Абай аға! Алты ай бойы қасыңда болғанда, сенің еліңнен алған сенімді берік серіктерім тағы бар. Оны жандарал мен болыстардың қылыш-мылтығынан осал деп білмеймін. Қасымда сен болған соң, мен қатіргіден кетіп, осы сахарада ұсталсам өлгенім артық... – дейді.

Баймағамбет, Әли-заде кете береді. Артынан Долгополов, Абай, Әбдірахман ұзақ қарап тұрып қалады.

III бөлім

Дөң басында отырған Жиренше, Тәкежан, Арғымандарға бір атты шауып келіп хабар айтады.

– Мынау бір-екі топ қалың қол келеді. Шет ел, алыс ел адамдары. Издегеніміз Құнанбай баласы дейді.

– Құнанбай баласы болса мұнда! Мынау Тәкежан! Бері шақыр! – дейді Жиренше.

Жиырма-жиырмадан екі бөлек топ болып найман тымақты бір лек, керей тымақты бір лек жүргіншілер келеді. Орталарында екі топтың екі үлкен қариясы бар. Найман тобының басы Қартпай. Керей тобынікі Жортар қарт. Екі тобының да аттары жарап, сабылған, қара терге түскен. Қарттардан өзгенің бәрінің білектерінде сойыл, шоқпарлары бар. Кейбіреулердің қолдарында найза, жақындап келісті. Амандасты.

– Уа, жол болсын? Ағайын, не қып жүрген жансыңдар? – дейді Жиренше.

Қартпай, Жортар аттан түсіп, отырысады. Қартпай сөйлейді. Өзге жиын ат үстінде төменірек тұр.

– Уа, біз мына екі топ жауласып, қан төгісіп жатқан екі ру елдің елшісіміз. Менің тобым сонау Жетісуға қараған Найман. Мынау топ түү анау Қарқаралыға қараған Керей. Елімізден осылай қарап шыққалы апта болды. Арада қатты дауымыз бар. Балқыбек деген бір өзенге даулымыз. Келіссөзбен тоқтаса алмадық. Елдеріміз алысып, шабысып жатыр. Бірнеше кісі өлімі болды. Сол елдеріміз арадан әділет, туралық билік айтсын деп осында жіберді. Іздеп келе жатқаным Құнанбай баласы. Соның әділетін іздеп келеміз. Жөнін айтып, жолын көрсетіндер, ағайын! – дейді.

Жиренше:

– Алыс жол шегіп, арман етіп келген екенсіңдер. Құнанбай баласы ат шалдығатын жерде емес. Дәл міне, алдарыңызда отыр, – деп, Тәкежанды көрсетеді. Жортар, Қартпай екеуі де Тәкежанмен түрекеліп, құшақтасып көріседі.

– Өксіп келдік, қарағым! – дейді Қартпай. Жортар Жиреншеге қарап:

– Қалған жөнін тағы өзің айт, Құнанбайдың қай баласы бұл кісі? – дейді.

– Сендер іздеген баласы осы. Осы болу керек!

– Сонда да атын, жөнін айтшы. Іздегенімбекен?

– Құнанбай аға баласы осы. Болыс баласы осы.

Іздегенің емей кім болушеді.

– Уа, жолың болсын, азамат. Жөнін ұғындырдың. Бұл мырзаның да жолы болсын. Бірақ біздің іздегеніміз бұл баласы емес еді.

– Е, енді кім керек? Үлкені осы, болыс ұлығы осы.

Жортар салқын тартып, тұруға қамданды:

– Уау, үлкен іздесем, ол үлкен елімізде де бар еді. Өзім де бір топтың үлкені едім. Менің іздегенім Құнанбайдың Абай деген баласы, енді айтайын.

– Абай не ғып ыстық боп еді? – дейді Арғыман.

Қартпай жауап береді:

– Жасы үлкен әр жерде көп, әділеті үлкен Абай ғана деп есіттік. Болыс деген одан да көп, Абай біреу ғана деп есіттік, – деп Тәкежанға қарап:

– Айып етпе, сен мырза, Абайдың “Әділет деп, елім деп” айтқан өсиет, өрнек сөзі еліміздің ішіне толы еді. Балабақыршымызға шейін бар жақсы лебізін білуші еді. Абай сенің ғана інің емес, Тобықтының ғана баласы емес. Қалың қазақ баласы еді. Соның өзі өсиет еткен әділетін іздеп келеміз! – дейді.

Тәкежан, Жиреншелер үнсіз. Арғыман жақтырмай, тыжырынып қалды.

– Надан, соқыр жұрт! Адам керек пе, атағы керек бұған. Атағы барға барын апарып үйіп-төгеді, – дейді.

* * *

Абай үйінде, үлкен жиын қақ жарыла отырған. Орта тұста Абай. Бұның маңында Керім, Әбіш, Көкбай бар. Төрде Қартпай, Жортар дау айтысып отырған кісінің күйінде. Жортар Абайға қарап:

Қалың елім, қазағым, қалың жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі — қан, бірі май боп енді екі ұртың,—

деген сөзді сен айтыпсың, Абай. Қалың елің, қайран жерің үшін егіліпсің, азаматым. Мен соның үшін келдім саған. Мынау Қартпай айтарын айтты. Осыдан жүз жыл бұрын кесігі айтылған. Балқыбек өзенін Найманға бұйырылған деді ғой. Жүз жыл бұрын айтылғаны рас. Бірақ билікті кім айтқан? Осы Тобықтының сол күнгі биі Кеңгірбай айтқан.

Абай маңындағы жастар аңырып, анталай қарайды.

— Қалай айтқан? Жақсы мен жаманды айырмай айтқан. Ара би айтты деп Керей Балқыбектен айырылса да, сол жүз жылдан бері әділет көрмедік, қиянат, теріс билікке ұшырадық деп наразы боп келген. Әлде болған күнінде ол осы өзен үшін, жүз жыл үшін кем қойса, жүз рет алысқан, қырқысқан болар. Енді биыл сол жүз жыл ар жағында жатқан сырдың бір түйіні табылды. Мына Найман ішінде Керейге ұзатылған Таңсық дейтін қыз болыпты. Бүгін сол Таңсық 80-ге келген кемпір. Найманның сол жүз жыл

бұрынғы дауында елінің тап қол басы, найза басы болған мықты ауылдың қызы еді. Сол кемпір өмір бойы жасырып келген бір сырды ашты. Найман қолы Таңсық кемпірдің жақсы көрген немересін өлтіріп еді. Соған күйініп барып, бүйткен Найман менің елім болудан кетті. Енді аталы ел Найман намыс деп іркіп келген сырымды ашамын деп, сонау жүз жыл бұрын болған Кеңгірбай билігінің сырын ашты. Ол сырды бұл кемпір өзінің сол заманда келіншек болған шешесінен, Қамқадан ұғыпты. Және не сыр дейсіздер ғой? Сырдың ауруы да, айыбы да сол. Кеңгірбай Найманға Балқыбекті Керейден алып бергенде, пара ап жеп отырып алып беріпті. Таңсық кемпір сонда параға берілген бұйымды айтады. Ол үлкен күміс – бесік жамбы екен. Жәй жамбыдан бөлегі не?

Жұрт тегіс анталап, қозғалып, жылжып, тығыздала бастайды. Бұл әңгіме үстінде Жортарға оқты көзімен керемет қарап, намыстанып келген тобықтылар да есіктен төрге қарай қыстығып тіреліп тұрып қалған. Жортар тобынан белгі алады. Ол ақ жібекке қара кестемен шеккен, Найманның “шөміш” таңбасының белгісі және жұлдыз құрттай қозаның суреті.

Жортар осыны жазып, халыққа көрсетіп:

– Жәй жамбыдан бөлегі осы мына таңба. Кеңгірбайға параға беретін күні жаңағы кемпір Таңсықтың атасы жамбыға “күндердің күні үшін” деп осындай таңба соқтырыпты да, Қамқаға оюын шектіріп сандығына қалдырған екен. Міні, менің, менімен бірге елімнің дауы да, дәлелі де осы. Жүре ме осы куәлікке? Бола ма осы айғағым айғақ? Әділ таразыңа сал, өзің шеш, Абай.

Найман жағы күледі. Алдымен Қартпай күледі. Бұлардың күлкісін ызалы тобықтылар қостайды.

Қартпай:

– Жортар-ай, өзің ұзақ жортсаң да теріс жорттың-ау. Кестені жүз жыл бұрын шеккен қол бүгін де шеге алады. Жамбы деген бір тас. Онда тіл жоқ. Қай жамбы мен сол Найман берген жамбымын деп тіл қатады? Әдейі келгенде Абайға басқа бір іркіп келген айғағың бар ма деп ем. Мынауың күлкілі ғой. Айтар дауым да жоқ тіпті мұныца. Түс пе, алжу ма, бұл немене? – деп тағы күледі. Тобықтылардан жас жігіт намыстанып үн қатады:

– Көрде жатқан атамыз Кеңгірбайға кір тағып, осындай бұлдырды қуып та келеді екен? – дейді.

Абай кестеге қарап, көп қадалып қалған. Бір сәтте, ойланып отырып:

– Кеңгірбай би. Сол айтқан Кеңгірбай менің атам, Жортар қария! – дейді.

Наймандар қайран боп тағы күле бастайды. Жортар жағы шошынып, сескене түңіле бастайды. Жортар ғана үнсіз. Абайды бағып отыр.

Аздан соң Абай есікке қарап:

– Шақырындаршы Еркежанды! – дейді.

Жұрт таң болып қалған.

Еркежан кіргенде Абай төрдегі қалың жүктің ортасындағы бір үлкен сандықты көрсетіп:

– Ашшы, Еркежан, мынау сандықты! – дейді.

Еркежан сандықты ашып, Абай қолына бір кішілеу қол сандықты ұстатады. Абай соны ашып, жібекке қаттап оралған үлкен күміс алады. Бесік жамбы.

Жұрт қайран болып, анталап төне түсіп, бірге қарауға асығады. Абай кестені қолына алып отырып, жамбының жалпақ жақ бауырын айналдырып қарап-қарап алады да:

– Кеңгірбай — менің атам. Мынау жамбы сол кісінің заманынан біздің тұқымның үлкен шаңырақтарын аралап келе жатқан ескі бұйым еді. Осыны менің үлкен шешем Зере марқұм арғы, үлкен биден алған “көз” деп еді. Екі елдің арасына билік айтқанда әділдігі үшін алған сый деп еді марқұм. Таңсық кемпір бүгін ауыр сырдың түбін аударыпты. Маған да ауыр сыр ашыпты. Көр, халайық, мінеки, — деп жамбыны жұртқа бұрады. — Не деп тұр мына куәліктер? — дейді. Кесте мен жамбы таңбасы оң шығады.

Тобықты жігіттері намыстанып, әрі ұялып, әрі аса қатты сұмдық көргендей шошынып, жағаларын ұстайды. Соның бірі Керім. Абайды тоқтатқысы келгендей боп өзін-өзі зорға ұстап отыр. Қартпай түйіліп төмен қарап қалады. Жортар жүгініп алып, Абайға қадала қарап, әр сөзін аңдып қалған.

Абай қысқа, қатты, ажарлы байлау айтады.

– Би емеспін. Бірақ шындықты ашар айғағым бар. Куә болдым, ағайын. Алыс заманнан бүктеліп келген жат бір сырдың куәсі болдым. Атам айыбы үшін ұяламын. Жүз жыл бойы керей көрген әділетсіздік үшін қиналамын, қан жұтам, — деп жамбыны қолына көтеріп отырып:

— Пара алған қол мен берген қол екеуі бірдей кінәлі қол. Атама атаң берген ұят белгі, мінеки! Ең болмаса бүгінгі ұрпақ ары тазарсын. Мә, Найман. Жамбыңды өзің ал! — дейді. Үй іші дүр еткендей таңырқап, аңырып қалады.

Абай екі биге қарап:

— Жамбы Найман өзіне қайтса, іс адалын тапсын. Балқыбек өзені, Керей, сенікі, — дейді. Керейлер қуанып, жадырап, алғыспен қарайды. Жортар жаңағы отырған қалпынан атқып келіп, Абайды құшақтап алып:

— Төрене құлдық, қазым! — дейді.

* * *

Абай мен Әбіш, Көкбай, Керім. Әбіш Абайға тағзым етіп иіліп:

— Аға, келер ұрпақ нәсілің үшін де, солардың арын ақтағаның үшін де алғыс айтар, — деп әкесінің қолын сүйеді. Керім бағанадан билік үстінде қиналып отырған қалпында қалады, тұнжырап отыр. Абай соған қарап:

— Немене, Керім! Сен неге тоқырап қалдың? — дейді. Керім ауыр қозғалады, төмен салған басын жәй ғана көтеріп, Абайға қарап:

— Абай аға, мен қиналып отырмын.

— Көріп отырмын, мәнін айт.

— Қыбыла қайда екенін жаңылып бара жатқан сияқтымын. Ел қыбыласы не боп барады? Не істедіңіз? Күдікте қалдым ғой, Абай аға...

Абай күліп, Керімді сергітіп:

— Біз ұлы қыбыла іздеп жүргеніміз жоқ. Ел үшін де, өзіміз үшін де тірлікке жетекші болатын қыбыламыз деп жүрміз, ақын досым. Ол қыбыланы жүріспен, жорықпен, тартыспен барып табамыз. Бүгін саған айқын болмаса, ертең еңбекпен өмір талқысын көріп барып ашылғанда, алдыңнан мен мұңдалап көрінеді. Алдына сен. Артыңа сиынба! — дейді.

* * *

Жиренше, Нарымбет, Арғыман тегіс ашулы. Бүліне, булығы шапшаң сөйлесіп тұр.

Арғыман: — Ұмытармысың осы қылығын? Кеңгірбай паракор, Кеңгірбай арам деуге аянбай батылы барған... Өлі әруақ, қадірлі ата Кеңгірбайды көрінде аунатып түсірген қорлық, намыссыздық қылығы үшін әсіресе жазалау керек ертең Айдар билігінің үстінде.

Жиренше: — Жаман би жанынан деп! Өлмес жерде өлтірер ме сүйегімді!

Нарымбет: — Әділет! Не қылған әділет? Қорлық бұнысы да. Ертең Айдар билігінде, жұрт Кеңгірбай жолын ұстанбасын, Еңлік — Кебек жазасын атамасын деп әдейі істеп отырған жадыгөйлігі бұнысы... — дейді.

Жиренше: — Көермін, Айдарды аман әкеткенінді. Енді, әсіресе, әруағым үшін, қасиетті бабам Кеңгірбайдың әруағы үшін, әсіресе, соның жолын ұстанам... Дәл Кеңгірбай атымен Айдарына өзім қоса билік үкім шығарып аластаймын ел арасынан. Айдарға жәрдем қолын созды дейсің ғой осымен. Жоқ, ол қолдан ұстаған бойында Кеңгірбай қарғысына ұшырап, түпсіз қараңғы тұңғиыққа құларсың осымен! — дейді.

* * *

Арғыман, Нарымбет жасырын әңгіменің түрінде.

Нарымбет: — Әли-заде деген қашқын деп едіңдер ғой. Сол өзі бар адам болып шықты. Анығын білгің келсе, қазірде күнбатысқа қарай қашып, ұзап барады дейді. Абай, Айдар тергелетін күнге ұсталу қажет дедің ғой. Ал, ендеше, қапы қалма, қуғыз, қуғызып бак! — дейді.

Арғыман Бұғылы болысына, Шаған болысына, Делбегетей болысына деген пакеттерді бөлек-бөлек былғары сумкелеріне салғызып беріп, үш стражникті жөнелтіп жатады.

— Суреті міні!.. Кеткені жаңада... жетіндер!.. Аз күн ішінде осында, дәл осы араға алып жетіндер! — дейді.

Қылышты, алтыатарлы стражниктер қазақ атшабарын басшылыққа алып, салт атпен жөнеліп бара жатады.

* * *

Абай жалғыз. Жазу жазып, қиналып, ауыр ойланып отырғанда Көкбай, Керім келеді.

– Сырттан келді!

– Сырттан... Сырттан қарт келді! – деседі.

Абай тез қозғалып:

– Айдарға кесік айтатын үлкен би! Ара би сол Сырттан!
Бар, қарсы алыңдар!..

Керім, Көкбай, Әбіштер құрметпен Сырттанды кіргізіп, төрге отырғызады. Абай түрекеліп қарсы алған.

Сырттан үлкен ақ сақал, ақ қасты, зор денелі салқын би, Абайға қарамай сөйлейді.

– Ағайын ел қолқа салды. Алмасымды аламын, баспас жерге басам да.

– Біздің де ара биге тілегеніміз сізсіз, қария. Аманат ауыр екенін білеміз. Бірақ жасы үлкен ағасы боласыз халықтың. Сіз көтермей, кім көтерсін салмақты.

Сырттан сөзді салқын тыңдап, естімегендей боп:

– Анау адасқан әйелді, Ажарды шақырттым осында. Сенің көзіңше сұрайтыным бар, — деп жастарға қарайды. “Барыңдар!” дегендей белгі етеді. Абай да жастарға қарап, басымен белгі етеді. Керім, Көкбай, Әбіш шығып кетеді.

Сырттан: — Ара ағайын, ара бимін. Әуелі сенің өзіңнен арыла келген үш сөзім бар.

– Айтыңыз, қария.

– Ағайынның жүгініске барғаны жұлысуға шыққаны. Билікке бармай бітім тап азарыңмен.

– Қалай тап дейсіз?

– Айдарды айыптысың деп тыйым салып тоқтат та, Ажарды Нарымбеттің ауылына қайтарт.

– Ақсақал, Айдар жалғыз. Жауы менсіз де көп. Жау тобына қосыла алмаймын.

– Қосылмасаң қалыс бол. Қорғама Айдарды, бойың тарт!

– Оған да жоқпын, ақсақал.

– Ара ағайын, ара бимін, соңғы сөзім: тобыңа да, өзіңе де пәле шақырасың. Жау шебі молаяды. Елден, жұрттан айрыласың, соққы жейсіндер. Осынша пәле тілеп не күн туды басыңа сенің, Абай.

– Қалың топ қарғадан қорқып, ұясын тастап безер бөдене бола алмаймын. Алысып көрем не көрсем де, ақсақал.

Сырттан үнсіз. Жым-жырт үйге Ажарды алып кеп кіргізеді. Екі қатқан, суық пішінді кемпірлер. Сырттан оларға қарамай, суық үнмен сөйлеп отыр.

– Ата-баба көрген емес сен істеген сұмдықты. Мынау сақал, шаш ағарғанша мен естіген емен мұндай сұмдықты. Қаралы күн өз ұясына жетіп батып болмайынша үзілген емес тақтүсте, қаралы нокта өзі шешілмей кесілген емес күнакар қолмен. Өздігіңмен басқан жоқсың бұл жолға, аздырған, жетектеген бар. Ол — Айдар! Сол емес пе? Айт шыныңды.

Ажар қанатынан оқ тиген балапандай дір етіп, ақырын дауыспен баяу ғана:

– Алдияр, ата, ол емес... айыпты өзім! – дейді.

– Арашалап, ақтамақсың Айдарды. Ендеше, бірге бастың қазаға. Алдың — өлім.

Ажар жүзі енді ашылып, ашынғандай. Қорқыныш, өкініш жоқ. Іштегі нұр сәуле зор сәулемен жарқырағандай боп, Сырттанға, Абайға қарады. Абай үнсіз. Мұңменен, көз алмай қарайды Ажарға.

– Қадірменді қария, ел ағасы жақсылар, алдым өлім болса, ең соңғы бір датымды айтсам, рұқсат па?

Сырттан соны естімек сияқты. Түйілген суық, ақ қастары жыбырлай түсіп:

– Жалған араласса, билігіме жарғыласқалы тұр, ағайын. Азамат қаны төгілгелі тұр. Адасқан бейбақ сорлы әйел, білермісің барды сен. Жан күмәнің үстінде имандай шыныңды айт десе, танырмысың таразының қасиетін. Жаныңменен шыныңды айт десе, ер-азамат болса арынан жанын садаға етер еді. Айтармысың сондай қиын шыныңды.

– Алдияр аға, айтайын жанымдай жалғыз шынымды.

– Сөйле ендеше.

Ажар сөйлеп отыр.

– ...Бекінгенім өлім еді. Тәңірінің жарық күні сөнген еді мен үшін. Көк тамырда тірлік қамы емес, өлім көлеңкесі жыбыр қағып жылжушы еді. Нарымбет алмақшы, қаралы күн бітпекші, үш қатынның бірі болсын деген дағдылы зорлық әмірі келді тірліктен. Шошына кірді қаралы мұңды отауыма. Мен өлімге бекіндім. Тек қана сол шақта барлық жастық жүрегімнің әлсіз нәзік тіліндей боп ән жетті бір жақтан. Әуелі менің арманымды, қыршын өмірімнің иманы болар дедім. Бір түн емес, көп түндер естушем. Менің ғана тірлігімнің зары. Менің ғана жүрегімнің өзіне ғана айтқан сыры деуші ем. Бір түні ән жақындады. Бақсам, айтушы

кісі бар екен. Жердің, адамның әні екен. Ессіз болдым. Құрымақ болдым. Бұрынғы көп түндер қиял серігім болған шағын ойладым, сол әнді еске алып тұрып өлмек болдым.

Тағы айтып отыр. Абайдың көзі жасқа толғандай... Соншалық ағалық мейір шафқатқа, алғысқа толып телміріп қашты.

Сырттан суық, бірақ күрсініп тыңдайды.

– ...Қара түнде мойныма арқан тағып, енді асылып өлмекке жеттім. Сонда арқанның шалма тұзағы кеңейіп, екінші бір бас келіп, арқанға бірге асылмақ болды. Ән... ән иесі сол екен. Оның өлімге бірге басуға бекінгенін көрдім де, тірлікке мен өзімді шақырдым. Ол емес, мен бастадым қарсылыққа! – деп тоқтайды.

Сырттан Ажар жүзіне, соңғы сөздер тұсында үрке қарағандай қадала қарап қалып, енді баяу күрсінеді:

– Қылған ісің жат еді. Сырың да сондай жат екен. Ата жолдан, қаралы қалдан аздырған сені ән екен. Сыры бөлек ән екен. Өзің білемісің, есінде ме сол ән?

Ажар жүзі бақыт ұшқынымен жалт еткендей болады. Ол ер, шыншыл жүз.

– Білемін... Есімде... – дейді.

– Айт ендеше.

Бұл күнге шейін тастай боп, қатып отырып қалған кемпірлер шоқ түскендей бүлініп, түлен тұтып қалады. Сұмдық күтеді. Абай Ажарға сүйеніш болғандай ағалық мейіріммен, болымсыз жымыып қарағандай. Ажар жүзін Абайға бұрып рұқсат сұрағандай қарайды. Бөгеледі.

– Білмекпін мен барынды. Айт сол аздырған шыныңды. Барлық бөгде сырынның ұшығына жеткіз көзімді, – дейді.

...Ажар Абайға қарап ән айтып отыр:

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын.
Қоймайды дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Ән өзгеше шерлі жүрек мұңнан бу алған. Соншалық ыстық жалын шалып тұрғандай.

Талайсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан.

Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Тоқталмақ сияқты еді. Сырттан қадалып тыңдап қапты. Абай көзіне көрі жарғас арасынан, сусап созған ыстық қызыл тас арасынан күміс бұлақ мөлдір су ойнап, аға жөнелген тәрізді. Абай тағы айт дегендей телміре қарайды. Сүйсініп, мейір атып қарайды. Жалын шалған ыстық жүз, жасқа толы нұрлы көз ұяттан алыстап, биік кеткен сияқты. Сол Ажар, ол тағы айтып барады.

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш,
Жас бала жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс.

Ән тоқтаған. Сырттан түнеріп қалған қалыптан дүр етіп оянған қарт бүркіттей, шоқтығы шығып:

– Кім айтты? Кім өлеңі бұл өлең? Жоқтау сөзін жойдырып жалын тастаған кім бұл өлеңмен, айт!

Ажар көзін төмен салады.

Абай енді соншалық бір ірілік, үлкендікпен, шалқия қарап, суықтау ажар жиып:

– Қария, бұл сөзіңді Ажардан сұрама, менен сұра!.. Ол орыстың мұңлы қызы Татьяна айтқан шер еді. Жазған орыс бәйітшісі Пушкин. Мынандай сөз, мынау әнмен ел жасына жайған мен, мен едім! – дейді.

Сырттан селт етіп, Абайға жат жүзбен ұзақ қарап алады да, кемпірлерге белгі етеді. Ажарды алып кетіседі. Абай қасына Керім, Көкбай, Әбіштер келеді.

Сырттан томырылған ашу сырын бетіне жиып, Абайға:

– Естір жайларды естіп, білер бәленің бәрін біліп болдым. Енді билік күнім жақын. Ана жақтың даугер биін айтпақпын. Ол — Жиренше. Енді сендер биіңді ата. Сөздеріңді кімге ұстаттың, білдір маған! – дейді.

Абай сенімді жүзбен, Сырттан сұрауына таң қалғандай боп:

– Кімге ұстатамыз? Ұстайтын — мен. Мен өзім сөйлеймін Айдар, Ажар арызын! – дейді.

Сырттан ызамен жымыып Абайға бірінші рет қарап, қатты ажармен:

– Жоқ, сен сөйлемейсің! – дейді.
– Неге, қария?
– Сен жауапкерсің. Жаңағы сыр нені айтты? Кімді ұстатты? Жауапкер болсаң даугер бола алмайсың.
Абай мен шәкірттер қатты сескеніп, қиналып қалады.
– Япыр-ай, не дейді. Сондай тосқауыл бар ма еді жолыңда, есіл Ажар! – дейді.
– Айт, ата биіңді. Мен жүремін.
Абай Керімге қарап, үмітпен оянып:
– Ендеше, біздің сөзді ұстайтын Керім! – дейді.
Керім жақтырмағандай, күтпегендей үркіп, қарсылық білдіргісі келеді.
– Жоқ, сен, сен айтасың. Ең аяулы ақын інімді ең жүйрік жақын інім деп саған тапсырам. Саған тапсырам Айдар, Ажар тағдырын! – дейді.
Керім үнсіз... Сырттан кетеді.

* * *

Абай қинала толқып, Көкбайдан ауыр сыр естіп отыр.
Көкбай:

– Айдар өлім күтеді, Абай аға. Өлмейін деп отырған жоқ. Бірақ ер сынын білдіреді. Жазып отыр. Талмай, қайтпай жазып жатыр Еңлікті!

Абай алғыс айтардай, үлкен жұбанышпен қарайды. Бірақ ауыр ойлар қайтадан қабағын түйгізеді.

– Жеткіз менің ағалық үнімді, Көкбай. Жазсын Айдарым. Ажар маған барды танытты. Інім, бауырым, ақындарым ғана емес. Халқымның санасы оянған, қыз да сондай қанатым, жетіліп қатарға қосылып қапты. Екеуінен аянар жаным жоқ. Осыны айт. Екінші жазсын. Төгілмей жазсын Еңлікті деп отыр.

* * *

Қараңғы, түңлігі жабық үйде Айдар аяғында кісен бар. Іргенің әлсіз жарығына жабысып жазып отыр. Кісен кей

қозғалысын қатты қайырып тастайды. Аяғы жара. Бірақ Айдар толқына жазады.

Қасында Көкбай.

— ...Солай деді Абай ағам. Қараңғы қамау орнына келер заман күнін көріп отырып жазсын...

— Келер заман күні... — деп Айдар ашаң жүз, жарқыраған көзін жоғары көтереді.

— Ажарым... Ажарым не болады?.. О сорға батқан Еңлігім менің... — дейді. Бірақ жасып айтпайды, тістенгендей.

— Терең шыңыраудың, қараңғы қамау зынданның түбінен алыстағы аспан көкке көз салсаң, күндіздің өзінде жұлдызды көресің деп еді, бірде Абай ағам. Мен осы қамау қорлық зынданның түбінен көпті көріп отырмын, — дейді.

— Міні, ендеше осыны айт жырыңда, жасқанбай айтсын... жеңдірмесін жазаға... Қара толқын қайғы-шер ақын намысын уламасын бір сәтте. Толқыған теңіз жағаға меруерт атқандай, осы уайым, ауыр ой нұрдай жарқын жыр толқысын халқына деді Абай ағам, — дейді.

Айдар жүзі бір болымсыз сәулеге қадалған. Намыс пен саналы сыр толған ойшыл көзіне, кішкентай алтын теңгедей боп күн сәулесі түсіп тұрып, кейде жылжи биік сұлу ақ маңдайына түседі. Толқып ойланып қағазға бұрыла беріп қабағын шытып қалады. Аяқта ауыр кісен шылдыр етіп баса береді. Айдар аяғын кісенмен қоса сипап қойып, қағазға қайта төнеді. Жазып жатыр. Тыста қылышы бар қарауыл жақын. Екеулеп жүр. Айдар жаза түсіп, оқып кетеді.

Қабағын түйіңкіреп есінеген сияқтанып барып әндетеді, үнсіз әндетеді. Сыбырлап жырлап, ырғала-ырғала барып, кісенін көтеріп, домбыраша қаға беріп, желдірге түскендей суылдап, жөнеліп кетеді. Қызумен қағаз, қарындашқа ұмтылам деп кісенді тастай береді. Аяғына ауыр кісен соға түсіп, қабағын шытынып қалып, тағы жырына көшеді.

IV бөлім

Болыстың үлкен үйінің төрінде Баймағамбет, Әли-заде қымыз ішіп отыр. Биік төсек жанында келбетті кәрі бәйбіше, байыпты ана әр нәрсені сұрап, Баймағамбетті тыңдап отыр.

Қымыз ішіп отырып бәйбішеге бұрыла қарайды Баймағамбет. Тыстан болыс кіреді. Қасында атшабар, старшиндар бар. Қолында пакет қағаз, Баймағамбеттерге қадала қарайды, семіз жылтыр жүзді бітеу қабақ болыс тергеп тұр.

– Кім дедің осы сен мынау адамды?

– Каторгыдан шыққан мейман дедім.

– Қашып шыққан ғой?

– Ия, рас, қашқын.

– Ендеше, Әли-заде ғой, солай ма? Айт шының!

– Оның рас. Қайт дейсің? – деп Баймағамбет ашулана бастап қымызды жерге қойып, шаншыла қарайды.

– Ұста! – деп болыс атшабарларына бұйрық етеді.

Баймағамбет “тарт!” деп тап береді. Оған болмайды.

– Ұстасын, алыспа, Бәке! – деп Әли-заде түрекеліп, күліп тұрып қолын созды. Ал, болыс, ұста! Құмарыңнан шық! – дейді.

Әли-заде кісендеулі босаң ғана.

Үріккендей, таңырқағандай, шошынып жиренгендей түстермен балалар жүгіріп кіріседі, қатындар, малшы еркектер, жай келін-кепшік, қариялар жиыла береді. Анталай қарайды.

– Бұ не?

– Бұ кім?

– Не жазығы бар? – десіп, қаптай басып келеді.

Болыс қағазды бітіріп, советник Арғыман Сарбасовқа деп адресін жазып, печать басып, атшабардың сумкасына салдырып, асықтырып жатыр.

– Бол, тез алып барып өз қолына табыс ет. Тез жеткізсін, Шыңғысқа, Құнанбай ауылына жеткізсін деген бұйрығын орындап, қашқынды ұстап жөнелтіп отырған мен Шаған болысы Молдабай де! Тарт жөнел! Тездет! – деп аттарын ерттегенге тақат қылмай дегбірсізденіп жүр.

Үйде Әли-заде жиылған жұртқа жымия қарап:

– Бұ не дейсіздер ме? Болыстан сұрандар! Мен мынаны-ақ айтайын. Туысқан бауырлар, – деп, Абайдың: “Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда” деген өлеңін бастайды.

– Не дейді!.. Қандай сөздер айтады?

– Өлеңші ғой.

– Сөз тегін болмас. Естілген сөз ғой! Бұ кім сөзі еді! – деп шал ентелейді. Әли-заде өзі ойымен өзі болғандай айта береді.

– Абай, Абай сөзі ғой! – деп, жүзі жарқ етіп жана түсіп, бір жас жігіт ілгері ентелеп шығады.

Бәйбіше Абай сөзі дегенде қозғалып, қос қолына сүйеніп, ілгері созылып үңіледі. Баймағамбетке:

– Бұ не, жаным, бұ кім еді? Абай сөзін айтып, жөнін айтса кешірер еді.

Баймағамбет нұрлы жүзінен түктері шығып, қатты-қатты, шапшаң сөйлейді.

– Ия, айтқаны Абай сөзі... Ал сендер ше... балаң ше? Балаң абақтыға ұстап берсін. Сүйт! – дейді.

– Өзі кім еді бұның?

– Өзі алыстағы жақсы елдің асыл абзал ұлы екен. Тұтқыннан қашып еліне барады. Осы жұртты елім деп шығып, сеніп келіп еді. Ал сендер, сендер бүйттіңдер, айдаттыңдар қайтадан, – дейді.

Кемпір жұртты қағып, ілгері басып Әли-задеге тақап келеді. Баймағамбет қатарына кеп:

– Бәйбіше, бұл үйге келген қонаққа кісен салу осы сіздің байыңыздың заманынан бар ма еді? Бұл шаңырақ қашаннан бері елден ерек көргенсіз еді! – дейді. Болыс та келген. Ашулы. Тоқтатпақ. Жұртқа “тара” дейді. Кемпір ашумен қарсылық білдіріп, жұртты жібермей тұрып, Әли-задеге үңіліп:

– Балам, Абай сөзін айттың ғой, елімнің асыл адамын қадірлеген жанбедің? – дейді.

– Шеше, мен қадірлеп еліме жеткізбек ем. Бірақ балаң оған жібермейін деп тұр ғой. Енді бір соңғы сөзін айтайын мен қадірлеген Абайдың, тыңда, ағайын, – деп, әндетіп кетеді.

“Алыстан сермептің” ішінен ел мінезін айтқан екі-бір шерлі мұңды шумағын айтады. Жұрт таңдай қағады. Сүйсінеді.

Ес кіре бастайды. Болыс екпіндеп ілгері басады. Атшабарлар кірген.

– Ал, жетті, шығар! Алып жүр. Атпен шапшаң! – дейді болыс.

– Доғар былай! Қорлама, былғама менің шаңырағымды. Жер қылма әруағымды! Бермеймін мен! – деп, кемпір Әли-задені қоршап қалады.

– Қой, апа, не болды саған!? Ұлық бұйрығы, – дей берген баласын кейін қағады.

— Сөзім қысқа, Абай атын пана қып кеп отырған бір елдің азамат арысына қас еткізбеймін мен. Оны істегенше жерге кір! Жоғал көзімнен! — дейді.

Болыс құлшынып, алып кетпек боп омыраулай береді.

— О, қой, қойшы әрі, апа! — дегенде шеше ілгері ұмтылып, жүзін аспанға көтеріп, қатты түйілген қабағын өзгеше салқын, суық қайратпен баласына салып:

— Ей, балам... тыңда мені! Ақырғы ана даусын тыңда!.. Осы жанды егер осыдан тұтқын етіп жөнелтер болсаң, мына аналық ақ шашымды омырауыма жаямын. Мынау аналық ақ сүтімді көкке сауамын! — деп кеудесін ұстай береді.

Болыс шошып, сескеніп қалш қарап қалады.

Халық, әсіресе барлық әйелдер ашумен, жиренішпен болысқа қарап, лағнет айтқандай болады.

— Босат! Өз қолыңмен босат! — деп ана әмірлі қатал бұйрық етеді.

— Босат, шықпа алдынан, жетті. Босат тез! — деп, халық болысқа жан-жағынан қадала қарайды.

Болыс амалсыз оң қолын сілкіп атшабарларды шығарып жіберіп, пакетті қағазды сумқадан алып өзі жыртады. Әли-задәні өзі кісеннен босатып жатады.

* * *

Арғыман, Тәкежан Керіммен сөйлесіп отырғанда, атшабар пошта жеткізеді. Арғыман оқып, бұлан-талан боп атып тұрады.

— Ұсталған, ұсталған жерден болыс ауылының қатындары жасырын босатып жіберіпті. Тағы қашып кеткен. Соншалық керек адам. Болатын билікке шейін не қыса ұсталып, алып келінетін адам. Тәкежан! Тұр, шақыр тілмашты!

Тілмаш келеді. Арғыман жадырап бұйрық етіп тұр.

— Делбегетай болысына!.. Не қылса ұстап, кісендеп, түнделетіп шапқызып отырып жеткізсін. Әли-заде... Бүгін ерекше керексің, Әли-заде... Тәкежан, тілмаш, бар ұшындар, шапшаң, қос атпен. Үкілі поштамен жеткізіндер. Делбегетай болысы, жеткізіндер Самойловқа!.. — дейді. Тәкежан, тілмаш жүгіре басып кетесіді.

Арғыман Керімге: — Айтқаным сол! Абай тентек болғандықтан сөзден қалды. Дауды сен айтатын болдың.

Сен Айдарды қорғап сөйлеген билікті Абайдың, Айдардың ғана құлағы естімейді ол сөзді. Олардың ғана көзі қадалмайды сенің аузыңа.

– Ия, Нарымбет, Жиренше де қадалады. Ол ағайын, ел-жұрт демексің ғой.

– Тіпті заң ғана да емес. Жалпы әруақ, ата-жұртың, қалың қазақ қадалады. Ол да емес. Семей, Семейдің ұлығы... Алдымен әскери жандарал көзі де қадалады.

– Е, оларға не жоқ! Нарымбеттің жесірі үшін жандарал не қып жанкүйер бола қалды?

– Абай соған да жеткізіп отыр. Міні, біліп қой. Бұл жолғы дау жесір дауы ғана емес. Дұрыстық пен тартыстың жасақ дауы. Және айтайын, Айдар ғана емес, Абай басы қатерде. Елді бүлдіртіп қоя алмайды ұлық. Абайдың өзі мен соңына ерген өзге жасақшысы, көмекшісі де қатерде.

Керім ыза болып, намыстана қарайды. Токтат дегендей белгі етеді.

– Сен, Арғыман, қазақ баласының, халықтың, ел-жұрттың намысы деген асыл қасиет бар. Оған қол сұқсаңдар – азғаның. Мен ұлықтың қоқаң-лоқысына елімнің намысын, елдігі сыналар кезді сатпаймын. Абыройымды сатпаймын.

– Неге олай дейсің? Елдің намысын несіне айтасың.

– Елдің билігі, ата жолы, ежелгі тарихы сатылмайтын, жалтармайтын, ешкімге жағынбайтын және зорлыққа бағынбайтын сара жол. Ақ жол. Мен сонымен болармын.

– Ә, жақсы айттың. Бол! Бол! Тек дәл сонымен бол. Бірақ қатерді ескертем. Ол қатер әсіресе Абайдың бұрын оңайырақ, жеңілірек жағын бұрын қамтыр, соны ескертем.

– Мен қатерге Абаймен бірге басудан таймаспын, Арғыман. Абайдан жаным ардақты демеспін, білдің бе? – деп атқып тұрып кетеді.

– Ә, ә, Абайдың ақтығына көзің жетсе, мейлің. Бірге бас. Ал бірақ Абай ата жолынан азған, ел аластайтын бүлік, сотқар болса, сонда да бірге болам десең, онда өзінді-өзін жойып жүрме? Осыны ойла кетсең де. Ел Абайдан үркіп шыққан жерде қасында қалам деп пана да болмасың! Көре тұрып адасқаның үшін адамдық бағадан да айрыларсың, қанжығада текке қан боп кете бармасаң не қыласың? Бара бер... бірақ осындай алдындағы ізді ойлан, бар. Мен

күрбылық қарыздан құтылдым, болды! – дейді. Керім жалғыз, қатты қиналып үріккендей боп ойланып кетеді.

* * *

Айнала ұшан-теңіз селеулі сардала. Алда кішілеу қоңыр адыр. Ұзақ даладан келе жатқан екі салт атты. Адыр ішімен жалғыз аяқ жол жүреді. Сонымен екі салт атты тақап келеді. Адыр іші тарлау сайға айналды. Басында обасы бар шошақ қоңыр биікше бар. Соның басында атын төменге тұсап қойып, обаны таса қып баспалап суық көз қадалып тұр.

Екі атты тақап келеді. Күміс ер-тоқымдары күнге шағысады. Суық көз қадала түсті. Аттылар жақын. Жыртық тымақ, тас түстеніп баса киілген. Обаның түбіндегі адам кейін сырғиды. Қара сақалы бар, қошқар тұмсық, ашаң жүзді көреген, сақ өзі. Аз кейінірек шегініп, тымағын төмен бұлғап, ілгері қарай бас дегендей белгі етті бір жаққа. Екінші жаққа тағы да тымағын сілтеп, алдын нұсқап ақырын қозғала бергендей.

Обадан баспа қып тағы қарады. Аттылар жақын келеді. Сайға кіре бастады. Өзі кейінірек барып, мұрнынан төменгі жерін: аузын, иек, сақалын орамалмен таңып алды. Атқып кеп ойда тұрған атын міне шаба берді. Қолында айбалтасы күн көзіне жарқ етті.

Сай ішімен Әли-заде мен Баймағамбет келеді. Күліп өңгімелесіп келеді.

Бір кезде арттағы Баймағамбеттің аты ығысып, үркіп атқып кетті. Екі ат қағысып, соқтығысып қалды. Екі жолаушы арттарына жалт қарасты. Қараса, бес атты жау жақыннан, дөңнен аса, бүйірден шүйіліп сойылдарын, айбалта, найзаларын сатырлата қағысып жосып келеді.

– Қаш! Жөнел! – деп Баймағамбет атын тебініп жөнеле берді. Әли-заде атын қамшылап жосыта жөнелді.

Бірақ арттағылар бастырмалатып келеді..

Жолаушылар қатарласа шауып кезеңге шыға берді. Сөйткенде алдарынан айбалта, сойылдарын көлденең төсеп төрт ұры тұра қалды. Беттерін тегіс таңып алған. Киімдері сүп-сүр. Алды-арттың бәрі өмір, бұйрық, айғай:

– Түс! Түс! Бас... бас көзінді!

– Түс аттан, жаның барында! – деп бағанағы басшы

өзі жетіп кеп, Әли-заде мен Баймағамбетті бір-бір жасқап, салып-салып өтті...

Баймағамбет, Әли-заде аттарынан айрылған, жаяу. Киімдері тегіс тоналған. Әли-заде тасқа сүйеніп ұрыларға карап басын изеп отыр. Баймағамбет жөнеле берген басшы ұрының атының ауыздығынан алды. Өзі дамбалшаң ғана, жалаңаш.

— Өй, тым құрмаса бір су басына апарып тастандар. Мінгестір! Өлтіремісің түге! — деп оралып жүр.

Ұрылар кетпек еді, бастық бұйрық етіп:

— Уай, сөзі жөн ғой сорлының. Қаталап өлер. Тым құрса мынау тау астындағы бұлаққа апарып тастайық! — дейді.

Әли-заде, Баймағамбет ұрыларға мінгесіп кеп, әдемі көк шалғынды сулы бұлақ басына түсті.

Ұрылар да түсіп, аттарын суғарып, өздері де сусындап жатыр.

Баймағамбет бұлақтың тасына шалжиып, талтая отырып алған. Мөлдір бұлақта бұның суреті айнадай өсем аппақ боп көрінеді. Баймағамбет сергіп көтеріле түсіп, еркін әмірлі жүзбен:

— Ал, ұрылар! Қызық болды, ә? — дейді.

Жас ұрылар қылжақ етіп күледі.

— Е, бұдан артық не қызық бар?

— Ат-тұрмандарыңды бердік, қызық әкелгені рас... — деп қылжақтай береді.

Баймағамбет міз бақпайды. Қоса күле түсіп:

— Ат-тонды тонағаның рас. Бірақ біздің әлі барымызды алған жоқсыңдар, — дейді. Кәрі ұры қызыға түсіп, жақын кеп:

— Ал ендеше, қалағаныңды айт.

— Айтам, отырыңдар! — дейді. Ұрылар Баймағамбетті мазақ етіп, бұлақ басына отырысады. Барлық жиын бұлақ суында мөлдіреп қозғала түсіп, күрсініп отыр.

— Ұрылар, сендерде қызық та болады. Бірақ іші пысатын сары бейнет те көп, солай емес пе? — дейді. Ұрылар қызыға түседі. Анталап тыңдағандай.

— Мысалы сар даладан жолаушылар келе жатыр. Тосып отырсың. Келді. Қаптадық, алдық. Немесе түнде жылқыға кірдің. Жылқышыны қан-жоса қылдың. Жылқыны сойылдап қуып, алып шықтың. Бұл қызық. Бұл рақат-ақ. Ал бірақ, үнемі ол бола бермейді. Кейде күнұзақ елсіз тауда, ессіз таста тоналатын кісіні күтіп сарыласың да отырасың.

Ешкім келмейді. Ұшқан құс, қыбыр еткен тышқан жоқ. Сонда қайтіп күн көресіңдер. Іш пысады ғой. Мынау Әли-заде елі өмірде сондайға деген ем бар. Біріне бірің ертек айтып отырсаң қандай рахат! — дейді.

Ұрылар қызыға түседі.

— Айт, ендеше, бір қызық ертек айтылады да ермек ететін, — дейді.

Баймағамбет:

— Бәсе, солай. Ал, тыңда, — деп бастап кетеді. — Уа, Нидерланд деген жұртта, Лейдин деген шаһарда инквизиция деген сот бопты. Ұрылар ынтыға түсіп, түсіне алмағандай:

— Не дедің, өй?

— Орыс ертегісімеді өзі? — Баймағамбет басын зорға бұрып:

— Орыс емес, француз ертегісі! — дейді. Айтып, сөйлеп жатыр.

— Е, оны сен қайдан білдің?

— Абай айтқан... Абай айтып берген ертек.

Ұрылар бір-біріне қарап, қожырай түсіп:

— Абай, Абай деймісің? Абайды қайдан білуші ең? — деп ұрылар жақындай береді.

— Е, Абай менің жолдасым емес пе?

— Абай сенің жолдасың деймісің? Не дейсің, ей, өзің...

Жас ұры жақындап ырғала беріп:

— Сол осы Абай, Абай деген атты талай есіттім. Өзі кім дейді сол?

— Ол ақын, дәулескер ақын дейді ғой. Солай ма, өй? — деп қарт ұры сөйлейді.

— Ақын да, білгір де, жақсы да сол.

— Ендеше, соның бір өлеңін айтшы! — деседі. Барлық ұры күліп анталай келіп, үнсіз тілейді.

— Өлең бе, өлең, ендеше, тап мына тоналған жігіттің кеудесіне лық толы, бәрі Абай өлеңі! — дейді.

Әли-заде өлеңді соғып отыр. Шырқай түсіп айта береді. “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы”, “Көзімнің қарасы”, “Қор болды жаным” барлығын әнмен әсем айтады.

Жел соқты. Арқасы тоңазы түскендіктен бүрсеңдеп қойып айтады. Қамалап тыңдап отырған ұрының кәрісі Әли-заденің үстіне шапан әкеп жабады.

Баймағамбет: — Маған да жап! — дейді, бұйыра сөйлеген. Оған да жабады.

Ән сарнап айтылып жатыр. Күн еңкейді. Баймағамбет сапылдап ертеқ соғып отыр. Ұрылар анталап басып алған. Тағы да Әли-заде ән соқтырып жатыр. Ұрылар алдарына ет, күрт, сусын әкеп қойған. Етіктерін әкеп береді. Күн батты. Қас қарая бастады. Су бетін жел үріп, жыбырлата соқты. Әли-заде “Ауылдың жаны терең саймен” бітірді. Ұрылар арқаға қақты. Айналып оралып жүр.

Аттарын әкеп, қарт ұры өзі ерттеп, Баймағамбет пен Әли-задені қолтықтап алып аттарына мінгізіп, қол алысып қоштасып, жөнелтіп салып, қарап қалысады.

Жас ұры “Көзімнің қарасы” деген әнді ырғақтап, нобайлатып айта бастады. Аттылар кетіп, барып-барып дөңнен асты.

* * *

Қаралы кілем, қара киіздер тұтқан күнгірт үйдің ішінде көн беттенген суық түсті кемпір сыбырлап, шәншіліп, мұқата сөйлейді.

— Бүгін билік. “Көзін жой, қанын төк!” деп, ер-азаматты аттандырып жатыр ашынған ел. Сорлы бейбақ, адасқан, азған бейбақ, тіл құдайдан. Не деп барасың, не жүзбен барасың ием тәңірімнің алдына? Күнәлы сұмдығымды кешіре көр деп тіле! — дейді.

Ажар намаз оқып тұр. Жүдеу жүзі төмен салынған. Ерні баяу қыбырлайды. Тізесін басты, сәждаға барды. Жүгініп отырып бата қылды. Жайнамаз үстінен тұрмай, жылап, бүк түсіп қалды. Басқа бір жыртық оңаша үйде Айдар. Қабағы түйілген. Түрекеп, керегеге сүйеніп, сыртқа құлақ салып тыңдап тұр.

Қарауылдар сөйлейді.

— Қаптап барады. Жер қайысқан қол. Найза, сойыл, шоқпар да алысқан.

— Түстері қалай айдынды. Қайда барады бұлар? — Айдар үйде елең етіп, жалт қарайды. Жабыққа ұмтылады. Жабыса қарайды.

— Қалпы қандай суық еді. Билікке барады. Бүгін мынау жаралылардың билігі.

— Бәсе, қол басында Нарымбет, анау Мес!

— Әне біреу салмақпен, жекеленіп бара жатқан кім!

Айдар тесіктен қарап көріп тұр. Қалың аттылар, қаруланған, қатты кетіп өтіп барады.

— Ол би Жиренше ғой, — деді қарауыл зығыры қайнап, әрлі-берлі жүріп.

— Барып тыңдап, көре де алмадық. — Айдар Жиреншені көрді. Қап-қара атқа мінген, қара киімді. Жалғыз алда қолбасыдай.

— Әлдекімнің соры екен! Өзі қырғын шабыс боп кетпесе нетсін!

— О да болмай қалмас. Билік ырза қылса Жиренше, Нарымбет дегенін істейді, ырза қылмаса қол қимылды ойламаспекен осылар?

— Мынау жасанған қол тапап, басып, талқан етіп жібермесе не қылсын! — дейді.

Айдар сескеніп, ашу жиып, осы соңғы сөзден қатты түйсініп, басын жоғары жалт еткізе қарайды. Ой келген. Есікті ұрып тұр. — Шақыр!.. Шақыр мұнда болысты!.. Арызым, айтарым бар билік күнге! — дейді.

Тәкежан, тағы бірнеше жуан жирене қараған, паңдықпен зорға тыңдайды:

— Бүгін маған өлім айтар күн болса, өлтірер болса өз құлағыма естіртіп айтсын. Тым құрмаса бір ауыз сөзімді тыңдап өтсін!

Тәкежан аянышпен, қатал үнмен:

— Бұл тілегің болмайды. Бұл сахара көрмеген жол!

— Не қылса да қолыңдамын! Қашып жүргем жоқ. Отырмын ғой қолыңда. Кісенімен апарсын. Жалғыз сөз... — дей бергенде, Тәкежан:

— Әділ билік алдында қара жүзді айыпкер отырар орын жоқ! — деп есікті жаптыртып тайып кетеді.

* * *

Абай үйінде Еркежан намазын болып бата қылып, сырт айналады. Әбіш, Долгополов, Керім отыр. Олар ойда. Тыстан Көкбай кіреді.

— Қаптап келеді! Соғысқа, шабуылға беттегендей. — Еркежан, Қарлығаш, Көкбай, Долгополов есіктен қарайды. Жан-жақтың барлығынан қалың қол, аттылар қаптап

келеді. Алды ауыл жанындағы көк төбенің етегіне барып түсіп, аттарын қалмақша байлап-байлап тастаған. Сойыл, найзалары ерлердің қасына сүйелген.

– Айтқыза ма билікті!?

– Түстері қалай суық еді! – деп Көкбай, Еркежан жүдеп, күрсінеді. Әбіш алтыатарына оқ салып болып, қалтасына тығады.

Еркежан бұл үшеулеріне келіп:

– Абай қасында болсаңдаршы! Қасынан ұзамасаңдаршы тым құрыса. Я, құдай, сақтай гөр! – дейді.

– Билікке омырау жасамаса, тірі қалмақ қой... – дейді Керім..

Долгополов ойланып отырған Әбішке:

– Бұның бір үлкен қамы мынау. Қазір тезінен осы маңдағы халықты, кәрі-жасты, малшы-көршіні, көпшілік елді жию керек! – дейді. Әбіш тез ұғынып:

– Рас, олар қарулы қол жиса, біз ел жиюымыз шарт. Тез-тез. – Долгополов Көкбай, Әбішке:

– Ал тез кісі жөнелтіндер, шақыртындар! Жұрттың бәрі, биеші, түйеші, қойшы-қолаң. Бәр-бәрі жиылсын деңдер! – дейді.

Еркежан:

– Ол ем болса, Көкбай, шапшаң барсаңшы! – дейді. Көкбай тысқа кетеді.

Долгополов Әбіш, Керіммен сөйлесіп келеді. Алдарында көк төбе, жыбырлаған қалың аттар. Кейбірі ертоқыммен ересен жайылып жүр. Көпшілік шоқтай-шоқтай түйіліп байланып қойылған.

Жер аз, бірақ жер қайысқан ел. Көк төбенің етегінен бетіне, басына шейін жапырлай екі жақ боп отырып жатыр. Көпшілік Жиреншелердің қолы. Биліктің басына жақын оқшауырақ Жиренше. Ол түйіліп, жирене қарайды. Әлдекімді кінәлап, жақтырмағандай. Бұл топ жағы мол. Екінші топ селдір. Онда Абай отыр. Қасындағы жастар. Аздаған үлкендер. Құралдары жоқ. Абай ойда. Жүдей қарап, алысқа, айналаға көз сала береді.

Керім, Долгополов, Әбіш сөйлесіп келеді, Керімге:

– Бүгін Айдардың қыз алып қашқаны ғана тергелмейді. Айдар ғана емес. Бастығы Абай боп, өзің де тергеуде боласың. Осыған бекініп ал! – дейді.

Әбіш Керімге жабыса сөйлеп:

— Бүгін тергелетін ақындық пен ақын. Бұл елдің аузында бұрын малды қорғаған, жерді қорғаған дау болушы еді. Бойыңдағы қасиетінді, елдің қасиеті болатын асылыңды қорғауға сөз таппасаң не дейін! Жеңесің, Керім! — деп, құшақтай, жұлмалай түседі. Көңілдендірмек болады.

— Жиренше, кәрі түлкі, сені тасқа түсіруге тырысар. Бірақ қанша жүйрік болса да, ол артқа молаға қараған, әруақтан басқа нені сүйеу етеді. Сенің күнің алдыңнан, оңынан туған. Білім жарық күні. Жеңлетін жөнің жоқ! — дейді.

Керім салқын, сыздана тыңдап кеп:

— Артқа, молаға, әруаққа қараған деймісің. Дегеннің бәрі мола болса, барлық жер үстіндегі халықтардың діндері де бұрыннан қалған. Оны мола деу оңай ма, Нипонт. Дегенмен жеңу оңай ма, Әбіш!? — дейді де күледі. Жұмбақтау. Бірақ өзіне-өзі мығым.

— Ойлансаң ол қиын емес, Керім. Қысқасы, сенің жүйріктігіңе, біліміңе, өнеріңе де үлкен-үлкен сын осы ғой, — дейді Долгополов.

Тәкежан арғымақ ат үстінде, қастарында үкілі пошта шауып келеді. Арғыманға қағаз ұстата береді. — Делбегетай болысынан!

Арғыман асығыс ашып, жылдам оқып, жарқырай қуанып:

— Ұсталған! Ұсталыпты Әли-заде! Жіберілген осылай! Қайда, қазір қайда?

— Әкеле жату керек. Мені әдейі алдынан шаптырды.

— Қарауыл мығым ба?

— Мығым! Өңшең сенімді атшабардың бесеуін қосыпты!

Арғыман асығып, қайта бұйрық етіп:

— Шап! Тәкежан! Бер, қосар атты! Шаптыр. — Есі шыққан, шаршаған атшабарға: — Қазір қайта шап алдарынан. Тездет. Қазір қолма-қол жеткіз! Қуып отырып, анау Абай ауылының үстінде жиын боп жатыр, соған бір-ақ әкеліп түсіріңдер! Мені сонан табыңдар! Шап! Жөнел! — деп бұйрық етеді. Атшабар қос ат алып қайта шауып бара жатады.

V бөлім

Дөң басында жиын қалыңдаған. Жиренше мен Нарымбеттің аралық тұсынан ағайын кердең басып, сарала

түймелі айбынды сұлу чиновник Арғыман келіп, орын алады. Түсі жадыраңқы, мәз сияқты. Нарымбетке иіліп:

– Істің бетін білдің бе? – деп, қадала жанасады.

– Мерейі үстем, үндеме! Ана жақ шүйкімдей. Жиреншені көрмеймісің зар күйінде! – дейді.

Жиренше моланың басына қонған қара құстай жаулана қарайды. Арғыман сүйсініп күле қарап ентелей түсіп:

– Ол ғана емес! Әли-заде ұсталыпты!

– Ұсталып па, қайда?

– Осында алып келеді, бүгін, қазір жеткізіндер деп бұйрық еттім.

– Е, той болды десеңші! Самойловтар, стражниктер қайда, әзір ме?

– Жетеді... Әли-задені алып олар да жетеді. Той сонда басталады! – дейді.

Абай қасында қазақша киінген Долгополов, Әбіш... Жоғарырақ жерде Жиренше қарсысында Керім. Абайлар тобы әлі көп емес.

Нарымбет, Мес:

– Енді қашан?..

– Сырттан қашан келеді? – десіп дегбірсізденіп, айналаға мойын созып қарасады.

Абайлар да үнсіз, айналаға қарай береді.

Алыста айналада түтіндері будақтаған жыпырлаған қалың-қалың ауылдар. Мыңғырған мал. Алысқа қарап отырған Әбіштің жүзі сүйсініп жадырай бастайды. Долгополовты түртеді. Екеуі қадала қарайды.

Төрт тараптың бөріне де осы көк төбеге қарай шұбырған жаяулар, мінгескендер, түйе мінгендер, аттылар – қалың-қалың селдер ағылып келе жатыр. Келе жатқан анық халық, іштерінде қарттар, жастар, орта жасты сақалдылар да көп. Жан-жақтан ағылып келіп көк төбенің төріне қарай сыймай, сығылыса қаптап кеп отырысып жатыр.

Бұл күнге шейінгі көпшілік Жиренше кісілері, қарулы жігіттер еді. Соларды басатын селдей мол жұрт Абай жақтан, Жиренше жігіттерінің сыртынан орай келіп, қаптай отырыпты. Олардың да түстері суық. Абаймен барлық жерде бас изесіп, сәлем беріп, алыстан қол қусырып амандасып жатқандар көп.

20-30-дан бір топ, ортасында көселеу, қуқылт жүзді шал Асқар бар, топты жарып аттай-аттай басып кеп, Жиренше

кісілерінің алдыңғы қатарынан, қарулы азаматтардан ілгерілей өтіп кеп отыра бастады.

Жігіттер жақтырмай, қырыс қарап, қабақтарын түйеді. Шал бөгейін дегендерге мойын бұрып күле қарайды, ілгері баса береді. Қасындағы тобы өңшең еңгезердей, суық қабақты, шоқша сақалды, шолақ мұртты ірі жігіттер. Бәрі де өздерін әлгі шалдай мысқыл пішінді, сайқымазақ адамдарша ұстайды. Омырауларын аша салып, алжа-алжалау келеді. Сырт бейнелері өңшең ірікті жау түсіргіш, ер жылқышылар сияқты. Нарымбет, Арғыман жақтырмай түйіле қарасып еді. Мес солардың бетімен шалдың тобы орналаса бергенде:

— Немене омыраулап, шетіңнен? Ел-жұртты баса-көктеп қайда барасың? — деді.

Шал бұның сөзін сорая қарап тыңдап алып, Нарымбеттерге, кейінгі қарулы жігіттерге қарап алып, қатты сөйлеп:

— Е, қу дала, қу медиен дөңнің басын да қызғанамысың бізден. Бұл араға саған әкеп табақ тартатын кісі жоқ көрінеді. Сыбағанды жемейміз, отыра бер әрман! — деді. Қасындағы жұрт ду күлді.

Асқар, Абай және шетте жырағырақ жерге отырған орта жасты қабақ сақал зор дауысты Орман қалжың айтады.

— Уа, Асқар, мақұл айтасың. Мырзанікі төр болғанда, малайдікі дөң басы емес пе десеңші! — дейді. Тағы күлкі. Асқар басын шұлғып, иек қағып, аузын ашып, үнсіз күледі. Тісі жоқ. Екі езуінде екі ақ ұрт бар... Соған көзін сығырайта күлімсіреп отырып, ойнап мазақтап:

— Сал көзінді, ашық дөң басына! Ерте шық, түсте шық, кешке шық, уа, түнде шық! Күзет малды! — деп дөң басын осы жылқышы, қойшы бізге-ақ бұйрып қоймаппең? Енді бұл кеш бұны да көп көрдің бе? — дейді.

Азғана жұрт күледі. Жиренше түк естімегендей сыздана шертііп отыр. Танау қағады. Нарымбет, Мес бар, қасындағы жігіттер бар, тыжырынып, жиырылып қалады...

Нарымбет қасындағы кең жауырын, суық қабақ, қылжақ бет Ботпай күлгендерге суық қарап, күжілдеп үн қатып:

— Уай, жарқыным, жетті! Болды!.. Ehe-ehe, ehe-ehe! — деп ұқсата мазақтайды. Нарымбет кісілері күледі. — Айт

пен тойың емес. Күлкі күйлеп келгеніміз жоқ. Тек отыр, арман! — дейді.

— Е, күлкің келмесе, жылай бер ендеше!

— Біздің аузымызға сен иемедің?

— О несі? Күшінді үйінде айт! — деп, Асқарды, Орманды қостаған жұпыны киімді көпшілік әр жерден үн береді.

* * *

Жиын тағы қаптап келіп жатыр.

— Би қайда?

— Сырттан қайда бұл?

— Не ғып кешікті! — десіп Жиренше, Нарымбеттер күбірлейді.

— Сырттан ақсақал неғып кешікті? — деп Абай да асығып айнала қарайды.

Абай үйінде Еркежан Қарлығашты шақырып, төсек жанына апарып:

— Шеш киіміңді! — дейді. Қарлығаш күліп жайнап шешініп, еркекше шалбар киеді. Шашын басып тымақ киген. Сырғасын алып лақтырып тастайды. Әбден киініп шымылдық ішінен күле шығып, қолына сарала қамшының сабын сәнмен алып, мықынына таянып тұрып:

— Ассалаумағалейкум!.. Мал-жан, қора-қопсы аман ба? — деп күліп қояды.

Еркежан салқын түсте, қабағы қатыңқы, күрсіне түсіп:

— Күлкіні қой, Қарлығаш!.. Күлерлік күн бе?.. Тек бар айтқандарын ұғып, естіп отыр. Түгел ұғып ал. Жеткіз бізге, — дейді.

Еркежан қасында бірнеше уайым басқан қартаң бәйбіше, жас қатындар қабақтарын түйе қарайды. Еркежан Қарлығашты жөнелтіп жатып: — Көкбайды тап! Қасында бол соның! — дейді. Қарлығаш бұлаңдап, сәнденіп, ойнақшып кете барады.

* * *

Қарлығаш дөң басындағы топ ішін саспай аралап, Көкбайды қарап жүр. Бойлай-бойлай қарап қояды. Жаңағы жұрт қазір жым-жырт. Төменгі қарулы және кедейлер,

көпшілік жақ томсарыңқы. Қарлығаш бір кезде Көкбайды көрді. Орта жолда біреуді басып кетіп, ол қағып жібереді. Қарлығаш ұяла күле қарап өте береді. Біреудің иығынан аттай бергенде етегінен тартып бүріп алады. Жалынған сыпайы, жақсы жүзбен ашушаң шалды да арқаға қағып тағы өте береді. Терлеп-тепшіп Көкбай қасына жетіп, иығынан қағып қалып:

— Әрі отыр, балам!.. — дейді, жуандатқан даусын Көкбай байқамай ығысады да, Қарлығашты танып, бетін әйелдерше шымшып:

— Ойбай, бетім, сорақы! Сені кім шақырды!? — дейді. Абай жаққа қарайды екеуі де. Қарлығаш Көкбайды иығынан жұлқып өзіне бұрып:

— Үндеме, керегім бар, естимін! — дейді.

Көкбай тамсанып та, тамашалай да қарап:

— Ел ел болғалы ердің құны кесілетін дауға ең алғаш қатысатын сен боларсың. Бұ не масқара!? Жиреншеге айтсам ғой, тамтығың қалмайды қазір! — дейді.

— Осындай қорлықты көзі көріп, іші білсе де, жанға айтпай жасырып қалатын ең бірінші намыссыз еркек те сен боларсың! — дейді Қарлығаш күліп.

Осы кезде қастарындағы жұрт:

— Токта!

— Отыр!.. Би! Би келді!

— Билер келеді.

— Отыр!.. Тыныш отыр.

— Даурықпа! Би кеп қалды! — деседі.

Төмендегі жұрттың бәрі дөң басына қарай қадала, анталай қараған. Дөң басындағы Абайлар, Жиренше, Арғымандар да сол бір жаққа бет бұрған! Үнсіз тосып қалысқан.

Енді дөң басында отырған барлық үлкендер жиыны — Абай, Жиренше, Керім, Нарымбет, Арғымандар бір сәтте тегіс дүрк-дүрк түрекелісті.

— Би!

— Би келеді!.. — десіп төмендегі жиын да орнынан тұрып аңырып қалысады. — Би! Би келеді! — дескен сыбыр, шолақ-шолақ күбір таудың төбесінен етегіне жетіп, етектен қайтадан дүр-дүр етіп дөң басына қарап:

— Би, би келіп қалды! — деп, толқи сыбырлай, сусылдай жүйткіді. Дәл осы шақта көк дөңнің тап биік басына қарай шығып келе жатқан үп-үшкір қос құлақ көрінеді. Жұрт

кайран. Енді бір сәтте күміс жүгенді ақ аттың қос құлағы, шоқпардай кекілі көрініп, содан әрі жылжи-жылжи кеп басы көрінеді. Күміс жүген жарқ-жүрқ етеді. Аттың басы жиынға амандасқандай шұлғи түсіп тоқырап қалды. Екі құлағы ойға, халыққа таман шаншыла қарап, төмендегі жиынға оқтай қадалған. Ойдағы биге қарай таң қалған, аңыраған жұрттың пішіндері. Би! Би келеді! Сырттағы қатты сыбыр. Енді ақ ат ілгерілей түсті. Ат үстіндегі Сырттанның омырауы, аппақ үлкен сақалы екі айырыла түсіп шалқып келген. Дөң басында қақ жарылып отырған Абай, Жиренше тобының тап ортасынан кеп шығып, Сырттан аттан түседі, әуелі ойдағы, айналадағы жиынға суық көзін болжай салып, паңдықпен сығырая қарап тұрып қалады. Жұрт түрекеп тұр. Үнсіз.

Сырттан алда. Соның арт жағынан он шақты атты тақап келді. Өңшең ақ сақалды мен денелі, үлкен, күміс кіселі қарттар!.. Көпшілік баран атты. Тап орта тұста, аттың басын өзгелерден оздырып, ақ сақалын жайып салып, жиынға қарамай жіті бастырып келе жатқан Сырттан астында үйдей аппақ аты бар. Жұрттың бәрі қадала сескене қарағандай.

— Өңшең аптал жүйріктер!..

— Бәрі де қатал билер!

— Бәрінен де Сырттан суық!.. — десіп Көкбай, Қарлығаш қасындағы жиын, томсара қарайды.

— Көкбай-ай, түстері қандай суық еді!.. — деп Қарлығаш Көкбайға қарай ығыса түседі.

Аздан соң қарттың ерні болымсыз қыбыр етті.

Екі жағынан Жиренше мен Керім кеп, бірі аттың ауыздығын ұстап, бірі қолтығынан алып үлкен құрметпен, еппен түсірді. Атты кейін алып кетісті.

Екі би екі жағынан қолтықтап кеп, ең биік орынға отырғызды. Үстінде аппақ кебентайы бар, ақ елтірі тымақты, ақ сақалды, аппақ. Бір тамам жиыннан жоғары, жалғыз, оқшау, тап биік ортаға отырды. Арт жағын орай, ере келген басқа ақсақалдар орналасқан. Солардың ішінде суық жүзбен томсарған Тәкежан.

Сырттан жайланып отырысымен жұрт жым-жырт ойдан дөң басына шейін демін ішіне тартып қалып, қатып қарай қалған. Сырттан қос қолын халыққа таман көтеріп бата қылатындай баяу созып сөз бастап кетті.

— Ей, ағайынды-қарындас! Күн райы бұзылды. Бейбіт елдің бейқам көшін көремісің? Қай сорға кетіп барады?

Отқа түсе ме, опқа бата ма, қайда әкетіп барасың! Тату едің, төтті едің, қарға тамырлы қарындас ең. Кер кезеңде керісіп тұрғаның мынау. Не тығырыққа қамалдық? Қиялап шығар жол бар ма? Әлде заман азды, заң тозды дермісің? Бірақ қисайта қылыш сермейсің, кессең өз қолыңды кесерсің. Кімді мәнсұқ етерсің? Кесір насырға шапсын ба? Жо, телегей толқын сабасына түссін бе? Барар бетің немене? Алдыңды тостым, ағайын...

Ж и р е н ш е. Тағы да тас қияда қағысып тұрмыз. Тағыдайын шайқастық. Төменде, құзда “қанды басың бері тарт” деп құлағанды тосып, түпсіз терең тұңғиық тұр. Тұрсын солай, болсын солай. Бас пәлесі емес, ел пәлесі. Кімнен шықты, неден шықты? Неден шықса да, елді аямас қатыбас тастан шықты. Заман азды деймісің? Заман азған жоқ. Күн орнынан шығады, ай орнына батады. Заң азды деймісің? Заң азған жоқ, баланың аты бала, бөрінің күшігі емес. Қатынның аты қатын, қаншық емес. Ел азды деймісің, ел азған жоқ. Атам – қазақ, руым – Тобықты. Абай, елімді аздыра алмаймын. Ендеше, бүгін қолымдағы жесірімді алатын, ертең қойнымдағы қатынымды алам дер. Мұның аты кім? Ел қауына өрт қойған қас емей, кім осы? “Мен қастық деп” кеп тұрса, қасқара шаппас нем қалды? Қан болмай неге жіберем? Шабыспай неге шайлығам? Уытын жаяр усойқы, тамырын жұлмай қалам ба?.. Талабым талғау емес, байлауым біреу... ел бүлігі сұм – екеуі де өледі... Өлгенде ат құйрығына байлап тұрып, сүйрете тартып жөнелтсін. Ит жемес боп өлсін. Ұл-қызым көзі көрсін.

К е р і м. Қазақ, қазақ дейсің-ау, жер-жаһанға көзің сал. Қазақ та адам баласы. Қалың адам баласынан қазақтың қасқасы бөлек емес. Заман азбасын. Бірақ заманның күні-түні бар. Бәйшешек атқан сәуірі, сықырлаған қарлы, суық қаңтары бар. Бар көрі саған ұқсаса, сен аязды қаңтарсың. Бар жас бірден тыныс етсе – ол сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың? Мөңкімей тұрып, мойның бүр. Жас дәуреннің шамшырағы, махаббат дегенді естіп пе ең, я ұмыттың ба? Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха, Көрпеш пен Баян және ана Баймағамбет айтады: Ромео мен Джульетта. Сол шерлердің қанды зарын естігенде, қай адамның қабырғасы қайыспайды? Тобықты емес, шүршіт бол, шіміркенбей тыңдаған бар ма? Ажар бар да Айдар бар.

Ажар жетім еді, жетім қозы түртіншек. Кім бастайды, қайдан бастайды. Ажарға не кінә бар? Балық басынан... не десең де Айдарды айтарсың... Бірақ Айдар кім еді? Айдар — елдің Айдары, көп торының ішінде ақты-бозды жүйрігі, қайтіп қолың батады? Рас, алтын ерің атқа батса, талқан қыл да отқа жақ дерсің, ұя бұзды, шідер үзді, ортама от тастады дерсің Айдарды. Бірақ Айдар кім еді? Айдар — елдің думаны. Қайтіп отқа қиясың?.. Рас, шеттен келсе шебіме тиіп несі бар, дос болса бедел сақтамас па еді? Ата-бабам әруағына, ағайынның ұйтқысына қас боп келді... келді де бұзды. Бірді бұзды, елді бұзды дерсің Айдарды. Бірақ Айдар ақының... асылың... Ол жас емес пе?.. Жастық албырт емес пе? Намысымды таптады дерсің Айдарды, не демек керек... Бірақ Айдар ақын... Албырт, қайтіп қиясың?..

Ж и р е н ш е (*кекесінен күліп*). Айтар сөзің албырт қой. Албыртса, тегі тергеу жоқ қой? Адамды қой, албыртқанмен, хайуан екең хайуан да артын ойлайды ғой. Екі мысық қарықса, ол да адамның панасын іздеп келеді. Өзге мысық таламаса деп қара тартады. Ол екең ол да жалтақтайды ғой.

К е р і м. Жиренше, сіз үлкен кісісіз. Жол айтуым жөні жоқ, бірақ біздің бастан тарақ қалғалы қашан деп таз қыз айтыпты ғой, сол тәрізді ұмытқан нәрсеңізді қозғап қайтесіз? Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны ұғар едіңіз. Жалғыз-ақ зәу шайтан өш мысықтан өзің қысылған шағыңда маған кел дер ем. Не керек. Ұмытыпсың ғой.

Ж и р е н ш е. Мен ұмытшақ емеспін. Сендер орыс боп барасың, оны да ұмытпаймын. Не деген азат Ажар, оны да ұмытпаймын. Қайда бастайсың елімді. Шеркеуге ме?

Нарымбет, Мес, қарулы қол. Қозданып кетеді. Қамшылар қымтап, ұмтылысып қалады. Асқар тобы кескестей береді.

К е р і м. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалмаушы ма еді? Айдар шеттен келген жалғыз жан еді. Зығыр жеп кеп еді. Абайды қорғалап келмеп пе еді? Абайды қорғаласа, әруақты ел деп, сені қорғалап келгені емес пе? Абайдың абыройын қайтесің? Абай елдің Абайы емес пе еді? Кімнің сағын сындырасың?

Ж и р е н ш е. Мен алысты сүзбейін, осы елдің кешегі көз алдынан өткенін, өз ішінен іздейін. Мамырды бұзып

Қалқаман тап бүгінгідей шайқағанда, Әнет бабам, осы елдің әулие, көрі бабасы, не ғып еді? Бұзақысың деп Көкенайдың садағына байлап бермеп пе еді? Арғын мен Найманды тап бүгінгідей Еңлік пен Кебек бүлдіргенде, бергі атам – қабілетті Қабекен не қып еді? Өз билігімен екеуін де мойындарына арқан тағып өлтірмеп пе еді? Сол Қалқаман, Кебек осал жандар ма еді? Ақын дейсің, Қалқаман, Кебектен асыл ма? Олар бұл елдің бұрын маңдайына бітпеген еңіреген ері емес пе еді? Бөтен емес, өзі еді, ет-бауыры еді. Ел тыныштығы үшін сонысын да аяп па еді?..

К е р і м. Аяныш.

Ж и р е н ш е. Аяныш па? Жауапкер сендерсің...

Нарымбет қолы қозданып үрбіп кетеді. Халық әр жерден жақтырмай: — Отыр! Басыл... өрекіме! — дейді. Қызу күшейген.

Керім үнсіз.

— Абай... — Нарымбеттер сөйлетпейді. Қызу.

Сырттан сөз береді.

А б а й. Халық емес билік айтқан.

Н а р ы м б е т. Ат мініп жадауыр деме.

Күлкі. Асқар екі ұртын тышқан тісіндей ақситып үнсіз күледі. Орман маңындағылар куәлік айтады. Пара алған.

Қарлығаш күледі... — Шайға қанбайды асылыңда... Бес самауырды жалғыз ішеді.

К ө к б а й. Қайдан білесің?

Қ а р л ы ғ а ш. Өзім құйып бергем.

А б а й. Кім шығады?

Бұрын баяу отырған халық енді қозданып, жан біте бастайды.

А б а й. Ей, Жиренше, Қалқаман мен Кебекті айттың, Әнет пенен Кеңгірбайды айттың, текке айтқан жоқсың. Табандап тұрып, тап жығарым деп айттың. Жасағыңа өлі әруақты жиып кепсің. Өткенді айтып өктейсің кеп. Қойшысы ұйқыда, қойы қасқырмен бірге өрген күні еді демексің. Солай ма екен? Сен айтқанды айтты ма екен, сол өткен күннің халқы? Сен айтқанды айтты ма екен, мына бүгінгі ұрпақ, мынау отырған халайық? Айтпайды, үйткені өткені үшін күңіренген халық бұл халық. Өткен күннің қаттыларын, қаталдығын даттайсың. Қаттылық бір мен екіде, халықта ма еді? Сол қаттылар не көміп, нені егіп

кетті... Қараңғылық, надандықты көмбе қып кетті. Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас. Нені мұра қып кетті? Ұлына тұсау, қызына нокта кидіріп, құл мен күң етіп кетті халықтың жас ұрпағын.

Ж и р е н ш е. Е, Абай, алыстағы атадан, Әнет бабаң, Кеңгірбайдан безіп шықтың ғой. Атаны қояйын, ал бірақ кешегі Күнекеңді – өзің туған әкеңді қайда қоясың? Тап осындай Қодар мен Қамқаны – ел бүлігі екі сұмды, нар түйеге мойындарынан қосақтап астырып өлтірген дәл сенің өз әкең емес пе еді? Ел сұмдықтан тыйылсын, көріп көзі қансын, түңіліп көңілі шайылсын деп істемеп пе еді? Сенің әкеңді мен өз көргеніммен куә етейін. Бұған не дейсің? Тіпті әкең ғана емес, өзінді және куә етейін, бала күнінде менімен ере барып, тап өз көзіңмен көрген сен емес пе едің? Абай емес пе едің?

А б а й. Бәрекедді, көргемін, көргенім анық. Жақсы айттың. Ендеше, сол сұмдықты көргендіктен әлі күнге есіме түссе, ет жүрегім қан жылайды. Сол сұмдықты көргендіктен бүгін Айдар мен Ажардың тілеуін тілеп кеп отырмын. Оны сен де көрген едің, Жиренше, бірақ тағы да қисайта айтып, теріс айтып отырсың. Түйеге асып өлтірген еді дейсің. Сол ғана ма еді. Түйеге асып, соның артынан құз басынан құлатып, ақырында қырық рудың адамына қырық кесек атқызып, таспен мылжалап өлтіріп еді. Неге сүйтті? Қодарға тағылған кінә – шын кінә емес, жала еді. Ақ-қарасына жетпей-ақ өлтіру керек болды. Соның жауабын жалғыз алмай, көпке жаймақ үшін қырық атаның баласы өз қолдарымен кесек атты. Сол кесек атқанның бәрі де Қодарды өлтірушілер еді.

Онда сенің атаң, Жиренше, сенің әкең, Оразбай, сенің атаң, Нарымбет, баршасы да бар еді. Бастығы – менің әкем. Ал осы әкелерді ақтаймын ба мен? Ей, халайық, біл міне, куә бол, ақтамаймын, қайта “ақ еді” деп жанын берсе, Жиренше берсін. Мен болсам, сол әкемнің және Жиренше, Оразбай, сендердің әкелеріңнің сол күнәлары үшін мына халық алдында қарыздармын деп санаймын. Ол қарызым – адамшылық, әділет қарызы; қарыздармын, халық, сенің алдында! Әлім жетсе, қолымнан келсе, сол қарызымды ақтамақпын... Бүгінгі елдің жетім қызы, жалқы жігіті, сені ақтасам, сол Әнет, Кеңгірбай, Құнанбайлар

сияқты, келер ұрпақтан қарғыс алмаймын деп ақтаймын... Байлауым сол, өлтірем деген сөз жойылсын! Екі жастың тілеуін оңғарсын... Малмен тарқар түйінге мен жан, малмен жауаптымын. Сөзім осы, халайық... Ал енді мынау қария кесігін айтсын.

Ж и р е н ш е. Сол ата-баба жолындамыз, олар заманы дұрыс заман.

А б а й (қысқа). Неліктен, несімен дұрыс заман.

Ж и р е н ш е. Өзгені қойғанда олар заманы пайғамбар заманына жақын. Заман өткен сайын сен сияқтылар көп шығып, елді аздырып, заманды тоздыра бермек. Сондықтан зарлы.

А б а й. Е, Жиренше, құдайдың рақымына алыс-жақын жоқ. Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында айықпас мұз, жібімес тоң жатады. Бауырында алма мәуе өсіп жан иесін қарқ қылады. Сенің аталарың пайғамбарға өз әкесінен жақын емес. Ол бар мұсылман бөріне мәлім кәпір болған дейді. (*Жұрт қарқ күледі.*)

— Қарыздармын. Халық... өз әкем үшін, мыналардың әкесі үшін де...

О р м а н. Бүгін халық сені тыңдап отыр, қария.

С ы р т т а н. Айтылар сөз айтылды ғой... Мынау сақал-шашымның ағында, төрімнен көрім жуық шағымда қол-басыма қара жамылып, сақал-шашым күнәға батып, нақақ қанды мойныма жүктеп, құдай алдына не деп барам?.. Барар дәрменім жоқ... Сол екі сұм ит те болса, тірі болсын.

Д а у ы с т а р. Уа, айтқаның келсін!.. Бәсе!.. Дегенің болсын!.. Тілеуің берсін!

Халық дүр еткен қуанышты. — Шүйінші! (*Қарлығаш жүгіреді. Білгі жұртқа оралып, жығылып, қайта тұра жүгіріп, таяқ жеп, сүйінші деп қақтығып жүреді.*)

А б а й (Керімге). Неге мойып қалдың? Жарықтың бөрі гүлді әпере бере ме? Жеңілдім деп жасыма. Тегеурінің жетіле келе, Жиреншені әлі-ақ талай жеңерсің. Көтер қолыңды!

К е р і м. Абай аға, өзімді-өзім кешпестей түңіліп тұрмын.

Н а р ы м б е т (Абайға). Билік бітті, бір жеңіп берді. Бітті, тынды жаулық дейсің ғой. Шын үлкен жаулық, айықпас жаулық енді басталды. Ант етемін осымен.

А б а й. Ант етпеймін, серт етейін. Басыңа билік бігіртпеймін. Шын билік енді басталды. Ол осы ақынды үкімге

байлаған мінездер туралы жыр жасайтын билік!.. Ей, халық, куә бол. Біліп қой. Енді өткен мінез, бөгде мінезге ақын айтқан, жырдың айтқан билігін есітесіңдер енді. Көкбай, шап Айдарға, алып кел. Біткен жырымен алып кел халыққа, — дейді.

Жиренше, Нарымбет Кеңгірбай бейітінің басында құран оқып, бата қып болып, Нарымбет қолымен ақсарбас қойды бауыздайды. Қанына қол малысады. — Кек. — Бастарына тас көтеріседі. — Кек. Аяу білмес ашу.

VI бөлім

Арғыман асығады. — Қайда, қайда Әли-заде? Тұтқын.— Тәкежанды қысады. Стражниктер жеткен. — Қайда? — Абайға билік аяғында өлердей өшіге, қызыға қарасады. Арғыман, стражниктер. Әли-задәні, Баймағамбетті қолдарын таңып, ортаға алған бес атшабар ыстық күнде шыжып қайнап жүріп келді. Әли-заде ән салып, өлең айтып келе жатыр.

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап, —

деген өлеңді айтып келеді. Бес атшабардың үлкені зор қара, қаба сақал Тайқар. Құлақ салып, артта жалғыз ақсиып күліп келеді.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.

Өзге атшабарлар да тыңдап келеді.
— Дәл біздің болыс.
— Ол емес, дәл әкесі. 15 жыл болғанда осымен болды ғой.
— Оны айтамысыңдар? Біздің Абралы болысы да осы ғой.

Болыстың көті шөмейді...

Қарқылдап күліседі атшабарлар. Әли-заде мен Тайқар әңгімелесіп келеді.

– Абай айтқан деймісің? Жарықтық қалай-қалай тауып айтқан?

Баймағамбет: – Тілесен Абай сендей атарман, шабарман, бас кесерлерді де айтқан, – дейді.

– Қой мені неғысын?

– Сен басшы боп тұрсын ғой. Қол-аяғымызды байлап. Сыпайы, жақсы екен. Абайдың көз алдына барарсың, бәлем, Ыбырай, осылай байлап...

– Е, Абай сендерді не қысын, біз қашқынды...

– Абайдың осы қашқын досы болса қайтесің...

– Досы? Абайдың ба? Бұлар бір елдің еңірегген азаматы.

Тайқар Әли-задеге қарап басын шұлғып:

– Е-е... Бәсе, бұ қайдан біледі десем. Солай ма едің, жігітім!?

Тайқар қасындағы атшабарларға:

– Пай-пай, мына күн қызар болды-ау! Ел бар ма? Ел қайда, ойбай, ел қайда? – дейді.

– Бәсе, ел қайда? Шөлдедік, қажыдық қой, – деп жас атшабар жалына қарайды.

– Токта! – деп Тайқар бұйрық еткен. Төрт атшабарға екі жақтағы төрт бел биіктерін көрсетіп: – Сен анаған, сен анаған. Уа, сен анаған барып қарауылдап, ел бар ма біліп келіңдер. Жүре алмаймыз мына күнде, өлеміз бе? Ел тауып келіңдер! Бар, шап! – дейді.

Төрт атшабар төрт жаққа шауып кеткен.

Тайқар тұтқындарды тоқтатады. Аттан өзі бұрын түсіп, мынау екеудің де қолдарын шешеді. Аттан түсіреді.

– Жатайық... ұйықтайық! Келіңдер, ұйықтандар! – дейді.

Баймағамбет, Әли-заде таң қалысып, бір-біріне қарайды. Жатқан болады.

Тайқар қорылдап жатыр. Баймағамбет Әли-задені түртті. Тайқарды нұсқайды. Ұйқыға кетті дейді.

Әли-заде кейін қарайды, екеуі ыммен сөйлеседі. Қашпақ сияқты.

Баймағамбет Тайқарды бағып, үстіне төніп тұр. Әли-заде басын шайқайды. Ұйықтамаған дегендей. Бірақ аттарды ыңғайлай бастайды. Баймағамбет Тайқарды бағып тұр,

бір нәрсені болжағандай. Әли-задеге көзін қысып, басын шайқап, күле қарап Тайқарға:

– Уай, осы сен ұйықтап отырсың ғой!? – дейді.

Тайқар меңірене түседі:

– Әрине! – деп қояды. Әли-заде сескеніп қалады.

Баймағамбет міз бақпайды.

– Ендеше, түк сезбепсің ғой, ә?

– Әрине...

Екі қашқын аттарын жетектеп, Тайқардың басына келеді. Баймағамбет шылбырды босатып шешіп алып келіп, Тайқарға:

– Уай, ендеше ұйықтап жатқанда қол-аяғыңды байлап кетсек жақсы болды ғой! Ә? – дейді.

Тайқар:

– Әрине! Абайға сәлем де!.. – дейді.

Баймағамбет, Әли-заде тездетіп өтірік ұйықтап жатқан Тайқардың қол-аяғын байлаған.

Аттарына мініп алып, жарыса жөнеледі.

* * *

Той күні. Қатарлап тігілген көп үлкен, кестелі ақ үйлер. Топты мәнді киінген қыз-келіншек бір үйлерден шығып, бір үйлерге кіріп, күлкі, қуанышпен аралап жүр. Қарлығаш бастаған бір топ келіншек кестелі ақ үйге кірді. Шымылдық ішінде Ажар. Оның жүзі бақыт, қуанышпен жадыраған. Қарлығаш қасына келіп оралып... барлық әйелдер қоршап басына сәукеле кигізіп жатады.

Тыста аттылар табақ тартып жүр. Көп қатар ақ үйлердің алдында күтушілер. Етке толы табақтар, қымызға толы тегенелер, бос тостаған, подностар лып етіп жатыр.

Үйлер, үйлер толы үлкендер, қарттар, ортада Сырттан қымыз ішіп, қызара бөртеді. Екінші үйде жастар, оларда күлкілі қызу қымыз, қымыз ішіліп жатыр. Домбырамен әндер шырқайды.

Далада, әсем көгалда сансыз көп атшылар, теңге алысады. Екпіндеп ұшқан жасау жүйрік аттармен серке тартылып жүр. Күрес, аударыс жасау бір топ жүр. Қалың топ көкпар артынан жел қуған өрттей шалқып алыс

белге жосып кетіп, ауылдарына қарай қайта дүркірейді. Тұра қалып серке тартысады. Ұйлығып, үйіліп тұрысып қалып, тағы қос аттылар жұрттан тартып алып, шығып оза жөнеледі.

Үйдегі үлкен жиын арасында, Сырттан жиынында Абай.

— Енді жыр айтылсын!

— Бәсе, жыр, Айдар жыры бар деп ең, Абай. Соны айтқызайық.

— Айтқызындар. Келтіртіндер Айдарды! Қайда Айдар... — деседі. Абай сүйсіне күледі.

Әйелдер ортасында Еркежан.

— Жыр! Жырын айтқызайық. Жақсы жыр жазыпты дейді тұтқында.

— Айтсын жырын, тойына айтпай қайда айтады.

— Айтқыз жырын, Еркежан! — деп бәйбішелер, қартаң қатындар Еркежанды қоршайды.

* * *

Оңаша сұлу, жасаулы отау ішінде Айдар, Долгополов, Керім, Әбіш, Көкбай. Айдар қағазына қарап отырып, көптен айтып отырған сияқты. Терлеп қиналып, соңғы тынар жерін созып кеп әнін, жырын бітірді.

Көкбай сүйсініп кеп:

— Қайырлы болсын, ақылыңнан, өнеріңнен айналдым. Ақтадың Абай ағам ұстаздығын! — деп кеп Айдармен сүйіседі.

Долгополов, Әбіштер де құшақтайды. Керім суық. Ашумен қарайды Айдарға. Көкбайларға мазақ ете, мысқылдай қарайды.

Әбіш осыны байқап Керімге:

— Жә, Керім, сен не дедің!.. — дейді.

Керім ашулы: — Бұл қиянат. Елге, елдікке істеген қиянат! Тобықты — менің туған елім, аруақты асыл ел. Оның атасы Кеңгірбайды қабан деп қорлаған сен, Айдар, жатсың.

— Не дейсің, Керім... Ендеше, барынды жеткізіп айт! — деп Айдар қадалып жауап күтеді.

— Барым сол, жесірін бір алып, әруағын екі қорлайтын, ұрпаққа таңбалап беріп қорлайтын жаумедің сен? Айт жөніңді, — дейді.

Долгополов салқын, баяу үнмен:

– Керім, ең үлгі, басшы болатын ақын атаның ғана ұлы емес, елдің ұлы. Көрмепең, білмеушімең?

– Жок, мен елдің ұлы болу үшін, әуел атаның да жақсы ұлы болу керек деген жолдамын.

Айдар ызалы: – Ендеше, шынға шын орай болсын. Сен билікте неге тоқтаған сырыңды да осымен аштым десеңші. Қайран Абай, саған да сеніп жүр-ау.

– Елден елді айырып ең, енді ағадан ініні айыруың қалды ма? Пәлесі болдың, сен бұл елдің.

– Сен аздың, ақын жолынан, ақ жолдан аздың. Қорқып, бықсып аздың.

– Айтқызбаймын бұл жырды, таратпаймын халыққа, айтып көр бүгін. Қарғыс! Қарғысы атар Кеңгірбайдың.

Әбіш: — Тоқтаңдар! — дейді.

Долгополов: — Ендеше, бұл жырды алдымен Абай тыңдау керек. Жарыққа бастаған жаңа жол әрқашан осындай қарсылық, ереуіл көрмей жүрмейтін, жасыма, Айдар! Берік бол жолыңа. Бірақ Абай тыңдасын! — дейді.

Керім ашумен үнсіз қостап:

– Бәсе, тыңдасын Абай ағам. Ол рұқсат етпейді. Етпеу керек бұл жырды. Таратпау керек, жырлаумен біздің жолдан елді үркітетін пәле жырла демейді.

– Болды, байлау сол! Тыңдасын Абай ағам! — дейді.

* * *

Жастардың қалың жиыны керней берді. Үйді кернеп, лық толтырып басып барады. Жабықтан қарайды. Әрберден соң үзікті тіліп қарайды. Кернеген жұрттың тыңдағаны Айдар жыры. Ортада Абай, шәкірттері. Айдар домбырамен қостай түсіп, соғып отыр.

Мен көрем кешегі өткен ел күйігін...

Керім, Сырттан, Тәкежан, Жиреншелер жирене тыңдайды. Шалдар көбейген. Ашулы, ызалы жұрт молайған. Өн тоқтады.

Алыстан, ауыл сыртынан, ауылды үй-үйлер арасынан жастар, балалар, қыз-келіншек, көрілер, малшы-құлаң ағылып, ағылып келе жатыр.

– Жыр... Тамаша жыр!
– Айдар жыры.
– Жаңа жыр.
– Тыңдаймыз. Айтсын. Халыққа айтсын! – деп кернеп келеді. Ән аяқталды.

Сырттағы Жиренше, Тәкежандар үйдің үзігін сыпырып тастайды. Ашулы ақсиган тістер, арандай ашылған ауыздар айғайлап:

– Масқара...
– Әруақты қор еткен қастық бұл.
– Қарғыс!.. Қарғыс атсын бұл жыр иесін! – дейді.

Жастар, үйдегі халық, сырттағы момын көпшілік таң қалған. Аңырған. Ашу жөнін түгел ұқпайды.

– Айт, Абай, жауабыңды. Кім айтқызды бұлай деп? – деп шал тепсінеді.

– Сен не дейсің осыған? Білемісің бұл сөзін, айт бірге, еліңе! – деп Тәкежан ентелейді керегеден.

Жастар жосылып жол береді. Сырттан шалдарды бастап үйге кірді... Түрекеп тұр, суық түсті.

– Абай, ағайын сенен жауап күтеді. Айт жауабыңды. Атамыз Кеңгірбайды қиянатқа салған мынаның өзі ме? Жоқ па? Аманмын де? Айт амандығыңды осы пәледен, Абай? – дейді.

Абайға барлық жиын ентелей қарап қалған. Жастар үмітпен қараған. Жаны ашып болыса қарағандар да бар.

Абай саспай, аса салмақты дана жүзбен жұртқа қарады:

– Уай, елім, жұртым! Менен жауап тілеймісің бұл жыр туралы? Ол жауапты менің өз жолымнан саған, сенің жасыңа, кәріңе айтқан көп мұңлы баяу сөзімнен ұқпаппен, білмеппен!? Білсең керек еді. Бірақ жауап тілепсің... Айттым ендеше, міні. Тыңда, жұрт. Тыңда, жария ақсақал. Тыңда сен, Тәкежан. Ей, Жиренше, сен де тыңда! Тыңда да біліп ал, — дейді. Қалтасынан қағаз алып, халыққа қадала қарап тұрып соншалық ірі, өр, дана жүзбен өлең оқиды:

Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса-

ны оқып кеп:

Жек көрсендер өзің біл! –

дегенді соншалық қатты сындай, берік соққыдай айтып шығады. Қарттар үнсіз. Сырттан томсарып шыға береді.

Керім шошынып, жиреніштен шошынып, жағасын ұстап кейін шегініп, шегініп кетеді. Жиреншелер үнсіз тістеніп, ернін шайнап қалған. Жалт беріп тап бергісі келгенде, жастар ду етіп, қуанышпен, жайнайды. Гу-гу еткен, аспанға атқан алғыс, қуаныш үні. Айдарды қолтықтап көтеріп алған.

Түтіккен, түйілген жүзі бар Керім Арғыманмен бетпе-бет шаншыла қарасып тұр. Арғыман Керім күйін ұққан. Іштей, жасырындау ырзалықпен:

– Айтпаппем! – дейді. Керім сөйлеме дегендей төне түседі:

– Қолыңнан келер болса, әлің жетер болса, кетір, тез кетір Долгополовты осы ауылдан. Кетір Абай қасынан сол залалды бөтенді! Дертімді өзіміз емдейміз. Ол доңыздың жәрдемінсіз емдейміз. Кетір! – дейді.

Толғанып, қиналып тұрған қол, екінші қолдан у сауытын алды. Алған қолда алтын жүзік бар. Сауыт қытайдың қамыс сауыты. Сыртында ақ айдаһар суреті ойылған.

Осы сауыт алтын сақиналы қолда. Алда қымыз. Тұнып түнеріп, тістеніп отырған Керім. Уды қымызға салды.

Даладан ентигіп, терлеп, омырауын ағытып келген Айдардың алдынан түрекеліп:

– Айдар, сен жеңдің. Абай ағам мен жаңағы халық мені саған жеңіп берді. Дұрыстығыңа көзімді жеткізді, – дейді.

Айдар қуанып құшақтай алады. Сүйеді Керімді.

– Уф, бір дертім тағы да арылды ғой! Қуанттың ғой! – дейді. – Шөлдегенімді де жаңа білдім! Қымыз ба, мынау! – дейді.

– Мә, іш! – деп, қымызды ұсынады Керім. Айдар ішіп жатқанда Керім бетін бұрып, қатты шошынып, тітіреп тұрып барып, жүріп кетеді.

* * *

Жасаулы үйде сүйек төсек үстінде қатты ауру, әлсіз Айдар жатыр. Қасына Абай, Ажар, Еркежан төсектің аяқ жағына ала шымылдыққа жанасып тақап кеп қарап тұр. Долгополов қарап жатыр. Қарап болып, дәрі берді. Айдар іше алмайды. Қарлығаш қасықпен тамызады.

Айдар Абайға қолын созып: – Абай аға, жан аға, жақын ғой. Қолың созшы! – дейді. Долгополов асығыс анализ жасайды. Өзінде қатты күдік, сескену бар. Ажар, Еркежан шошынып жылайды. Абай Айдар қасына төніп тұр. Ажар шошынып, ұмтылып кеп:

– Қаралы аспан басымда еді. Жалғыз көрген жарым, сен де тастап кетпекпісің мен сорлыны! – Айдар Ажардың бетіне алақанын төсеп:

– Жанып тұрған отқа бірге түсіп ең. Сенімен көрген күнім өмірімнің жапа-жалғыз шаттық күні еді. Тек жалғыз ғана күн болғаны несі? Не дейін, сорлы сүйгенім.

Абай сенделткен ауыр қайғыда.

– Қанатым! Келер күнге қалдырар жалғыз үмітім! Айдарым менің! Не болмақ сенсіз артым?! Дүние-ау, сен не деген қызғаншақ, зұлым едің...

Ауыр күрсініп, айнала береді. Абайға қарай, ерекше қобалжыған, қиналған күйде Долгополов қозғалады.

– Абай!..

– Немене, үміт бар ма биттей!? Досым! – дейді Абай.

– Құтқар, құтқара көріңіз! – деп, Ажар жалынады Долгополовқа.

Долгополов Абайды ымдағандай оқшау шақырады.

Айдар әлсіреп есінен айырылған. Сұлқ, үнсіз, қозғалыссыз жатыр.

Абай, Долгополов...

– Абай, әл жи! Құр жылама. Айдардікі ауру емес. Қастық. Айдар уланған! – дейді.

Абай: – Уланған!.. Айдарым! Сен уланғансың. Қасың кім? Аямас қара албасты қасым кім менің?

Үй іші түгел білген. Керім, Көкбай, Еркежан – бәрі үріккен сыбыр, шошынған, жиренген күй үстінде.

Айдар үзіліп барады. Ажар жылап жабысып құшақтап бүк түскен. Үй іші, тыстағы жұрт, барлық әйелдер, балалар, жігіт, азамат, қария, кемпірлер шұбап келіп, тіксініп шошынып, үнсіз ауыр мұңға батқан. Халықтың ауыр күрсінісі сияқты боп, кешегі ел думаны Айдарды бүгін қимаған, ауыр қайғы белгісі боп, талай аналар, әкелер көзінен жастар шығады. Ел күрсініп күңіренгендей:

– Алтын арай жырың қайда?

– Арманды Айдар! Бауырым!

– Асыл ұлан!

– Еңіретпеші елінді! – дескен зар үндер келеді.

Абай есін жиып, ел қайғысына қарап, екі көзі шарасынан шыққандай боп қатты қадалып, сенделткен ойды меңгере-меңгере барады да... Бір сәтте, Әбдірахман, Көкбайды көріп:

– Шақыр! Жи! Шапшаң жи кешегі Айдар үкімінде болған елді. Айтарым бар! Қазір айтар, білдірер сөзім бар. Жеткіз маған барлық мен деген халықты, – дейді. Көкбайлар жөнелте бергенде:

– Шақырт кешегі болған Сырттанды, айыптаушы болған Жиреншені, бәрін шақырт. Бері әпкел халық алдына! Айдарым... бүгін жыламаймын мен. Алысамын сенің ғазіз басың үшін! Өзгелер жыласын. Мен әуелі алысып жағаласамын сен үшін! – дейді, салқын қайратпен.

Бетін берік ұстап кеп, Айдардың маңдайынан сүйіп, тесіле қарап тұрды да, бетін басып үйден шығады.

* * *

Кешегі көк төбеге халық жиылған. Лық толы. Төбеге қарай, қақ жарылған халықтың ортасымен Абай мұңды, уланған жүзбен жанға қарамай жалғыз басып келеді. Төбе басына шықты. Оқшау жалғыз тұр. Сөйлеп тұр.

– ...У берілген Айдарға! Улатып өлтірген дұспан, ол дұспан Айдардың ғана дұспаны емес. Менің де, сенің де дұспаның, халық. Қараңғының досы. Жарықтың қасы, жат дұспан. Сенің бүгінгі буың, келер ұрпағыңның қасы! Жоқта, менімен бірге... Жаула, менімен бірге, жауыңды! – дейді.

Жұрт: — У, уланған!

– Айдарға у берген!

– Не деген сұмдық! Қандай жауыз!? – деп күніренгендей боп сеңдей соғылысып, Абайға қарай ентелей қаптай жылжып келеді. Әр сөзін жүздеген үндер қайырып айтып, кек қайнап ілгері басып келеді. Қысылғандай, кірерге жер таппағандай Жиренше төмен қарап басылып барады. Қасында Сырттан салқын түйіліп, шошынғандай тіксініп тұр. Соған ығысатын сияқты.

– Айт, ата жаудың атын, Абай.

– Абай аға, көрсет бізге жауыңды! – деп жас жігіттер

жақындай кеп Жиреншеге оқты көздермен қарасады. Көкбай осы топтың ең ортасында. Бір кезде ұмтыла беріп:

– Е-й, халайық. Тыңда... Тыңда менің сөзімді! – дейді.

Жұрт үнсіз қадалып тосып қалған.

– Айыпкер, жауапкерді іздейсің. Мен нұсқаймын сол жаудың жүзіне. Өзі істеді, өзі болмаса сол уды берген қол кімнің қолы екенін біледі. Тергет, жұртым, жұрт екенің рас болса! – дейді.

– Айт, айт. Көрсет соны! – деп жаңағы жігіттер тағы ентелейді.

Абай суық қайратпен Көкбайға қадалып тұр.

Көкбай секіргендей қозғалыс жасап, ентелеп кеп, Жиреншені дәлдеп нұсқап:

– Кеше өлімін тілеген. Осы халық бөрінің алдында өлсін деген кім еді? Мынау. Міні! Терге осыны! – деп Жиреншеге кезеп тұрып нұсқай береді.

Жиреншені жұрт тап беріп қоршап қысып, қамап алған. Тапап түтіп тастағалы өшігіп тұр. Жиренше айналасына, қамауға түскен қасқырдай күжірейіп, сұрланып, ашулана қарап алып:

– Тоқтат әрман. Біл жөніңді! – дейді.

– Жоқ, бер жауапты! Сен... сен білесің! – деп кеп, үш жігіт жағадан ала түседі.

Жиренше айғайлап:

– Тоқтат, Сырттан ақсақал! – дейді. Сырттан қолын көтеріп, жігіттерге тоқта дегендей белгі етеді.

Үнсіз тынған халық алдында Жиренше Абайға қарай аттай басып:

– Ей, Абай, айт өз аузыңмен, айт. Шынымен-ақ у берген мен деймісің? Көзім жетті деп айталамысың! Бер жауабымды! – дейді.

Абай Жиреншеге қадала қарап тұрып:

– Жаныңды бер. Жан иманыңмен ант ет. Болмаса сөзіңе сенбеймін, Жиренше, – дейді.

– Бер антыңды. Бер жаныңды. Айт, ақ болсын? – деп халық қаптай түседі. Жиренше енді ызалы, кекті жүзбен:

– Шулама шетіңнен. Сенбедің бе сөзіме. Менбекем арын, иманын сатар. Бірақ жауапты бөріңе бермеймін, көп шуылдақ. Алсын тергеуді мына Сырттан! – дейді.

Абай тер байлап, жалт еткен көзін жігіттерге, Сырттанға тастап алып:

– Бердім Сырттанға! Көзін жеткіз қарияның. Жаныңды бер де ақтал сол кісінің алдында. Бірақ қазір, қазір осы халық алдында көзім жеткіз ақтығыңа! – дейді.

– Қазір!

– Бәрсін қазір жауабын! – деп жұрт қостайды.

Жиренше, Сырттан бөлініп дөң басына оқшау барған. Жиренше сөйлеп, Сырттан тыңдап отыр. Халық алысырақта аңдып, қадалап бағып отыр. Бір кезде Сырттан жағасын ұстады сескеніп. Жұрт селт еткендей, дүр етті.

– Тапты! Айтылды. Неде болса бір шындық айтылды, – дейді Көкбай.

Аздан соң Сырттан орнынан тұрады. Жастар Жиреншеге қарай тағы тап береді. Сырттан қолын көтереді:

– Тимендер бұл жанға! – дейді.

Халық жұмбақ күйде түсінбей жым-жырт, сенімсіз түсте қалған.

Сырттан Абайды, Жиреншені, Көкбай, Керімді әрқайсысына жүр деп белгі етіп артынан ертеді. Үйге кіреді. Айдар жаңа үзіліп кеткен. Қатындар жылауда, үй іші зар. Үлкендер кіргенде жасты көздер шерге толы, бұларға карамайды. Ақырын күңіренуде.

Сырттан төрге келіп, Айдардың жүзін ашып, маңдайынан сүйіп:

– Асыл бауыр, арманды бауырым, қош! Қиянат әкеткен, қара жүзді зұлымдық әкеткен бауырым, қош. Кімнен сенің қазаң? Білсін әруағың. Біл, халайық. Біл, адал елім, жирен залымнан, қара албастыдан, жирен, жұртым, пәлекеттен! Көр, біл, міне, оның жүзін, – дейді. Тыстағы, үйдегі жұрт барлығы ентелеп басып үнсіз қатып тынып қалған.

Сырттан басын биік көтеріп, қатты ашулы, көрлі жүзбен қарғыс сияқты қып үн қатады.

– Өлтіруші алыстың жауы емес. Жақыннан шыққан. Қойныңдағы қара шұбар жыланнан келген бұл ажал. Міні, сені өлтірген жау! – деп Керімді нұсқайды.

Үй іші дауыл қуған селдей сықырлап, лықсып толқып кетеді. Керім жұрттың талқысында... кергісінде... тымақ ұшты, тақия ұшты, киім дал-дүл. Сүйретіліп алып кетеді.

Бір жерде Көкбай, Әбіш Арғыманды жағадан алып жұлқып соғып, қамшымен дүрені соғып-соғып, халыққа береді. Жігіттер кителін талқан еткен, шашын жұлады. Бір кезде жалаң аяқ, жалаң бас дірдектетіп қуып, сабап айдап барады.

* * *

Абай жалғыз. Зарда. Жап-жалғыз, күнбатысқа қарай жұтаң сары дөңнен үнсіз, ессіз сияқтанып сенделіп, ғазапқа түсіп, асып барады. Көзінен кесек-кесек жас домалап түсіп, буырыл мұртына, ағарған сақалына бырс-бырс тамады.

— Жалғызбын мен. Бірін әділетсіз өлім алып кетті, бірін қараңғы жауыздық ертіп әкпетті. Кім қалды? Неге қалдым мен жалғыз!?. Тағы жалғыз!.. — деп сенделгендей кетіп барады.

* * *

Осы дертті сұрақтың жауабы сияқты боп, бір шолақ сурет көрінеді. Әли-заде, Баймағамбет.



А Б А Й

Төрт актылы, бес суретті опера либреттосы



Қатынасушы адамдар

Абай.

Айдар.

Әзім.

Есбай.

Нарымбет.

Ажар.

Қарлығаш.

Жиренше.

Сырттан.

Мес.

Жігіттер, қарттар, әйелдер.

I АКТ

Бірінші сурет

Жартасты, тоғайлы шатқал. Алысырақта көл. Жаңа туған ай сәулесі су бетіне сұлаған. Жым-жырт кеште бар дүние мүлгіп, түн тыныштығына бейімдеп барады... Кенеттен тастақ жолда тасырлата шапқан ат тұяғы естіледі.

А ж а р

Жар бола гөр,

Жасаған-ай!

Айдар жаным, қайдасың?!

А й д а р (*жүгіріп шығады*).

Қуғын жақын,

Мертікті атым!

А ж а р

Сен қаш, мені-ақ байласын.

А й д а р, А ж а р (*дуэт*).

Не дейсің, жаным?

Тастап сені тажалға

Амандық сәнін

Қашқын болып табам ба?

Одан да ажал алсын!

От боп жалған жансын!

А ж а р

Қош, Айдар, жарым!

Жер тығыз, жалғыз антым,

Серг, егер барым,

Тосамын тағдыр артын!

Арман есте қалсын,

Жаным бірге жансын!

Сыртта тасырлаған аттылар... Айдар мен Ажарды қоршалай жан-жақтан
қуғыншылар жүгіре шығысады... Ұйқы-түйқы ұмтылыс. Айдар біреуді
қағып түсіреді. Бірақ көп жабылып, байлап алады. Ажар да тұтқын. Топ
ортасында Нарымбет, Жиренше.

Н а р ы м б е т

Ұста! Сои! Байла! (*Айдарды байлатады.*)

Ж и р е н ш е

Аяма, сыбағасын сайла.

Н а р ы м б е т (*Ажарға*).

Жерге кіргір,

Бетің күйгір!

Бата бұзып,

Ноқтаны үзіп,

Елден, ерден кетіп көр.

Байла! (*Ажарды да байлатады.*)

А й д а р

Әлсіз қолын байласаң да,

Ақ жүрегін байламассың,

Ноқта емес, көр сайласаң да,

Жар қызығын тойламассың.

Н а р ы м б е т

Доғар, тоқтат тіліңді,

Азғырған жау, өшірермін үніңді...

А ж а р

Өлсем Айдар қасында өлем,

Шақыра бер жыныңды.

Ж и р е н ш е

Аттап ап, ақ батаны ардан кешті,

Бақ тілеу алдан тілер өзі кесті,

Орайы аямастық жаза болсын,

Көзін жой күн туса да қиян-кескі.

Ақ жолым мұра қылған ерден ескі,

Жаратқан өзі алмаса берген есті.

Аяма, аянбай да шап алмасты!

Қаралы қанмен ұзат сұмдық кешті!

Н а р ы м б е т

Тақ арқанды мойнына,

Жылан салып қойныма,

Жар етем деп адасқам. (*Меске бұйрық етіп.*)

Мін атыңа, сүйреп кет!

Жат жүрегін талқан ет!
Арымнан ару садаға,
Куә бол, қатал қара аспан!

Айдар, Ажар екеуінің мойнында арқан.

А й д а р
Қош, Ажар жаным!
А ж а р
Бақыл бол, жарым,
Жадымда кетер тынбастан,
Қара түнде саған қосқан
Алтын арай арманды әнің!..
Н а р ы м б е т
Тарт, сүйрет, аял жоқ,
Сорлары қайнасын!
А й д а р
Абай! Абай аға, қайдасың?!

Мес ат үстінде.

Н а р ы м б е т
Әруақ!
Ж и р е н ш е
Сенгенің құдай емес, Абай екен,
Алармын оның-дағы алдын тосып,
Тобыңмен бөле сепкен қалай екен,
Тарт, жөнел, ел жайлауын еңдей жосып!
Әруақ!
Н а р ы м б е т
Әруақ, адалыма жақ боларсың.
А й д а р
Абай!.. Абай аға!

Мес жөнеле береді. Абай шауып шығады, қасында Есбай, Өзім.

А б а й
Араша! Тоқтат! Жан сауға!

Өзім Местің атын ұстай алады.

Е с б а й

Араша! Тоқта! Араша!

М е с

Тұр былай, тоқтарым жоқ!

А б а й

Кес арқанды!

Арашаны

Бермей кетер

Сотқарың жоқ,

Кес арқанды!

Есбай ұмтылады.

М е с

Тиме арқанға!

Есбай кесіп жібереді.

Е с б а й

Кетсін арқан қолқана.

А й д а р

Абай аға!..

А ж а р

Қайран аға!

А й д а р

Қадалғанда ажалдай оқ,

Өзің жеттің, арманым жоқ...

Ж и р е н ш е (*Абайға*).

Неге келдің, не деп келдің,

Кім шақырды сені мұнда?

Бар азабын келген кердің

Арашашы алатұн да...

Н а р ы м б е т (*Абайға*).

Қара желек жамылған,

Жесірімде жалаң бар ма?

Сойқан іздеп қағынған

Мынау жатқа панаң бар ма?

А б а й

Ағайын, адалыңнан аярым жоқ,

Жақсыңнан жарым жолда таярым жоқ.

Жалғыз-ақ ел ұялтар, ер сыналар
Кезеңде шаппай қалар аялым жоқ.
Ж и р е н ш е
Осы ма ел намысын жоқтағаның,
Ақ жолын ата-бабам ақтағаның?
А б а й
Жат жаза, жалған намыс қостамаймын,
Көпті алдап жамандыққа бастамаймын.
Айыбын, жаза басса, бірге тартам,
Айдардай асыл бауыр тастамаймын.
Ж и р е н ш е
Я, тәңір, ата-бабам, кешіре гөр,
Асқақтың сыбағалы жазасын бер!
Кемел би, Кеңгірбайдың жолы қайда,
Кебектің керін кигіз, аяма дер?!
Н а р ы м б е т
Аямаған Кеңгірбай!
М е с
Әруағым Кеңгірбай!
Н а р ы м б е т
Өлім ғана орайы,
Жолын айтқан Кеңгірбай!
А б а й
Табынғаның сол болса,
Кеңгірбай жолы жол болса,
Сонау сұмдық билігін
Білекпенен шешпеген,
Ел келесі екшеген.
Сал ағайын алдына,
Таразысы, талқысы
Қай түйінді кеспеген?!
Е с б а й
Сал ағайын алдына!
Ө з і м
Сал атаның салтына!
Ж и р е н ш е (Абайға).
Жауабыңды айт ендеше,
Қанды мойын қасымды,

Паналатқан сен десе,
Төсермісің басыңды?

А б а й

Аяп қалар түгім жоқ,
Салдым қалған жасымды!

Ж и р е н ш е

Жауапкер Абай болды ғой?!

А б а й

Болдым, қайтар жерім жоқ,
Түйірдей пәле іздеп ең,
Уысың тұтас толды ғой.

Ж и р е н ш е

Жауды тапқан мен болсам,
Ара түсер сен болсаң,
Арманым жоқ, белдестім,
Кінә өзінде жер болсаң!

А б а й

Ара бидің алдында
Жеңсең бітер таласым,
Шеш қолдарын, азат ет!
Билік күн қолдан аласың...

Ж и р е н ш е

Шеш!

Айдар мен Ажардың қолдарын шешеді.

Атан бар тайлақ жүгін артатұғын,
Шақырған пәле зарын тартатұғын,
Жау шықтың, жаулық сені аумамай табар,
Жазаның түбі сенсің сарқатұғын!

А б а й

Қай талқы құл алдына құрылмаған,
Қастықпен қай күнің бар құбылмаған.
Аядым, аянышпен ара түстім,
Жалғыз жол адал жолым бұрылмаған!
Зар көрдім шер жүректен жалын атқан,

Азалы ай, күндердің уын татқан,
Аядым, айнымаймын, жалынбаймын,
Көрсен де мені бетер қас пен жаттан.
Білемін алдым азап алты батпан,
Мен емес арам іске арын сатқан,
Сұм заман сыбағама сені берді,
Талап бақ жауың болсам тағы тапқан...

Жүріп кетеді.

Н а р ы м б е т

Көрдің бе, тастағаны тағы да егес!

Ж и р е н ш е

Деген сол!.. Айтқанынан қайтпақ емес.

Н а р ы м б е т

Жау Абай барсын солай ажалына,

Қаспын мен қарамаспын обалына,

Ағайын, әруақтап атой салдым,

Ере гөр, ерер болсаң адалыма!..

Жау Абай!.. Жалғыз Абай, жауым Абай!

Ж и р е н ш е, М е с

Жау Абай! Жалғыз Абай! Жауың Абай!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Жазғы қоныс. Кең жайлау. Абай ауылы. Қызыл-жасыл оюы бар ақ
отаудың сырты. Әзім жалғыз.

Ә з і м

Адасар ма болжаған

Бораннан бұрын аңғарын!

Даңғыл болса данадай
Аластар ма алжымай,
Басына пана заңғарын!
Айдар ғана себеп пе
Намысқа батқан таңбаның?
Жол-жора жұрттың ноқтасы,
Жүгенсіз жұрттық бола ма,
Тайдырсаң пәле салғаның,
Айдар ғана себеп пе
Намысқа түскен таңбаның?

Жиренше келеді.

Ж и р е н ш е

Мен әдейі іздеп сені келдім, Өзім,
Өзге емес өз басыңда бүгін кебім,
Бүлдірді бұлан-талан ел ұйытқысын,
Ағайын сенен күтті дерттің емін.
Абаймен бір болса да туыс-тегің,
Ел-жұртың – тілеулесің, досың сенің.
Ашынса, аямаса Абай басын,
Сен емес қадайтыны қастық кегін!

Ә з і м

Айдар десең бір сәрі,
Абай деген қай сөзің?
Жала емес пе су тегін?

Ж и р е н ш е

Маған сен шаң қудырма, адаспаймын,
Айдарға өлім өзір, таласпаймын,
Саяқтай жалғыз қуар жауым Абай,
Кім ерсе соны бірге аластаймын.

Ә з і м

Кім ерсе?

Ж и р е н ш е

Не пәлеге
Шылбыр берсе!

Ә з і м

Болмайды Абай саяқ, ақсақалым...

Сен емес, иен қазақ елі қалың!

Ж и р е н ш е

Қорғап көрсін сол қазақ!

Бүгін ойран орнатам,

Аман қалсын өз басың,

Алдында тұр қанды азап.

Ә з і м

Не тілейсің менен өзің?

Ж и р е н ш е

Көндіріңдер Ажарды,

Қайтсын кеткен ауылына,

Айдар тисін қолыма,

Айт аралық дос сөзін.

Ә з і м

Тыным-тыныштық табамыз ба?

Ж и р е н ш е

Сен тыныштық табасың,

Жауласарым жалғыз Абай...

Ә з і м

Жалғыз Абай!..

Жиренше кетеді. Абайға еріп Есбай, Айдар, Өзім шығады.

Е с б а й

Көрдің бе, Абай аға, Айдар қандай?

Өрлеген жасымастан жабы жандай!

А б а й

Жыр қалай, сермеп пе екен қос қанатын,

Шер жоқ па шөктіретін сөнбей, жанбай?

Е с б а й

Жыр ескек, өр ұранды Абай аға,

Кер заман Кеңгірбайды аямаған,

Теңі жоқ, өзім берер сол-ақ баға!..

А б а й

Жаз, Айдар, аяулы жыр тостым сенен...

Ә з і м

Керек пе, Абай аға, соны жазу?
Өшіксе, өршеленсе жау не дейміз,
Деп жүрсе бұ да тағы жолдан азу!

А й д а р

Ей, Әзім, тарылмап па ед менің жерім,
Тірлік не сәт санаған әлім-берім.
Қызарып сөнеріне көзім жетті,
Дейсің бе үнсіз кетсін шықпай шерім?
Қызықты жазған күнім жетсе менің,
Өлеңмен бітсе нетер әлсіз демім?!

А б а й

Тыныштықта мезгіл бедеу, жыр тумайды,
Сәттер бар, қасіреттен ой тулайды,
Толқыған теңіз атқан меруерттей
Сол шақта найзағайдай сөз зулайды.
Айдарым, жайдағыдан жөнің бөлек,
Бұлттай биік құшар шағың келед,
Жақсы жыр жанның шерін шайып өтсін,
Жаз бүгін, айтпағанды айтсаң керек!.. (Сүйеді.)

Сырттан келеді.

Д а у ы с т а р

— Сырттан!

— Ақсақал!.. Сырттан!..

Айдар кетеді. Әзім, Есбай Абай қасында қалады.

С ы р т т а н

Салды салмақ ағайын,
Баспас жерге басамын,
Алмас бейнет алам да!

А б а й

Бердік сізге, ақсақал,
Біз де сізді тыңдадық,
Қысылған мынау алаңда.

С ы р т т а н

Ажарды мен шақырттым,
Сөз қатамын көзіңше!
Ара ағайын жолымен
Саған үш сөз саламын,
Көнерсің лайық көрінсе!

А б а й

Айтыңыз, ақсақал!..

С ы р т т а н

Айдарды тый, тіл алғыз,
Ажарды қайтарт ауылына!

А б а й

Қосыла алман, ақсақал,
Қатал жаудың қауымына.

С ы р т т а н

Сотқар жидың қай-қайдан!
Араласпа, аман қал,
Без ендеше Айдардан!

А б а й

Бас амандар мен емес,
Балапанын байлатып,
Дертіне шыдар сарғайған!

С ы р т т а н

Болмасаң оған біл, Абай,
Қарсыңа шығар жау талай,
Тобың менен өзіңе
Қаптай келер қаумалай.

А б а й

Бөдене боп безе алман,
Қарғадан қорқып ұямнан!..

Ажарды екі кемпір ертіп келеді.

С ы р т т а н (*Ажарға*).

Келдің бе, адасқан жан, жүзің солғын,
Жат сұмдық көрген жан жоқ бұлай болған,
Қаралы қаза күнін сен бұзбас ең,
Шыныңды айт, азғырған кім аумас жолдан?

А ж а р

Ағалар, айып тағар кісім жоқ,
Барлық кінә өзімде!..

С ы р т т а н

Қорғар болсаң Айдарды,
Бірге өлесің өзің де!

А ж а р

Өлім болса алдымда,
Мәртебелі ағалар,
Тыңдармысыз арызымды,
Демім бітер алдында?!

С ы р т т а н

Әділ қатал билікке
Мен саламын дінімді,
Арыңменен ант етіп,
Айт имандай шыныңды!

А ж а р

Алдияр!
Қаралы қайғы шектім талай-талай,
Түңілген келер күнге қарай-қарай,
Тосумен ақ бұйрықты ажалымды
Өткердім қапа түндер санай-санай!
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!
Бөледім жастықты ұға орай-орай,
Түншықтым тамырға өлім тарай-тарай,
Сол сәтте қара түнде нәзік серік,

Ән жетті, алтын шапақ арай-арай.
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!
Өлмек ем сол әнге ұйып арай-арай,
Ол бірге өшпек болды арай-арай,
Көрдім де бекінгенін бірге өлмекке,
Тірлікке мен шақырдым арай-арай!..
Зарменен, зарменен,
Қоштасқам біржола
Қиял мен жарменен!
Алдияр!..

Иіледі.

С ы р т т а н

Еткен ісің жат еді,
Сырың да сондай жат екен.
Бара бер...
Алып бар...

Бұйрық етеді, Ажарды алып кетіседі.

Арылып болдым, ағайын,
Бәріңе де паш етем:
Ертең билік, байлауым!

Жүреді, құрметпен шығарып салысады.

А б а й

Зарлының наласы,
Жас жүрек жарасы,
От салды ойыма
Болармын панасы!
Қайғылы ағасы,

Қапасын қарашы,
Тірлігің құрбандық,
Жәрдемге жарашы!
Жылатқан жаласы,
Жылаған баласы,
Арналсын жолыңа
Жүрегім санасы!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІ АКТ

Үшінші сурет

Абай ауылының сырты. Биікше төбе. Алыста ен жайлау... Иен ел.

Х а л ы қ х о р ы
Топты сотқар,
Қара шоқпар,
Барды жайпап келе ме?
Жау мен жат деп,
Билік айт деп
Берекеге көне ме?
Ер тозаққа,
Ел азапқа
Батса батсын аяр ма?
Зарласа жас,
Сорласа бас,
Пәле жолдан таяр ма?

Қарлығаш еркекше киініп кеп, Есбайдың қасына отыра кетеді.

Қ а р л ы ғ а ш (*Есбайға*).
Аманбысың, шырағым,
Отырсам ба екен қасыңа?
Е с б а й (*сырт қарап отырып*).
Отырыңыз, қария. (*Орын береді.*)
Қ а р л ы ғ а ш
Болмаса ерсі,
Шақшаң берші, шырағым!..
Е с б а й (*танып*).
Қарлығаш?!
Ой, есуас, Қарлығаш.
Қ а р л ы ғ а ш
Жап аузыңды, аптықпа.
Е с б а й
Билер білсе қайтесің?
Қ а р л ы ғ а ш
Әдейі келдім осында,
Салмай-ақ қой сақтыққа!
Бұрын билік көргем жоқ,
Барды маған айтасың!

Даугерлер, билер, Абайлар шыға бастайды.

Д а у ы с т а р
– Тоқта! Әне!
– Шықты билер!
– Ана жақ қалай түйілген?
– Абай өне!
– Абай қандай күйінген?
– Қазір билік, Сырттан өне!
– Тоқта, доғар!..
С ы р т т а н (*билік бастайды*).
Ағайын, кер кезеңге келген сен бе?
Тоқтау сөз, шығасы сөз кеткен желге,
Халайық, қауіп тосып қабақ түйді,
Қамадың иен күшін қандай селге?
Ассын ба асау толқын шарасынан!

Табашы, сақтармысың жаласынан!
Заң тозып, заман азып кетті ме әлде,
Бағамын аңғарыңды таласыңнан!
Алдыңнан осынау белде тостым мына,
Жанжал, сел жырақ тұрып жағасынан!

Қ а р л ы ғ а ш

Кімге бұйырды, не деді!

Е с б а й

Тек отыр! Тең айтты!

Жиренше қамшы тастайды.

С ы р т т а н

Сөйле, Жиренше!

Ж и р е н ш е

Азбақ емес заманым!

Ай ағарып туғандай,

Күн ұяға қонғандай,

Аумас әруақ аманым!

Балам бөрі болмайды,

Қатыным қаншық болмайды,

Қас күндестей қалпым бар,

Қандай бұлт торлайды?

Аумас әруақ аманым!

Жол-жора күткен ел болам,

Жолдан тайсам кем болам.

Тайдырам десең тобымды,

Тайсалмай соғар мен болам,

Аумас әруақ аманым!

Аздыратын заманды,

Жой демесем тажалды,

Ен жайлаудан сүйретіп

Өлтіртпесем не қалды?

Аумас әруақ аманым!

Қ а р л ы ғ а ш

Ойпыр-ай, не дейді?

Е с б а й

Тек отыр.

Қ а р л ы ғ а ш

Қойшы әрі...

Е с б а й

Беті қалай қатты еді?

Өзім сөз сұрайды.

Қ а р л ы ғ а ш

Соны айтсаңшы бөрінен!

С ы р т т а н

Сөйле, Әзім, кезек ал!

Ө з і м

Ей, кәрі, кәрі өзің мен балаң қандай?

Аяз бен жазғы таңда самал қандай?

Білмеп пе ең, я болмаса ұмыттың ба,

Жас өтті, батар күндей, атар таңдай!

Кім өтті, сол бір отқа назар салмай,

Қай жүрек меңіреу өтті әсте жанбай!

Қазақта Қыз Жібек пен Баян өтсе,

Жульетта батыста өткен Ләйлі зардай!

Ішінен көп торының ақты-бозды,

Ағындап ескек ақын Айдар озды,

Албыртса арқа тұтты сені аға деп,

Кешер деп кемеріңе құлаш созды.

Айып бар, амал қанша, толғандырар,

Қос шерлі қосылғанға кімдер тозды?

Ж и р е н ш е

Айып жоқ па албыртқа?

Мысық құрым есі жоқ,

Осындай бұзар көрдің бе,

Адам түгіл, жандықта?

Ө з і м

Өткен ұмыт болған ғой,

Ойлап па едің жасыңда,

Сол мысықты бүгіндей?

Ж и р е н ш е

Жоқ, ұмытар мен емен,
Ел жорасын жер етіп,
Жаттан барып жөн сұрап,
Жульетта деп сандалып,
Шеркеуге шұлғыр мен емен!

Д а у ы с т а р (*Жиренше тобы*).

Айт сонысын, аяма!

М е с

Аулақ әкпет пәленді!

Н а р ы м б е т

Өртеніп кет үлгіңмен!

С ы р т т а н

Сөйле!.. (*Жым-жырт.*)

Сөйле!..

Е с б а й

Масқара!

Қ а р л ы ғ а ш

Токта!

Е с б а й

Білмейсің сен.

Қ а р л ы ғ а ш

Не дейсің, не масқара?..

С ы р т т а н

Жә, сонымен?.. (*Өзім сөз сұрайды.*)

Сөйле, Әзім!

Ә з і м

Бек білемін, Жиренше,
Соқыр көзге сынатсаң,
Күн дегенде нұр да жоқ,
Әлем білген асылдай
Жульетта да, сыр да жоқ,
Ойласаңшы жалғыз-ақ
Сазына ерген Саймақтың,
Сергек қызын қалмақтың?
Әніне ерді Айдардың,

Аңсаған жан айыпсыз,
Ажардай жан қайда жоқ?

Ж и р е н ш е

Ал, айтқаның жөн болсын,
Алданған Ажар жер болсын,
Қайтсын қазір ауылына!
Бірақ Айдар өледі,
Көнбесіне көнеді!
Арқан тағып мойнына
Өлтіртемін сүйретіп,
Ұл мен қызым көреді.

Ә з і м

Әруақты ел деп паналап
Айдар кеп еді ортаға.
Бұтадай бұдыр болар деп,
Абайды тапқан аға деп!
Не қасиет бұтада,
Бауырына тығылған
Торғайды тұрса қама деп?

Ж и р е н ш е

Ел намысы сен емес,
Өзім сақтар алтыным!
Кеңгірбай айтқан кеше күн
Қамын ойлап жалпының,
Ел азасын әсте деп,
Өз қолымен өлтірткен
Кебектейін жарқынын!
Неге аламын мен сөзін
Сені менен Абайдай
Шала менен жартының?
Бұта болсаң ырыс бол,
Бола алмасаң пәлесің.
Бұзар жауға пана боп
Не бетіңмен келесің?
Айыпкерім сендерсің,
Бар жауабым Абайда,

Мына отырған сен биде,
Айдарыңа қосар боп
Өзің де сотқар өлесің!

Жым-жырт.

С ы р т т а н
Сөйле!.. Бар ма сөйлер?
Е с б а й
Абайды несін айтты екен?
Қ а р л ы ғ а ш
Қорқыныш қой, Есбай-ай!..
С ы р т т а н
Сөйле!..

Жым-жырт.

А б а й
Уа, қария, ақсақал!
Бір тойда екі жар бар ма?
Жалғыз билік тұсында
Екі бірдей дау бар ма?
Н а р ы м б е т
Тоқтат, Абай!
М е с
Сен жауапкер!
Н а р ы м б е т
Саған қалған сыбаға жоқ.
А б а й
Дау емес, жөн сұраймын.
С ы р т т а н
Не демексің?
А б а й
Көргенің көп, қария,
Қарсы биді қай даугер
Еткен еді егеспен,
Қанды мойын айыпкер?
С ы р т т а н
Сырттан и Жиренше отходят. Целуя Коран, Жиренше делает знаки клятвы, Сырттан слушает его. В народе тяжелая пауза. Только Карлыгаш забежала в юрту, встала у изголовья Айдара, что-то шепчет. Сырттан, слушая Жиренше, сделал резкий жест ужаса... Скоро идет к народу. Жиренше хочет отойти. Народ бросается к нему, но Сырттан решительным жестом руки отстраняет народ.

С ы р т т а н

Оставьте! Не трогать его!
Ответ держать ему потом! *(Абаю.)*
Абай, иди со мной в юрту!
И ты иди, Азим!
Предстанем перед Айдаром!

Входят в юрту Сырттан, Абай, Азим, Кокпай и несколько жигитов. Народ остается на улице, тяжело озадаченный, ожидая какого-то ужаса.

С ы р т т а н *(наклонился над Айдаром, поцеловал его).*

Бесценный Айдар, родной,
Не издали достал враг
Орудие против тебя!
Вот кто совершил! *(Указывая на Азима.)*
Это он черный бес!

А з и м

Ложь! Клевета врагов!
Разве не поняли вы,
Чтобы пуще ранить Абая.
Кинули эту ложь они!

Айдар хочет приподняться, но, слабея, падает и протягивает руку, указывая на Азима.

А й д а р

Не верь! Берегись от него!
Он! Каин! От него!

Абай приказывает схватить Азима, Кокпай и жигиты держат его.

А б а й, С ы р т т а н, А ж а р *(Трио, проклятье).*

Проклятье тебе, черноликий!
Змея ядовитая у груди,

Проклятье тебе вечное,
Пустившему измены стрелу!
Проклятье тебе гневное,
Клеймом пусть жжет до могилы!
Проклятье тебе народ произнесет
И повторит над могилой твоей.
Уйди прочь! Проклятый бес!

Азима уводит. Весь народ на улице потоком рвется к нему, гневным
потоком уходит с ним посередине.
На улице пусто, а в юрте умирает Айдар.

А ж а р (*плач на мотив “Тәңірі қосқан”*).

Прощай, невинный сокол мой!
Родимый, печальный мой.
Путь светлый твой
Друзьями твоими сделал живых!
Твоя рана перешла в душу мою,
Она выплачет жизни своей укор.
Горестное сердце ее в пламени
Жизнь тягостной мукой она сочтет!

Обняла в рыданиях Айдара. Абай один, в терзаннях уходит из юрты.
Идет одинокий на холм, изливает горе свое.
Хор невидимого народа вторит ему эхом.

А б а й (*на мотив “Ата-анаға көз қуаныш”*).

Во мраке факел одинокий,
Не потухай в слабеющей руке.
Без Айдара моего, один я,
Не одолеет ли тьма?
Мечты мои, путь мой, где вы?!
В печальных степях истомленный народ,
Даль мечты без конца, а жизнь коротка,
Только ты, друг, опора мне,
К тебе вернусь, не отчуждай!
Пусть не обманет коварство, берегись!

Хор вторит его последним словам. Абай безмолвно поднялся на холм
и медленно уходит вдаль.

З А Н А В Е С

**ҒЫЛЫМИ
түсініктемелер**



“Казахская литература за 20 лет”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1941 жылы Мәскеудегі “Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан” шыққан “Сборник современной казахской литературы” атты хрестоматиялық сипаттағы жинақта берілген (381—389-бб.). Мақала басқа еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының архивінде мақаланың қолжазбасы жоқ.

Аталған жинаққа берілген аннотацияда кітаптың Қазақ КСР-ның жиырма жылдығына орай шығарылып отырғандығы айтылған. 1920 жылы 30 тамызда қабылданған “Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Советтік Социалистік Республикасын құру” туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі декретімен құрылған республиканың жиырма жылдығы 1940 жылдың күзінде үлкен мемлекеттік дәрежедегі той ретінде атап өтілді. Аталған датаға орай республика үкіметінің ресми шараларымен қатар мерзімді басылымдар беттерінде ақын, жазушылардың, интеллигенция өкілдері мен ғалымдардың, өнер қайраткерлерінің, әскери қызметкерлердің, жұмысшы, шаруалардың мақала, очерктері, көркем шығармалары беріліп жатты. Осы мерейтойға арналған өнер туындылары дүниеге келді. Бұларда науқандық, әсіре идеологиялық сипаттың басым келіп отыратыны сол кездегі мерзімді басылымдар беттерін шолып шыққанда анық байқалады.

Осы шаралардың қатарына М. Әуезовтің аталған мақаласы басылған “Сборник современной казахской литературы” жинағы да жатады. Орыс тілінде Мәскеуде шыққан жинақтың титулды беттері қазақ және орыс тілдерінде берілген. Бұл бетте “Қазақстан совет жазушыларының союзы құрастырған” деген мәлімет пен кітап редакторлары А. Дроздов, М. Зенкевич, Ә. Тәжібаевтің аты-жөндері берілген. Жинақ соңында Ә. Тәжібаев пен М. Әуезовтің мақалаларында кеңестік Қазақ республикасының алғашқы жиырма жылындағы көркем әдебиетінің тарихы очерктік сипатта баяндалып, алынған авторлар мен олардың жинақта берілген шығармаларына талдау жасалған. Жинақ редакторларының бірі Ә. Тәжібаев “Мы растем” атты мақаласында редакторлық тұрғыдан кітапқа кірген авторлардың бәріне дерлік тоқталып, қысқа, нақты деректер беріп отырған. Өз өмірінің деректеріне тоқталып, лирикалық шегіністер жасай отыра, өзімен қатар өсіп келе жатқан

ақын, жазушы өмірбаяндарының шығармашылықтарына қатысты сөздерін публицистикалық сипатта айта отырады. Мақаласының соңында тақырып тандау, идеялық тұрғыдағы кемшіліктер жайлы сын айтқан.

М. Әуезов мақаласында кітап тарауларында қамтылған авторлар шығармашылығы мен жеке шығармаларға көркемдік талдау жасалған. Кітап 1940 жылы, солақай идеологиялық талаптардың, саяси қысымның өршіп тұрған кезінде дайындалған. Сонымен қатар жинақты дайындаушы ұйым Қазақстан Жазушылар одағының өзі болып, бүкілодақтық орыс тілді оқырманға арналып, Мәскеуде шығатын болғандықтан, цензураны айтпағанның өзінде, республика үкіметінің назарында болғаны анық. Бұл жағдай кітап мазмұнына да, жинаққа кірген әдебиет тарихы очеркі сипатындағы мақалалар мазмұнына да қатал ықпал етіп, бағытын алдын ала айқындап қойған. Осындай жағдайдың өзінде де, кейбір идеологиялық сөздерін ескермегенде, бүкілодақтық оқырманға ұялмай ұсынуға болатын хрестоматиялық сипаттағы жинақ дайындалған. М. Әуезов мақаласының бағыт-бағдарын, құндылығын айқындау үшін жинақтың жасалу принципінен хабар бере кету керек. Төрт бөлімнен тұратын кітаптың әр бөлімінің алдында “Эпиграфы к разделам книги взяты из писем казахских писателей к товарищу Сталину в переводе М. Тарловского” деген ескертпемен берілген өлең мәтіні, Ленин, Сталин аты аталатын эпиграфтар бар. Бірінші бөлімінде Жамбыл, Доскей Әлімбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов, Нүрпейіс Байғанин, Саяділ Керімбеков, Айманкүл Тәжібаевалардың өлең, жырлары, айтыстарының үзінділері берілген. Бұл ақын, жыршылардың аты ғана (Доскей, Нартай...) аталған. Екінші бөлімде С. Мұқановтың “Балуан Шолақ” поэмасы мен М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Абай” трагедиясы берілген. Үшінші бөлімде Қ. Аманжолов, Т. Жароков, Ж. Саин, Әли Есмамбетов, т.б. барлығы он бес автордың поэзиялық шығармалары қамтылған. Соңғы төртінші бөлімде Ф. Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, Ш. Құсайыновтың “Шолпан” пьесалары, Ф. Шарипованың, М. Қайыбалдиннің әңгімелері берілген.

М. Әуезов осындай жинаққа 1940 жылдың идеологиялық ахуалы жағдайында қазақ әдебиетінің 1920—1940 жылдардағы тарихының очеркі сипатындағы мақала жазуға тиіс болды. Мұнда автор екі шартты орындауы керек еді. Бірі – жинақ өту үшін, жазған еңбегің жинаққа кіру үшін идеологиялық талаптардың үдесінен шығуы керек болатын. Екіншісі – ұлы суреткер, ғұлама ғалым, арлы азамат ретінде жиырма жыл ішіндегі қазақ әдебиетінің барысына әділ баға беру болатын.

Жинақ 1940 жылы өткен Қазақстанның жиырма жылдығын атап өту шараларының бірі ретінде дайындалған. Осы себепті 1941 жылы шыққан кітап 1940 жылы дайындалып, М. Әуезов те өз мақаласын 1940 жылы жазған болу керек. Бейсенбай Кенжебаевтың “Ақылгөй ағамыз” атты естелігінде (Біздің Мұхтар. Алматы, 1976) “1940 жылы, жылдың алғашқы жартысында Мұхтар Москваға жиі қатынады. Бір барғанда ол СССР Жазушылар одағының клубында Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне байланысты қазақ әдебиеті туралы баяндама жасады”, – дейді. Осы баяндама М. Әуезовтің аталған жинақтағы мақаласына негіз болуы толықтай мүмкін. Баяндама мәтіні мұражайдың қолжазба қорында сақталмаған.

М. Әуезов мақаласын мазмұндық тұрғыдан екі бөлімге жіктеуге болады. Алғашқысы – сол уақыт үшін дәстүрлі, міндетті болған идеологиялық сипаттағы баяндаулар. Бұл мақаланың аз бөлігін алады. Мақаланың екінші бөлімі әдеби-танымдық очерк сипатында жазылған. Жинақ орыс тілді, қазақ әдебиетінің тарихымен етене таныс емес оқырманға арналғандықтан, мақала авторы қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуіріне, “зар заман” ағымы өкілдеріне, импровизаторлық өнердің үздік үлгілеріне, Абайдың қазақ әдебиетіндегі роліне шолу жасап өткен. Айтыс жанрына арнайы тоқталып, 1940 жылдардағы айтыстану саласындағы ең алдыңғы қатардағы теориялық тұжырымдарды қысқа, нақты түрде айтып өткен. Осындағы “Айтыс – это поэтический поединок”, – деп берілген анықтама осы күнге дейінгі ең бір нақты, дау туғызбайтын анықтама. Айтыс жанры және “зар заман” поэзиясы жайында айтылған ойлары М. Әуезовтің 1927 жылы шыққан “Әдебиет тарихы” оқулығындағы тұжырымдарымен үндеседі. Мақаланың осы бөлігінде ол импровизаторлық өнер турасында тарата айта келіп, Жамбыл шығармашылығына арнайы тоқталған. Қазіргі замандағы ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері мен табиғатына байланысты тұжырымдары, теориялық сипаттағы ойлары 1938 жылы баспасөз бетінде жарияланған “Джамбул и народная поэзия”, “Джамбул и народные акыны” атты көлемді мақалаларында айтқан ойларымен үндеседі.

Мақаланың екінші жартысында автор осы жинаққа кірген авторлар мен олардың жеке шығармаларына көркемдік талдау жасаумен қатар, жанрлық, тақырыптық жүйелеу жолымен 1920—1940 жылдардағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму жолдарын байыпты саралап шыққан. Нақты шығарманы талдау тек таза көркемдік тұрғыда жасалған. Үкіметтің арнайы назарында тұрған еңбек болғандықтан, ара-арасында ғана біраз шығармаларға қатысты кейбір идеялық, тақырыптық тұрғыдағы сын ескертпелерді қосып отырған. Мұндағы жеке шығармаларға

қатысты М. Әуезовтің айтқан ойлары, берген бағалары осы кезге дейін өз құндылығын жоймағандығын қазіргі уақыттағы әдебиеттану ғылымының тұжырымдары да дәлелдеп отыр.

М. Әуезовтің әдеби-танымдық тұрғыдан алғанда құнды мақаласының бұл күнге дейін ғылыми-филологиялық айналымға түспеуі библиографиялық көрсеткіштерде жинақ атауының “Современная казахская литература” деп берілуінен болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының, Ұлттық ҒА ғылыми кітапханаларының каталогтарында жинақ атауы дұрыс жазылып, “Сборник современной казахской литературы” деп берілген.

М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына 1941 жылғы жинақтағы мақала мәтіні толықтай беріліп отыр.

1. 5-б. “...тавро и тамги родов и их правителей” – “Тавро” – малға салынатын таңба. Жылқыға, ірі қараға, түйеге салынады. Көбіне жас малдың жамбасына қыздырылған темірмен басылады. Әр руға, елге, ауылға, малды жеке отбасыларға тиісті таңбалар болған. “Тамга” деп отырғаны қазақ халқының әр тайпасының, руының қалыптасқан таңбалары.

2. 8-б. “Созданные Джамбулом эпические песни “Об Утегене”, “О Суранши”, “О Саурыке”, “О Жапаре” – Жамбылдың “Өтеген”, “Сұраншы”, “Саурық” жырларының қатарында аталатын “О Жапаре” жыры М. Әуезовтің Жамбыл шығармашылығына қатысты бірнеше мақалаларында аталады. Бұл жыр туралы дерек басқа зерттеушілердің еңбектерінде жоқ. 1931 жылы С.Сейфуллин шығарған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” атты жинақта Жамбылдың айтуынан жазып алынған “Жабай” жыры берілген. М. Әуезовтің келтірген мысалы осы жыр болуы мүмкін.

3. 8-б. **Нұрпейіс** – Нұрпейіс Байғанин (1860, Ақтөбе облысы, қазіргі Байғанин ауданы – 9.IV.1945, Ақтөбе қаласы). Халық поэзиясының ірі өкілі. “Құрмет белгісі” орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Өмірі мен шығармашылығын Е. Ысмайылов, О. Нұрмағамбетова, К. Сейдаханов, т.б. ғалымдар зерттеген. “Қазақ әдебиетінің тарихында” (2-т. 2-кітап. 1964), “Қазақ совет энциклопедиясында” (2-т. 1973) жазылды.

4. 8-б. **Доскей** — Доскей Әлімбаев (1850, Ақмола — 1946, Қарағанды) — халық ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1939). 15 жасында ақындық дарыны көріне бастаған. Шығармашылығында сыншылдық сарын басым болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қаһармандық, ерлік тақырыбына арналған өлеңдер айтты. Өлең-жырлары 1937, 1939, 1949, 1958, 1965 жылдары шыққан жинақтарға кірді. 1941 жылы “Толғау” атты жеке жинағы шыққан. “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған.

5. 9-б. **Нурлыбек** — Нұрлыбек Баймұратов (1887, Шығыс Қазақстан обл. — 1967, сонда) — халық ақыны. Ауыл молдасынан сауатын ашқан. Өлеңдерін суырып салып та, жазып та шығарған. Айттысқа түскен. Шығармалары “Пернедегі термелер” (1965), “Айттыс” (1968), т.б. жинақтарда жарияланған. Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері.

6. 9-б. **Нартай** — Нартай Бекежанов (1890, Қызылорда обл. — 1954, сонда) — халық ақыны, композитор, қалыптасқан әншілік, термешілік мектебі бар. Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939). Жастайынан халыққа өнерімен қызмет еткен. Айттыскер ақын. Ел арасына кең тараған әндердің авторы. “Құрмет белгісі” орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

7. 10-б. **Сабир Шарипов** (1880, Ресей, Вятск губерниясы, Елабута ауданы — 1942) — жазушы, қоғам қайраткері. “Алтыбасар” (1926), “Бекболат” (1937), “Рузи Иран”, “Ләйлә”, т.б. шығармалардың авторы.

8. 11-б. **Есмамбетов Али** — Әли Есмамбетов (1914, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы — 1942, май. Ұлы Отан соғысында қаза болды). 1936 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Мектепте мұғалім, баспа редакторы, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының қызметкері болған. “Өлеңдер” атты жинағы шыққан.

9. 11-б. **Сланов Габдул** — Габдол Сланов (1911, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы — 1969). Жазушы, аудармашы. 1938 жылы тұңғыш әңгімелер мен очерктер жинағын шығарған. Ф. Слановтың “Дөң асқан” романы (1941) қазақ әдебиетінің үздік шығармаларының қатарына қосылады. Ф. Сланов “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған.

10. 11-б. **Калауова Зияш** — Зияш Калауова (1921, Оңтүстік Қазақстан, Ащысай кеніші — 1952, Алматы). Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Ауыл мектебінде мұғалім болған. “Шолпан” (1941), “Кавказ шыңында” (1946), “Бейбітшілік сүйеміз” (1951) атты өлеңдер жинақтарын шығарды.

11. 11-б. **Ақинжан Мусатай** — Мұсатай Ақынжанов (1905, Семей облысы, Шыңғыстай болысы). Комсомол қызметкері, мұғалім, журналист болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жұмыс істеген. Тарих ғылымының докторы, профессор. Әдеби шығармашылықпен де айналысқан. “Исатай-Махамбет”, “Батыр Сырым”, “Ыбырай Алтынсарин”, т.б. да драмалық шығармалардың, әңгіме, очерктердің авторы. Театр сыншысы, аудармашы.

12. 11-б. **Омар Шипин** (1879, Қостанай облысы, Обаған ауданы — 12.6.1963, Алматы) — халық ақыны, 1916 жылғы ұлт-

азаттық қозғалысының батыры Амангелді Имановтың серігі. Өлең, жырларының он жинағы шыққан. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (3,4-шақырылуы), Ленин, “Құрмет белгісі” ордендерімен, медальдармен марапатталған. Шығармашылығы жан-жақты зерттелген.

13. 12-б. **Иван Шухов** (1906, Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы) — қазақстандық жазушы. “Горькая линия”, “Ненависть”, “Родина” романдарының, көптеген әңгіме, повестердің авторы. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиннің біраз шығармаларын орыс тіліне аударған. Мемлекеттік марапаттар алған.

14. 12-б. **Гайша Шарипова** — Ғайша Шарипова (1901, Қазан —1969). Қазан университетінде оқып, кейін Мәскеуге ауысқан, аудармашылық қызметте болған. 1936 жылы КСРО Жазушылар одағының жолдамасымен Алматыға келген. Баспада, “Казахстанская правда” газетінде жұмыс істеген. М. Әуезовтің, С. Мұқановтың кейбір шығармаларын орыс тіліне аударды.

15. 12-б. **Павел Кузнецов** (7.8.1909, Шығыс Қазақстан облысы — 15.8.1957, Москва) — жазушы, журналист, аудармашы. 1938—1941 жылдары “Литература и искусство Казахстана” журналының редакторы. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бірнеше өлең жинақтарының, әңгіме, очерк кітаптарының авторы. Жамбыл Жабаев өлеңдерін орыс тіліне аударумен айналысып, ақын өмірінен алып “Бақытын тапқан адам” атты роман жазған.

16. 12-б. **Дмитрий Снегин** (1912, Алматы) — 1935 жылы Алматы ауылшаруашылық институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. “Литературный Казахстан”, “Шмель”, “Простор” журналдарында жұмыс істеген. Көптеген өлең жинақтары, проза кітаптарын шығарған. Қазақ, ұйғыр ақындарының өлеңдерін аударған. “Қызыл Ту”, “Қызыл жұлдыз”, “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталған.

17. 12-б. *“...ведет научную работу доцент Ритман-Фетисов, закончивший недавно большое исследование о творчестве Джембула”* — Ритман-Фетисов, Михаил Иванович (28.11.1917, Ростов обл. Новочеркасск қаласы — 27.2.1960, Москва) — филология ғылымдарының докторы, 1938—1947 жылдары ҚазПИ-де әдебиет кафедрасының меңгерушісі. 1947—1949 жылдары Тіл-әдебиет институтында, Мәскеуде КСРО ҒА-да жұмыс істеген. Қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған бірнеше кітаптың авторы. 1946 жылы “Қазақстан мемлекет баспасынан” “Джембул Джабаев. Жизнь и творчество” атты монографиясы шыққан.

Р. Әбдіғұлов

“Шабдар “ерге” май не дер!”

М. Әуезовтің публицистикалық сарында жазылған бұл мақаласы 1942 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 1 мамырдағы мерекелік санында шыққан. Мақаланың осы нұсқасы жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында (Алматы: Жазушы, 1981. 86—87-бб.) сол қалпында берілген. Жазушы мұражайының қолжазба қорында түпнұсқасы жоқ. Көлемі бір беттен сәл ғана асатын мақалада автор адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыс, Екінші дүниежүзілік соғыстың басталу себебі мен идеялық ұстанымының негізін дәл де нақты ашқан. Фашистік Германияның ұлттық социализм идеясы мен “блиц криг”, жылдам жаулап алу соғысының стратегиясы жайында сол кездегі қазақ оқырманына өте ұтымды, түсінікті көркемдік әдіспен айтып берген. Фашистік Германияның шовинистік астамшылығы мен “блиц криг” соғысының іске аспай қалғанын қазақ халқының өз аңыз әңгімесі мен шаруашылығындағы белгілі жағдайлармен қатар қоя отырып, мағыналық параллелизмді ұтымды қолданудың арқасында газеттік мақалаға қойылатын жалпы көркемдік талаптар тұрғысынан да, сол кездегі қазақ оқырманының қабылдау ерекшеліктері тұрғысынан да мінсіз дерлік шығарма тудырған.

М. Әуезовтің елу томдық толық шығармалар жинағының бұл томына мақаланы жазушының 20 томдық шығармалар жинағындағы басылымы бойынша беріп отырмыз.

1. 17-б. “**Бір топ төре...**” – Мұнда қазақ халқының аңыз әңгімелері бойынша төре деп отырғаны Шыңғыс хан ұрпақтарынан тарайтын, қазақ жүздеріне, ру-тайпаларына кірмейтін, ертеде өкілдері генеалогиялық сипаттағы мирас ретінде әр дәрежедегі ел билеу тұтқаларына ие болып отыратын топты айтып отыр. Осы тектес топтар, әулеттер ірі ұлттардың көбінде болған.

2. 17-б. “**Ақсүйек**” – Әр түрлі ұлттарда, әртүрлі тарихи әлеуметтік кезеңдерде ақсүйек ұғымының әртүрлі мағынасы болған. Белгілі бір генеалогиялық топқа, әлеуметтік жіктелуге байланысты немесе мемлекеттің, үкіметтің тағайындауымен, марапаттауымен ақсүйектік алатын жағдайлар да бар. Қазақ халқында ақсүйектер жігіне негізінде төрелер мен қожалар жатқызылған.

3. 17-б. **“Өйткені біз ақсүйек арийміз”** – “Арий” термині ғылымда түрлі мағынада қолданылған. Қазір “арий” термині үнді-иран тілінде сөйлеген (үнді-европа тілдерінің шығыс тармағы) тайпалар мен халықтарға байланысты айтылады. Бұл терминді Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында фашистік Германия идеологтары шовинистік пиғылдарының бір құралына айналдырды.

4. 17-б. **“Ат басындай ұзын бас”** – Фашистік Германияда шовинистік мақсатта нағыз арийлік ұлттың белгілері жасалған болатын. Мақалада айтылған “селеудей сап-сары шаш”, “тұздай көк көз”, “ұзын бас” – сол белгілердің кейбіреулері.

5. 17-б. **“Ганстер”** – немістерді кейде балама ретінде осылай атаған. Осындай балама атаулар басқа ұлттарға да қатысты айтылады.

6. 17-б. **“Көр жаза”** – қатарлы жаза мағынасында.

Р. Әбдіғұлов

“Конвейерде күй мығым”

Очеркте Қарағанды кен орындарындағы жұмысшылардың Ұлы Отан соғысына еңбекпен үн қатқаны суреттеледі. Очерк алғаш рет 1941 жылы 16 шілде күнгі “Социалистік Қазақстан” газетінде жарық көрді. Бұдан кейін жазушының жиырма томдығының 8-томында (1981. 77—80-бб.) басылды. Аталған очерктің машинкада басылған нұсқасы мен қолжазбасы бір бумада бірге түптеліп, жазушы мұражайында (“Әуезов үйі” ҒМО. 59-бума. 1—5, 20—24-бб.) сақтаулы тұр. Екі нұсқа да латын қарпінде жазылған. Сақталуы жақсы. Жазушы архивіндегі қолжазбаның түпнұсқасында очерктің тақырыбын әуелі “Қарағанды мен Балқаш сөйлейді”, “Қайсар қайрат шахтада” деп қойғанымен, кейін оларды автор өшіріп, “Конвейерде күй мығым” деп жаңа тақырыпқа өзгерткен (59-бума. 20—24-бб.).

Бұл очерктің газеттегі жарияланымы, 20 томдықтағы басылымы, машинкадағы нұсқасы түгел қолжазбамен мұқият салыстырылды. Мазмұнында көп өзгешелік жоқ, кейбір техникалық қателер, түсіп қалған жекелеген сөздер қалпына келтіріліп, жазушы шығармаларының академиялық басылымына түпнұсқасы сол қалпында өзгеріссіз жіберілді. Жиырма томдықта қате жазылған мына сөздер: “Бір тәулік ішінде” — “Сөткенің ішінде”, “еңбек істеген” — “шахтада істеген”, “атылды” — “айтылды”, “шахтадағыдан” — “шахта дағдыдан”, “жүздеген тонна” — “400 тонна”, “бригада” — “бригадир”, “төлемін” — “сәлемін”, “оған” — “отан” болып түзетілсе, “курьер” сөзі түсіп қалғандықтан, қолжазба бойынша қалпына келтірілді.

1. 19-б. “**Конвейер**” — транспортер (ағылғ. conveyer — тасымалдау), сусымалы, кесек-кесек, жеке-дара жүктерді тасымалдауға арналған, үздіксіз жұмыс істейтін машина. Оның түрлері өте көп. Мәселен, ленталы, пластинкалы, күрекші, тасымалдаушы, аспалы конвейерлер деп, көптеген түрге бөлінеді. Жазушы “лықсыма конвейерлер” — рештакты сөз етеді, ол негізінен конвейерлердің тасымалдау түріне жатады.

2. 21-б. “**Түсіп Күзембаевтың өзімен бірге көп жасасқан, көп кезеңде өктеп шыққан, сай тасындай атпал шахтерлері бар**” — Күзембаев Түсіп (1890—1958) — Қазақстанның еңбек сіңірген шахтері, Социалистік Еңбек Ері.

Е. Қаныкейұлы

“Абай” (сценарий)

“Абай” сценарийінің қолжазбасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған (143-бума). Оның алғашқы бетінде жазылу уақыты 1944 жыл деп көрсетілген. Осы беттің жоғарғы тұсында шығарма авторы Мұхтар Әуезов, Григорий Рошаль деп көрсетіліп, олардан сәл төменірек “Ефим Арон қатысуымен” деп жақша ішінде жазылған. Қолжазбаның көлемі 65 бет. Сценарий бұдан бұрын М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он екінші томының 6—52-беттерінде (Алматы: Жазушы, 1983) жарияланған.

Сценарий мазмұны жағынан 1943 жылы жарық көрген “Абай” сценарийіне (редакциясы мен орысша нұсқасы М. Блеймандікі) сәйкес келеді. Бірақ бұл сценарийдің алғашқыға қарағанда көп ықшамдалып, оқиғаларының жинақталғаны, ішінара біраз кейіпкерлердің іріктелгені, кейбір эпизодтардың өзгертілгені байқалады. “Абай жолы” романына арқау болған өмір деректерді автор сценарийге алдын-ала ширатып, әр жазған сайын жетілдіріп, пысықтай түскенін дәлелдейтін бұл қолжазбалар М. Әуезовтің өзіне-өзі үлкен талап қоя білетінін, жазушылық қиялының кеңдігін, суреткерлік шеберлігін де айқындайды.

Сценарийдің ең басында драмалық шығарма сияқты қатынасушылар тізімі берілген. Онда 21 адамның аты, кім екендігі көрсетілген. 22-адамның аты аталмай, тек “Қыз — ол да Айдардың руласы” делінген. Оларға қосымша көпшілік сахнасында көрінетін кейіпкерлер ретінде “Урядник, полиция, қонақтар, жігіттер, балалар” деп жазылған. Сценарийдің кейбір тұстарында пьесаға тән жазбалар да ұшырасып қалады. Мысалы: диалогтардың берілуі, кейіпкер әрекеттерінің жақша ішінде көрсетілуі.

Сценарийдегі негізгі оқиға желісіне Айдар мен Ажардың махаббаты, Абайдың жаңашыл жастар мектебі, олардың қоғамдағы рөлі, ескі мен жаңаның күресі өзек болған. “Абай” сценарийінде М. Әуезовтің ұлттың озық дәстүрін ұлықтауы, оның тарихын, өткенін дәріптеуі жөніндегі өзіндік көзқарастары бірден аңғарылады.

Бірінші көріністе-ақ ескі молаларды қазып, халық тарихын зерттеп жүрген Долгополовтың аузымен айтылатын мына сөзде

сондай тағылым бар: “— Темір ауыздық... құрсау... өзі алтын... Анау шақпақ отқа қарағанда ірі мәдениет айғағы ғой... Тегі, ескі қазақ осы сахарасы үшін талай жабайылармен соншалық ұзақ заман алысқан-ау... Солай шығар деп ойлаппек-ау, Ибрагим Құнанбаевич...” Басқа қадалған шақпақ оқпен алтын құрсауды салыстырып, қазақтың сахара үшін алысып қана қоймай, сол ұлы далада ұлы мәдениетті жасай алған текті болмысы жайлы болжам жасалады. Және оны Долгополовтай өзге елдің өкілінің аузымен айтқызуы автордың білігін терең көрсетеді. Әрине, бүгін тәуелсіздік алып, ұлт тарихының алтын парақтары айқын танылып жатқан тұста үйреншікті болып қалған мұндай мәліметтерді кеңестік кезеңнің құрсауында отырып соншама тапқырлықпен беру үшін Әуезовтің ғана шеберлігі керек еді. Сонымен қатар осы үш ауыз сөздің аясына ата-бабалардың кейінгіге аманат етіп қалдырған атамекен жерінің әр сүйемін қорғау жолындағы қисапсыз күрескені туралы да ой ұшқыны түгел сыйып кеткен. Ескі қазақ талай жабайылармен алысқан деген сөздің астарында қаншама мән бар. Етегіне жармасқан дүлей күштерді биік рухымен, тегеурінді қайратымен ғана емес, өзгеден озық өркениетімен де басып тастап отырған жұрттың жалпы көне замандардағы заңғар бейнесін танытады.

Долгополовтың осы ойын Омар Наямның өлеңімен шегелеп бекіте түседі:

Бар жиһанның ардақтысы, асылы біз,
Фәни дүние ең бір сұлу нәсілі біз.
Бар ғаламы жүзік болса дөңгелек,
Сол жүзіктің анық ғауһар асылымыз!

Бір-бірімен сабақтасып жатқан тарих тағылымын тану желісі Абайдың шәкірттерімен шағын ғана диалогында тағы да ашыла түседі. Көкбайға Абылай туралы шығарма жазуға тапсырма берген ұстаздың алдындағы шәкірт жауапкершілігі, сыйлы ағаның аманатына інінің адалдығы сезіліп тұрған осы көрініс Абайдың ақындық мектебінің тек көркем сөзге, сөз өнеріне үйретумен шектелмей, тарихқа үлкен талғаммен қарау керектігін өзек етіп отырғанын да байқатады. Мағауияның: “Аға, бұның жаман жазудан қорыққаны сондай, тіпті жақсы жазуға батылы бармай жүр”, — деген сөзіне Абайдың: “Батылдық жоқта өнер жоқ!” — дейтін жауабы жастарды жақсылыққа баулитын үлкен жүректі ақынның күшті талабы әрі олардың намысын қайрайтын жігер сөзі түрінде үйлесімді беріледі. Осы тағылым Абай мектебі өкілдерінің өнерде бәсекелес болғанмен, өмірде бірі үшін бірі отқа түсуге өзін тілеуқор екендігінен де көрінеді. Оған Айдар мен Ажарды қуғыншылар қамауынан құтқарар тұстағы Мағауияның, Көкбайдың әрекеттері дәлел.

М. Әуезов сценарийге Абай өмірінің ерекше бір кезеңін өзек етіп алған. Мұнда ру тартысы, аталастардың жікке бөлінуі деген ескі ұғым мен адамзат дамуының жаңа белесіне көтерілген жаңа ойдың алғашқы ұшқындары шиеленіске себеп болады. Сырттай қарағанда Абай басына үйірілген тағдыр бұлты оны замана желінде теңселткендей болғанмен, шын мәнінде ақынның айбарының асып болашаққа нық қадам басуына алғышарт болған қым-қуыт оқиғалар тізбегі жалғасып жатады. Бірде жеңіп, бірде жеңіліс табатын өмір соқпағындағы қуанышы мен қызығы, қасіреті мен қасиеті қатарласа жүретін қас-қағымдай бұл сәттер Абайдың өмірінде ғана емес, бүкіл елдің тағдырындағы сын кезең болды деуге негіз бар. Өздерінің әділетсіздігін өлермендікпен көлегейлеуге тырысқан Ерден жағының білек күші мықты болса да, құрамында жасы көп Абай тобының білігі әлдеқайда үстем тұр.

М. Әуезов әр оқиғада кейіпкердің жан дүниесін сенімді түрде бірте-бірте аша түседі. Мысалы, Айдар, Шәріп қос тағаны біріне-бірі қарама-қарсы бағытта күшейе береді. Автор өзіндік позициясын анық та айқын көрсетуді мақсат еткен. Сондықтан да сценарийдегі оқиғалар сюжеті жағынан қысқарғанмен, мазмұн тұрғысынан тереңдей түскен.

Сценарийде халықтық, ұлттық мәселелерді өмір шындығына барынша үйлестіруге көңіл бөлінген. Мысалы, бірінші нұсқадағы Абайдың Семейдегі кітапханада Долгополовпен танысуы, алғашқы кездесу, пікір алысулары, Әли-задеге қатысты оқиғалар алынып тасталған. Жортар мен Қартпайдың Бақанасқа таласы да, бұл жөніндегі Абай билігі де нақтыланып, жинақталған.

Кейіпкерлер құрамында, олардың әрекеттерінде де біршама өзгерістер бар. Басты кейіпкердің бірі, Абайдың шәкірті – Айдарды у беріп өлтіруші адам, мұнда Шәріп болып өзгертілген. Ал Оспанов Әзімхан – облыстан келген шенеунік, Тәкежанның сыбайласы болып шыққан. Ол Шәріпті қылмысқа итермелеп, Айдарға у бергізеді. Долгополовтың да кетуіне ықпал ететін адам. Бірінші нұсқадағы осы Шәріптің тұсына М. Әуезов өз қолымен жақша ішінде (Керім) деп жазған. Сондай-ақ Долгополовтың тұсына (Долгов), ал Еркежанның тұсына (Әйгерім) белгіленген. Кейін кино нұсқасында осы адам аттарының өзгергені анық, Тобықтының рубасы Ерден (Оразбай) деп алмастырылғаны да соның айғағы.

Сценарийде Абайдың ақындық мектебінің дамуына, қалыптасуына қатысты жайттар тереңдей түскен. Абай шәкірттерінің шығармашылық бәсекесі, олардың ортақ көзқарастары, өзара бауырмалдық сезімдері ұлы ақынның гуманистік идеяларынан бастау алып жатқандығы жан-жақты ашып берілген. Мысалы, ақынның арнайы тапсырмалар беріп, жазылған шығармаларды біріге талдауы, қызықты тақырыптарды бөлісу шарттары, т.б.

Абай өлеңдерінің ел ішіне таралуы да автор жаңа кейіпкер – Зейнеп деген жолаушы ақын әйелдің әрекеті арқылы, Шәріптің қыз жасауының басы ақын өлеңдері болып жатқанын айтқан хабары арқылы ұтымды тәсілмен жеткізілген.

Алғашқы нұсқада тек сөзталас түріндегі тартыс, кейінгі жерде ақынның соққыға жығылуына қатысты әрекеттер қосылып, мұнда қарсы жақтың қол жұмсауымен аяқталады. Бірақ Абайды шоқпармен Мес ұрғанмен, осы уақытқа дейін оның сыбайласы болып келген Тәкежанның тоқтам сөз айтуы, Нарымбеттің өз денесімен Абайды жауып қалуы, Ерденге айтқан қарсы сөзі – әділдіктің жеңіп, қара күштің күйреуінің белгісі.

“Абай” сценарийі М.Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық толық жинағына 20 томдықтағы басылған нұсқасы бойынша дайындалды. Бұрынғы басылымдарды әзірлеу кезінде жіберілген кейбір қателіктер кейінгі кітапқа сценарий қолжазбасымен салыстырыла отырып, түзетіліп берілді. Түзетілген кейбір сөздер мен сөйлемдердің жөнделу реті төмендегідей:

“А ж а р. Қаралы жылын күткемін. Сенің айтар күнәң жоқ... (10-б.) – А ж а р. Қаралы жылын күткемін. Сенің айтар кінәң жоқ...”; “Н а р ы м б е т. Арсыз! Атадан азған! (*Қамиы сілтейді.*) Ері өлсе келін мұра, әмеңгерің мен! (10-б.) – Н а р ы м б е т. Арсыз! Атадан азған! (*Қамиы сілтейді.*) Іні өлсе келін мұра, әмеңгерің мен!”; “Қ а р л ы ғ а ш. Жынданбасам игі еді! (16-б.) – Қ а р л ы ғ а ш. Жынданбасам игі еді!”; “Мынау өзінен бұрын өңін кетіртті ғой (18-б.) – Мынау өзіне бұрып өңін кетіріпті ғой”; “М а ғ ы ш. Онда мен де Ажарша қашып кетем. Кәні ақылдым да жұбанышым еді (20-б.) – М а ғ ы ш. Онда мен де Ажарша қашып кетем. Кәні ақылшым да жұбанышым еді”; “Жиреніштен безінер әке ме еді сенің әкең? (22-б.) – Жиренішпен безінер әке ме еді сенің әкең?”; “Қалың ел бұл төбенің бетіне өрлей құлай отырған (25-б.) – Қалың ел бұл төбенің бетіне өрлей құлдай отырған”; “Қисайта қылыш сермерсің, кессең өз қолыңды кесерсің (27-б.) – Қисайта қылыш сермерсің, кессең өз қоңыңды кесерсің”; “адамға қарай тартушы еді (27-б.) – адамға қара тартушы еді”; “Солай! (*Жұрт күледі.*) (27-б.) – Солай ма? (*Жұрт ду күледі.*)”; “Жүрегінде не бар. Жалғыз-ақ... (27-б.) – Жүрегінде не бар, басында не қалды, соны аңғарар едіңіз-ау! Жалғыз-ақ...”; “жолдан шыққан бұзықтың дауы (27-б.) – жолдан шыққан бұзықтық дауы”; “Сіз Айдарды ғана өлтіресіз бе? (27-б.) – Сіз Айдарды ғана өлтіртесіз бе?”; “Бота көз қыз жаны қаламай тыңдап болып (42-б.) – Бота көз қыз жаны қалмай тыңдап болып”; “Тосқаны сен мес пе ең? (43-б.) – Тосқаны сен емес пе ең?”; “Бұлтты жел айдап, шөп басын жел сілкітеді (52-б.) – Бұлтты жел айдап, шөп басын жел сілкінетеді”; “Қарғаса қан надандар жырды қарғап (52-б.) – Қарғаса қас надандар жырды қарғап”.

“Абай” сценарийін жаңа басылымға қайта әзірлеу барысында бұрын кеткен басқа да кейбір қателер қайта түзетіліп, жөнделді. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өміріне арнап түсірілген “Абай” атты тарихи-көркем фильмнің бұдан өзге де бірнеше киносценарийлік нұсқалары жазылғаны мәлім. Солардың ішінде сюжеттік желісі, мазмұны жағынан кино желісіне көбірек жақын келетін осы нұсқа деп айтуға болады.

Қ. Раев

“Абай” (кинодрама)

“Абай” кинодрамасының түпнұсқасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында (146-бума) сақталған. Ұзын жол көзді дәптерге араб әрпінде сиямен жазылған қолжазбаның сақталуы жақсы. 27 парақтың екі бетіне жазылған қолжазба автор беттеуінде 54 бет. Бөлімдері қызыл қарындашпен кейіннен қойылған.

“Абай” кинодрамасы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 11-томында (Алматы: Жазушы, 1982. 329—396-бб.) жарық көрген болатын. Бұл томға “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорындағы (146-бума) нұсқа бойынша беріліп отыр.

Араб әрпінде жазылған “Абай” кинодрамасы “Абай” кинофильмін жасаудағы М. Әуезовтің алғашқы қадамы. Соғыс жылдарында орыстың белгілі кино мамандарының Алматыға келуін мейлінше тиімді пайдалануға тырысқан М. Әуезов 1942 жылдың күзінен-ақ “Абай” кинофильмінің сценарийін жазуға кіріседі. Орталық мемлекеттік мұрағатта соған қатысты мынадай анықтама сақталыпты: “Справка об участии сценаристов в работе над сценариями на казахстанские темы с 1942 г. по сент. 1946 г.

1. Ауэзов М.О. “Абай”, “Степной батыр” (сказание о Козы Корпеше и Баян-сулу), (ЦГА РК, оп. 1, д. 241, л. 1).

1945 жылы ақынның 100 жылдық мерейтойы келе жатқанын жадында мықтап ұстаған М. Әуезов бұл бағыттағы жұмысты “Абай” кинодрамасынан бастаған. Шығарманы “кинодрама” атауының да өзіндік сыры бар. Шығарма бұл күйінде киносценарийден гөрі драмалық туындыға жақын. Мұның алдында “Райхан” кинофильмінің сценарийін жазып, кино өнерінің қыр-сырымен жете таныс М. Әуезов кино мамандарының талқысына өзі айтқысы келген негізгі ойларын кең ауқымда ұсынған. Онысы нәтижесіз де болмаған. 1943 жылдың 15 қазанында көркем фильмдер өндірісі Бас басқармасының жетекшісі Полонский, сценарлық бөлім бастығы Еремин, редактор Погожевалардың КСРО Кинематография комитетінің төрағасы Большаковқа жолдаған шешімінде былай дейді:

“Настоящий вариант литературного сценария Ауэзова “Абай”, по сравнению с предшествующим вариантом, отличается композиционной стройностью и сюжетной организованностью.

Основной недостаток прошлого варианта — многотемность, и как следствие этого, неразрешенность целого ряда поставленных проблем — почти полностью преодолен в настоящем варианте сценария.

Устранены действующие лица — Али-заде, жена и сын Абая, не имевшие места в сюжете и явившиеся лишь схематическим воплощением определенного авторского тезиса” (ЦГА РК, ф.1708, оп. 1, д. 123, л. 1).

Осылайша бұл кинодрамадағы жекелеген тұстар кино өнерінің жанрлық ерекшеліктеріне қарай қысқартылып, өңделген. Тақырыпты ашудағы маңызы шамалы деп табылған Әли-заде, Еркежан, Әбіш бейнелерінің жекелеген тұстарын кино мамандары шығармадан алып тастаған. Кейінгі нұсқаларда қысқарған Әли-заде бейнесінің кинодрамада кездесуі бұл нұсқаның өңделмеген, алғашқы варианты екенін дәлелдейді.

Қолжазбадағы жекелеген сөздер осы күнгі жазу ережесіне сәйкес түзетілді. Мысалы: ұру — ру, әделет — әділет, т.б.

Сондай-ақ М. Әуезовтің өз қолданысындағы айтылуына қарай бірігіп кеткен бірнеше сөздер қолжазбадағы нұсқа бойынша берілді. Мысалы: іздегенімбекен, болушеді, т.б.

“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында “Абай” кинофильмін түсірер алдында жасалған жұмыс сценарийі де сақталған (556-бума). Сол кезеңдегі жағдайдан, осы фильмді түсіру барысынан мол мағлұмат беретін болғандықтан, бұл тарихи құжаттың маңызды деген тұстарын өзгеріссіз беріп отырмыз. Көк мұқабамен тысталып, машинкаға басылған сценарийдің көлемі — 131 бет. Мұқабаның ішкі бетіне көк сиямен “13/VI—44 г.” деген дата қойылған. Алғашқы бетіне: “РАБОЧИЙ СЦЕНАРИЙ кино-картины “АБАЙ”.

Авторы сценария: Мухтар АУЭЗОВ.

Григорий РОШАЛЬ.

при участии — Ефима АРОНА.

г. Алма-Ата. 1944 г.” — деп жазылған да, одан ары:

Постановщики фильма: Григорий РОШАЛЬ.

Ефим АРОН.

Режиссер: Н. Бейсеков.

2-й режиссер: О. Улицкая.

Директор картины: К. Сулейменов.

Ассистент: Х. Сулейманова.

Метраж картины — 2761 мт.
 Из них: натура — 1655 мт.
 павил. — 1066 мт.

Объекты:

Натура:

Павильон:

- | | |
|-------------------------------|------------------------------|
| 1. Курган — 104 м. | 3. Юрта Абая — 123 м. |
| 2. Погоня — 30 м. | 5. Юрта Айдара — 61 м. |
| 4. Аул Абая — 608 м. | 6. Юрта Ажар — 50 м. |
| 9. Колодец — 43 м. | 7. Юрта Эрдена — 84 м. |
| 10. Суд — натура — 219 м. | 8. Юрта Долгополова — 130 м. |
| 12. Могильник | 11. Суд — павильон — 314 м. |
| Кенгирбая — 209 м. | 14. Юрта Шарипа — 62 м. |
| 13. Охота — 167 м. | 15. Юрта Еркежан — 56 м. |
| 17. Ночь — фейерверк — 158 м. | 16. Свадебная юрта — 190 м. |
| 18. Степь — дороги — 19 м. | 20. Трюков. съемка — 10 м. |
| 19. Пейзажи — 20 м. | 21. Надписи — 30 м. |

Действующие лица:

Роли:

1. АБАЙ (ИБРАГИМ КУНАНБАЕВ) — поэт и мыслитель.
 2. АЙДАР
 3. ШАРИП
 4. КОКПАЙ
- } поэты, ученики поэтической школы Абая — *Бадыров*
 — *Айманов*
 — *Тельг.*
5. БАЙМАГАМБЕТ — сказочник, друг Абая — *Кожамқ.*
 6. ЗЕЙНЕП — женщина, странствующий акын — *Койшыбаева*
 7. АБДУРАХМАН (АБИШ) — артиллерийский офицер, сын Абая — *Өгізбаев*
 8. МАГАВЬЯ — сын Абая — *Шолтаев*
 9. АЖАР — вдова, невеста Айдара — *Ергужина*
 10. ДОЛГОПОЛОВ — доктор и этнограф.
 Ссылный — *Олег Жаков*
 11. ЭРДЕН — глава рода Тобыкты — *Умурзаков*
 12. НАРЫМБЕТ — родич Эрдена — *Сыздыков*
 13. МАРЬЯМ (МАГИШ) — его сестра и невеста Абиша — *Жандарбекова*
 14. АЗИМХАН ОСПАНОВ — губернский чиновник — *Кармысов*
 15. ТАКЕЖАН — волостной управитель, брат Абая — *Ә. Мұхамбетияр*
 16. ЕРКЕЖАН — жена Абая — *Д. Тінәлина*
 17. КАРЛЫГАШ — племянница Абая — *З. Тәжиденова*

18. СЫРТТАН – старейшина и судья рода

Тобыкты

– *Бадыров*

19. МЕС – родич Эрдена.

20. ДАУЛЕТ – из рода Айдара.

21. ОРАЗ – из рода Айдара.

22. ДЕВУШКА – из рода Айдара.

23. МУЛЛА ИСА.

24. СТАРУХА.

Урядник, городовые, гости, жигиты, дети” – деп машинкамен терілген де, рольдердің тұстарындағы актерлер есімдері көк сиямен қолмен жазылған. Сценарийдің негізгі бөлімі басталатын 5-беттің сол жақ бұрышына сиямен “На подлинном экземпляре резолюция “Утверждаю” (с замечаниями). Метраж 2700. 21/VI. Большаков” – деп, астына мөр басылған.

М. Ахетов

“Абай” (либретто)

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай шығармашылығы жайында М. Әуезовтің бірқатар көркем шығармалар жазғаны мәлім. Бұл тақырыппен жазушы жиырмасыншы жылдардың бас кезінен бастап шұғылдана бастаған. Көп жылға созылған ізденіс нәтижесінде М. Әуезов Абайдың толық өмірбаянын жазып, әдебиеттану ғылымында “Абайтану” саласының негізін қалады. Осы тақырыпта 1939 жылы “Абай” драмасын, 1944 жылы “Абай әндері” фильмінің сценарийін жазды. Осылайша, “Абай” пьесасында баяндалатын Айдар мен Ажар оқиғасын ықшамдап, кейін “Абай” операсының либреттосын жазуды қолға алды. Либреттода Абайдың ақындық айналасы, қоғамдағы ескі мен жаңаның күресі, еркіндікке ұмтылған жастар бейнесі пьесадағы көрсетілетін кең ауқымда алынып, мазмұн желісі өлеңмен өрнектеледі.

“Абай” либреттосы 1944 жылы жазылып, алғаш рет 1957 жылы М. Әуезовтің алты томдық таңдамалы шығармалар жинағының (Алматы: ҚМКӘБ, 1957) 145—190-беттерінде жарияланған. Кейін М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының (Алматы, 1969) оныншы томында (387—428-бб.), 20 томдық шығармалар жинағының (Алматы, 1982) оныншы томында (383—422-бб.) басылды. Жазушы архивінде шығарма қолжазбасы сақталмаған. Алғашқы басылымда жіберілген кейбір қателер кейін қайта басылған кезде өз мағынасына орай жөнделіп, түзетіліп берілген. Мысалы:

“Ішінен көп торының ақты бұзды” (163-б.) — “Ішінен көп торының ақты бозды”; “Сергек қызыл қалмақтың” (164-б.) — “Сергек қызын қалмақтың”; “Күл-қотан” (178-б.) — “Күл-құтан”; “Абырой төгілсін” (178) — “Абырой төгіпсің”; “Жібер қарғыс көрінді” (178-б.) — “Жібер қарғыс көрінді”; “Айдар қорғалады” (179-б.) — “Айдар қозғалады”; “Аямаған өзімді” (182-б.) — “Аямай-ақ өзімді”; “Ойласа да одан да” (182-б.) — “Ойласайық одан да”; “Құссам” (183-б.) — “Құсам” болып түзетілген.

М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына либреттоның 20 томдық жинақтағы нұсқасы алынды. Онда жіберілген кейбір әріп қателері түзетіліп берілді. Мысалы: “Айдар жаным,

қайдасың?!” – “Айдар жаным, қайдасың?!”; “Мес ат үстінді?” – “Мес ат үстінде”; “Кес арқанды!” – “Кес арқанды!”; “Торғайды тұрса қама дег?” – “Торғайды тұрса қама деп?”; “Мұндары күңіренгіп тау мен тасты”, – “Мұндары күңіренгіп тұр тау мен тасты”; “Тілегенің саулығың, Айдарым!” – “Тілегенің саулығың, Айдарым!”

1. 151-б. **“Кебектің керін кигіз, аяма дер?!”** – Керін келтіру, Айдар мен Ажарды Еңлік-Кебек оқиғасындағы сияқты ауыр жазаға тартуды меңзейді.

2. 173-б. **“Кеше Абай, бүгін мен бе,**

Мінгізбегің ырғаққа?” – Ырғаққа мінгізу – мәжбүрлеп көндіру мағынасында.

3. 188-б. **“Жаныңды бер, Жиренше!..**

Ақ болсаң бер жаныңды” – Жан беру – құран ұстап, ант ішіп, кепілдікке жүру.

“Абай” операсының либреттосы жазылып бітісімен көп ұзамай 1944 жылы 24 желтоқсанда Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қойылған. Музыкасын А. Жұбанов пен Л. Хамиди жазған. Операдағы басты рольдерде Р. Абдуллин (Абай), Б. Досымжанов, Ә. Үмбетбаев (Айдар), К. Байсейітова, Ш. Бейсекова (Ажар) сияқты белгілі артистер ойнап, көрермен тарапынан үлкен жетістік ретінде жақсы бағаланады. Алғашқы қойылымның режиссері – Қ. Жандарбеков, дирижері – Л.М. Шаргородский, суретші – Қ. Ходжиков. “Абай” операсы театрда бір-екі маусым ғана қойылып, кейін ұмыт болып қалған шығармалардай емес, барлық уақыттарда да классикалық репертуарларда тұрақты орын алып келеді. Опера 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада болған екінші онкүндігінде көрсетілді.

К. Рахымжанов

“Абай”

(сценарий)

(бірінші нұсқасы)

“Абай” сценарийінің орыс тіліндегі аудармасы машинкаға басылған күйінде жазушы архивінде сақталған (144-бума). Машинкаға басылған сценарийдің көлемі 45 бет, оған осы шығарманың қолмен жазылған үзіндісі (15 б.) қоса тігілген. Екі нұсқада да сценарийдің жазылу уақыты 1943 жыл деп көрсетіледі. Аударма бұрын еш жерде жарияланбаған. Мазмұны жағынан аударманың “Абай” кинодрамасының қазақша нұсқасынан көп айырмашылығы жоқ. “Абай” киносценарийінің жазылу тарихы бірнеше жыл уақытты қамтиды. Шығарманы түзетіп қайта жазу, өңдеу кезінде сценарийдің ондаған беттері толығып, бірқатар өзгерістерге ұшыраған. Осындай өзгертулер мен қосымшалар қолжазбада бірнеше жерде кезігіп отырады. Мысалы, 16-беттегі бірінші қосымшада жазушы шығармаға Абайдың тау арасындағы түнгі шабыт үстіндегі кезін, екінші қосымшада суға батқан адамның қимылын сезіп өзенге асығуын, үшінші қосымшада Абай мен Айдардың суға кеткен Ажарды құтқарып, көмек көрсетуін жаңадан енгізеді. Сондай-ақ Абайға түн ішінде ағасы Төкежанның келуін де автор жаңадан қосқан. Бұл көріністен Абайдың Айдарға деген, сонымен бірге өзінің кейбір туыстарына, атасы Кеңгірбайға деген көзқарасы да айқындала түседі.

Сценарийдің үшінші бөліміне де бірталай өзгерістер енгізіліп (17-б.), Жиренше мен Төкежанның Абайдан Кеңгірбай ісінің құпиясын ашпауды талап ететін жері де қайта жазылған.

Осындай түзетудің (20-б.) бірі автор қолымен бірнеше жолға жазылып, қалған өзгерістер осы беттің аяғына таман көрсетіледі. Ол “...Айдар снова берется за нее” — деген жерден басталады. Бұдан арғы қосымша бірталай ұзарып, автордың қолымен жазылған тұтастай көрініс Әзімнің Айдарға, оның “Ендік—Кебек” поэмасын жазған талантына деген қызғаныш сезімін суреттейді. Осы сезім үстінде ол өзінің билер сотында Айдарға ара түсетінін есіне алады. Автор қолымен қайта жазылған осы екі беттік қосымша — Әзім мен Айдар арасындағы қарым-қатынастың ең шарықтау шегіне

жеткен мезгілі. Бұдан ары ақындар арасындағы қатынас тереңдей түседі. М. Әуезов Әзімнің Айдар талантын көре алмаушылығының біртіндеп сатқындыққа ұласудағы ішкі толғанысын көркемдік шеберлікпен жеткізеді. Осы кезеңдегі оқиға мазмұнына 24-беттегі Абайға қарсы Тәкежан, Жиренше, Нарымбет, Әзім тобының Кеңгірбай бейітінің басында бірігіп кек қайтаруға ант беру көрінісі де автор қолымен жаңадан жазып енгізілген. Бұл көрініс автордың шығарма фабуласына енгізген өзгерістерінің ішіндегі ең көлемдісі. “Абай” киносценарийінің қолжазбаға қарағанда бірталай өзгеріске түсуі талқылау кезінде айтылған әртүрлі пікірлерге де байланысты. Оның үстіне кино түсіру, бұрын кино үшін сценарий жазу тәжірибесінің аздығы да бірталай жайтты қайта қарауды, қайта жазып, өңдеп отыруды да қажет еткен. Қазақ халқының өміріне арнап киносценарий жазудың қиынға түсуінің бір себебі кино түсірушілердің көшпелі халықтың өмірі мен тарихын, тұрмыс-салтын жете білмеуі болса, екінші жағы бұрын қазақ әдебиетінде киносценарий жазу тәжірибесінің әлі аздығынан еді. Сондықтан да қазақ тілінде жазылған кинодраманың орыс тіліне аударылған соң да бірнеше рет қайта өңделіп, жөнделіп, толықтырылып шығуы әдеби тұрғыдан заңды құбылыс. М. Әуезовтің сценарийі бойынша “Абай” фильмін түсіру ісі сол кездегі мемлекеттік тұрғыдан аса жауапты мәселе ретінде қаралып, шығарма көптеген жоғары дәрежелі көркемдік кеңестерде талқыланған. Шығарманың машинкаға басылған данасы Орталық мемлекеттік архивте сақталғандығы туралы мәліметтер де жолығады (ЦГА РК, ф. 170). Ол еңбектерде “Абай” әдеби сценарийін М. Әуезовтің 1942 жылы жазғандығы анық көрсетіледі. Орыс жазушысы Виктор Шкловский “Абай” романы жайлы М. Әуезовке 1943 жылы 1 қаңтарда жазған хатында “Я верю в него, потому что я хорошо знаю Ваш сценарий. Вы мне много объяснили о судьбе Вашего народа” (“Әуезов үйі” ФМО. 610-бума. 14-б.), – деп, “Абай” сценарийімен кеңінен таныс болғандығын атап өтеді. Осындай түрлі хаттар мен архив құжаттарына және “Абай” сценарийінің бірнеше қайтара өңделіп, түзетіліп шығуына қарап шығарманың 1942 жылы басталып, 1944 жылы аяқталғанын көруге болады. Сценарийдің түзетіліп, қайта жазылуы оның бірнеше рет түрлі көркемдік кеңестерде талқылануына байланысты. Осындай талқылаудан кейін айтылған ұсыныстарды ескеріп, жазушы шығарманы қайта қарап жетілдіре түскен. Көркем фильмдерді шығару жөніндегі Бас басқарманың бастығы Полонский мен сценарий бөлімінің бастығы Ереміннің ЦОКС (Орталық киностудия бірлестігі) директоры М. Тихоновқа 1943 жылы 3 қаңтарда жазған хатында әдеби сценарийдің Комитетте мақұлданғандығы айтылады.

Ол кезде сценарий дайын болған соң, киноны өндіріске жіберу үшін жергілікті ұйымдардың пікірі талап етілетін еді. Ол туралы жазылған хатта “Сценарий туралы жергілікті ұйымдардың пікірін тезірек хабарлап, ол туралы тиісті құжаттарды жіберіндер” деп өтіне сұрайды. Бірақ жергілікті жердің ол туралы қорытындысы ұзаққа созылып кетеді. Жоғарыда атап өткен хатта Бірлестік директоры М.Тихоновтың қосымша нұсқауында былай деп жазылған: “Срочно тов. Матвееву необходимо написать в ЦК и СНК КАЗ ССР о необходимости их заключения для запуска...” (ЦГА РК, ф. 1708).

1943 жылдың 15 ақпаны күні “Абай” туралы сценарий бөлімінің бастығы, редактор Еремінаның қорытындысы жазылып, ол Халық комиссарлар кеңесі жанындағы Кинематография ісі жөніндегі комитет төрағасы И. Большаковқа жіберіледі. Онда сценарийдің талапқа сай екендігі: “Настоящий вариант литературного сценария Ауэзова “Абай”, по сравнению с предшествующим вариантом отличается композиционной стройностью и сюжетной организованностью”, – деп атап өтіледі.

Осылайша кеңесте талқыланып, түрлі түзетулерден кейін “Абай” киносценарийі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде 1944 жылы 14 маусымда мақұлданып, көп ұзамай 1944 жылы 14 тамыздағы Халық комиссарлар кеңесінің 458-ші қаулысымен “Абай” кинофильмін түсіру туралы шешім шығарылды. Бұл “Абай” фильмінің түсірілуіне жол салған, қазақ киносы мен көркемөнер тарихындағы, ұлт мәдениетінің өсіп- өркендеуіне үлес қосқан қуанышты оқиға еді.

Бұған дейін бірнеше рет түзетіліп, жөндеуден өткен сценарий 1943 жылғы Орталық Комитет талқылауынан кейін, тағы да екі рет қайта жазылды. Ол туралы Орталық киностудия бірлестігінің құжаттарында 1944 жылдың 1 наурызынан бастап сценарийдің ең соңғы нұсқасы жазылуы қолға алынғаны: “В связи с решением местных руководящих организаций об осуществлении фильма “Абай” как юбилейного, возникли указания о внесении в сценарий ряда существенных изменений.

Переработка сценария устанавливается студией к 10 марта, а написание режиссерского к 1 апреля” – деп атап көрсетілді (ЦГА РК, ф. 1708, д. 38, л. 16–17). Осылайша, “Абай” сценарийі алғашқы бірнеше нұсқасынан кейін талқылауға түсіп, кино түсірушілер, режиссерлер, зерттеушілер, кинодраматургтер мен сыншылардың әр түрлі пікірлері мен кеңестері ескеріліп, ең соңғы нұсқасы жазылып ұсынылды. М. Әуезов мұражайының қолжазба қорында (144-бума) “Абай” әдеби сценарийінің бірінші бөлімінің жаңадан, қайта жазылған нұсқасы сақталған. Қолжазба 14 бет. Онда сценарийдің бірінші бөліміндегі оқиға өзге нұсқаларға

қарағанда басқаша басталады. Шағын эпизодта көрші отырған екі ру елдің Бақанас өзеніне таласып, жер дауы үшін соғысуы көрсетіледі. Бұрынғы нұсқаларда бұл оқиға басқа бөлімдерде орын алатын және оқиға уақыты жаз айларында өтеді. Әңгіме желісі түсінікті болу үшін үзіндінің толық нұсқасын келтіруді жөн көрдік.

“А Б А Й”

Литературный сценарий

1943 год. Алма-Ата.

Часть первая

Зима. По широкому логу, заросшему кустарниками, березовой рощицей течет незамерзающая река Бақанас. Вдоль реки пасется огромный табун лошадей. Среди табуна скачут вооруженные длинными, как пики, соилами табунщики... Под ними взмыленные длинногривые жеребцы, холеные разгоряченные кони. По зимнему в толстые шубы, длинношерстные, мохнатые малахаи одеты табунщики. Они скачут со всех сторон к старику Картпаю, сидящему на вороном жеребце. На скаку кричат табунщики:

- Идут керейцы!
- Гонят свои табуны лошадей керейцы!
- Они снова хотят отбить нашу реку Бақанас.

Люди смотрят на другой берег реки... С той стороны по глубоким сутробам, по полям и холмам, где нет ни кустов, ни травинки, где гуляет только зимняя вьюга, движется медленно, черной лавой несметный табун понурых, исхудалых, обросших длинной зимней шерстью лошадей...

Жестоко, яростно кричит старик Картпай:

– Бились мы найманцы за эту реку Бақанас годами с керейцами. Будем биться, видно, и ныне! За нами право, найманцы! Скачи! Скачи в битву! За мной! – командует он, подняв свою пику.

Скачут за ним толпы всадников с боевым родовым кличем “Найман! Найман!”.

Впереди табуна, идущего в поисках пристанища, собрались другие табунщики, в другом покрое одежды, головного убора, тоже вооруженные пиками, соилами, секирами... Собрались вокруг своего старого вожатого, старика Жортара.

Насмешливо, сурово смотрит Жортар на скачущих врагов, говорит внушительно:

— Река Баканас принадлежала нашему роду Керей. Неправые судьбы, за подкуп, присудили найманцам. С тех пор много поколений, много-много лет мы бились за эту реку с найманцами-насильниками... И вот зима, гололедица, погибли кони, табуны, погибнет все благополучие нашего народа, нашего рода Керей, погибнут, если мы не найдем приют в долинах реки Баканас. Биться нужно за наше благополучие, за честь рода Керей! За мной керейцы, в бой!.. — закричал он, подгоняя своего густогривого пегого жеребца.

— Керей! Керей! — кричат и скачут за ним табунщики...

Столкнулись на скаку две огромные толпы всадников, бьются соилами, пиками, секирами... Падают в сугроб уже сраженные, окровавленные жигиты... Скачут в табуны кони, лишившиеся седоков... Бьются люди разъяренно, то скрепящая глухими, жесткими ударами свои соилы, то сражаясь на скаку... Скачут испуганные кони, их бьют соилами, гонят страшным гиканьем в даль от реки. Бьются люди толпами и врассыпную, иногда в единоличной схватке.

К одной паре бьющихся всадников подъехал верхом на верблюде Баймагамбет. Невозмутимо, спокойно, с заиндевшими густыми бровями, с окладистой бородой, в белой заячьей шапке, в мохнатом белом тулупе, на белом верблюде, он входит в кадр необычным и неожиданно странным вариантом русского деда Мороза на верблюде. Непрошенным гостем, медленными шагами невозмутимого верблюда, врзался Баймагамбет в середину дерущейся пары, заговорил сурово, важно:

— Зачем вы деретесь, люди?!

Невольно разъединенные табунщики остановились с поднятыми соилами, кричат с возмущением:

— А тебе что за дело?

— Кто тебя просил сюда?

— А мне жалко... — говорит с притворно суровым лицом Баймагамбет.

— Кого? Нас?.. — спрашивают жигиты.

— Нет, не вас. А лошадей ваших жалко. Зима, джут! Итак много гибнет скота. Хотите драться? Так деритесь сами, пешком. И падайте в сугроб, ближе и вернее будете друг друга колотить. А то что? Только коней мучаете! — хохочет он совсем иной теперь, насмешливый, примиряющий врагов. Разъехались эти табунщики...

Баймагамбет подъехал к большой группе яростно бьющихся врагов. Только слышны удары соилов, язг секир, крики, стоны людей... Быстро взлетают над головами всадников бьющиеся с размаху соилы. В центре боя два старика — Картбай и Жортар...

Они подбадривают своих людей, командуют... Приказывают увести раненых. Неустанно шлют два старика короткие, яростные проклятия и угрозы друг другу... Подъехал все еще невозмутимый Баймагамбет к ним... Остановился в самом центре побоища. Заставил зарычать верблюда. Кричит, брызгая слюной, его верблюд. Невольно оглядываются люди в драке. Смотрят с удивлением старики Картбай и Жортар... Встал на верблюда Баймагамбет, заиндевевший, весь белый, как дух предков, как призрак, повелительно крикнул людям:

– Араша! Араша! Араша!*

Старики остановили своих людей...

Баймагамбет подозвал жестом двух стариков. Подъехали и табунщики... Всадники остановились двумя толпами по обе стороны Баймагамбета.

– Вы деретесь из-за реки Баканас? А это мирная, щедрая река... Наш род Тобыкты живет в верховье этой реки и мы ее любим... – говорит Баймагамбет.

– Да она течет там благом для вас... А здесь, для нас, она течет ядом! – говорит Картбай...

– Мы деремся с найманами из-за нее. Она раньше принадлежала нашему роду Керей, но ее присудили неправым судом найманцам, – кричит Жортар.

– Неправда... Она присуждена еще при дедах наших. С тех пор мы, найманцы, хозяйева ее... Нам ее завещали отцы и деды.

– А нам завещали отцы и деды биться за нее, чтобы вернуть ее... И мы будем биться и зимой, и летом. Будем биться, как бились деды и отцы. Завещаем эту борьбу и сынам, и дочерям нашим. Не угомонимся, пока не вернем ее по праву! – говорит эти слова, как клятву, Жортар...

Спокойно заговорил Баймагамбет:

– Вы бились и биться будете и кровь будете проливать до тех пор, пока не обратитесь к справедливому суду народа... К правде настоящей, неподкупной..

– А где она? Разве есть она на этой земле проклятой? – говорит Жортар.

– Есть. Она была и приговорила нам реку Баканас устами бия Кенгирбая... – говорит Картбай.

– За взятку. За позорный подкуп! – отвечает в нетерпении Жортар.

– Кенгирбай? – переспрашивает Баймагамбет. – Это наш предок! И он жил давно...

* Буквально означает “разъединяю”, “прошу пощады”, так останавливают дерущихся сторонние люди.

— Да, ваш предок, он и присудил нам давно эту реку, — говорит Картбай.

— А сейчас не Кенгирбай, но есть другой человек, справедливый, с неподкупной правдой, — говорит Баймагамбет.

— Кто? Кто же это, назови нам его? — просят керейцы.

— Это Абай...

— Мы слышали о нем... Доходят до нас его добрые песни... Не он ли пел “Қалың елім қазағым, қайран жұртым”. Ведь он вправду печалится, заботится о народе?

— Так ведь он пел? Да! Он так пел и поет так же и сейчас. И он же справедливо рассудит вас...

— Пусть рассудит он! — говорит, неожиданно соглашаясь, и Картбай... — Он потомок Кенгирбая, его прадед присудил нам реку Баканас. Пусть и он подтвердит тот же неизменный приговор...

— Он потомок Кенгирбая? Разве он изменит путям предков? — говорит Жортар в сомнении.

— Не бойтесь, идите к нему. Он не похож на предка... Его предок, например, даже не нюхал табак, а Абай курит даже папиросы...

— А найдем мы у него правду? Решится ли он пойти против воли предка?

— Если предок был неправ, если вы докажете это, он пойдет... и очень легко пойдет...

— Откуда ты это знаешь? — спрашивает встревоженный Картбай.

— Знаю по своему собственному примеру. Не только предка, но преданного друга осудит, если он неправ. Так было со мной самим. Разочаровался я в жене своей, ну разлюбил... И, покинув ее, скитался по чужим аулам, не возвращался долго к жене, а ее вины не было... И вот слышу, однажды поют кругом в аулах, куда ни приеду, везде поют... Поют стихи про меня, написал их Абай и написал, осмеивая меня, друга своего... И заступается, знаете за кого, за бабу мою...

“Желіккеннен желігіп, жындысары жоғалды.” — Это про меня! — Вставляет он в песню.

Запел игриво, неожиданно шутивно. Засмеялись старики... Смеются табунщики...

— За бабу заступается. Друга не пощадил. Разве такой человек посмотрит на предка?

— Мы еще увидим! — говорит, не колеблясь в своей вере, Картбай.

— Мы будем искать справедливости у Абая, — говорит решительно Жортар...

- Идите к нему и найдете правду, – заключил Баймагамбет...
- Но где Абай?
- Где Абай ?.. Где он сейчас?.. – спрашивают люди с обеих сторон.
- Я вот этого не знаю. В ауле его нет... Он в городе... А в каком городе? Не знаю...
- Все равно мы будем ждать его...
- Мы приедем с нашей тяжбой к нему.
- Мы найдем его!.. – кричат люди, конной толпой провожая Баймагамбета, спокойно шествующего на своем верблюде...

Среди одноэтажных каменных домов по снежной улице едет запряженная в пару саврасых коней легкая кошевка. В ней сидит одетый по-казахски полный человек средних лет, это Абай. Правит конями молодой человек, ученик и племянник Абая поэт Азим. Они подъехали к двухэтажному каменному зданию, над парадным входом которого видна вывеска “Семипалатинская городская библиотека им.Н.В. Гоголя”.

Абай вошел в читальный зал библиотеки, твердо, грузно ступая своими большими широкими сапогами... На нем, подпоясанная кушаком, широкая шуба. Войдя в зал, он снял лисий малахай. Необычный посетитель обратил на себя внимание всех читателей — дам и чиновников. Важная пожилая дама навела лорнет на входящего Абая, поморщилась.

– Куда идет этот степняк? Киргиз?

– Скажите же ему, что здесь не торгуют чаем? – встала раздраженно молодая соседка.

Обе они обратились к молодому чиновнику, сидящему рядом.

Абай уже подходил к столику библиотекарши. Молодой чиновник надменно посмотрел на Абая, насмешливо заметил:

– Не понимаю, с каких это пор стали пускать в библиотеку Гоголя верблюдов?

Дамы поражены резкостью чиновника, но засмеялись... Оживились все остальные читатели... Смотрят на Абая. Смущенный и раздраженный грубостью чиновника, встал с места один из читателей, штатский человек, сидевший сбоку. Бросив гневный взгляд на молодого человека, он участливо поглядел на Абая. Абай услышал сказанное дамами и чиновником, прищурил глаза и тут же, смотря в упор на чиновника, заговорил спокойно, но жестко иронически:

– С тех пор, как начали пускать ослов!

И, протянув руку, указал прямо на молодого чиновника.

Ответ поразил всех присутствующих.

Засиял в радостной улыбке штатский человек, он уже подходил к Абаяу, громко смеясь над уничтоженным чиновником...

Абай не следил за впечатлением в зале. Обернувшись к библиотекарше, спросил у нее:

– Можно мне взять у вас графа Льва Толстого?

– А что именно?

– Анну Каренину. Есть у вас?

– Есть ... но ее читают.

– Я читаю ее... Но я могу вам уступить, если только вы скажете мне, зачем вам Толстой? – сказал, уже подходя к Абаю, штатский человек.

Абай обернулся к нему и ответил:

– Я думаю, что русский народ родил не только чиновников и их жен, хотя мы видим часто только их. Хочу узнать правду о русском народе. Слышал я, что эту глубокую правду о русском народе сказал лучше всех Толстой, хотел познакомиться с ним.

Читатель принес книгу Абаю и, передавая ее, добавил:

– Вы правы, Толстой сказал многое о русском человеке... Но говорит настоящую правду не только он.

– А кто еще? – спрашивает Абай.

– Не плохо, а еще резче сказал, например, Чернышевский...

– Чернышевский? Да, я слышал и о нем. Но как бы познакомиться с его трудами... с ним.

– Я могу предложить вам свои услуги.

– Вы знаете его труды?

– Знаю не только труды, но и лично его самого...

– О, это еще лучше... Как хорошо, что я встретил Вас... А скажите, вы его родственник?

– Нет, я был его учеником!..

– Но зачем же вы тогда ушли так далеко от вашего учителя? И от такого учителя ушли?

– Я не сам ушел! – говорит, улыбаясь, спокойно собеседник Абая.

– Как?

– Меня отправили.

– Вы ссыльный?

– Да...

– Так будемте знакомы – Кунанбаев Абай...

– Долгополов Нифонт... – Они жмут руки друг другу...

– В нашем краю самый лучший русский человек – это ссыльный человек... Это я знаю по Михаэлису, Гроссу, Леонтьеву...

При словах Абая о ссыльных чиновники возмущенно встали и приблизились, пристально глядя на Абая. А он сделал рукой резкий внушительный жест в сторону чиновников и добавил: – Не беспокойтесь, господа, я уже имел по поводу подобного своего убеждения личное объяснение с господином Военным губернатором Семипалатинской области.

— А вы знаете этих ссыльных? — спросил, не обращая внимания на чиновников, Долгополов. — Они ведь и мои друзья... — говорит, обнимая Абая, Долгополов...

— Так решено, будем друзьями и мы с вами! — говорит Абай. Они идут к выходу, уходят вместе из библиотеки.

Вечером в городской квартире Абая, на коврах и толстых одеялах, облокотясь на большие, вышитые подушки, сидят Абай и Долгополов. Гость еще не знает о том, что его приятель Абай — поэт.

— Я бы хотел узнать песни и поэзию вашего народа... Вы знаете наизусть какое-нибудь стихотворение?

— Да, кое-что я знаю.

— Так, прочтите, пожалуйста, Абай...

Абай читает размеренно, с чувством, короткое стихотворение: “Қараңғы түнде тау қалғып...”

— О чем оно... Переведите, Абай...

Абай улыбнулся.

— Перевод? Ну перевод получается приблизительно так!

И он читает с той же размеренностью, совершенно спокойно, глядя на Долгополова:

Горные вершины спят во тьме ночной,

Тихие долины полны свежей мглой.

Засиял, рассмеялся от неожиданности Долгополов... Смеется и Абай...

— Да ведь это — Лермонтов!

— Да, он!

— Это же перевод из Гете?

— Да, как будто... — говорит Абай, многозначительно улыбаясь.

— А кто же перевел на киргизский?

— Перевел один мой знакомый.

— А можно мне познакомиться с ним?

— Хорошо, я познакомлю вас сегодня с ним... — сказал Абай.

Доносится песня. Поет женщина. Долгополов прислушался к песне и начинает, вспоминая мелодию, повторять ее...

— Вам разве знакома это наша песня? — спрашивает, удивленный в свою очередь, Абай...

— Да. Ее часто напевает моя соседка.

— Так здесь ее поют, кажется, правильно, идемте, послушаем...

Абай открывает дверь в соседнюю, богато убранную комнату. А там широким, красочно-пестрым, праздничным кругом расположилась городская молодежь — нарядные девушки и жигиты...

Молодежь встречает Абая и его гостя с почтительными поклонами, некоторые уже срываются с мест... Приглашают в

круг... Но Абай делает успокоительные жесты... Просит, чтобы не прерывалась песня.

Поет девушка Ажар... Она поет “Письмо Татьяны” на текст перевода и на мелодию Абая... Красиво, с душой, поет Ажар. Абай и Долгополов, как вся компания молодежи, слушают ее с огромным чувством восторга и благодарности. Кончила песню Ажар.

— А что это за песня? Какие в ней слова? — спрашивает Долгополов.

— Слова этой песни такие, — говорит, вставая с места, юноша в форме кадета и начинает читать по-русски:

“Я вам пишу, чего же боле...” и т.д.

— А кто же ее написал по-киргизски?... — спрашивает Долгополов.

— Перевел на наш язык мой отец, Абай... — указывает с гордостью на Абая его сын Абиш... Он смотрит с благодарностью на отца, счастлив и горд за него этот еще совсем юный воспитанник русской школы.

— Как? Абай?.. — поворачивается Долгополов к Абаю. — Да вы поэт?..

— Да, я пишу...

— А кто же сложил мелодию?..

— И ее для пушкинской Татьяны сложил я!.. — говорит Абай...

— И это сложили вы? Вы поэт и вы композитор?.. О дорогой, родной Абай, — обнял Абая Долгополов, он поражен своим приятелем.

Абай обращается к молодежи и говорит ласково, учтиво:

— А вам спасибо, друзья... Вы представили, хорошо представили меня моему новому другу Нифонту Долгополову...

Подшли молодые люди к Абаю и к Долгополову. Абай знакомит своих учеников, поэтов с гостем. Подходит Айдар.

— Это — поэт Айдар... Мой друг молодой... — Это — Азим — тоже поэт и мой племянник. Это Кокпай... певец и поэт... Все они друзья, молодые и лучшие друзья мои...

Переведя свой взгляд на Ажар, Абай продолжает.

— А вас, Ажар, я благодарю особенно. Я не слышал подобной песни раньше... Она ваша. Собственная... — смеется он...

— Абай-ага! Вы нам сделали незабываемый подарок... — говорит, смущаясь, но глядя с огромным восторгом, Ажар...

Долгополов сияет в окружении учеников Абая и говорит, обращаясь к Абаю:

— Но куда я попал? Скажите, куда я попал-то?.. Здесь запели Лермонтов, Гете... и Пушкин в вашей дружной семье!.. А вы сами наконец!.. Школа поэтов! Да ведь я, кажется, стою не в сегодняшнем дне, а прямо в цветущей поре истории вашей литературы?..

– Ладно, ладно, Долгополов!.. – говорит совсем спокойно улыбающийся Абай... Они уходят к себе...

Айдар садится около Ажар и говорит ей с глубоким чувством восхищения:

– Ажар, как понравилось ваше пение Абай-ага... И он прав... Я тоже не слышал подобной песни...

– Ну, полно, Айдар, – смеется Ажар. – Ведь вы сами научили меня этой песне!

– А я больше не буду петь ее...

– Почему?

– Боюсь, что унижу ее... Я буду слушать ее только в вашем пении.

– Тогда вы забудете ее совсем... Думаю, что вы больше не услышите меня...

– Почему вы так говорите, Ажар? – спрашивает в тревоге Айдар...

– Потому, что завтра приезжает мой жених и я выхожу замуж...

Грустно вздохнул Айдар. Поникла голова красивого вдохновенного юноши ”(144-бума, 47–61-66.).

Мұндай өзгерту мен түзетулер жиі кезіккенімен сценарийде Айдар мен Ажар оқиғасы шығарманың басты желісі ретінде алынады. М. Әуезов “Абай” сценарийі арқылы әдебиет пен кино өнерін жақындастырып, қазақ кинодраматургиясының негізін қалаушылардың бірі болды. Бұған дейін көптеген драмалық шығармалар жазу арқылы театр өнерінен тәжірибе жинақтаған жазушы “Райхан” (1940 ж.) фильмінің сценарийін жазғаны мәлім. Сондай-ақ М. Әуезов сценарий жазу кезінде кино өнерінің тәжірибесі мен теориялық негіздерін жете меңгеру мақсатымен 1941 жылы қараша, желтоқсан айларында Алматы қаласында кеңестік белгілі өнер қайраткерлері ұйымдастырған арнайы курстарға қатысады. Тыңдаушы ретінде М. Әуезов кино жайындағы атақты өнертанушылардың оқыған лекцияларының керекті жерлерін арнайы дәптерге жазып (484-бума) алады. М. Әуезовтің кино туралы осы курста жинаған жазбаларына қарағанда онда бірнеше атақты кинотанушылар, өнер қайраткерлері қызықты лекциялар оқыған. Талантты кино шебері Л. Траубергтің лекциясын М. Әуезов дәптерге конспектілеп (1941.10.XI) алады. Жазушы Л. Трауберг лекциясынан жасаған конспектісінде мынандай пікірлер кездеседі. Онда сценарийдің кино шығару өндірісінің ұйымдастырушысы екендігі, “Без настоящего сценария не бывает настоящей картины... Лучшее кинопроизведение – фольклорно. Фольклор – образец для киносценария”, – деген жолдар бар.

М. Әуезов 1941 жылы 6—15 қараша күндері әдебиет пен кино өнерінің байланысы, сценарийдің кино түсірудегі орны, Америка киносындағы сценарий жазудың ерекшеліктері туралы Авенариустың лекцияларын тыңдайды. Жазушы американдық сценаристің кинопенканы жұмыс үстінде үнемдеп жұмсай білетіндігін ерекше бөліп атайды. Жақсы сценарист оқиға орнын екі метр түсіріммен көрсетсе, әлсіз сценарист ол үшін 60 метр пленка жұмсайтынын мысал етіп келтіреді.

1944 жылы 5 наурызда “Казахстанская правда” газетінде М.Әуезовтің “Литература и кино” атты мақаласы жарық көрді. Онда: “Кино и литература, будучи самостоятельными, могут развиваться параллельно...” — деп жазды. Көрермендерге әсер ету жағынан болашағы зор деп танылған кино өнерінің алдағы міндеттерін жүзеге асыруда М. Әуезов өзінің жеке шығармашылығымен үнемі қолдау жасап, оның ұжымдық жауапкершілігі мен өндірістік, шығармашылық мәселелерін ұйымдастыруға белсене араласып отырды. М. Әуезов жиырма жылдан астам уақыт (1940—1960 жж.) “Қазақфильм” студиясында көркемдік кеңестің мүшесі болып, көптеген талқылауларға қатысты. Белгілі кинотанушы Р. Абдулахатова “М. Ауэзов и казахское кино” деген мақаласында (Простор. 1977. № 8. С.109) “Шоқан Уәлиханов”, “Ботагөз” фильмдері сценарийінің сәтті шығуына, сондай-ақ актерлер, суретшілер, түсіруші режиссерлер сияқты барлық ұжым қызметін ұйымдастыруға ұйытқы бола білгендігін атап өтеді. Кеңестік кино шеберлерінің дәрістерін тыңдай жүріп М. Әуезов кино жанрының құпияларын терең зерттеді. Әсіресе 1941 жылы 6-шы желтоқсанда Рошальдың “Инсценировка литературного произведения” деген тақырыптағы лекциясынан жазып алған ойлары құнды. Онда кинодрамадағы сюжет, фабула, уақыт проблемалары сөз болады. “Временной разрыв, — деп жазады М. Әуезов, — опасное в театре, оказывается замечательным, спасительным средством в кино”, “Увлечение деталями в кино — ослабляют фильм”, “Казахская картина, например, с юртой, Алатау... тоже могут погубить героя... они нужны в прямом поведении героя... Экзотический орнамент считать врагом в казахской картине. Вплетение судьбы человека и события в этнографии, а не наоборот”. Кино туралы жазған лекциялары, жазбалары, тезистері, конспектілері мен мақалаларындағы терең ойлар М. Әуезовтің бұл жаңа өнерді суреткер ретінде жаңашылдықпен қабылдап, оның теориялық негізін тың ойлармен байыта түскендігін көрсетеді. 1940 жылдары кино туралы жазған мақалаларында, 1944 жылғы қаңтарда қазақ киносының апталығында жасаған баяндамасында М. Әуезов ұлттық кино өнерін дамытудың қайнар көзі — халықтың ғасырлар бойғы ең озық салт-дәстүрінің сақтаушысы көркем әдебиет екендігіне

басты назар аударды. Өзінің еңбектерінде де осы бағытты негіз етіп ұстана білді. “Абай” сценарийі бойынша түсірілген “Абай әндері” халық өмірінің тұрмыс-салтын, тыныс-тіршілігін кино тілімен көркем бейнелеген. М. Әуезов осы киномен ғана шектеліп қалмай, халық өмірін кеңірек ашып бейнелеу үшін Абай сияқты ұлы ақынның өмір сүрген дәуіріндегі әлеуметтік тартыстарды мол көлемде қамтып, тағы да кино түсіруді ойластырды. “Абай әндері” фильмі шыққан соң жеті жылдан кейін, 1952 жылы М. Әуезов Абай туралы жаңа кино түсіру туралы тиісті орындарға өтініш білдіреді. Онда былай деп жазды: “Я теперь воспроизвожу личность и деятельность великого казахского поэта не биографически, а через события лишь одного месяца его жизни...” (“Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, 512-бума). Жазушы өміріндегі кең ойлап жасаған түрлі жоспарлар үнемі сол қалпында жүзеге аса бермегені белгілі. Абай тақырыбына кино түсіруге арнап жасаған жоспары да ұлы жазушының кино өнерінің мол мүмкіндіктерін, халық өмірінің өткен кезеңдерін көпшілікке жақынырақ таныстырсам деген мақсатынан туған игі ниет болса керек.

Р. Қайшыбаева

“Абай”
(сценарий)
(екінші нұсқасы)

Бұл еңбек 1943 жылы “қолжазба құқығында” деген белгімен кітапша болып басылған. Кітапшаның бір данасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған (142-бума). “Орыс тіліндегі нұсқаның редакциясы мен мәтіні М. Блеймандікі” деп басылымның алғашқы бетінде арнайы көрсетілген.

Еңбекке шағын түсініктеме жазылған. Онда “бұл картинаның қазақ халқының ұлы ақыны Абай туралы екендігі, оның өз заманындағы ең алдыңғы қатардағы ақын болғаны” жайлы қысқаша мәлімет береді. Саясаттың сұрауына орай автор өз шығармасының мәнін былайша дәйектейді: “Абай қазақ халқын ұлы орыс мәдениетімен таныстырады: ол Пушкинді, Лермонтовты аударды”. Халқының ары боп саналатын ақынның өмірінің бір эпизодын ғана, жетпісінші жылдардың соңында болған оқиғаны ғана баяндайтынын мәлімдейді.

Әрине, “Абай жолының” біртұтас өзегін құрайтын негізгі желіге қатысты әдеби материалдарды табуда жазушының тынбай ізденгені белгілі. Бірақ сол материалдың өзін бірден қалай болса солай көркем шығармаға алып келмей, ең әуелі олардың иін қандырып, артық жерін қырнап, “жеті рет өлшеп, бір рет кесіп отыратын” аса ыждағаттылығын танытатын дәлел – әуелі қазақ тілінде кинодрама ретінде жазылып, кейін орысшаға аударылған осы “Абай” сценарийі.

Кинодраманың қазақшасы М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 11-томында (330—395-бб.) жарияланған. Орыс тіліндегі аудармасы көп томдық жинақтарда басылмаған. М. Әуезовтің академиялық толық жинағына алғаш рет ұсынылып отыр. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында “Абай” сценарийінің орыс тіліндегі нұсқалары (144—145-бума) сақталған. Өзінің мазмұны жағынан сценарий қазақ тілінде жарық көрген “Абай” кинодрамасына жақын. Ал орыс тіліндегі екі нұсқаны салыстыра қарағанда арасында бірқатар өзгерістер, толықтырулар бары анықталды. Екі нұсқаның басталуында,

оқиғалардың орналасу ретінде бірқатар өзгешеліктер кездеседі. Кей жерде жазушы бір-екі бетті қайта жазып немесе қысқартып жіберіп отырады. Абайдың ақын шәкірті Айдардың шабыт үстінде шығарып айтатын өлең жолдары да бірталай қысқартылған. Жазылу стилі, көркемдік шеберлігі жағынан бірінші нұсқада М. Әуезов қолтаңбасы анық байқалады. Екінші нұсқада кейбір редакторлық түзетулер кездесіп отырады. Мысалы, Көкбай мен Қарлығаш арасындағы оңаша сәттер алғашқы нұсқада жоқ. Ол мынадай болып келеді:

“И неожиданно звучит веселый и беззаботный смех. На скалах, под которыми пролегал большая дорога к аулу, сидят Карлыгаш – воспитанница Абая и юный Кокпай, его ученик. Карлыгаш сидит с закрытыми глазами. А Кокпай кладет ей в рот свежие, пушистые ягоды лесной земляники, которые он срывает с куста. Но вот вместо того, чтобы положить ей в рот ягоду, он сам съедает ее, и Карлыгаш с возмущением вскакивает.

– Стыдно, Кокпай! Ты сам съел ягоду! – кричит она. Кокпай, вместо ответа, импровизирует стихи о болтливой девушке, открывающей рот в надежде, что ей положат сочную ягоду... Но в открытый ее рот влетела пчела и кусает ее за язык, чтобы она не была столь болтлива.

– Я болтлива?! – возмущается Карлыгаш.

– Каждое твое слово – жемчуг, – иронически отвечает Кокпай. Она обиженно отворачивается.

– Не сердись, не сердись! – уговаривает Кокпай. – Закрой глаза и я положу тебе в рот не только ягоды, но и мою душу... – И он силой заставляет ее повернуться к себе.

Девушка послушно закрывает глаза, и он нежно и целомудренно целует ее.

И вдруг берет его за шиворот неожиданно выросший рядом с ними старый Баймагамбет.

– Вот вы чем занимаетесь! – говорит он с грозной улыбкой.

– Что вы здесь делаете?

– Мы?!. Мы?!. – путается смущенная Карлыгаш. – Нас послали сторожить приезд Абдрахмана... Мы...

– И для этого ты закрыла глаза? – с усмешкой говорит Баймагамбет.

Она не успевает ответить. Из-за поворота дороги доносится топот коней, громкие, веселые голоса. Стрелой мчится тройка. В тарантасе молодой офицер – сын Абая Абиш, рядом с ним Долгополов. Как почетный эскорт, сопровождает тройку несколько жигитов на разных конях.

– Абиш! – кричит Карлыгаш и молнией скатывается с кручи. За ней бросается Кокпай.

Абиш приказывает вознице придержать тройку. Но девушка и Кокпай и так на ходу вскакивают в тарантас.

Баймагамбет вскакивает на коня, которого он оставил у скалы по дороге, и с бешеным гиком вылетает вперед”.

М. Әуезов шығармасын қайта жазып, оны неше қайтара өңдеген сайын, оқиғаларды барынша жинақтауға, артығын қырнап, жонып, ширата түсуді мұрат ететін шебер. Сөзіміз дәлелді болу үшін біз осы тұста “Абайдың” орысша жазылған нұсқасын қазақ тіліндегі 1944 жылғы әдеби сценариймен салыстыралық.

Біріншіден, алғашқы нұсқада оқиға Бақанас бойындағы Найман мен Керейдің дауымен басталады. Екінші көріністе Абайдың Семей кітапханасындағы тапқырлығы, сол жерде Долгополовпен танысуы суреттеледі. “Қараңғы түнде тау қалғып” өлеңін аудару, шәкірттерімен шығармашылық қарым-қатынас, ақындық мектеп өмірі, т.б. бірнеше көріністер бірінен кейін бірі беріледі. Ал, екінші нұсқада Долгополовтың Абаймен етене жақын араласқаны, олардың өзара құрметі шағын диалогтар арқылы танылады, ақынның өнерпаз шәкірттерімен байланысы таза шығармашылық сипатта тереңдей бейнеленеді. Орыс тіліндегі нұсқада М. Әуезов Долгополовтың Абаймен танысу сәттерін үлкен бір тереңдікпен суреттейді. Қазақ даласы мен адамдары жайлы ұлы орыстық ұғым-түсініктерге тойтарыс беретіндей ұтымды оқиғалар тізбегі әсерлі жеткізіледі. Мысалы, Абайдың Семей кітапханасында орыс шенеунігімен ой қақтығысы арқылы Долгополов сынды оқымыстының назарын өзіне аударған дала кеменгерінің бейнесі бірте-бірте ашыла түседі. Әлемдегі барлық жұрт тең, – деп санайтын демократтық көзқарастағы Долгополовтың өзі де Абайды, оның ортасын таныған сайын таңырқай түсуі заңды көрінеді. Орыс жерінен көшпелі жабайы жұртқа қоныс аударған Долгополов Абай ортасымен кездескенде оның әрбір әрекетіне соншалық сүйсінумен қатар, таңдана қабылдауы да осыны дәйектейді. Қазақ сахарасында Гетеден Лермонтов аударған “Қараңғы түнде тау қалғып...”, Пушкиннің “Татьянасының” сызыла ән салып алдынан шығуы ол үшін мүлде күтпеген тосын дүние секілді көрінеді.

“— Ну скажите. Куда я попал? Вы переводите Пушкина и Лермонтова, вы знаете Гете... Вы читаете Толстого и Чернышевского... Кто вы? Кто перевел эти стихи? Что это за юноши, которые поют стихи Пушкина?!”— деген Абайдың жаңа танысының сезімін әбден түсінуге болады. Дәл осы көріністерде Абай айналасының ұлттық дәстүр мен заман жаңашылдығын тоғыстыра білген ерекше бір зиялы үрдісі айқын танылады. Абай тағалымы, Абай ұлағаты жүректеріне сенім ұялатқан үркердей бір топ жас – болашаққа қадамын нық басатын жаңа толқынның легі. Автор жалынды да жігерлі осы шоғырды былай суреттейді: “...Они достойны представлять свой народ. А за ними стоит их учитель – величавый Абай”.

Екіншіден, орыс тілінде Айдар – Ажар, Әбіш – Мағыш арасындағы ғашықтық желі бірінші нұсқада кең түрде беріледі. Мысалы, Айдар мен Ажардың Абайдың көп шәкірттерінің бірі ретінде қатар жүруі, Айдардың Ажарды ажалдан құтқаруы, жесір дауы, екеуінің елден қашуы, қолға түсуі тәптіштеп баяндалса, қазақ тілінде бұл оқиғалар іштей қысқартылып, шымыр әрі шындыққа сай эпизодтарда көрініс береді.

Үшіншіден, бірінші нұсқадағы кейіпкер саны да екінші нұсқада азайтылған. Мысалы, Әли-заде, Мес, ана, т.б. қосалқы образдар алынып тасталғандықтан, оларға қатысты оқиғалар да ықшамдалған. Мысалы, Әли-заде мен Баймағамбеттің қашуы, “Күміс жамбы” оқиғасы, т.б.

Төртіншіден, орыс тіліндегі нұсқада халықтар достығы, тап тартысы дегендер бірден көзге түседі, кеңестік кезең саясаты әсерінен болар, жазушы бұл мәселелерді барынша, айқын беруге тырысқан. Оның барлығын да Абай атымен байланыстыра отырып алады. Мысалы, қарапайым халық өзге жұрттың өкілдерін Абай арқылы құрметтейді. Бұған Әли-задәні Тәкежанның бұйрығымен байлап әкетуге тырысқан ел жуанының анасымен арасындағы қақтығыс дәлел. Қарт ана Баймағамбеттің бір ауыз сөзіне сеніп оларды құтқаруға ұмтылады. Түрі жат, тегі бөлек екенін білсе де, Әли-задәні Абай қорғалатқан жан деп қана оған бостандық бергізеді. Дәл осы көріністе Әли-заде де өзіне төнген қауіп қанша зор болса да, Абай басына қатер төнгенін естігенде ойланбай кері қайтуға бел буады. Баймағамбеттің айтқан сөзіне досының қиын сәтінде тастап кетпейтінін айтып, өз шешімінен қайтпайды. Міне, мұндай оқиғалар адамзаттық ортақ құндылықтар ғана ел арасын жалғайтын алтын көпір екенін дәлелдейді.

Бесіншіден, екі нұсқада кейіпкерлердің саны ғана емес, олардың аттары да өзгертілген. Айдарға у беретін Әзімнің аты екінші нұсқада Шәріп делінген. Бірақ осы екінші нұсқадағы Шәріп есімінің тұсына жазушы өз қолымен қарындашпен “Керім” деп жақша ішінде жазған. Осы сценарий бойынша түсірілген фильмде ол Керім деп шыққан.

“Абай” әдеби сценарийіне енген, бірақ кинодрамада мүлде жоқ бір оқиға бар. Ол – Тәкежан тобының Абайды соққыға жығуы. Бүкіл сценарийдің трагедиялық сипатын күшейтіп тұрған бұл көрініс – ондағы барлық оқиғаның шырқау шыңы. Сондықтан ол барынша сыйымды.

Сонымен, “Абайдың” орыс тілінде жазылған нұсқасы М. Әуезовтің өзіне биік талап қоятын талғампаздығын, қиындықтан қалай да жол таба білер көрегендігін, ең бастысы, жазушының өсу жолын көрсететін маңызды дүние болып есептеледі.

Қ. Раев

“Абай”
(либретто)
(орысша нұсқасы)

“Абай” либреттосының орыс тіліндегі нұсқасы – қазақшадан жасалған жолма-жол аударма. Алдымен шығарманың қазақша нұсқасы жазылып, кейін орыс тіліне аударылған. Либреттодағы суреттелетін оқиғаның көлемі, мазмұны мен сюжет желісі, қатысатын адамдар саны екі нұсқада орайлас. Жазушы аударма кезінде оқиға желісіне жаңадан ештеңе қоспаған. Қазақ тіліндегі жазылған либреттоның негізін сақтай отырып, жолма-жол аударма жасап шыққан. Аударманың қолжазбасы сақталмаған. Машинкаға басылған бір нұсқасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында (166-бума, 133—152-бб.) сақталған. Орыс тіліндегі аударма бұрын еш жерде жарияланбаған. Жазушы осы либреттоны жазуға кірісер алдында оның мазмұнына алынатын оқиғаның қысқаша желісін жоспар ретінде бөлек жазып дайындаған. Машинкаға басылған он бет көлеміндегі жоспар либреттомен бір бумада (93—102-бб.) сақталған. Жоспар бойынша жазушы либреттоның орысшасын сәл басқалау етіп жазбақ болғанға ұқсайды. Бірақ аударма барысында жоспарда көрсетілген кейбір өзгерістер шығармаға енбей қалған. Либреттода оқиғаға қатысушы адамдардың саны жеті-сегіз болса, жоспарда он төрт. Жоспарда көрсетілген Әзімхан, Долгополовтар есімі либреттода аталмайды. Ажар есімі Зура деп аталған. Осындай бірқатар өзгешеліктері бола тұрса да, либреттоның негізгі алған тақырыбы мен ішкі идеялық мазмұны жоспардағы ойлардан туып, өрбіп отырады. Жоспардың алғашқы бетінде “Краткое содержание оперного либретто “Абай” деп жазылған. Шығарма авторының қатарында Мұхтар Әуезовпен қоса Леонид Соболевтің есімі бар. Бірақ либреттоның алғашқы бетінде Мұхтар Әуезов есімі ғана қойылып, “подстрочный перевод” деп жазылғанына қарағанда автордың бұл шығарманы өзі аударғаны байқалады. Либреттоға қосымша дайындық ретіндегі автордың жазған қысқаша мазмұндық жоспары төмендегідей болып шыққан.

“Мухтар Ауэзов, Леонид Соболев
Краткое содержание оперного либретто

“А Б А Й”

Действующие лица

А б а й К у н а н б а е в, поэт, один из старейшин
рода Тобыкты.
А б д р а х м а н, сын его, учившийся в Петербурге.
А й д а р
К е р и м } акыны, ученики Абая.
К о к п а й
Д о л г о п о л о в Ф е д о р И в а н о в и ч (Шодр),
ссылный русский студент, друг Абая.
Н а р ы м б е т, влиятельный глава рода Тобыкты.
З у р а, вдова его брата, бежавшая с Айдаром.
М а г и ш, сестра Нарымбета, невеста Абдрахмана.
К а р л ы г а ш, ее подруга, родственница Абая.
Ж и р е н ш е, родовой судья (бий).
А з и м х а н, губернаторский чиновник, переводчик.
С ы р т т а н, аксакал, третейский судья.
М е с, жигит Нарымбета.

Действия происходят в девяностых годах XIX века, в
Чингистауских степях возле Семипалатинска.

Женщины, девушки, жигиты, старики. Народ на суде и на
выборах, гости на свадьбе.

I АКТ

Первая картина

Зура, полюбив Айдара, бежала из аула, где, по обычаю, ее
ожидал брак с братом умершего мужа – Нарымбетом. Они почти
доскакали до аула Абая, когда конь их пал. Близка погоня.

Дуэт: Зура умоляет Айдара бежать одного, Айдар предпочитает
умереть с нею. Они вспоминают свое тайное счастье, готовятся
к смерти. Топот погони.

Врывается Нарымбет со своими жигитами и с Жиренше. Ария
проклятья: Нарымбет обвиняет Зуру в неслыханном кощунстве –
нарушении годовичного траура. Ария Айдара: он пытается проти-
вопоставить жестокому обычаю страдания Зуры. Грозная ария
Жиренше: он напоминает, что предок рода Тобыкты – Кенгирбай
казнил таких же отступников Енлик и Кебек, – их привязали
к хвостам коней и поволокли по степи. Нарымбет призывает к
немедленной казни. Любовников привязывают к хвостам. Коней

готовы пустить, когда на коне врывается Абай, с ним Абдрахман, Керим, Кокпай и народ. Абай называет себя заступником и ответчиком за Айдар. Жиренше напоминает о приговоре Кенгирбая. Абай доказывает, что Кенгирбай вынес такой приговор на суде, требует гласного суда народа над любовниками, берет обоих на поруки. Зуру уводят женщины. Трио: прощанье Айдара и Зуры, утешение Абая. Нарымбет и Жиренше клянутся во вражде к Абаю, — он главная причина. Намечают план борьбы: на суде уничтожить Айдара, в городе через Азимхана добиться новых выборов и провести управителем Нарымбета, и тогда расправиться с Абаем. Айдар благодарит Абая, они хотят уходить, на пути вырастают Нарымбет и Жиренше с угрозами. Ария Абая: он рассказывает о чистой любви Айдара и Зуры, обвиняет Нарымбета в невежестве и мракобесии. Уводят Айдара.

Вторая картина

В ауле Абая. Ария Керима: он возмущен Айдаром, восхваляет силу обычаев и веры, узду, на которой ведут народ: снимешь узду, народ разбредется. Выходит Азимхан. Дуэт: Азимхан, приехавший провести новые выборы, уговаривает Керима помочь ему. Тот отказывается: Абай нужен народу, как лучший поэт, важнее привлечь его на свою сторону. Уходят.

Ария Долгополова на русскую тему: воспоминание о родине, здесь, в ссылке, он нашел вторую родину через Абая, мудрого друга. Входит встревоженный Абдрахман. Его ария: Абай хочет сегодня же вызывать в аул Магиш, чтобы объявить до суда о их свадьбе. Абдрахман говорит о своей любви к Магиш, но брак не состоится: он болен чахоткой и не хочет губить Магиш призраком счастья.

Приезд Сырттана, третейского судьи. Он уговаривает Абая принудить Айдара отдать Зуру Нарымбету. Абай отказывается. Абдрахман вмешивается, просит выслушать Зуру, что думает она сама.

Приводят Зуру. Ария Зуры перед Сырттаном: она рассказывает историю своей любви: свято храня траур, она однажды весенней ночью услышала в степи песню Айдара и полюбила песню, не зная, кто ее поет. В тоске она хотела покончить с собой, ее спас Айдар, готовый умереть с нею, она скинула траур и бежала. Зуру уводят. Сырттан просит Абая назвать бия, кто будет на суде с его стороны. Абай называет себя. Сырттан объясняет ему, что если он ответчик, он не может выступать на суде. Абай называет бием Керима, Сырттан уезжает.

Керим пытается отказаться, но их перебивает Айдар. Он сложил новую песню — об Енлик и Кебеке. Поет ее, в песне Кенгирбай назван кровожадным кабаном. Песню об Енлик Айдар продолжает арией, где высказывает свою любовь к Зуру.

Керим один в краткой арии ставит перед собой вопрос: дружбу за долг или долг за дружбу? Думай, завтра суд...

II АКТ

Холм суда. Приезжает в аул Абая Магиш. Нарымбет останавливает ее. Дуэт: Нарымбет запугивает Магиш судом и позором, ждущим семью Абая. Магиш говорит о любви к жениху. Нарымбет клеветает на него. Он в Петербурге женился, увидишь, как он тебя встретит. Карлыгаш уводит Магиш.

Собирается народ. Хор: тревога перед судом. С почетом вводят Сырттана. Карлыгаш, переодетая по-мужски, присутствует на суде рядом с Кокпаем.

Суд начинается вступительной арией Сырттана, призывом к народу и биям. Первым говорит Жиренше, требуя казни. Керим отвечает: Зура невиновна, ее увел Айдар. Жиренше соглашается оставить ее в живых, если она станет женой Нарымбета. Керим, защищая Айдара, переводит все на Абая, называя его защитником Айдара. Воспользовавшись этим, Жиренше обвиняет Абая и всех учеников его в нечестивом влиянии на молодежь. Керим не находит слов и на третий призыв Сырттана не говорит ни слова. По обычаю это означает поражение на суде. Сырттан готов произнести приговор.

Вмешивается Абай, воспользовавшись ошибкой Жиренше, начавшего на одном суде второе дело – против самого Абая. Сырттан вынужден дать ему слово. Абай уличает Жиренше во лжи, он искажил правду об Енлик и Кебеке. Жиренше напоминает Абаю, что его же отец – Кунанбай так же казнил другую любовную пару. Абай рассказывает правду об этой страшной казни, – если отец мой убил двух невинных, я отдам жизнь за новую несчастную пару. Жиренше хочет заговорить, но народ, потрясенный рассказом Абая, немой угрозой заставляет его молчать. Абай победил. Сырттан выносит мягкий приговор – выкуп верблюдами. Хор народа, одобряющий его приговор и встречающий Зуру и Айдара. Абай упрекает Керима в нерешительности. Азимхану двойная роль Керима становится ясной. Народ уходит с оправданными.

Трио заговора: Нарымбет, Жиренше и Азимхан решают, что Абай должен умереть. Нарымбет показывает яд в красном рожке для жевательного табака. Азимхан берет его: дай, я знаю, кому поручить, но – замкнуть уста... – Замкнуть... Замкнуть...

III АКТ

Свадьба Айдара и Зуры. Хор, пляски, игры. Перед юртой Азимхан убеждает Керима закончить то, что он сам начал вчера, пытается передать ему яд. Керим молчит. Азимхан напоминает ему его горделивые мечты о древнем пути Чингиса и Тимура, горько упрекает его. Керим берет яд, но, взяв его, называет Азимхана и Нарымбета безумцами: они хотят убить Абая, чья популярность в степи нужна исламистам. Керим клянется взять повод Абая в свои руки, чтоб песнями его делать свое дело. Нужно только,

чтобы Абай остался один, совсем один. Посылает Азимхана за Нарымбетом.

Трио Магиш, Абдрахман и Карлыгаш. Карлыгаш шутками пытается заставить Абдрахмана поговорить с Магиш, тот уклоняется, уходит. Магиш в печальной арии догадывается, что Нарымбет был прав: Абдрахман ее больше не любит.

Керим и Абай. Керим пытается обвинить Айдару в резкой песне, оскорбляющей предков, указывает, что это может повредить самому Абаю. Абай в краткой арии высказывает надежду, что Айдар сумеет продолжить дело его жизни – нести свет в народ.

Входят гости и Айдар. Он поет свою песню об Енлик. Хор – восторг народа, в который вплетается мрачная тема Керима. Ария Абая: он поздравляет Айдару и в виде подарка читает ему свое стихотворение “Поэт”.

Врывается Нарымбет, требуя унять песню Айдару. Абай со спокойной иронией высмеивает его. Нарымбет вне себя приказывает Азимхану огласить письмо губернатора. Тот читает: назначены новые выборы управителя. Нарымбет клянется, что, забрав власть, он разделается с Абаем и его учениками, уходит.

Абай призывает к мужеству. Шествие невесты. Песня “открытия лица” нарушается приходом рассыльного: Долгополову приказано явиться к приставу. Все идут провожать. Ария Долгополова: он прощается с друзьями и с Абаем. Просит Айдару спеть ему последний раз. Выходят. Керим останавливает Айдару. Стычка их. Керим обвиняет Айдару в кощунстве. Тот уходит, разделяется его песня, прерываемая хором.

Ария Керима: один в юрте, он подводит итог, – они ведут народ опасным путем. Всыпает яд в пиалу. Карлыгаш видит в его руках рожок, просит табаку. Керим отвечает, что здесь лекарство.

Входит Азимхан, видит его с рожком. Керим, в ответ на его настояния, делает вид, что высыпал яд в очаг и кидает рожок. Азимхан гневно уходит. Входит Айдар, охрипший после песни, просит пить. Керим протягивает ему отравленный кумыс, Айдар пьет, Керим, содрогаясь, выходит. Вбегает счастливая Зура. Дуэт их: на пороге счастья, пусть жизнь будет долгой...

IV АКТ

Айдар умирает. Ждут Долгополова, единственного врача. Нарымбет является с требованием вернуть Магиш. Абай собирается выйти говорить с ним, Абдрахман его удерживает. Он вынужден признаться отцу, что приговорен к смерти. Скорбный дуэт отца и сына. Абай посылает к Магиш: признайся и простись.

Дуэт Магиш – Абдрахман: он умоляет ее забыть его, говорит о своей обреченности, признается, что любит ее. Взрыв счастья у Магиш: значит, между нами только смерть? Абдрахман называет ее женой. Входит Долгополов в сопровождении стражников, его высылают. Осматривает Айдару – поздно, помочь нельзя. Догадывается, что Айдар отравлен, но его тотчас уводят по

приказанию подошедшего Азимхана. Он кричит: Айдар отравлен. Айдар, поняв, последним усилием воли хочет рассказать Абаю о стычке с Керимом, но сил его хватает только на крик: не верь! Зура в страстном призыве: кому? Плач ее над ним. Керим клянется Абаю заменить собой Айдара и высказывает подозрение, что отравил Нарымбет: он идет к власти через трупы. Абай: “Пусть другие плачут над тобой, мой Айдар, я за смерть твою выжгу клеймо на лбу убийцы!” К юрте стекается народ, требует Абая: начинаются выборы, управителем хотят сделать Нарымбета, убийцу Айдара. Нарымбет и его жигиты нападают на Абая. Керим кидается его защищать, получает удар кистенем. Народ бросается избивать чиновников, ищет Нарымбета. В стычке Абдрахман выбивает у Азимхана плетью револьвер, горлом хлынула кровь, он падает возле Абая, тот в ужасе наклоняется над ним. Абдрахмана уводят, Абай, шатаясь, идет вслед. Скорбная ария: это последняя кровь сердца моего, я умру.

Ария Керима: “Ты остаешься один, я своей головой купил твою остальную жизнь, теперь твой повод в моих руках!”

Вбегает Зура с красным рожком в руках и Карлыгаш. Они рассказывают народу о словах Айдара “не верь” и о том, что Карлыгаш видела рожок в руках Керима на свадьбе. Керим не может оправдаться, его выволакивают.

Ария Зуры и хор: Зура сообщает, что Абай, потеряв сына и ученика, сказал, что не переживет их. Кто Абай для нас? Хор отвечает. Когда хор доходит до апофеоза – “Абай наше светило и друг”, – появляется Абай. Он протягивает руки к народу: “Пусть мне недолго жить, но жизнь моя до последнего вздоха была отдана мыслям о твоём счастье, народ мой!..

Конец оперы”.

Либретто мазмұны осы жоспардағы айтылған жайттардың көбімен дәлме-дәл сәйкесе бермейді. Жазушы жоспар бойынша либреттоны орысшаға еркін аударуды, не қайта жазып шығуды мақсат етіп, кейін оған бармай, алғашқы жазған қазақша нұсқаны орыс тіліне жолма-жол аударуды жөн деп санаған сияқты. Өйткені либретто өлеңмен жазылғандықтан, аударма үстінде оған жоспардағы айтылған өзгерістерді енгізу оңайға түспейтіні белгілі еді. Сондықтан жазушы либреттоны жолма-жол аударма талаптарын сақтай отырып, қазақша нұсқасынан еш ауытқымай аударып шыққан.

“Абай” либреттосының орысша нұсқасы М. Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағына қолжазба қорындағы машинкаға басылған данасы бойынша дайындалып, кейбір қате жіберілген тұстары түзетіліп берілді.

К. Рахымжанов

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ОЧЕРК 3

Казахская литература за 20 лет..... 5

Шабдар “ерге” май не дер!.....17

Конвейерде күй мығым.....19

II. СЦЕНАРИЙЛЕР, КИНОДРАМА, ЛИБРЕТТОЛАР..... 23

Абай (сценарий).....25

Абай (кинодрама)77

Абай (либретто)145

Орыс тіліндегі аудармалар

Абай (сценарий). Бірінші нұсқасы191

Абай (сценарий). Екінші нұсқасы247

Абай (либретто)311

III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР353

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

19-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 21,0.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1311.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-161-6



9 786012 941616